


R2014

27 №

Сўз санъати

ДУЛАТ ИСАБЕКОВ

ТАНДАМАЛИ
ШЫҒАРМАЛАР




P2014
27 к

Сөз сарасы

ДУЛАТ ИСАБЕКОВ

ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАР



Дулат Исабеков

Әңгімелер

Белгілі жазушы-драматург Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері Дулат Исабековтың бұл жинағына таңдамалы әңгімелері еніп отыр. Қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар, қара сөздің қас шебері автордың қай әңгімесі болмасын қызғылықты оқылады.

ШОЙЫНҚҰЛАҚ

Аласапыран көктемнің кезі еді. Қыс бойы қар астында тұншыққан жер беті енді емін-еркін рахаттана тыныс алғандай. Ауыл сыртындағы құба жондар қыстан әбден титықтап тойымсыз табындыра түседі. Бұрын ақ қардың үстіне әлдекім қарамай жағып кеткендей алыстан шұбарланып көрінетін қара жол, енді тапталған қамырдай көзге сарғыш шалынады. Жер беті ерекше бір жанданып келе жатыр. Топырақ астында бұғып жатқан тіршілікті құдіретті күн сәулесі қытықтап оятып, бұ дүниеге сүйрелеп шығып жатқан сияқты. Нәп-нәзік өсімдіктер, тасты да тесіп, осынау өмірге елжірей қарап күн көзіне жапа-тармағай тесірейе қалысыпты.

Мен үш айлық механизаторлар курсы бітіріп, тыңдағы бір совхозға дәл осы кезеңде келіп едім. Маған бұл жердің әрбір шөбі де, адамы да, даласы да таныс емес. Алыстан қарағанда кіші-гірім қала сияқты болып көрінген совхоз, ішіне енгенімде үйлері бытыраңқы, берекесі қашып, сиреп сала бергендей болды. Келген бойда директордың кабинетіне кірдім де, бір сағаттан соң қырға жер жыртуға баратын болып шықтым. Қос басына бір май тасыған машинамен келіп

түскенімде, күн дәл түстікке тірелген еді. Мұнда адам көп емес екен. Көп түтінді будақтатып, ошақ басында аспазшы екі әйел ыдыс-аяқты салдырлатып жатыр. Оның бірі маған сәл қарап тұрды да (әсте, інісі ме, баласы ма, біреу келмек болған ғой), бөтен екеніме көзі жеткен соң алдына түскен шашын иығынан асыра бір лақтырып, ұзын ағаш көсеумен отты көсей бастады. Мұндағы жұмысшылардың жататын орны — үлкен көшпелі вагон екен. Кіріп келгенімде жоғарғы полкадан біреудің жөтелгенін естідім. Ол басын көтерді де:

— Иә, бала, бізге келдің бе? — деді маған көзін сығырайта қарап.

— Солай болғаны да.

— Мұнда не істейсің?

— Не істегені қалай? Жатудан басқаның бәрін. Мына сөз оның қытығына тиіп кетсе керек, тамағын бір кенеп алды да, аяғымнан басыма шейін бір қарап шығып:

— Қарай көр өзін, — деді күбірлеп. — Байқа, бала, мұндағылар саған құрдас емес. Міне, мына полкаға орналас, — деді ол өзінен жоғарғы орынды көрсетіп.

Мен үнсіз арқамдағы қапшығымды шештім де, ананың көрсеткен полкасына қойдым.

— Жасың нешеде?

— Он сегіздемін.

— Им, дұрыс. Қазір бригадир келеді. Жұмысқа қашан шығатыныңды, кіммен бірге істейтініңді содан білесің. Әзірге жатасың ба, отырасың ба қалауың білсін, — деді ол полкадан салбыратып отырған жер ағаштай аяқтарын ерсілі-қарсылы қағыстырып. Бұл адамды алғашқы кезде ұнатпағаныммен, тілдесе келе тәуір көріп кеттім. Өзі кешкі кезекте істейтін болғандықтан, бүгін тынығып жатыр екен. Аты — Олжабек.

— Ал, інішек, — деді ол ауылдан алып шыққан нан-панымды жеп отырғанымда иығыма күректей алақанын салып. — Сонымен, тракторист болғым келіп осында тарттым дейсің. Ниетің жақсы екен,

апаңды сағынып, бір күні түнделетіп тайып тұрмайсың ба? Ондайлар бізде болған.

— Менің анам жоқ, — дедім төмен қарап. Олжабек үлкен қой көздерін маған бір тастады да, орынсыз берген сұрағына ыңғайсызданып қалды.

— Қой, қайғырма, — деді ол біраз үнсіздіктен соң маған көңіл айтқан болып. — Мен де анамнан дәл сендей кезімде ажырағанмын. Міне, енді қазір біреуге әке, біреуге жезде болдым. Менің ешкімім жоқ еді, қайта сенің ағаларың бар екен, мұңайып қайтесің, ойна, күл, міне дала, міне трактор, мін де жер жырт, қайратыңды аямасаң болғаны. Осы кезде үстінен май иісі аңқыған тәпелтек бойлы, ойнақы көз бір адам ішке кіріп келді. Ол сарғыш тартқан тістерін көрсете күліп, бізге жақындады да:

— А, бізге келетін тракторист сен емессің бе осы? — деді киімін шешіп жатып.

— Дәл солай, — деді Олжабек мен үшін жауап беріп.

— Жақсы, жақсы, Шойынқұлақпен бірге істейтін боласың, оның кезектесі жоқ еді.

Ішімнен «Шойынқұлақ» дегенді қайта-қайта түйіп отырмын. Аты қызық екен деп те қоямын.

Түс ауа бригадир мені атқа мінгестіріп алды да, жұмыс жаққа қарай алып жүрді.

— Ана тракторды көрдің бе? — деді ол әлгінде ғана қолдан жасап алған қамшысының сабымен бізден ширек шақырымдай жерде кетіп бара жатқан тракторды нұсқап, — сенің баратының сол, қазір ауыстыруға тиіссің. Мен оның тау бөктеріне шашырай шыққан ажырық сияқты мойнына дейін қаптап кеткен қырылмаған шаштарынан көз алмай, айтқанын үнсіз құптап келемін.

— Ал, жігіт, енді түсіп қал, мен совхоз орталығына асығып бара жатырмын, бүгін сенің келетіндігің туралы анаған айтқамын, жалғызсырап, көңілің құлазымасын, — деді де, атын жамбасқа бір тартып, шоқырақтата жөнелді.

Мен жол жиегіне шығып біраз тұрдым да, болашақ кезектесіме қарай жаңа жыртылған жұмсақ топырақты омбылай кешіп, ақырын жүріп келем. Ол тракторын тоқтатып қарғып түсті де, менімен нақ бір төбелесетін кісідей, қимылсыз тұрып қалды.

— Саламатсыз ба? — дедім оған жақындай бере.

— Иә, — деді ол зор дауыспен. — Қайда барасың?

— Мені сізге жіберді...

— Сен «сізінді» қоя тұр. Менімен бірге істейді екенсің, құрдас боласың. Өзің тым арықсың ғой, серейіп өсе бергенше жуандасаң қайтеді! — деді ол айырдай қолдарын қалтасынан шығарып. — Трактор айдауға шамаң келе ме?

— Шама келгенде, сіз оны итеріп жүргізбейтін шығарсыз, — дедім оған ашуымның келгендігін білдіріп.

— Ойбай, мынаны қара! — деді ол маған өткір көздерін қадай түсіп. — Сен сөйлей біледі екенсің ғой. Ал, мін тракторға, көрейін қалай екенінді. Бір жерің ұнамаса бар ғой айтпады деме, қуып жіберемін! — деді де ол күркілдеп тұрған тракторға келіп өшіріп тастады.

— Ал, оталдыр да жүргіз!

Өстіп жүріп мен оның бет-пішініне көз тастадым. Жүнін жұлған құстың денесіндей, бүршік-бүршік бетіне үсіген картоптай емін-еркін мұрын жайласыпты. О баста оны әлдекім лақтырып жібере салғандай, бір жағына қисая жабысқан екен. Бір көрген адам оны әні-міне құлап кетеді екен деп минут сайын күткендей еді. Оның осы түрі маған қорқынышты болып көрінді. Сасқалақтап жүріп тракторды оталдырдым да, үстіне қарғып міндім. Анау әлгі орнында қозғалмастан тұр.

Трактор орнынан ақырын қимылдай бастады. Артымнан әлдеқалай дауыс шығар ма екен деп құлағымды түріп келемін. Ешнәрсе естілмейді. Біраз ұзаған соң артыма қарасам, анау сол орнында әлі тұр. «Не деген адам, — дедім ішімнен, — жынды ма, сау ма, өліктей қатып қалғаны несі?»

Мен зағонды бір айналып келсем, анау әлі мелшиіп тұр екен.

Осы жерде өзім оның мінезіне күліп те жібердім. Оның үнсіз тұрғанына қыжырым қайнап, қол бұлғағанына да қарамай, жанынан өте шықтым. Қарымын қайырғым келді. Қайтып оралсам ол бұлқан-талқан ашуланып жүр екен. Ұрысқанда үстіңгі ерні желді күңгі түндіктей желп-желп етеді.

— Сен бала несің! — деді қалшылдап. Ашу тығылғанда аузына осыдан басқа сөз түспей қалса керек.

— Мен немін? Адаммын.

— Адамды көрсетемін мен саған! Сен бүйте берсең, көрдің бе, анау оттыққа тығып жіберемін! — деді төне түсіп. Мен трактордың көкшіл түтіні будақтап шығып жатқан трубаға қарадым. Жіп-жіңішке мен түгілі жұдырығым да сыймайды. Жайшылықта болса күліп те жіберер ме едім, дәл қазір езу де тарта алмадым. Шынында тап осы кезде ол мені кабинадан жұлып алып, бейне бір құмырысқадай табанымен таптап, дымқыл топырақты аяғымен бір-ақ ысырып көме салатындай көрінді. Оның әлденеше рет ұрыса айтқан сөзіне тіл қайырмап едім, ол сабасына қайта түсе бастады.

— Көкірегін қарашы-ай, өзінің? — деді ол ызасы қайтып. Ал, жүр, мен таңертең келемін.

Ол жүре берді де, кейін бұрылып:

— Әй, атың кім сенің? — деді.

— Сұлтан.

— Менің атым кабинада жазулы, тауып аларсың, — деді де, сәл кідіріп:

— Темекің бар ма? — деді.

— Шекпеймін, — дедім трактордың үнін жеңбек болып барымша айқайлап. Ол қолын бір-ақ сілтеді де, қосқа қарай жаяу тартып кетті. Жалғыз қалған соң, кабинаның ішін көзіммен шарлай бастадым. Бір кезде «масло» деген көрсеткіштің дәл үстіндегі «Алданыш» деп жантайта жазылған ірі-ірі жазуға көзім түсті. «Мұның Шойынқұлағы несі, Алданышы несі?» — деп ойладым ішімнен. Бұл — «Ер Төстік»

ертегісіндегі Шойынқұлаққа теңеп, құрдастарының таққан айдары емес пе екен? Егер олай болса, тауып қойылған. Шынында солай екен, оған көзім кейін жетті. Мен трактордың газын «ар-р» еткізіп басып қалып, ілгері жүріп кеттім. Біздің алғашқы таныстығымыз осылайша болды.

Қалжырағанымды сезбеуге қанша тырыссам да, таң атуға екі-үш сағат қалғанда көзім еріксіз жұмыла берді. Алғашқы кездегі трактордың құлақ тұндырардай дауысын, үйреніп кеткендіктен бе, енді естімейтін де сияқтымын. Құлағыма тек болат шынжырлардың «сақ-сақ» еткені ғана келді. Трактор мені бір жоғары, бір төмен тербеп, тыныш бір дүниеге жетектегендей, ұйқымды ұйыстыра түседі. Өстіп келе жатып, ұйықтап кетіппін. Бір кезде маңдайым әлдеқалай бір темірге сарт ете қалды. Трактор арылдап барып, тына қалды. Бір сұмдықтың болғанын сездім де, кабинадан атып шықтым. Жан-жағыма көз салсам, айдалып жатқан жер көрінбейді. Ұйқы басып, әлдеқайда лағып кеткенімді сонда ғана ұғып, жүрегім кеудемнен атып шығатындай, тарсылдап сала берді. Трактор әлдеқалай бір су қазып кеткен жыраға тұмсығымен тіреле тоқтапты. Дүниедегі ешқандай сұлулыққа айырбастамайтын таң алдындағы жібек жел, трактордың кеудесінен май иісі аңқыған ыстық лепті ақырын ғана бетке үрлейді. Арты көтеріліп кеткен трактор, осының бәріне риза сияқты үнсіз тұр. Тек радиатордағы қайнап кеткен су ғана тыныштықты бұзып, аш сиырдың ішіндей құр-құр етеді. Осы кезде қолыма жып-жылы сұйық нәрсе тамып кетті. Сіріңке шағып қарасам қан! Алақаныммен сипап көріп едім, маңдайым ашып сала берді де, қолым жабысып қалғандай болды. Зәрем ұшып сасқалақтағанымнан, тамшылап жүрген қанды байқамаған екенмін. Басым айналып, сұлық түсіп отыра кеттім. Айнала құлаққа ұрған танадай тым-тырыс. Әйтсе де, үйреніп қалған құлақтан, алыста келе жатқан трактордың гүріліндей бір сарын ызындап кетер емес. Бір кезде Шойынқұлақ көзіме елестеп кетті де, жаным түршігіп сала берді. О, сорлы басым, ертең ол маған не дер екен! Осы ой басымның мең-зең болып, шекемнің солқылдап бара жатқанын ұмыттырып та жіберді.

Таң қылаңдап ата бастады.

Бозторғайлар пыр-пыр етіп, шырқау аспанға. шырылдай көтеріліп жатыр. Канистрдегі ауызсуға бетімнің қанын жудым да, не де болса күтіп алуға белді бекем буып отыра бердім. Өйтпегенде басқа не амал бар?

Менің мүшкіл халімді көріп, мазақ еткісі келгендей, тау тасасынан күн де мойнын қылқитып сығалай бастады. Жарық болған соң ғана көрдім, сонау белден тартылған сызық, дәл маған келіп тіреліп тұр.

Шойынқұлақ мені осы ізбен тауып келер деп, әрекетсіз отырмын.

Біраздан соң сол белден әлдекімнің қурай сияқты мұнартқан тұлғасын көрдім. Мені ауыстыратын Шойынқұлақтан басқа ешкім жоқ екенін білсем де, дәл осы келе жатқан басқа біреу болса екен деп тілеп отырмын. Егер ол болса, сөз жоқ мені жұмыстан қуады!

Енді келе жатқан адамға қарасам, бетімді от шарпып алатындай сезініп, ол жаққа мүлде назар аударғым келмейді. Өйткені Шойынқұлақ болып шықса ше? Өй, қандай қылмыс жасадым мен! Бір кезде бар батылдығымды жинап, келе жатқан адамға жалт қарадым. Дәл өзі — Шойынқұлақ! «Біттім» дедім де, төмен қарап отыра бердім. Ол қасыма жетіп келді де:

— Ой Сұлтан, не болды, аманбысың? Япырмай, мен сені де, тракторды да бір жардан құлап құрыды ғой деп едім, аман екенсің, — деді ол бір күрсініп. — Ұйықтап қалдың ғой сен, ә, иә ұйықтап қалдың. Оқасы жоқ, бәрі де болады. Осылай қарай кеткен ізінді көріп, екеуіңнен де күдер үзіп едім. Мына бір жыра бақытымызға тап болыпты, әйтпегенде ана жарға барып қойып кететін едің.

— Сұлтан, сен ақымақ, басыңды неге көтермейсің, әлі ұйықтап отырғаннан саумысың? Солай да болар-ау, — деп ол менің иегімнен жоғары көтерді де, қанымды көріп шошып кетсе керек: — Өй, мынауың не, соғылғанбысың?! — деді мені екі қолтығымнан жоғары көтеріп.

Бұлай етеді деп әсте ойламаған мен, Шойынқұлақтың тап қазіргі мейіріміне ішім жылып кетті. Ол қолтығымнан көтерген соң өзімді-өзім ұстай алмай жылап жібердім.

Қашанғы жылай берерсің, бір кезде қойдым ғой. Оның манағы көрсеткен жағына қарасам, шынында да үлкен құлама жарға елу

метрдей-ақ жетпей тоқтаптын. Япыр-ай, бар болса, шынымен-ақ «кұдай» сақтаған екен!

— Ал, жігітім, сен осында отыра бер, мен барып трактор алып келемін, екеуміз мынаны тартып шығара алмаспыз, — деді ол езу тартып.

«Шойынқұлақ» дей жаздап қалдым да, тілімді тез тарта қойып: — Алданыш, сен мұны ешкімге айтпашы, — дедім жалбарынған үнмен.

— Міне, міне, сен әлі ұяла да біледі екенсің ғой. Жарайды, қалсын екеуміздің арамызда.. Бірақ екіншілей ұйқың сергек болсын.

Бірнеше минуттан кейін, ол қырдан әрі асып кетті. Арада жарым сағаттай өткен соң, трактор қия беттен қайқаң етіп шыға келіп, бері қарай бұрылды да, арқыраған бойы екінші трактордың қарсы алдына шыр айналып тұра қалды. Біз көп әуреленбей-ақ, жұмысты ретіне келтірдік.

— Ал, Сұлтан, — деді Шойынқұлақ бетінің терін май-май кепкасымен бір сүртіп, сен барып дем ал, өзім барған соң келесің. Ана тракторды міне кет те, Олжабек деген трактористке табыс ете сал, қазір оның кезектесі жұмысқа шығуы керек, жарай ма?

— Жарайды.

— Ал, солай ет...

Мен вагонға кіріп келсем, екі-үш адам карта ойнап отыр екен.

— О, Сұлтан қалай, дала өмірі ұнады ма? — деді Олжабек орнынан атып тұрып. Мына шекеңдегі немеңе, ана Шойынқұлақ ұрғаннан сау ма?

— Жоқ. Әлгінде бір қатып қалған гайканы балғамен соғамын деп...

— О, абайлау керек, жаман тиіпті ғой өзіңе. Кел, тез таңып берейін, — деп ол аптекасын ашты да, мазьды баттастыра жағып, шекемді айналдыра шандып тастады. — Бұл кеше келген жігіт еді, — деді ол отырғандарға таныстырып, — Шойынқұлақтың кезектесі.

— Кімнің кезектесі болса да келсін, карта ойнайық, бізде бір адам жетпей тұр ғой, — деді буына қырылдай шыққан бір дауыс.

— Жоқ, бұған дем алу керек. Әлде, біраз ойнағың келе ме, Сұлтан?

— Мен ойнай білмеймін.

— Міне, міне жігіт! — деді әлгі дауыс. Сырықтай болғанша карта білмейді. Есітіп отырсың ба, Тұртай, карта білмейді! Эх-эх-эх. — Неменеге шиқылдай қалдыңдар! — деді Олжабек оларға жақтырмай қарап.

— Карта білмеу де күлкі ме? Ал, Сұлтан, сен тынығып ал, олардың сөзіне құлақ қойма. Жұмыстан шаршап шыққан адамдар, кейде осылай да көңіл көтеріп алғысы келеді. Енді жата ғой, сені біреу түнімен әлдилеп шықпаған болар.

Тамаққа да зауқым соқпай, Олжабектің маған меншіктеген кешегі орнына шығып, жатып қалдым. Шалқамнан түсіп, алғашқы еңбек ауыртпалығынан тұла бойымның шаршағанын сезіп, сондай бір тәтті ұйқының құшағына еніп бара жатырмын. Өзімнің есейіп, бір адамның міндетін атқаруға жарап қалғанымды тұңғыш рет сезініп, іштей масаттана көз жұмдым...

Бір кезде: «Шойынқұлақ, Шойынқұлақ» деген дауыстан оянып кетіп, сығырайта көзімді аштым да, манаурап біраз жаттым.

— Ойпырмай, Шойынқұлақтың сондай да қылықтары бар де! Еь-ен-ен!

— Уь, уь.

— Шығады одан, шығады, — деген дауыстар төменгі жақтан жамырай естіліп жатыр.

Олардың Шойынқұлақтың совхозға алғаш келгенде, біздің осы бригадир Тілеуғабылдың қалай масқарасын шығарғанын білесіңдер ме?

— Жоқ, қалай шығарыпты?

— Е, айтшы?

— О, ол бұдан да қызық, — деді әлгі қарлыққан дауыс. — Ол әлгінде ғана мені карта ойнауға шақырған адам еді.

Ол былай болған деді сөзін жалғап:

— Шойынқұлақтың алғаш рет совхозға келіп, жер айдап жатқан кезі болса керек. Біздің Тілеуғабыл жақсы адам болғанымен мінезі шарт, тілі ащы ғой. Шойынқұлақтың айдап кеткен жерін қамшысының сабымен әрі-бері өлшеп тұрып:

— Әй, мұнда кел. Көрдің бе не істеп қойғаныңды? Қырық сантиметрдің орнына, отыз-ақ алыпсың. Бәрін саған қайта жыртқызамын, — дейді.

— Жоқ, сіз тек ойпаң жерді ғана өлшеп тұрсыз, басқа жерінің бәрі қырықтан кем соқпайды, — депті анау. Сонымен не керек, екеуі ерегісіп, біраз жерге барысып қалыпты. Алғашында, момын ғой, Шойынқұлақ үнсіз тұра беріпті. Ал, анау оны басынып:

— Оңбаған, жер жыртуды әлі үйретемін мен саған, — депті.

— Әй, бригадир болмақ түгілі, құдай болсаң да, әлгі сөзіңді қайталап айтсаң, айтпады деме, сойып саламын, — дейді Шойекең.

— Сен кімді соясың, мына мені ме? Кімге шамаң келеді, оңбаған Шойынқұлақ! — деп анау өзеурейді. Онда Шойынқұлақты бәріміз де Алданыш деп шын атымен атайтынбыз. «Оңбаған Шойынқұлақ» деген сөзді алғаш есіткен ол, бригадирге бүркіттей төніп:

— Әй, не дедің? Қайта айтшы! — дейді.

— Несі бар? Оңбаған Шойынқұлақсың! — дейді анау қайталап. Бірақ айтарын айтса да, түрі бұзылып кеткен Шойынқұлақтан сескеніп, атына міне салып қашпақ болады. Шойынқұлақ оны жұлып алады да, біраз мыжып-мыжып, ерге теріс қарай отырғызып, шылбырмен әбден шандиды да, қалтасындағы темекіден атының құйрығына құйып, жүгенін сыпырып қоя береді.

Өзі қолға жаңа үйренген тай еді, екі көзі едірейіп шаба жөнеліпті ғой. Қайда барып тоқтары белгісіз Тілекең, ерден мықтап ұстап «әруаққа» сиынып тарта береді. Сол тайды менен оның сатып алғанына небары 5-6-ақ күн болатын. Асау тай, құйғытып отырып, жем жеген жеріне келмесін бе. Үйде ешкім жоқ, жалғыз отыр едім, тамды әлдекім дүсірлетіп, әлденеше рет айнала шапты да, ат терезенің алдына келіп оскырына тұра қалды. «Япыр-ай, түн ішінде үйді айналып шауып

жүрген кім болды екен?!» — деп далаға шықсам, ер үстінде теріс қарап қалшып біреу отыр.

— Кімсің ей? — дедім. Үн жоқ. — Әй, тілің бар жансың ба, кім керек саған?

— Ойбай, Мақыш, мына масқарашылық тісіңнен шыға. көрмесін, алдымен мені шешші, — деді. Даусы дірілдеп әрең шығады. Қарасам, өзіміздің Тілеуғабыл! Бәрін Шойынқұлақ істепті. Содан бері екеуі сөйлеспейтін көрінеді. Айтпа деп еді айттым ғой.

Жұрттың бәрі ішектері қата, жан-жағына қисая құлап жатыр. Мен де еріксіз күліп қойдым да, бригадирдің кеше: «Совхоз орталығына асығып бара жатырмын», — деп Шойынқұлаққа неге жақын бармағанының себебін түсіне қойдым. Бәрі де әбден күлісіп болған соң баяғы дауыс: — Әй, осы Шойынқұлақ Нәзираға ғашық екен, — деді сыбырлағандай үнмен.

— Қой әрі.

— Соқ өтірікті.

— Сенің де естімейтінің жоқ екен.

— Сендер танданбаңдар. Бір күні мен қалтасынан темекі ала бергенімде, бір қағаз ілесе шықты. Ашып қалып едім: «Нәзира» деген ірі жазу жалт ете қалды. Қызық үшін оқи салайын деп, енді кірісе бергенімде, Шойынқұлақ жетіп келіп, қағазды қолымнан жұлып алды.

— Ақымақ, екінші рет біреудің қалтасына түсуші болма! — деді де, маған ызбарлана бір қарап, тамақ ішуге жүріп кетті.

— Солай де?

— Одан бұл да шығады екен-ау?

— Бәрібір Нәзира оған көнбейді.

«Міне қызық, Шойынқұлақтың Нәзираға ғашықтығы шын ба екен!» — дедім ішімнен. Ал шын болса ол кім болды? «Ас пісіруші әйелдердің бірі емес пе? Қой оған Шойынқұлақ жақындап не қылсын. Жоқ, анау әңгіме жоқта әңгіме тудырып отыр ма? Мейлі, кейін әйтеуір бір көзім

жетеді ғой?». Рас, кейіннен білдім, Нәзира дәрігер қыз екен. Ол қос басына апта сайын келіп-кетіп жүретін. Шойынқұлақтың ғашығы сол екен ғой.

— Ал жұмысқа баратын уақыт болды, жігіттер, күлдік, әзілдестік, осы да жетер, енді тұрайық, — деген Олжабектің даусы естілді. Бірнеше минут өткен соң, вагонда менен басқа ешкім қалмады. Кешке Шойынқұлақ келген соң, мен жұмысқа кеттім. Осылайша әлденеше күндер артта қалды. Осындағы бірге жұмыс істейтін адамдардың бәрімен де танысып алдым. Ал Шойынқұлақ екеуіміз мүлде дос болып кеттік. Ол мені інісінен де артық көретін болды. Тіпті, кей күндері, «Сұлтан, сен тыныға ғой, шаршаған шығарсың, бүгін мен-ақ істеп келейін», — деп қанша қарсылассам да, түнгі кезекті өзі атқарып келіп жүрді. Кей кезде селдір шашымнан сипап тұрып: «Сендей інім болса мен қандай бақытты болар едім, Сұлтан, сені сондай жақсы көремін. Бірақ өжетсің, тіл тарту дегенді білмейтін бір беткейсің», — дейтін. Сүйтетін де, ауыр бір күрсінетін.

Оның да себебін түсіне қоятынмын. Өйткені оның өзінен басқа ешкімі жоқ еді. Ол жас кезінде Балалар үйінде тәрбиеленіп, әртүрлі өмір соқпақтарынан өткенін, сонан соң әскери борышын өтеп, осында келгеніне дейін маған бір кеште айтып берген болатын. Кейіннен білдім, мұндағы жігіттердің бәрі де оны «Шойынқұлақ» деуге бата, алмай, көзінше Алданыш деп атайды екен. Ал оның көзі тайса-ақ болды, Алданыш аты мүлдем ұмытылып сала береді. Бір күні менің одан шапалақ жеп қалғаным да бар. Ол былай болды. Екеуіміз трактордың үзіліп кеткен шынжырын жалғап жатырмыз. Біраз терлегеніміз босқа кетіп, ісіміз өнбей-ақ қойды.

Мұндайда ол өзінен-өзі қатты ашуланып жүруші еді. Намысына болмашы тиіп кетсең-ақ, салып жіберуден тайынбайтын. Шаршап кеткен соң, екеуіміз трактордың көлеңкесіне жатып дем алдық. Ол етпетінен түсіп темекі тартып жатыр.

— Сен неге арықсың-ей? — деді бір кезде ол бетіме бажырая қарап. Ол ашуы келгенде көбінесе осылай деп сұрайтын. Менің ызам келіп кетті де:

— Сен неге Шойынкұлақсың? — дедім.

— Әй, ақымақ, қайта айтшы, не дедің? — деді бет-аузы жыбыр-жыбыр етіп.

— Не дегенімді естідің ғой.

Осы кезде, оның қалай ұрғанын білмеймін, өткір шапалақ жағымды ду еткізді. Мен бетімді ұстап отырып қалдым. — Басқа біреу болғанда тиісті сыбағасын алатын еді, саған ғана жеңіл жаза қолданып отырмын, екінші есінде болсын, — деді ол темекісінің тұқылын қара қошқыл топыраққа көміп жатып.

Содан кейін мен оны ешқашан да «Шойынкұлақ» демейтін болдым. Ол да әлгіндей сұрақ қоймауға уәдесін берді.

Осылайша тағы бірнеше күн өтті. Бір күні кешке тамақтанып болған соң, анау-мынауымды алып, жұмысқа қарай аяңдадым.

Біраз ұзап кеткенімде артымнан Шойынкұлақтың:

— Әй, Сұлтан, тоқта, тоқта! — деген даусын естідім. Ол қасыма ентігіп жетіп келді де:

— Бүгін екеуміз бірге істейік, — деді ыржия күліп.

— Жарайды. Бірақ сенің демалуың керек қой, ертең жұмысқа шығасың.

— Ой, бір күнгі ұйқыны қойшы.

— Онда мейлі, кеттік.

...Екеуміз үнсіз отырмыз. Трактор қара түнді қақ жарып, ақырап жүріп келеді. Бір орасан дүбірдің тап келгенін сезгендей жусан-жусанның түбіне қонақтаған бозторғайлар, пыр-пыр ұшып, белгісіз қараңғылыққа сүнгіп жатыр. Түннің біраз мезгілі өтті. Бір кезде Шойынкұлақ құлағыма айқайлап: «Тоқташы» — деді. Мен тоқтата қойдым. «Өшір» деді. Өшірдім. Сүйтсем де таң-тамаша қалып тұрмын.

— Сұлтан, сен тісіңнен шығармайсың ба, мен саған бір нәрсе айтайын.

— Жақсы.

— Солай де... Айтшы, сен ғашық болып көрдің бе? — деді ол даусына аздап діріл араласып.

Мен біреуден естігенімді де, өз басымнан өткенді де айтып бердім. Ол ұзақ уақыт үнсіз тыңдап болды да:

— Сен оған үйленесің бе? — деді.

— Несі бар, үйленемін.

— Сен қандай бақыттысың, Сұлтан, — деді ол бір күрсініп. Сүйген қызың бар, хат жазысып тұрасыңдар.

Мен оның Нәзираға ғашық екеніне дәл осы сәтте көзім жетті де, бетіне қарадым. Бірақ қараңғыда жүзіне қандай өзгеріс енгенін аңғара алмадым.

— Сен біреуге ғашықсың ғой, Алданыш?

— Иә. Мен Нәзираны сүйемін, — деді ол сыбырлағандай. Сүйтті де кенет серги түсіп. — Сұлтан, сен жақсы жаза да аласың, маған қарағанда тілің де бар, кел екеуміз хат жазайықшы, — деді ендіге сөйлеп.

— Болсын. Бірақ сенің не айтпак болғаныңды мен қайдан білейін.

— Өзім айтып отырамын ғой.

— Ал жақсы, қалам, қағазың бар ма?

— Бар.

Ол қалта фонарымен жарық қылып отырды да, мен қағаады канистрдің үстіне қойып жаза бастадым.

— Ал айт.

Шойынқұлақ ұзақ ойланып, былай деді:

«Қымбатты, жаннан артық көруші ақ сәулем Нәзира! Қалай, аман-есен денсаулықтың арқасында...»

— Өй, мынауың амандық хат қой, жаным-ау.

— Енді қалай бастау керек?

Оның мандытып ештеңе айтпайтынын ұқтым да:

— Сен біраз жүріп келе ғой, өзім жазуға тырысайын, — дедім. Ол балаша қуанып, секіре жөнелді. Енді қалта фонарьдың жарығын қағаз бетіне туралап қойдым да, барымды салып жаза бастадым. Елжіреген ғашық жігіттің жүрек сезімін қағаз бетіне түсіріп болдым-ау деп, хат соңын екі шумақ өлеңмен бітірдім. Шойынқұлақ: «болдың ба?» деп, осы уақытқа дейін әлденеше рет келіп кетті. Енді оны шақырып алып оқып бердім. Өлеңнің ең соңғы шумағы былай аяқталушы еді.

«Сарғайып жүрек езілді,
Сен үшін пида болсыншы,
Бақытқа бөлеп сезімді
Жанымды нұрға толтыршы».

Бұл төрт аяғын тең басқан өлең болмаса да, Шойынқұлаққа мейлінше ұнады.

— Міне, сен қандайсың, міне, сен қандайсың ақымақ! — дей берді ол қуанғаннан.

Ол бұл хатты әлденеше рет оқып шықты. Бірақ мұның бәрінен ауыры — хатты мен апарып беретін болдым. Өйткені, құпия екеуміздің ғана арамызда болуы керек. Хатты мен Нәзираға табыс еттім. Ол оқып шықты да, беті шиедей боп қызарып сала берді. Бірақ ешнәрсе деп тіл қатпады. Жауап жазар деп біз екі-үш күн күттік. Бірақ одан хабар болмады. Осыдан соң, Шойынқұлақ көп түндерді менімен бірге өткізіп жүрді. Ол Нәзира туралы әр түрлі тәтті қиялға шомып, сол қиялдан жаны рахат тапқандай, аспандағы шапырлаған жұлдыздарға күле қарап, әлдене деп сыбырласып отырушы еді. «Нәзира сұлу-ә, Нәзира ақылды-ә» — деген сөздерді сағат сайын қайталаудан жалықпайтын. Оның жүрегі осыншама нәзік болар деп мен ешқашан да ойламаған едім.

Нәзирадан әлі күнге дейін жауап болмаған соң, біз хаттың екіншісін, үшіншісін, тіпті төртіншісін де жаздық. Одан сонда да жауап келмеді.

Байғұс Шойынқұлақ қатты мұңайып жүрді; әлдене күткендей, дегбірсіздене бастайтынды шығарды. Менің оған жаным ашыды да, Нәзираға мейлінше ызам келді. Сонан соң е ары, е бері болшы дедім де, қытығына тиетін ұзын сонарлы хат жазып, бір келгенде қолына ұстата салдым. Бір күні вагонда жалғыз өзім отыр едім, ас пісіруші әйел кіріп келіп: — Сұлтан, мына хатты доқтыр қыз саған бере сал деп еді, — деп төрт бүктелген қағазды менің алдыма тастай салды да, шығып кетті. Хатты ашып, оқып шыққанымда, денем түршігіп сала берді.

«Менің басқа жігітім бар. Енді көп байланыса беруші болма. Осымен бәрі де бітсін, Шойынқұлақ» депті. Шойынқұлақтың шын аты — Алданыш екенін Нәзираның білмеуі де мүмкін еді. Хат жазғанда әлдекімнің қолына түсе қалса, мен екенімді біліп қояр деп, Шойынқұлақ атын жаздырмайтын. Мен ауызша ғана айтып жүруші едім. Бұл хатты Шойынқұлаққа көрсетерімді де, көрсетпесімді де білмей, әрі-сәрі болдым. Оқытайын десем, оны аяймын, оқытпайын десем ол байғұс дәл осылайша жылдар бойы сергелденге түсіп жүре беруі мүмкін. Ақырында, не де болса көрсетейін, мынадай халде қалғаннан гөрі, үмітін біржолата үзгені дұрыс болар, — деген тоқтамға келдім де, егіс басына келдім. Ол менің мезгілсіз келуімнен бір жылы хабар күтіп, трактордан секіріп түсті де, маған қарсы жүгірді.

— Не, хат бар ма?

— Бар, — дедім күбірлеп қана. Ол мені аспанға тымақша лақтырып, бірнеше рет қайта қағып алды.

— Ал, не депті, оқышы?

— Мә, өзің оқы, — дедім де трактордың көлеңкесіне кетіп қалдым. Ол оқып шығып, есінен айырылған адамша, сол орнында қатты да қалды. Әлдене деп өзіне-өзі күбірлеп тұрғанын да көріп қаддым. «О, бишара Шойынқұлақ, ғашық болып нең бар еді?» — деймін ішімнен. Бұл оны кемсіту емес, аяғандығымнан еді. Қасыма келгенде оның кезерген еріндері «Шойынқұлақ» дегенді еріксіз қайталаумен болды. Бәрінен де бұрын оған Нәзираның осы сөзі қатты батса керек. Өйткені сүю былай тұрсын, ол оның намысына тиді ғой. Біз кешке дейін бір-бірімізге тіл қатқанымыз жоқ.

Осыдан соң Шойынқұлақ мүлде өзгеріп кетті. Кей түндері ұйқы көрмей далада себепсіз сандалып жүріп-жүріп, таң атқан соң тамақ та ішпей тракторға кетіп қалатынды шығарды. «Жығылған үстіне жұдырық» дегендей, бір күні Нәзіраның күйеуге тигенін естідік. Сол кезде Шойынқұлақтың жүзі жер беттеніп, түтігіп кетті. Жұдырықтарын кімге арнағаны белгісіз, кіжініп түйе берді. Сонда мен: «Осы не Нәзіраны, не өзін мерт қылмаса екен», — деп те қорықтым. Шойынқұлақ екі күн бойы үйге келмей қойды. Ертеңіне барсам, тракторды барынша арқыратып айдап жүр екен. Мен жақындаған кезде, қолына кесек алып қуып берді. Ұйықтамағандықтан ба көзі құтырған иттей қызарып, жағы суала түсіпті.

Мен оны жынданып кеткен екен деп те ойладым. Түс ауа, оған тамақ алып қайта оралдым. Келсем Шойынқұлақ трактордың көлеңкесінде шалқасынан түсіп жатыр екен. Трактор күркілдеп от алып тұр.

— Алданыш, — дедім даусымды әрең шығарып, — ау, Алданыш, тұршы, тамақ ішші.

Ол ұйқысынан оянған арыстандай, басын ақырын көтерді де, маған қанталаған отты көздерін қадай түсті. Дәл қазір ол мені шайнап-шайнап жұта салатындай көрінді. Шойынқұлақ маған ұзақ қарап тұрды да, «мін» дегендей тракторды иегімен меңзеді. Мен мініп жүріп кеттім. Загонды 3-4 рет айналдым. Ол сол орнында мең-зең болып әлі отыр. Енді бір айналып келгенімде Шойынқұлақ қосқа қарай кетіп бара жатыр екен. «Иә, ол тынышталайын деген екен» — деп мен де біраз жеңілденіп қалғандай бір күрсіндім. Бірнеше сағат өткен соң, Шойынқұлақ отырған орынға тоқтап тамақтарды жинастыра бастадым. Сол кезде бір қағаз газет арасынан жерге сусып түсе калды.

«Сұлтан, мүмкін тағы бір жерде кездесіп қалармыз. Мен кеттім, қош бол». Ішімді от жалап өткендей болды. Қос жаққа көз тастап едім — сонау қия бетте солдат шинелінің етегі желбіреп, кетіп бара жатқан Шойынқұлақты көрдім. Даусым оған жетпейтінін білсем де, барымша айқайлап, сүдігерге сүріне-қабына жүгірдім. Бір кезде ол артынан қуып жеткен машинаға отырды да, мені көріп қалып, бас киімін көзден таса болғанша бұлғап бара жатты. Мен тракторға келіп, қолымдағы күртешемді лақтырып тастадым да, етпетімнен түсіп жылап жібердім...

* * *

Жаз болды. Егін орылып бітіп, күз де келді. Біз зябь жыртып жатқан едік. Шойынқұлақ кеткелі бері менің көңілім барынша бір жадыраған емес. Өр кеудесіне қайтпас қажырлылықпен жігер қатпарланып, сол қасиетімен бірге орасан мамысшылдығы астасқан өжет адамды, мен әсте естен шығара алмадым. Жұмыс көктемдегідей қауырт болмағандықтан, мен бір тракторда өзім ғана істеп жүр едім. Бір күні ымырт жабылған уақытта жұмысты тоқтатып, үстімнің шаңын қағып жатқан кезімде, жол жиегіне май таситын машина тұра қалды да, кабинадан бір адам секіріп түсіп, тура маған қарай жүрді. Қараңғылық үйіріліп қалғандықтан, оның кім екенін анықтап болжай алмадым.

— Өй, ақымақ, сен Сұлтанбысың-ей, — деген зор дауыстан оның Алданыш екенін тани кеттім де, қуанғанымнан «Шойынқұлағым!» деп оның алпамсадай иығына асыла кеттім. Шынын айту керек, анада «ауылға жүрсеңші» деп келіп кеткен ағамды мен мұншалықты сағынышпен құшақтамаған едім.

— Япырмай, қайдан, қалайша келіп қалдың! — дедім оның мойнын қыса түсіп.

— Тыңды сағындым, сонан соң, ақымақ, сені сағындым ғой мен, — деді ол басымнан еркелете сипап. Оның бұл даусында өзін-өзі ұстай алмағандықтан туған өксу ме, діріл ме, сол сияқты бір өзгеріс бар еді.

Адамда осындай мінез бен махаббат та кездесе береді екен-ау!

ҚАРА ШАҢЫРАҚ

Шөмішбай қарт орнынан тұрып, дәретін алды, намазын оқып болып, үйден қозы көш жердегі қауындыққа беттеді. Шелектей-шелектей ақ торламалар мәнтінен үзіліп, арық ішінде домаланып жатыр екен. Бес-алты басыпалдыны ит жеп, жегенімен қоймай пәйкелді шошқа аунағандай майқамдап тастапты. Қарт күйіп кетті.

— Ит жесін деп еккен екем ғой бұларды! Қап шошқаның иті-ай! Ана сүмелек Есіркепке мылтық әкеп бер деп құдайдың зарын қылғаным

қашан! «Мәкүл көке» деп кетіп еді, мылтық әкелмек түгіл қарасын да көрсетпеді ғой. Обалдағы-ай, обалдағы-ай!

Ол майқамдалған пәлектерді жөндеп, ит жеп кеткен қауындарды анадайда ағып жатқан арыққа лақтырды. Домаланған ақ торламаларды бір жерге үйіп болып, қыр басынан қылтиып көрінген күнге қарап белбеуінің ұшымен бетінің терін сұртті. Тері басылып, денесі салқындаған соң құлақ арықтағы, сылдырап ағып жатқан мөп-мөлдір мұздай сумен бетін жуды. Сонан кейін қауындық басына кеше кешкілік арқандап кеткен көк есекке тоқым салып, айылын тартты да, қауын тола екі қапты қоржын етіп артып, иесінің тым ерте әбігерге салғанына наразылық білдіргендей басын төмен салбыратып әлі самарқау тұрған есекті «ықы, арам қатқыр!» деп су арқанның ұшымен тартып жіберді. Иесінің әлденеге ашулы екенін біле қалған әккі есек бірден сергіп, типыңдаған жорғасына басып үйренген жолдың шаңын будақтата үйге тартты.

Есік алдындағы үлкен шайла астында үш-төрт немересі пырылдап ұйықтап жатыр. Кең төсекте аунай-аунай әрқайсысы әр тұсқа шашылып қапты. Анау, басы төсектің аяқ жағына қарап қалғаны — үлкен баласы Жарылқаптың ортаншы ұлы, ала мысықты құшақтап ұйықтап жатқаны — Мүсіркептің кенже қызы, ал бергі шетте, жастығын аяғына жастап жатқаны — Ордабасыдағы жиен қыз. Үлкені алтыда, ең кішісі екіде, бұлардың арасында Арыстағы Есіркептің ғана баласы жоқ. Көктемде барып кішкентайларын алып қайтпақ болғанда баласы: «Әлі тым жас қой көке, сәл буыны қатайсын, сонан соң өзім апарып тастаймын» деп күмілжіген. Келін де пәлендей ниет білдіре қоймады. Шөмішбай қарт ызаға булығып, күйіп қайтты. «Ойбай-ау, бұ жамандарға бала не керек. Өздерінің жүрісі анау, аттың жемін жеп, тайдың тірлігін істейді. Күні бойы екеуі екі жақта. Сөйтіп жүріп балаларын қимайтынын қайтерсің! О, жамандар, күшіктер, кеше ғана еді ғой мұрындарыңның тыйылғаны, бүгін кеп бала керек боп қапты!..»

Енді міне, осындағы үш немересін көңілге тоқ санамай екі пұт ұн мен екі қап қауынды есек арбасына тиеп ап, Шөмішбай қарт Арыстағы Есіркептің үйіне күн бақан бойы көтеріле бергенде шу деп жүріп кетті.

Ауық-ауық «ықы» деп қойып, арба үстінде үнсіз келеді. «Осы иттер әке-шешеміз бар-ау деп ойламайды ғой деймін. Әйтпесе «қалайсыңдар?» деп сүт пісірімге келіп кетсе қайтеді шіркіндер. Бір-екі қадақ қанты мен үнді шайларының, тіпті мылтықтарының да керегі жоқ жүдә, өздері көрініп кетсе нетеді. Қауын-қарбыздың сас боп пісіп, ит жеп, ит жегенінен қалғаны шіріп жатысы анау. Осылар келеді, осылар жейді, осылар рахатын көреді деп көктемнің көк өзегінде бүгілген белді бір жазбай ертеден қара кешке дейін төккен терімнің бекер болғаны ма? Келеді деп күнде тосамыз, дарбазаны жел сықырлатса да сендердің біреулерің екен деп елең ете түсеміз... Әрқайсысы әр жақта, сонда жұрттан асып, ел сұрап бара жатқандары да шамалы. Бірі Шымкентте, бірдеңе деген зауытта, бірі Сайрамда, қыз болса Ордабасыда, ал Есіркеп Арыста. Ай, осы Есіркеп адам болса да әуірім тәңіріммен әрең адам болды-ау. Бешірни оқып он класс бітіремін деп жүрісі анау. Ол иттің күшігіне «оқы, оқы» деп құдайдың зарын қылып ем, тыңдамады. Текнікүмге түсем деп қағаздарын алып, Шымкент тақиясына тар келгендей Алматы асып кетті. О жақ мұны қайтсін. «Әйда, жөндеп оқып кел» деп қайтарды да жіберді. Көңкүрс дей ме, бірдеңесінен өте алмадым деп жуып-шаяды тағы да. Енді әні, екі-үш жыл селтендеп жүріп-жүріп, ауылда төрт дөңгелек құрып қалғандай Арыста мәшине айдап жүр. Үлгіре алмай қалатындай үйленіп алғанын қайтерсің, о әжине! Енді кеп, келін екеуі қабаттасып он класс тауыспақ. Күндіз дарымаған оқу түнде дариды деп жүр ме екен түге? Ал, ана қаршадай баланың тірі жетім боп жүрісі анау, әрбір қолы бос кемпірдің босағасын сағалап. О, Алла, өстіп те бала өсірмек пе олар. Алып кетем десең қимайды тағы. Ойбай, нақұрыстар-ау, сегіз ай толмаған баланың қарны ашпай ма, жаялығы былғанбай ма, жылай-жылай ішегі қатпай ма, қанша айтқанмен біреудің аты біреу ғой. Өздерінің қайтіп өскендерін ойласа қайтеді, осы күйі аспаннан салбырап түсе қалдық деп жүр ме екен?»

Арысқа түс ауа жетті. Күн жексенбі еді. Балалары үйде екен. Есік алдына тоқтаған арбаны көріп, Есіркеп майкасымен далаға жүгіре шықты.

— Зеркүл, көкем келді, көкем! — деп айғайлап жіберді де әкесін құшақтай алды.

— Аулақ, — деп Шөмішбай баласының қолын сілкіп тастады. —
Немене, жас бала құсап. Әлі есің кірмеген бе?

— Кө... көке-ау, не болды?..

— Не болғанын қайтесің. Сендер жатыңдар, қаннен-қаперсіз, мен
жүрейін шілденің күнінде шырылдап. Бар, анау арбаны шығарып,
есекті көлеңкеге байла да, үстіндегілерін түсіріп ал.

Есіркеп тілге келмей лып беріп далаға шығып кетті. Әкесінің ашулы
екенін түсіне қойды. Осы кезде іштен келіні де шығып, атасының
жүзіне қарай алмай күлімсіреп, ұяла сәлем берді.

— Бәрекелді, өмірлі бол, балам. Ана немелерің қайда?

— Үйде. Ұйықтап жатыр.

— Бесікте ме, жерде ме?

— Жо-жоқ, — деді келіні күлімсіреп. — бесік қайдан болсын, «детский
кровать» сатып алғанбыз, сонда жатыр.

— Имм. Бесік неге алмайсыңдар?

Келіні сөз таппағандай мүдіріп қалды да:

— Ата, үйге кірсеңізші, — деді.

— Кірем, кірем. Енді даладан қайтады ғой деп пе едіңдер. Шөмішбай
қарт етігін дәлізге шешіп тастап, Есіркептің жеңіл тапочкасын аяғына
сұға салды да, ішке енді. Төрдегі салулы көрпеге жантая бергенде
Есіркеп те кіріп келді.

— Көке, сіз демала беріңіз, біз тамақ дайындап жіберейік.

— Қазан-аяқта сенің жұмысың қанша, отыр шошандамай былай.
Әңгіме айтпай ма екен адам деген.

Есіркеп «болмас» дегендей бір күлімсіреп, әкесінің қасына отырды.

— Еттерің бар ма еді үйде? Әлде, ас-қатықсыз отырсыңдар ма?

— Бар... бар ғой. Зеркүддің танысы ет комбинатта істейді, содан ап
тұрамыз.

— Еье, — деді әкесі мырс етіп, — сүйтеміз де. Жөн-жөн. Үшеуіңе деп бір тоқты байлап отыр едім...

— Үйтіп әбіржіп қайтесіз, — деп баласы әкесінің сөзін бөліп жіберді, — онан да екеуіңізге жарата беріңіздер, біз өз күнімізді өзіміз көреміз ғой.

«О, кеше, — деді ішінен Шөмішбай. — Кеше болмасаң осылай дер ме едің. «Өз күнімізді өзіміз көреміз ғой!» Мен сонда кім үшін тырбанып жүрмін? Жинаған дүниенің рахатын сендер көрмесендер, о дүниеге өзіммен бірге ала кетемін бе?! Мына малғұнның сөзін қарашы-ай бұл, о-о, әжине! Көсіліп жатсаң сирағың сыртқа шығатын құрқылтайдың ұясындай тамда отырып өз күндерін өздері көргіш-ақ. Қартайғанда оқып ояз боламын деп жүр ме екен, одан да жұрт қатарлы баспана салып алмай ма түге, ауылдағы жесір кемпірдің Тұңғышбай тентегі құрлы жоқ па? Ертең күн суытса ана баланы ауыртып өлтіреді бұлар, айтпады деме. Е-е, бірақ бұл немелер жаз өтіп, қыс келерін ойлады дейсің бе, әлеулаймен жүре береміз деп отыр ғой өстіп».

— Қыста қайтесіңдер, осы тамда отыра бермексіңдер ме?

— Білмеймін. Баздың директоры екі бөлмелі үй салып беремін деп жүр ғой.

— Ал, ана баланы қайтпексіңдер? Өстіп, көрінген үйге тастап кете бермексіңдер ме?

— Жоқ,ә. Келесі жетіде бала бақшаға орналастырамыз...

— Не дейді?!

Шөмішбайдың қолынан кесесі түсіп кетті.

Үшеуі де үнсіз. Дастарқан үстіне төгілген күрең шай «сай-сайды» қуалай ағып, төменде отырған Есіркептің алдындағы бір үзім нанға жетті де, үйіріліп тоқтады. Маналы бері дастарқанды торуылдап жүрген үш-төрт қара шыбынның бірі Шөмішбайдың алдындағы төгілген шайға тұмсығын тигізіп сәл кідірді де, атқұмырсадай жорғалап саусағына өрмеледі, одан да көңілі толмаған соң бір ұшы тістелген қантқа қонып, іздегенін енді тапқандай қадала қалды. Әлгі бір әңгіме кезінде мүлде естілмеген кішкене ақ самаурынның гүжілі күшейе түсіпті.

Шөмішбай қарт орнынан тұрып, аспан айналып жерге түссе де тастамайтын тер сіңген күпәйкесін киді. Қалтасынан шақшасын алып, көк насыбайдың бір шымшымын тілінің астына ызалана тастап жіберді де ауызғы үйге шықты. Терісіне сыймай барады.

Әкесінің шынымен кетуге жиналғанын сезген Есіркеп қалбалақтай шығып, оны тоқтатпақ ниетімен «көке» деп жасқана үн қатып көріп еді, «өшір үнінді!» деп Шөмекең ақырып қалды. Есіркеп әкесін тоқтатар ешқандай күш жоқ екенін білді.

Ұзақ жолдан шаршап келіп, көлеңкеге жеттім бе, жетпедім бе деп құлағын салбыратып енді ғана мүлги бастаған көк есек иесінің «ықы, арам қатқыр» деген оқыс үнінен елең етіп, басын көтеріп алды. Денесін балбыратқан рахат бір тыныштық лезде ғайып болып, қас пен көздің арасында басына нокта, мойнына қамыт түсіп, келесі бір сәтте өзіне әбден таныс болған, өзін әбден ығыр етіп, зықын шығарған шиқылдақ арбаны ыстық күнде еріне сүйретіп, қала сыртына қарай қиыршық жолмен аяңдап бара жатты.

Үйге екіндіде жетті. Дарбазаны ашып ішке кіре бергенде үш немересі мен кемпірі алдынан жүгіре шықты.

— Әй, тез қайтып қапсың ғой шал-ау. Күн салқындағанда шықсаң қайтетін еді, ана бала ыстықтан өлімші болды ғой.

— Жоғал әрман ербеңдемей. Балажанын қарай гөр мұның!

— Бірдеңенің салқыны тиген бе өзіңе. Тоқтат арбанды. Баланы қаппен жауып қойған ба ей, мынау!

Кемпірі арба үстіндегі қапшықтарды қолымен басып қалғанда есегіне деп ала шыққанмен желінбей қайтып келген бір бау жоңышқаны ұстай алып, ыршып түсті.

— Көтек, мынауы несі құдай-ау, Қуатжан қайда?

— Қуатжан, Қуатжан! «Жан» деп қапты ғой маған барып. Қайда болушы еді, қалды сонда. Сені мен мені адам деп жүр дейсің бе олар! Самаурыныңа от сал, таңдайым кеуіп келді.

— Ата, маған паравоз әкелдің бе? — деді үлкен ұлының баласы мұрнын тартып қойып.

— Қайдағы паравоз саған! Өзім паравоз боп әрең жеттім. Сұрт ана мұрныңды, өй, әкесі оңбаған ынжық неме?

Шөмішбайдың ашулы екенін біліп, кемпірі де, немерелері де жым болды.

«Шіркіндер-ай, шынымен бермей қалғандары ма балаларын, — деді Салиха іштей самаурынға от жағып жүріп, — әлде мына шал «үйтпейсіңдер, бүйтпейсіңдер» деп таптай берген соң келін бірдеңе деп қалды ма екен? Есіркепжанның бөтен мінезі жоқ сияқты еді ғой. Қарғадай баланы анда-мұнда сүйрелеп жүріп ауруға шалдықтырады-ау... Үйбай, жамандар-ай, өздері келмек түгілі, бір жапырақ жаман немелеріне зар қылды-ау».

Салиханың көзіне жас мөлтілдеп шыға келді де, онысын байқатпауға тырысып онсыз да жанып келе жатқан самаурынды үргілей берді.

Олар шай үстінде де тырс етіп сөйлескен жоқ. Күн батып, саңы сөне бастағанда-ақ бәрі төсек салып жатып қалды. Күндегідей далаға емес, үйге жатты. Кемпірі де, шалы да ұйқысыз.

— Балалар ұйықтап қалды ма? — деді әлден соң Шөмішбай.

— Иә.

— Иттің күшіктерін ертең үйді-үйіне апарып тастаймын. Барсын. Керегі болса неғыл деген екенсің солардың. Отырайық сонсоң қу бас боп. Қарай гөр бұларды, о, әжине, мұрнының боғын сүрте алмай жүріп...

— Не болды, шал-ау, айтсаңшы жөндеп. Саған бірдеңе деді ме олар?

— Деді. Демесе Жекен-саяқтың салқыны тиді дейсің бе? Өз күнімізді өзіміз көреміз дейді. Бірдеңе деген жерден ет алып тұратын көрінеді. Ол аз болса, Қуатты балабақшаға тапсырғалы жатыр. Әні. Енді сен екеуміздің оларға керегіміз жоқ. «Атам өлсе қойылар, атан өлсе сойылар», көңілі түссе келіп, көңілі түспесе жылына есігіңнен бір сығаламай жүре береді сөйтіп. О тоба, бәрі бет-бетімен. Жас болса кеп

қалды, ауырмаймыз ба, сырқамаймыз ба, сайтан емеспіз ғой түге. «Осы екеуі қалай» деп өздері хабар алуды да білмейді. Әсіресе мына Есіркеп, біздің өліп қалғанымызды бір-ақ есітеді. Бүгінгі қылығы мынау. Ойбай ақымақ-ау, бала бақшадан кем болғанымыз ба сонда. Түнеукүні барғанымда: «Бала бақшада бала таза болады, уақтылы ұйықтап, уақтылы тамақ ішеді» деп ыржаңдап отыр еді, бұл иттің сонысы ойыны екені десем шыны екен ғой. Ал екеуінің от басының қызығын көрмей жүрістері әлгі. Мұрындарына май құйсаң да адам болмас.

— Қойшы... Қайдағыны айтпай...

— Жылама, неменесіне жылайсың. «Қой, қой» деп араға түсіп, соларды бетімен жіберген өзіңнен көр. «Келін жұмсәим, аяғімді жілі суға малееп отиамын» деуші ең, отыр енді қарық боп!

— Қайт дейсің енді. Мейлі де, мына немелер өскен соң болмаса.

— Атаңның басы! Әкелері көрсетпеген жақсылықты осылар көрсетеді деп отырсың ба? Кетеді ертең-ақ тұс-тұсқа. «Шеуа!» деп тұрсын сонсоң.

Әтештер шақыра бастады. Шөмішбайдың есіне қауыны түсті. «Ит жеп жатыр-ау. Мейлі, ит жемесе шошқа жесін». Аударылып түсіп, теріс қарап жатты. Кемпірінің иығы бүлк-бүлк етеді. «Қой» деп зекіген жоқ. Қой дегенмен бәрібір қоймайды.

Бір кезде сырттан машина дүр еткендей болды. Екеуі де демдерін ішіне тартып, тына қалды. Дүріл бұрынғысынан да күшейіп, ышқынып барып басылды да, есігінің сарт етіп жабылғаны естілді.

— Біреу келді ғой деймін, — деді Салиха басын көтеріп.

— Сөйтті-ау деймін.

Ауызды жиғанша болған жоқ, терезенің тықылдағаны естілді.

— Көке, жатып қалғансыңдар ма?

— О, даусыңнан айналдым сенің саңқ ете түскен. Есіркепжан ғой мынау. — Салиха әжей құстай ұшып барып, есікті ашты да баласының мойнынан құшақтай кетіп шаң-шаң бетінен алма кезек сүйе берді.

— Күнім-ау, түнделетіп қайдан жүрсің! Шешінші, шаршап келген шығарсың. Азып кетіпсің ғой жарығым-ау, денің сау ма әйтеуір?

— Сау, сау апа. Аздап шаршағандық шығар. Іштен кебісін сүйретіп әкесі шықты.

— Жеті түнде жау қуды ма, не боп қалды?

— Жай... Бағана сіз мылтықты алуды ұмытып кетіпсіз. Соны әкеп берейін деп... Оқ-дәрісін де ап қойып ем.

— Оны қайтпекпін? Қай малымды қасқыр шауып жатыр?

— Атпасаңыз үйде тұрар. Қос ауыз. Қазір әкелейін. Есіркеп сыртқа шығып кетті де, кабинадан мылтықты алып қайта келді.

— Міне, су жаңа. Мақта тығып қойсаңыз ұңғысының ішін тот баспайды.

Есіркеп қос ауызды төрге апарып іліп қойды.

— Ал мен қайтайын енді. Азанда ерте тұрып Байырқұмға жүремін.

— Құлыным-ау... тым болмаса бір күн жатып кетсеңші, тірлік деген бітеді дейсің бе әдіре қалғыр.

— Болмайды апа. Өкіметтің жұмысы ғой. Ұят болады..

— Міне, өстеді, өстеді бұлар. Бүйтіп келгенше келмей-ақ қойсаңдар етті. Не тойған емес, не қойған емес. Бағана бір кемпірқауын әкеп қойып ем, соны өз қолыңмен жарып жеп кетші.

— Одан да ала кетейін апа. Мен Арысқа жеткенше таң сыз беріп те қалар. Тағы келемін ғой. Бүрсігүні осы колхозға жәрдемшілер әкелемін. Сонда бір күн жатып, пәйкел аралап, қалаған қауынымды өзім алып жеймін. Нұраш, Тұраш, Әппақтар ұйықтап жатыр екен ғой, ояна қоймайды-ау бұзықтар... Есіркеп монтиып-монтиып ұйықтап жатқан үшеуінің бетінен кезек-кезек сүйді.

«Ойбай жаман, — деді ішінен Шөмішбай, — саған бауыр не керек екен десеңші».

Есіркеп соңынан әке-шешесін тізілтіп, кемпірқауынды қолтықтап сыртқа шықты. Сабырлы қалпынан тая қоймаған Шөмішбай галошын сүйретіп босағаны соң аттады. Есіркеп машинасына от алдырып болған соң:

— Қуатты бүрсігүні келгенімде ала келем, — деді екеуіне бірдей карап.

— Мүмкін, Зеркүл де бірге келіп, екі-үш күн жатып кетер.

— Неғыл дейді, Қуатжанды ма, — деді екеуі де қосарланып.

— Иә-иә. — Кабинаның есігі сарт жабылып машина орнынан қозғала берді.

— Мынау жынды ма-ей, не деп кетті өзі. Құлыным-ау, күн ыстықта шықпаңдар, күн ыстықта. Кешкі салқынмен шығыңдар, — деп айғайлады Салиха.

— Мақұл апа, мақұл!

Екеуі қақпа аузында машинаның қызыл жарығы көрінбей кеткенше карап тұрды.

— Күнім-ай, әшейін. Бір кесе айран да ішпеді-ау! Сен шал бүлдіріп келгенсің ғой, баланы түн ішінде әбігерге салып. Ертең ертемен сонау Байыркұмға жүреді екен тағы. Е, құдай, өзің жар бола көр әйтеуір. Жол-жөнекей бірдеңеге ұрынып қалмаса жарар еді.

— Өшір үнінді, — деді Шөмішбай үйге қарай қозғала беріп. — Жақсы сөз — жарым ырыс, сұңқылдап қайдағыны айтып тұрғанын қарашы. Одан да, ана бесікті дайындап қой, келіп қалған кезде шала бүлінбексің бе тағы.

— Иә-иә, сөйтеің, сөйтеің. Сәлден соң таң да атады. Бүгінгі ұйқы бәрібір ұйқы болмас.

Сол түнді екеуі де ұйқысыз өткізді.

ШАЛДАР

Ақымақтар-ай, тентектер-ай түге! О, жарым естер-ай десеңші!

Бойына сыймаған күйініш пен өкініш, Қарекеннің жан түбінен осы бір сөздерді лақтырып тастады. «Не жетпейді, опыр-ау не жетпейді екен бұларға. Ел тыныш, қой үстіне бозторғай жұмыртқалап, ақ түйенің қарны ақтарылып жатысы мынау. Белі сырқырап жұмыс істеп жатқан да жоқ қой жүдә. Енді не жетпейді бұларға? «Осылар жесін, осылар кисін» деп жар құлағың жастыққа тимей, жарасымды өмірлеріне жаның сүйсініп, «е, құдай, балаларымды бақытты қыла гөр, өмір жастарын ұзақ қыла гөр» деп жүргенде, бұл ақымақтардың сүттей ұйыған тұрмыстары нілдей бұзылып, қақыратып кетті-ау қабырғаны! Ақымақтар-ай, тентектер-ай түге!

Қарекен ұзақ түнге кірпік ілмей, жиі-жиі күрсінуге болды. Түн ортасы әлдеқашан ауып қалған. Жанындағы кемпірі де көпке дейін көз өзімен бірге күрсініп, аһ ұрып жатыр еді, енді маужырап ұйықтап кетіпті. «Қайтсін, шаршаған шығар байғұс. Таңның атысынан күннің батысы қыбыр-қыбыр бір тыным көрмейді, — деді Қарекен кемпіріне аяушылықпен қарап қойып. — Оның үстіне, мына уақиға да оған оңай тиіп жүр деймісің. Осының бәрін көре-біле тұрып, кейде оған орынды-орынсыз қожырандаймын кеп-кеп. Енді қартайғанда, осым не менің осы? А? Тоба!»

Дала сүттей жарық. Терезеден дір-дір етіп ай сәулесі құйылып тұр. Үй ішінде асыр салған ай нұрынан қабырғада ілулі тұрған киім-кешектер қарауытып көрінеді. Далада да, үйде де мүлгіген тыныштық. Бір кезде сыртқы есік сарт жабылып, маужыраған дүние селт ете түсті.

«Ерғабыл ғой. Ол неге ұйықтамай жүр екен? Әй, ақымақ, осының бәріне сен ғой кінәлі. Келін байғұстан ештеңе де жоқ сияқты-ау. Араларыңа түсіп абырой таба ма бұл адам. Өзіміздікі жөн. Өзіміздікі дұрыс дейсіңдер де тұрасыңдар ғой, түге. Ұрыса беретін жас бала емессіңдер тағы да. Қйтерсің енді?»

Қарекеннің есіне өткен күндердің уақиғасы түсті. Онда Ерғабылдың әлі үйленбеген кезі. Ауылда он бір жылдықты бітірген соң, араға екі жыл салып Шымкенттегі мұғалімдік институтқа документ тапсырды да, пизика дей ме, қимия дей ме, әйтеуір бірдеңесінен құладым деп қайтып

келген. Сонан соң бес-алты күн бос жүріп, қыз-келіншектермен бірге мақта теруге араласты.

Арада бір-екі ай өтіп, жиын-терін болған шақта Ерғабыл қояр да қоймай жүріп, мақта теруден жинаған ақшасына бір мотоцикл сатып алды. Сол сол-ақ екен, оны үйден табу қиынға айналды. Азанмен тұрып алады да, шашы желбең-желбең етіп әлгі машинасымен әлек болып жатқаны. «Тамағыңды ішсеңші, суып қалды ғой» деген сөзге «міні, қазір, қазір» деп құдайдың сәске түсіне дейін жүреді. «Ойбай-ау, алғаныңа шөміш кебетін уақыт болған жоқ, сенің матасекіліңнің бір бәлесі бар ма, ертеден кешке дейін түрткілейсің де жатасың. Анау Ергешбай мінеді де жүре береді ғой осы», — деген Қарекеннің сөзіне Ерғабыл: «Ой, көке-ай, әпкаткіден, өткенше күтіп мінген жақсы, немесе тез тозып қалады», — деп жауап беретін. Сонан соң үйге кіріп бір пиялай айранды нансыз сіміре салатын да әлгі матасекілін тырылдатып бір жаққа ғайып болады. Қайда баратынын айтып кетсе айналайын дейсің ғой, ләм демейді. Кейде сол кеткеннен мол кетіп, екі-үш күн бойы зым-зия хабарсыз кететінін қайтерсің. Үйдегі ата-анасы түнемеге кірпік қақпай таң атқанша дыр еткен дыбысқа құлақ түріп жатқаны сол. «Ойпыр-май, мына баласы түспегір аман боса болғаны. Ана қу темірді қайдан сатып ала қойып еді. Бір пәлеге ұшырады-ау сол!» — деп Қарекен мен Бибінұр шешей қарап жатып қайғы жұтады. Өстіп, далаға қайта-қайта тың тыңдап, балаларынан еш дыбыс ести алмай тып-тыныш жатқан бір шақта есік алдына мотоцикл дүр-дүр етіп кеп тоқтай қалады. Екі қария қуаныштан жүректері жарыла жаздап есікке жарыса ұмтылады. Қартайғанда ата-ана перзентінің алдында бала болады екен-ау! «Ой айналып кетейін сенен! Матасекіліңнен де айналдым-ау. Дүр етіп жетіп келді әні, о шүкірім» — дейді екеуі.

Осы жұмыр жер бертінде тек Қарекеннің ғана баласы осылайша ерекше жаратылған ба, әлде, барлық әке мен баланың арасында болмай қоймайтын заңды алшақтық па, Ерғабыл даладан келгенде кәрі адамның жанын жадыратып, айызы мен мейірін қандырып, ашық-жарқын бір сөйлемейді. Сұрақ қойса ғана қысқаша жауап береді де, өз бетінше бір нәрсемен айналысып тұрғаны, тіпті ештеңе таба алмаса адам түсініп болмайтын қайдағы бір жоқ өлеңді ыңылдап айтып отырады. Мұндағы ата-аналар өзінен жарқын бір сөз естуге ынтық

болып, онсыз өткен екі-үш күндері жылға теңеліп кеткенін, ай тентек-ай, бір түсінсейші, ой жіберсейші соған бір.

Осындай кездерде Қарекен жарыла жаздайды. Ақыры шыдай алмай: «Ау, айтсаңшы күмілжімей, қайда болдың, не іс істедің? Біз бөтенбіз бе осы саған? Үйде бармыз ба, жоқпыз ба, онымен ісің болмайды ғой жүдә, а. Құдай біледі, кіріп келгенде біз өліп жатсақ «о, өліп қапты ғой мына байғұстар» дейсің де қоярсың. Ұнжырғасы түседі де жүреді», — деп ұрысып кеп алады баяғы. Бірақ, Ерғабыл: «Не айтамын. Тоқтарбектің үйінде болдым. Жатып кет, жатып кет деп жалынған соң бір-екі күн түнедім...» — деп сөзінің соңын жұтып қояды.

Міне, бүгін де тап солай беймезгіл уақытта кіріп келді. Үстінен сәләркенің иісі аңқып тұр. Түнімен диірмен тартып шыққандай, киімдері аппақ шаң.

— Көке, әлі ұйықтамағансыңдар ма? — деді ол кіре бере.

Ата-ана ашу атаулыны біржолата ұмытып, ұлын жас баладай қарсы алып шешіндіреді, жуындырады. Тамақ береді. Ерғабыл осы кісілердің көңілі қалмасын дей ме, алдына қойған тамақтан аз ғана ауыз тиіп жататын бөлмесіне кіріп кетеді. Екі күні екі жыл боп күткен ата-ана жүрегіндегі сағыныш бәсеңсу былай тұрсын, баласына көз тоқтатып қарай да алмай өкініп қала береді.

Қоңыр күз келіп, жауын-шашынды сіліңгір күн басталды. Ерғабыл жерге көң себетін жұмысшылардың бригадирі болып бекіді. Соңғы кезде ол жұмыстан келген соң бұрынғыдай тасыр-тұсыр ете бермей жақсылап жуынып, шашын майлап, галстугін тағып, мотоциклімен күнде бір жаққа ғайып болады.

Қыс түсті. Бір күні Қарекен қорадағы уақ малға шөп шашып жүргенде, әлгі айтып жүрген ұзын бойлы, ашаң келген Тоқтарбек, үйдің қасындағы Ергешбай және өзінің ұлы Ерғабыл үшеуі үш мотоциклмен арылдатып кеп есік алдына тоқтады. Ана екеуі «аттарынан» түсіп, Қарекенге ізет сақтап сыпайы ғана қол беріп амандасты. Ерғабыл болса, анадай жерде оқшау тұр.

— Молда болыңдар, — деді Қарекен сақалын сипап.

— Әй, Ерғабыл, нағып тұрсың ербиіп, үйге кіргіз мына балаларды. Ойпырмай, осындай қақаған қыста матасекіл мініп жау қуды ма сендерді түге, жаз бойы дырылдатқандарың аз болды ма? Иә, Тоқтарбек, әке-шешен қуатты ма?

— Шүкір, — деді ол үлкен адамдарша байыпты болуға тырысып. Сәлем айтып жатыр.

— Е, сен осында келетініңді айтып шығып па едің?

— Иә. Осы үшеуміз де біздің үйден шықтық.

— Нағыл дейді! Әй, тентек-ау, — деді Қарекен ұлына қарап. — Сенің үйде жүргенің жаңа ғана емес пе еді? Астапыралла, жын ба, пері ме? Сендерді түсініп болмас сірә. Қой, үйге кіріңдер, жаурап, көгеріп кетіпсіңдер ғой. Үстеріндегі киімдерін қара, тоба-ай! Бір-бір жапырақ жұп-жұқа шүберекті іліп апты.

Үйге кіріп, тамақ желініп болған соң Тоқтарбек Ерғабылға көз тастады да, тамағын кенеп, ұшатын құстай қомданып қойды. Досының бұл қимылын жүрек лүпілімен күтіп отырған Ерғабыл орнынан тұрып, өз бөлмесіне кетіп қалды.

Қарекен, — деді бір кезде Тоқтарбек шай ішуге дастарқан жайылған соң. — Біз... үлкен бір шаруамен келіп едік.

— Е-е, қо-ош, — деді Қарекен елең ете түсіп. — Иә.

Тоқтарбек өзін қарияларша ұстап, сабырлы, байыпты болуға қанша тырысса да, жеме-жемге таянғанда абдырап, үні біте берді. Сонан соң қайта-қайта тамағын кенеп сөз бастады.

— Им... ол себебіміз, Қарекесі мынау еді. Биыл көктемде, аманат-жан аман болса, Ерғабылыңыз жиырма екіге толады екен.

— Иә, иә, дұрыс балам, — деді Қарекен Тоқтарбектің ескілікті шалдарша сөйлеп отырғанын, бірақ, онысы өзіне тіпті үйлеспей тұрғанына аздап езу тартып.

— Ер-азамат үшін бұл аз жас емес, — деп жалғастырды Тоқтарбек сөзін. — Біздің бабаларымыз он бес жасында отау иесі болған екен, ал Ерғабыл үш жылы кем екі мүшелге кепті.

«Е-е, — деді Қарекен ішінен. — Түсінікті, түсінікті, үйлендірейік демексің ғой. Нұр жаусын тілегіңе, нұр жаусын балам».

Бұл игі ниет Қарекеннің ойында көптен жүр еді, бірақ онысын ұлына айтуға батылы бармай келген-ді. Енді Тоқтарбектің аузынан мынадай жылы лебізді естіген кезде, қуаныштан көзі күлімсіреп, бурыл сақалын сипалай берді. Сөз соңын іштей шыдамсыздана күтті.

— Ерғабыл Надяны сүйеді, — деп бір кезде Тоқтарбек түйеден түскендей дүңк еткізіп қойып қалды. — Ол да. Екеуінің жүргеніне жарым жылдай болды.

— Не дейді! — деді Қарекен шошып кетіп, — Надясы несі тағы?! «Қап бүлдірді-ау, — деп күйінді қатар отырған Ергешбай ішінен.

— Бағаналы бері сылап-сипап келіп, аяқ жағын атала қылып жібергенін қарашы. «Надя» деп несі бар мұның!»

— Надя деген Нәзира дегені ғой ата. Біз еркелетіп осылай айтамыз, — деп шыдай алмаған Ергешбай сөзге араласып.

Қарекен «уф?» деп демін терең бір алды да, ауыр күрсінді. Сонан соң «і-і, айта бер» дегендей Тоқтарбекке қарап қойды.

— Сол, Қареке, сіз келісім берсеңіз болды. Тойды жасап жібереміз. Келініңіз тура ертең үйде болады. Келісесіз ғой?

Қарекен ұзақ ойланды. «Ойпырмай, міне, бұл күндегі жастардың тірлігі осы, апай-топай, — деді ішінен. — Ерғабыл бағана ғана осында жүр еді, Тоқтарбектің ауылына барып кеп қапты. Бұлардың барлық тірлігі осы міні. Қарашы, «ертең келін түседі» деп аузымен үй көшіріп, үй қондырып отырғанын. Не айтарсың бұларға. Әлгі Бибінұр қайда жүр?»

Қарекеннің өзі діттеп жүрген көрші ауылда бір қыз бар болатын. Оның әкесімен де әмпей-жәмпей еді. «Құдай қос көрсе, жекжат боламыз түбі» деп ішіне түйіп жүрген. Сырт естуінше де, өзі көруінше де Қарекен қыздың сын-сымбаты мен мінез-құлқын өте ұнататын. Міне, енді кенет ол ойының бәрінің іргесі қозғалып, шаңырағы ортасына түскелі тұр.

— Қыздың әке-шешесі бар ма? — деді әлден соң ол қоңыр шайды ұрттап түсіп.

— Бар. Сіңлісі де бар. Біздің үйдің қасында тұрады.

— Имм. Олардың не дейгінін білесіңдер ме?

— Е, олар не десін! Надя, а, Нәзира Ерғабылды сүйеді, оған кім қарсы тұра алады.

«Сүйеді. Кім қарсы тұра алады!» — Сөздерін көрдің бе, — деді Қарекен іштей. — Түйеден түскендей-ау, түйеден. Әке-шеше деген бұларға нақа бір қолдағы кесе секілді. Олар бұларды жаман болсын дей ме екен сірә?..

Сөйтіп, арада бір апта өткен соң, Ерғабылдың үйлену тойы болды. Бұл қуанышына Қарекен көрші ауылдағы түбі жекжат болармын деп жауап түйген үзеңгі досы Шерәліні де шақырды. Бірақ, ол жіберген шақыру қағазын нақ той болатын күні бара алмаймын деп қайтарыпты.

Сонда ғана барып Қарекен Шерәлінің де өзімен жекжат болармын деп үміттеніп жүргендігін, енді келіп тойға шақыртқан қағаз оған шаншудай қадалғанын түсінді. «Қайтеміз енді, — деді ол кемпіріне. — Бала үшін ежелгі достармен ренжісуімізге де тура келер!»

Той-томалақ тарқаған соң Қарекен қасына ауыл шалдарынан екі-үшеуін ертіп алып, көрші колхоздағы құдасының үйіне тартты.

Қыздың әке-шешесі Нәзираның күйеуге тиетіндігінен бейхабар еді. Тіпті ол Ерғабылмен кететін күні кешке жайбарақат сіңлісіне көйлек пішіп отырды-ау. Содан соң сиыр сауып, кешкі тамақ әзірледі. Әрі-беріден соң даладағы итке жуынды да құйған жоқ па? Өз қыздарының ерке күлкісіне, сыңғырлаған үні, «апа-көке» деуі, бәрі-бәрі де бұл үйдің ішінде соңғы рет естіліп тұрғанын кемпір-шал қайдан білсін! Олар үшін Нәзира әлі ана сүті аузынан кетпеген жас бала емес пе еді? Осы үйде мәңгіге қалатындай еді ғой. Сөйтіп жүрген қыздары бір күн түнде жоқ болып, орнын сипалатып кеткенде, Молдабай қарттың көкірегін орны толмас бір ыза, опыныс билеп, ал ана жүрегі қарс айырылды. Байғұс ана Нәзираның анық бұл үйден кетіп, жат босағаға кеткенін жұрт аузынан естігенде, қызының кеше ғана қолына алып, екі жеңін

ғана бітіре алмай кеткен көйлегін қайта-қайта көкірегіне басып ұзақ жылады. Жұрт жиналып, жапырлап басу айтып жатты.

Осы оқиға аздап ескіріп, әке-шешенің қайғысы серпіле бастаған шақта үлкен бесінмен таласып, үш құда сау ете қалды. Қарекен бір баласы екеу болып, әйтеуір бір жат үйге бас құда боп табалдырық аттайтын ең бақытты, ең қуанышты кезеңді қалай қарсы аларын көз алдына анық елестете алмаушы еді. Ал дәл қазір, көліктен түсіп, үлкен бастырманың алдындағы қазыққа ат байлап жатқанда, үйден өзінің ет құдасы бой көрсетіп сәлем бере шықпағанына іштей налып қалды. «Япырмай-ау, жаман болайын, жақсы болайын, оған мен енді алыс адам емеспін ғой. Кімнің баласы үйленіп, кімнің қызы күйеуге тимей жатыр. Күйінбейтін әке болмайды. Бірақ, ашуын ақылға жеңдіріп, өкпе-реніші болса сонынан айтса қайтеді?» — деді үйге беттеп келе жатып.

Есік алдында үш-төрт әйел пайда бола кетіпті. Бәрі де сыбырласып қана еріндерінің ұшымен амандасады.

— Ішке кіріңіздер, — деді орта жастағы бір әйел сол жақтағы қара матамен тысталған есікті ашып.

Үш құда ішке кіре бергенде қонақтардың келгенін енді ғана аңғарған кейіп көрсетіп Молдабай да есікке беттеп келе жатыр екен. Олар бір-бірімен қол алысып амандасып болған соң үй иесі «шешініңіздер» — деді. Осы кезде ауызғы үйден кішкене қыз бен тағы бір әйел кіріп, қонақтардың киімін шегеге іле бастады. Жана жекжаттардың алғашқы жүз көрісуінің көңілсіз сәттері артта қалып, бес-он минут өткен соң, қонақтар төрге салынған құрақ көрпеге жайғасып отырды.

— Иә, мал-жандарыңыз аман ба? — деді Қарекен бірінші боп тыныштықты бұзып.

— Шүкір, — деді Молдабай ақырын ғана. — Өздеріңіздің?

— Ақырындап. Қалай, қыстан күйлісіздер ме?

— Биылғы қыс қытымырланып тұр ғой, құдай ақырын берсін, — деді Молдабай тамсана сөйлеп. Сөйтті де есіктен кіре берген әйеліне әлдене деп ымдағандай болар-болмас иек қағып қойды. Оның мұнысы «көрші

шалдарды шақыр» дегені еді. Әйелі оны салған жерден түсініп, қайта шығып кетті.

Арада бір сағаттай уақыт өткенде ішкі үйдің төрі мен босағасына дейін қонақтар тізіліп отырды. Төрге өрмелеген сайын кісілердің жас жағы да өсе түскен. Шалдар жағы кезек-кезек, өткен-кеткенді әңгімелеп, гу-гу күліп қояды. Ал, төменгі жақта шай құйып, кесе ұзатып отырған орта буынның адамдары анда-санда «япырмай, міне, пәленше-екем оңай емес біздің» деп әңгімешіге дем беріп жатыр.

«Жылқы мен жылқы кісінескенше, адам мен адам сөйлескенше» деген осы ғой. Шалдар жиналып, әзіл-оспақ араласқан соң Қарекен өзін алғаш кіріп келгендей емес еркін, кең ұстады. Құдасы да жаман кісі көрінбейді. Болса да келгелі бері бақылап отыр. Әңгімесі дәмді екен. Тыңдаушысын тамсандырып, айызын қандырып тастайды. «Әлбетте, әлбетте, — деді Қарекен өзіне-өзі. — Қыз ашуы оңай дейсің бе? Соның орнында мен болсам қайтер едім? Алғашында солғын болса, кеудесін ашу кернеген шығар. «Ашу алдында, ақыл соңында» деген бар емес пе?»

Шынында да, Молдабай сөзшең, ұстамды, аузынан шыққан әрбір сөзін ойланып айтатын байыпты кісі еді. Оның осы қасиетін Қарекен бүгінгі кеште-ақ байқап қалды.

Кеш батып, іңір қараңғылығы үйірілгенде қолға су құйыла бастады. Анда-санда ашылып қалған есіктің ар жағынан әйелдердің ду-ду күлгендері естіліп жатыр. Және асқа деген тәбетті қоздырып, есік ашылған сайын жас еттің иісі бұрқ ете қалады.

Тамақ желініп болған соң осы кеште үшінші рет дастарқан жайылып, кісілер шай ішуге кірісті. Әлгі бір әңгімешіл шалдар да сөзді неден бастарын білмей «імм, імм, шай алыңыз кәні» деп қысқа-қысқа үн қатып отыр. Бұл — сөйлеуге сөз таппағандықтан емес, келелі бір әңгімені неден, қалай бастауды білмегендіктен туған жай еді.

— Еье, бұйрық деген осы екен де, — деді әлден соң Қарекенмен бірге келген қария сөз бастап. — Құдай бұйыртса, міне, сіздер мен біздер жекжат болдық. Өкінгеннен не пайда, енді қалғаны қуаныш қой біздерге.

Бәріміз де қыз өсіріп отырмыз. Қызы барүйдің түбі бір өкініші бар.

Сол қызымыздың қай күні кетіп қаларын Алла білсін. Бүгіндегі жастарға пәлен деу де қиын ғой. Әкелердің ойлайтыны солардың келешегі екен, теңін тапса дейді екенбіз. Молда-еке, қызыңыз жаман есікке барған жоқ. Әкесі міне, ақ тілеумен алақанын жайып алдыңызға кеп отыр. Ұл болса... өз баламызды мақтау жараспас, дегенмен қыз қалаған соң жаман болмағаны ғой, рас емес пе, — деп аздап күлімсіреп ол отырғандарға қарады.

— Е-е, әлбетте. Кім жамандасын, — деген сөздер тұс-тұстан естіліп қалды. — Имм, айта беріңіз.

Сөйтіп, құдалар алғашқы таныстықтарын мал-жан амандығымен әзіл-оспақтан бастап, түн жарымы ауғанда барып, осылайша келелі кеңеске көшті. Екі жақ мәмілеге келіп, ет құда болайық деп қол алысқанда қыстың ұзақ таңы сыз бере бастап еді.

Сол кезде ғана әйелдердің шыдамсыздана күткен сәттері де жетіп, Қарекендердің қоржын-қосқұлақтарының аузы сөгілді. Дүние деген жолдас емес, көңіл құрты. Ол өзгеге құлаған ықылас пен құрметтің белгісі. Қарекендердің алып келген үш тоғызы қыз ауылының адамдарын риза етіп тастады.

Құдасының үйінде екі күн жатқан соң, жаңа жекжат болған ауылдың қанша дегенмен сыншыл келетінін ескеріп, Қарекендер қайту қамына кірісе бастады.

Осы аз ғана күннің ішінде Қарекен өз құдасымен де, ауыл ақсақалдарымен де тіл табысып, етене жақын болып кетті. Бұлар жүрер кезде осында келгелі бері танысқан шалдар кәдімгідей абыр-сабыр, әуен-жәуен боп жиналысып қалды. «Сыйға сый, сыраға бал» дегендей, қыз төркіні де қарап қалмай үш шалға үш шапан жауып, тағы да толып жатқан сәлемдемелермен қонақтарын аттандырып салды. Ауылдан қозы көш ұзаған кезде, Молдабай тізгін тартып, ат басын тежей берді. Қарекен де құдасының ішкі ойын сезгендей қолындағы күміс сапты қамшысын әдейі жерге түсіріп жіберіп, соны алғалы аттан түсті.

— Ал, Қареке, — деді. Қаражан атына қайта отырып қатарласа бергенде Молдабай. Алғаш жүз көріскенде томсырайған мінез көрсеткенім үшін қазір өзім ұялып келе жатырмын. Оным үшін айып етпегейсіздер. «Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық» деген бар. Енді, сіз бен біз жекжат болдық. Қыз бердім екен деп керкитін әке мен емес, сыйлағанның құлымын. Алдыма келіп ақ бата сұрағандарыңызға бек ризамын. Көзіңізге мақтанғаным емес, ендігі бір арманым жақсы бір құда табу еді, ол тілегім қабыл болған сияқты. «Бай мен бай құда болса араларында жорға қатынайды, кедей мен кедей құда болса араларында дорба қатынайды, бай мен кедей құда болса бір-біріне зорға қатынайды» деген ғой бұрынғылар. Қазір бай-кедей деп бөлетін жайымыз жоқ, сонда да болса, әлгі айтқандай, зорға қатынап жүрмейік. Қыз бердім екен деп мен сіздерден ештеме дәметпеймін. Тек, аралас-құралас боп отырсақ маған бәрінен де сол қымбат. Одан басқа не қалды бізге. Әке үшін балаларының ойнап-күліп жүргенін көруден қызық не бар? Ендігі қалғаны солардың ғұмырлы болуы, солардың тату болуы.

Қаражан Молдабайдың сөзшең, ашық-жарқын, байыпты кісі екенін бұрын да аңғарған еді. Бірақ, оның ішкі дүниесі дәл осындай кең, әкелік мейірімі терең болар деп ойламаған-ды. Ол құдасына шексіз риза болды. Біраздан соң ол құдасының шылбырынан ұстап тоқтатты да:

— Молде-еке, құда құдалық жағымен. Мынау ақ ниет, ақ көңілмен ұсынған достық белгім болсын, алыңыз, — деп күміс сапты қамшысын ұсынды.

...Әлден уақыттан кейін шығарып салушылар қоштасып кейін қайтты да, үш жолаушы жаңа құдаларының аулынан алып қайтқан жақсы әсерлерін ортаға салып, қоңыр үнмен баяу әңгімелесіп бара жатты.

Ауылға келіп, үш-төрт күн өткен соң да Қарекең Молдабайды ұмыта алмады. Онымен бірге өткізген үш күн ешқашан ескірместей боп, жадында сақталып қапты. Тіпті, ол құдасын сағына бастаған да сияқты. Осындай түндердің бірінде Қарекең кемпірімен ұзақ сөйлесіп, жақсы жекжат тапқандарын тағы бір еске салып, мақтаныш тұтатынды. «Құдайға шүкір», — деп қоятын ол бір күрсініп. — Бала беріп, сол баланың қызығын көрсеткеніңе құлдық. Осы бір жапырақ қара баланың арқасы ғой жұрт қатарлы жекжат тауып, келін түсіріп, ду-ду

той жасап, ел санатына қосылып отырғанымыз. Ерғабылжан болмасын кәні, кім келер екен, кім бас сұғар екен осы үйге. Айналайын, қара баласынан сол. Кеше колхоз бастық көріп қалып сонадайдан әдейі атының басын бұрып, қолымды алып құттықтап жатыр. «Балаңыздың аяғын іліндіріпсіз ғой, құтты болсын. Биылғы көктемде өзін мақта бригадирі етіп тағайындаймын ба деп жүрмін. Күзді күні көң төгуді жиырма күн бұрын орындап шықты ғой, жарайды» деп мақтап кетті. Көрсеткеніңе шүкір де! Ертең ерте тұрып Серғазы молдаға тұмар жаздырып ал да, шымылдықтарының бір бұрышына тігіп қойшы, тіл-көзден аулақ болсын. Көрсетпе екеуіне де, әйтпесе ашуланып жұлып тастап жүрер, тентектер. Мақұл ма?

— Мақұл емей... менің де ойымда жүр еді бұл.

Ата-ана балаларының қамын ойлап, ұзақ түнге кірпік ілмей шықты. Олар үшін осылай талай таңды ұйқысыз өткізудің өзі бақыт еді.

Жастар болса ештеңе ойлап та жатқан жоқ. Олардың басында бір-ақ сезім бар еді. Ол — өздерінің шексіз бақытты екендіктерін сезіну. Сол бақытты да уайымсыз жарқын өмірлерінің салтанат құруына мейірімді әкелер ата-ананың нәзік қамқорлығы білдірмей сәуле шашып тұрғанын олар әзірге байқаған жоқ. Және өздері үлкен үйдің бұрышынан кішкене бір жаңа шаңырақ көтеруі арқылы әкелер мен әкелердің жанына жаңа дүние орнатып, олардың арасында жарастықты, шынайы достықтың нәзік отын тұтандырып отырғанын да олар байқамады.

Осылайша көрікті өмірдің тағы бір айы артта қалып, қар енді ери бастаған шақта Қарекен құдаларын шақыртты. Жекжатын жақсылап бір күтіп алмақ болды. Әрине шақырған жерге ешкім де құры қол бармайды. Сондықтан Молдабай да қапысыз дайындалды.

Сөйтіп жаңа көтерілген жас шаңырақ әкелер арасына осылайша әбігер де тастап кетті. Әйтсе де олардың қалған өміріндегі бар қызығы мен қуанышы осында жатыр ғой!..

Қарекен мен Молдабайдың арасы осы шақырыстан соң бұрынғыдан да жақындасып кетті.

Арада тағы бір айдай уақыт өткен соң бұларды Молдабай шақырды. Сонымен, бұрын бір-бірін мүлдем танып-білмейтін кісілер ежелден келе жатқан туыстардай бас-аяғы үш-төрт айдың ішінде араласты да кетті. Енді олар бір-бірінсіз тұра алмайтын да болды. Біраз күн келмей қалса өкпелесетінді шығарды. Ал осы өмірдің бәріне дәнекер болған жас жұбайлар бірде ана үйде, бірде мына үйде еркін кіріп, еркін шығып, ата-аналар алдында еркелеп жүре берді.

Осылайша, күн артынан күн өтіп, олардың бас қосқанына бір жыл толды. Ерғабыл бұрынғы желікпе мінезін қойған сияқты. Көбінесе үйде болады. Ерғабыл болса бригадир, Нәзира мектепте пионер вожатый.

Қарекен осы өміріне күн сайын мың шүкіршілік келтіріп, балаларының тыныш та тәтті тұрмыстарын тіледі. Бірақ, енді бір жыл өткен соң толқынсыз көлге тас лақтырылғандай әдемі тұрмыстың іргесі шайқатылып кетті. Ерғабыл мен Нәзира ажырасты. Олардың не себепті ажырасқанын, араларында қандай келіспеушілік болғанын Қарекен де, Бибінұр да анық білмеді. Әйтеуір, соңғы үш-төрт ай бойы олардың анау шағын бөлмесінен анда-санда ащы айғай естіліп қалып жүрген-ді. Сезімтал әке балаларының күрт өзгерген мінездерін ә дегенде-ақ байқап қалған. Әйтсе де, «не болды, неге томсырайып жүрсіңдер?» деп сұраған жоқ. Кемпіріне де рұқсат етпеді. «Қойшы не болса соған елеңдей беріп. Ұрысар да татуласар, араласпай-ақ қояйық» деген-ді.

Жаздың жайма шуақ күні еді. Қарекен құдасының аулына барып кештетіп оралды. Келсе, үйде әлі шам жағылмапты. Терезе біткен үңірейіп тұр. Оның денесі мұздап сала берді. «Бибінұр, уа Бибінұр, бармысың», — деді ол есіктен кіре бере. Ешкім жауап қатпады. «Тоба, қайда кеткен бұл үйдің адамдары», — деп ол ішкі үйдің бөлмесіне кіріп электр шамын жағып қалғанда тіреуге сүйеніп жылап отырған кемпірін көрді. Қарекен бір сұмдықтың болғанын сезіп шошып кетті.

— Әй, не болды, неге жылап отырсың кеш батқанда, — деді ол әйелінің қасына келіп. Бибінұр шешей шалының үнін естіген кезде барып басын көтерді де: «Кетті», — деді сөзінің ар жағын айта алмай келесі бөлме жаққа қолын сілтеп.

Қарекен ауыр бір күрсінді. Сол орнында едәуір уақыт тұрды да, баласының бөлмесіне беттеді. Ерғабыл үйде жоқ екен. Сол күні олар аста ішкен жоқ, сиыр да саумады, көгендегі қозылар да ағытылмады.

Ерғабыл дүсір-дүсір етіп, түн жарымы ауғанда келді. Есік алдындағы аш төбет асыла кетті ме, оның қаңқ еткен даусы естілді. «Итте несі бар мұның, — деді ұйқысыз жатқан Қарекен ішінен. О байғұстың жазығы не?»

Ерғабыл өз бөлмесіне жайғасты-ау дегенде Қарекен буындары сытыр-сытыр етіп орнынан тұрды. «Қайда байғұс-ау?», — деді кемпірі сыбырлап. Ол үндеген жоқ. Кемпірі де қайта сұрамады. Шалының қайда бара жатқанын өзі де біліп жатса керек.

Қарекен ұлының бөлмесіне кірді. Ол сырт киімін орындық үстіне қалай болса солай тастай-тастай салып, енді жастыққа бас қойған екен.

Ойда жоқта кіріп келген әкесін көріп, жастықтан басын көтеріп алды.

Қарекен сөзді неден бастарын білмей босаға жанында едәуір уақыт үнсіз тұрды. Бала алдында әкенің де айтарға сөз таппай дәл осылайша қиналатынын Қарекен осы сәтте ғана сезген сияқты. Әкесінен сөз күтіп, бала да үнсіз жатыр.

— Келін қайда? — деді Қарекен әлден соң мүлгіген тыныштықты селт еткізіп. Ерғабыл да бұл сұрақты іштей тосып жатса керек:

— Төркінінде, — деді аспанға қараған бойы.

— Имм, қайтып келе ме?

— Білмеймін.

— Енді кім біледі?

— Өзі біледі.

Тағы үнсіздік. «Ойбай-ай, мына күшіктің сөзін-ай, ә! Тіпті, «атам өлсе қойылар, атан өлсе сойылар» дегендей бейғам жатыр ғой жүдә. Қиналса нағылдеген екенсің».

— Не болды, не жетпей қалды сендерге? Кінә қайсыңнан?

— Білмеймін көке. — «Мазамды алмаңызшы» дегендей баласы аздап қабағын шытыш, басын арғы қабырға жаққа бұрды.

Қарекен сол орнында ұзақ тұрды да шығып кетті. Есікті жауып, терең бір күрсінді. Маңдайының терін сүртті. Өз бөлмесіне енгенде оның келуін шыдамсыздана күтіп отырған кемпірі: «Не болды, келін неге кетіпті?» деген сұрақпен қарсы алды. Шалы үндемеді.

Келіндерінің өз үйлерінен неге кеткенін Қарекен мен Бибінұр ауылдағы кейбір жас жігіттерден есітті. Олардың ажырасу себебін естігенде Қарекен күйініштен өртеніп, шоқ боп кетті. «Ойбай-ай, ойбай ғана ақымақтар-ай! Не дерсің, не дерсің бұларға енді. Сол инедей нәрсе үшін... пай-пай-пай, тентектер-ай! Кісіні жерге тірідей көмесіндер-ау! — деді ол ауыл сыртындағы төбеде отырып. — «Бала тәрбиелеу жөнінде екеуінің пікірі қайшы кепті!» О, тоба, бұл не бұл, осындай да жанжал, осындай да талас бола ма екен? Үлкен, ер қабырғасы қайысатын нәрсе болса бір сәрі-ау. «Бала тәрбиелеу жөніндегі пікірлері қайшы келген! О сұмдық! — Қарекен мырс ете қалды. — Ойбай ғана ақымақтар-ай, осыған да адам сүттей ұйып отырған тұрмысын бұза ма екен. Тіпті, ол жөнінде екеуінің жиналыста таласып несі бар десеңші. Осынысы күйдіреді-ау бұлардың, осынысы. Мына Ерғабылда шайнам ми болса нағыл дейсің. Мектепке барып несі бар-ай оның, а? Істейтін жұмысы шашынан асып жатыр. Өз жөнімен жүрсе біреу ұра ма екен? Әй, бұны да жігіт болды, үй болды деп жүрміз-ау!»

«Ал мейлі, ұрыса қойсын, таласа қойсын жүдә. Енді соған бола ажыраса ма екен, әлде ғана құдай-ау десеңші! Бір жиналыста ғана емес, жалпы екеуінің пікірі келіспепті, сондықтан жиі ұрысады екен» деген не тағы? Бұларға адам түсініп болмас».

«Тоқта, тоқта, құдай-ау, келін осы екі қабат емес пе еді! — деді әлден соң Қарекен күбірлеп, — мен үйде болған кезімде ұялып, көп аса далаға шыға бермейтін еді ғой. Амандық болса енді бір-екі айда... О, ақымақ-ау, ит-ау, соны көре-біле тұрып мына Ерғабылдың ісін қарашы енді. Өстіп қой, кісінің зығырданын қайнатып, ішіне өрт салатыны!»

Күйініші ішіне сыймай Қарекен орнынан атып тұрды. Күн батып ымырт үйіріліп қалыпты. Ол үйіне ақырын аяңдады. Үйіне келіп, бір-

екі кесе көк шай ұрттаған соң, пияланы төңкеріп тастай салып, жантая кетті.

Арада бір-екі ай өтті. Қарекен құдасының аулына баруға әлденеше рет тәуекел етті. Тіпті, бір рет орта жолдан қайтты. Бірақ, осыдан бұрынғы ет жақын құдасы өзінен суып қалғандай, барғанмен өзін селқос қабылдайтындай көрінді. Әрі ол Ерғабыл ақылға көніп келіннің соңынан барар деп те жүрді. Ал Ерғабылдан ондай рай байқала қоймады. Әрі-беріден соң келіншегі жайлы ойламайтын да сияқты. Жұмысына барады, келеді. Әке-шешесімен жылы жарқын сөйлеседі. Бәлкім ішкі дүниесіндегі аласапыранды ата-анасына байқатпай жүрген болар.

...Ай арқалыққа ауып бара жатыр. Үй-іші күңгірт тартқан. Қарекен кемпіріне көз тастады. Ол дәл баяғысынша қимылсыз жатыр. Әлден соң ауыр ойдан бір серпіліп, орнынан тұрды да, есік жаққа беттеді. Шегеде ілулі тұрған жеңіл-желпі киімдерін сұғына-сұғына салып сыртқа шықты. «Әлгінде Ерғабыл далаға шыққан жоқ па еді, қайтып кіріп кеткен бе? Оны қалай байқамадым екен?»

Қарекен сарайға кіріп, ер-тоқымын алып шықты да ат қораның есігін ашты. Тор қасқа шарбақ есіктің оқыс ашылғанына оқырына бір қарап, келе жатқан адамның өз иесі екенін таныған соң оқыранып қойды. Қарекен атты ерттеп мініп, далаға шықты. Ауыл түгел ұйқыда. Маңайда мүлгіген тыныштық. Лып еткен жел жоқ. Тек арықтың ар жағында шашақ атқан жүгерілердің ғана сыбыр-сыбыр еткендері естіледі. Ол арықтағы жайпауыттан кешіп өтті де, жүгері арасындағы жалғыз аяқ жол арқылы жапырақтарды сатырлата құдасының аулына бет түзеді.

Жол-жөнекей Қарекен Молдабайды еске алды. Сол сәтте оның еті қашқан әжімді жүзі бүлк-бүлк етіп, үшкір сақалы шошаңдап кетті. «Енді не деймін оған, бетін қалай көрмекпін оның. О шіркін-ай, қандай асыл адам еді, қандай жақын болып кетіп едік. Арамыздан қыл өтпестей тату едік. Жекжат емес, бірге туған ағайындай едік қой. Опырым-ау, кеше ғана екеуміз әңгімелесіп, келесі көктемнен бастап аманшылық болса бір жерден там салайық деп келіскен жоқ па едік. Енді соның бәрі қайда қалды? Ақымақтар-ай, тентектер-ай, сендер

екенсіңдер ғой бәріне де дәнекер болып жүрген. Біздің қуанышымыздың, достығымыздың ұйтқысы да сендерсіңдер-ау.

Апыр-ау, күн жетпегендей жынды адам секілді түнде шыққаным қалай бұл, — деді ол тағы да. — Молдабай ұйықтап жатқан шығар, енді түн ішінде оны не деп оятамын. Бәрінен бұрын не деймін, не айтамын оның алдында? Мына ақымақтың ақымақтығын не деп жуып-шаймақпын?!»

Қарекен осындай ой шумағына шырматылып, құдасының аулына қарай келіп қалғанын да аңғармады. Және бұл сұрақтың бір де біріне жауап әзірлеген жоқ.

Ол өзіне таныс қорғанның алдына келіп түсті де дарбаза ағашына ат шылбырын байлай салып, қақпа есігін сықырлата. жаймен ғана итерді. Үйде шам жанып тұр. Олар ұйықтамаған ба? Іштен күңгір-күңгір сейлескен кісі дауысы естіледі. Тап осы сәтте қақпа есігі сарт етіп жабылып Қарекен жалт қарады.

— Бұ қайсың бұл? — деді шығып келе жатқан адам үстіндегі бешпетін жоғары бір сілкіп қойып. Қарекен дауысты тани кетті.

— Молде-еке, — деді ол біршама таңданған үнмен оған қарсы жүріп. — Бұл сіз бе?

— Иә, мен. Өзіңіз қайдан жүрсіз жеті түнде?

— Ауылдан. Сізбен сөйлескелі келдім.

Екі шал қол алысып амандасты. Молдабай бұрынғыдай «үйге кір» деп елпектеген жоқ. Бұл неге өйтпейді деп Қарекен де ойламады.

Екі құда ай астында қатарласа үнсіз жүріп келеді. Өзен жақтан ескен жел жүгері мен жусанның бірде жұпар, бірде кермек иісін әкеледі.

Олар ауыл маңындағы бір төбенің басына кеп отырды.

— Құдағи қуатты ма? — деді Молдабай жайғасып отырған соң.

— Қуатты ғой, — деп жауап берді Қарекен селқос қана, көңілінде бұдан да маңыздырақ мәселе жатқанын аңғартып. — Қуатты ғой, — деді тағы да, даусын көтере сөйлеп. — Ауыл арасы таяқ тастам жер болса да, мына тентектердің тентектігі тұсау болып келе алмай жатырмыз, күде-

еке. Екі ай бойы ат ізін салмай кетті деп маған ренжіп жүрген де шығарсыз. Оның да жөні бар. Қайт дейсіз, өзіңізге келіп көрінуге беттегі күйеден көз ұялады. Келмейін деп жүрмін бе? Бұрынғыдай өзіңізбен әңгімелесіп, ішкі шерді ақтарып қайтуға асықтым да, аңсадым. Бірақ анау тентектер жағынан бір жылы хабар болып қалар, құданың аулына сонда соғармын деп іштей тынып жүр едім. Ондай хабар байқалатын емес. Онан соң шыдамым таусылып, түнделетіп осында жеттім. Неге келгенімді, не айтарымды да білмеймін. Әлде кеңес сұрағалы келдім бе?

Қарекең амандық-саулық айтып, орағытып отыруға төзімі жетпей, еңсесін басқан ауыр ойын осылайша ақтарып салды да, жауап күткендей үнсіз қалды. Молдабай көпке дейін ләм деген жоқ. Салалы саусақтары көк шөпті сырт-сырт жұлады. Осы үнсіздіктің ар жағында қандай сезім, қандай толғаныс жатқанын Қарекең айтпай-ақ сезініп отыр. «Онай дейсің бе оған, — деді ол іштей. — Бір кезде алақанына салып аялап отырған қарқаралы қызы айы-күні жетіп төркініне келіп отыр, міне. Ауыл-аймақ, ел-жұрт не демей жатыр дейсің. Көп жүрген жерде күңкіл сөз болмай тұрмайды. Бұрын басқа бір ауылдың адамдары Нәзіраны айттыра келгенде, Молдабай: «Мен қызыма пәлен деп қолқа сала алмаймын. Барлық билік өзінде. Қалау соныкі. Көнбегенде елің жаман, жұртың жаман, я болмаса ұлың жаман деп көнбей отырған жоқпын. Осыны естен шығармаңдар» — деп, келген үш дүркін қонақты сыпайы шығарып салған. Сол уақиғаның куәсі болған біраз топ: «Әні, қызың нағыз теңін енді тапты. «Ішімді көр» дегендей, қайтып кеп төрінде отыр. Қыздай жігітке айттыра келгенде ат-тоныңды ала қашып ең, келешекте осыны көруге асыққан екенсің ғой» — деп миықтарынан күліп жүрмесіне кім кепіл? Еье, бұл жалғанда әке үшін бұдан асқан азап, бұдан асқан қорлық бар ма, сірә. Беу әкелер-ай, соның бәрін үнсіз арқалап, ішінде дүлей арпалыс жатса да онынды сездірмеуге тырысасың-ау!»

Молдабай әлден соң басын көтеріп алып, малдас құрып отырды. Қолындағы көк шөпті умаждап-умаждап тастай салды да, бойын тік көтеріп, терең бір күрсінді. Батып бара жатқан айға қарап тұрып:

— Балаңмен сөйлестің бе? — деді нығара сейлеп.

— Жоқ, — деді Қарекен ақырын ғана.

Молдабай «і-і» деп бір ыңыранды да, сол бойы үнсіз қалды. «Қо-ош, — деді әлден соң ол тағы да. — Мен не деп кеңес айтайын, Қареке. Екеуіміз кеңесіп шешетін нәрсе болмағандықтан ойым онға, ақылым алтыға бөлініп, пәлен етейік деп айта алмай отырмын. Қайтеміз, нәсіп шығар. Менің саған өкпем жоқ. Келіп тұр, құдалықтан ажырассақ та тату көңіл суымасын. Шығарып салма сөзім емес, ақ шыным бұл. Ал, ана немелердің жұлдызы қайта қосылатын болса, онда кәрі әке өле-өлгенше армансыз болар еді.

Осы кезде алыстағы үйдің есігі ашылып іштегі шам жарығымен әлдеқалай бір әйелдің есік тұтқасынан ұстап, делдиіп тұрғаны көрінді. Молдабай әлдене күткендей солай қарай еңсесін көтеріп қадала қалды.

— Қайнаға-ау, қайнаға, — деп айғай салды әлгі әйел.

— Уа, не мен мұндамын, — деп Молдабай орнынан ұшып тұрып, солай қарай жүрді. Қасындағы Қарекенді ұмытып кеткен секілді.

— Қайнаға, сүйінші, сүйінші. Немерелі болдыңыз, ұл, ұл! — деп оның алдынан ентіге шықты.

— О жасаған, шүкір, шүкір мұныға. Қатшайым, сүйіншіңе ана көгендегі бір тоқтыны ал, ол аз болса өзіңе тағы бір көйлек...

Қарекен сол орнында қимылсыз қатты да қалды. «Қайнаға немерелі болдыңыз» — дегенді естіген кезде, оның буын-буыны қалтырап, денесінен дәрмен кете бастады. «Немере дейді! Құдай-ау немере дейді. Келінжан босанған ба? О тоба, о жасаған!»

Оның кезерген еріндері осы сөздерді тынымсыз қайталай берді.

Содан соң есін жиып айналасына қарады. Қыбыр еткен жан жоқ. Молдабай да ішке кіріп кетіпті. Өзі келгенде оның далада жүрген себебін енді аңғарды. Ол екі аяғына бір-бір батпан тас байлағандай алға қарай ақырын қозғалды. Сол бойы қақпа алдына кеп тоқтады. Ашық қалған есіктен қуанышты адамдардың дабұр-дұбыр сөйлескен үндері естілді. Қарекен қақпаға сүйеніп тұрып ішке езіле, ентіге қарады.

Осы сәтте іштен шыр етіп жылаған жас нәрестенің даусы естілді. Қарекен басын көтеріп алып, қақпаның кедір-бұдыр тақтайларын сипалай берді. «Айналдым-ау, айналдым-ау үніңнен! Немере! Менің немерем, Қаражанның немересі. О құда.. Айналдым-ау үніңнен!»

Қарекен кейін шегініп, дірілдеген қолымен атының шылбырын шешті. Өзін әлдекім қуып келе жатқандай ер үстіне жас жігітше қарғып мініп, аулына қарай шаба жөнелді. «Тентектер-ай, әлде ғана тентектер-ай! Ездіндер-ау, жаншыдыңдар-ау мына кеудені. Қой үстіне бозторғай, жұмыртқалайтын заманда... Қап, ақымақтар-ай!..»

Ол үйіне тез жетуге асығып, атына қамшыны баса түсті.

КЕМПІРЛЕР

Біздің ауылдың шет жағында еңсесімен көз тарта қоймайтын, кішкентай ғана елеусіз бір үй бар. Оның өзгелер сияқты сапырылысып келіп-кетіп жатқан мейманы да жоқ, шалқып жатқан дәулеті мен шаруасы да жоқ. Осы үйдің құрым киізбен қапталған қара есігінен бірі үлкен, бірі кіші екі адам — әжесі мен әлі мектепке бара қоймаған немересі ғана кіріп-шығып жүреді. Екеуі бір-біріне серік, бір-біріне жұбаныш. Әжесінің асқар таудай тілегі — жұдырықтай немересі, жұдырықтай немересінің асқар таудай арқа сүйері — қушиған кәрі әжесі. Бар байлықтары — екі саулық, бір шыбыш, ала мысық, осыдан үш ай бұрын ғана асырап алған қара күшік. Екеуіне бұдан өзге дәулеттің де, дүниенің де, керегі жоқ, тек құдай патшаларға тыныштық берсін, әнебір жаман немере аман болсын. Ел тоқ болса екеуіне осы байлық та жетеді.

Құлағы салпиған қара күшік түнемеге там айналып шәуілдеп үріп шығады. Әліне қарамай ол да осы үйді қориды, оған да осы үй қымбат. «Өй, әптің құрғыр!» — дейді әжесі тыныш түнде ұйқысыз жатып. Бірақ, бұл кею емес, керісінше, оның бұл үнінен: «Үй болып, түгін түтетіп отырғанымызға. шүкір. Балам өліп, келінім кетсе де жалғызымның көзіндей боп немерем қалды. Ішіме құса толып, өзіңе тіл тигізген кезім болса кешіре гөр жаратқан, қуартып қу басымды қалдырсаң қайтер

едім. Немере сүйдіріп, ит асыратқаныңа, оны шәуілдетіп үргізіп қойғаныңа құлдық» деген жоққа нысап, барға қанағат ризашылық көңілін аңғаруға еді. Таң атқан соң бұлар да өзгелер сияқты өз тіршілігіне кіріседі. Екеуі сөйлеп жүріп қорадағы үш малды, өріске айдайды, итке быламық қайнатады. Сөйтіп жүргенде иығы бүлкілдеп сары самауыр да қайнап, әжесі дастарқан жаяды. Күнде осы кезде дастарқан басында екі адам отырады. Бірі — жүзін әжім көмген қарт әже, екіншісі — уыздай балғын немере. Барлық жастық шағы мен балғын дәуірін немересіне сыйлап әже отырады, сол әженің арқасында жетімдік дегенді жете білмей, мәз-мәйрам боп бала отырады. Сәлден кейін көрші кемпірлердің бірі кеп әңгіме құрады, не «шай іш» деп ертіп кетеді. Шаңырағы астында қонақсыз, кісісіз отыра алмайтын қазақ емес пе, біраз кемпір бір үйге жиналып, шөлдемесе де қоңыр әңгіме үшін күрең шайды жайлап тартып отырады. Бәрінің айтатындары ел тыныштығы, балалары мен немерелерінің амандығы. Кейде бір-біріне өкпе айтады, «Тәшкеннен балаң келгенде бір мейіз де татырмадың ғой сен, қу кемпір» деп өздерінше бұртиған болады. «Біздің қолға да қарға тышар, тұра тұр, Түркістандағы қызым төркіндеп келсін»... деп қайсыбірі алда тұрған қуанышын айтып, өзінің де қыз беріп, қыз алған шаңырақ екенін әзілдеп болса да байқатып өтеді. Арагідік келіндерін жамандаған боп мақтанып та алатын сәттері кездесіп қалады. «Ана кіші келінім, — дейді төрде отырған кимешекті кемпір дауысын кілт төмендетіп, — ене-ау, ас аңдығандай боп қыдыра беріп қайтесіз, үйде отырсаңызшы. Сәрсенкүлдің де ояматын кезі боп қалды деп күмілжиді маған кеп. О-о, әдірем қал-ау сен, әдірәм қал, — дедім өзіне. — Ас аңдығандай боп деуін қарашы-ай мұның. Немене, мен қыдырсам, аштықтан қыдырады ғой деймісің. Әңгімелесеміз, отырамыз. Көрге кіргенше күлді көмеш боп көміліп үйде отыра бер демекпісің, о несі-ей түге! Сәрсенкүлдің ояматын кезі боп қалды дейді ғой маған барып, жыласа жұбатып ал өзің. Бір емес, бес баланы қабақ шытпай жүріп мен де өсіргем, енді рәтін көрмеймін бе? — деп есікті тарс жауып шықтым да кеттім. Өлігің әдіре қалғырларды сүйтіп қоймасаң да болмайды. Бес бала өсіріп, бес келін түсіріп, отырсам сол жаялық жуып. Керегі не маған ол күшіктердің, өсірсін өздері. Олар маған рахат көрсетіп, басыма көк тас қояр деймісің бір».

— Әй, Қатира, тәубә деп сөйле, тәубә деп, — деді үй иесі Қалампыр. — Немерең болмаса неменен қадірлі сенің. «Құдайдың берем десе баласы жоқ па, жіберем десе бәлесі жоқ па» деген, Алла кәріне алып жүрсе қайтесің.

— Қойшы, қайдағыны айтпай. Астапыралла, кешіре гөр асылық сөйлесем!.. Бе-еу, Қалампыр, соны шын айтып отыр дейсің бе мені бір. Кемпір болып, үй бағып отырған соң кейде ұрысамыз, кейіміз әйтеуір. Бағана «Сәрсенкүлің құрысын» деп ашуланып шығып кетсем де жол-жөнекей ойымнан кетпей, көкейімде түйткіл боп тұрып алғаны. Кешір, кешіре гөр құдай! Бәрі де сол жаман немелердің арқасы емес пе, — деп әлгінде ғана жібіместей боп қатып отырған Қатира суға түскен кесектей езіліп, көзіне жас алып шыға келді.

От басында отырып осылайша сырласу, күрең шайды ұрттай түсіп мәслихаттасу кемпірлердің сүйікті сәттері-ау!

Үй іштерімен қанша ренжіссе де, қапаланса да, қуанса да, бәрі-бәрі солардың арқасы екенін айтып, алдымен елге, сонан соң балаларына тыныштық, амандық тілеп, түске жақын орындарынан тұрады.

Бұлардан шыққан соң немересін жетектеп Қалампыр әжей де үйіне аяндайды. Алғашқы сәтте жүрегінің терең түкпірінен белгісіз бір мұң мен жапа бас көтергендей бойын көңілсіздік билейді. Бұл сезім өз үйлеріне келіп, құлыптаулы есік алдында иелерін күтіп жатқан қара күшікті көргенде бұрынғысынан үдей түсетін сияқты. Әсіресе, түн ортасы әлдеқашан ауып, маңайды өлі тыныштық басқанда кәрі сүйектен ұйқы қашып қай-қайдағыны ойлайды. «Өзекті жанда өлім бар, бір күні көз жұма кетсем мына жалғызымның күні не болмақ?» дегенде, көкірегі өксікке толып көз көбесіне ыстық жас көлкілдеп шыға келеді. «Қазір алсаң да жас кетіп бара жатырмын демес ем, бірақ, мына қарғам оң-солын танығанша қарайлай тұр, жасаған» деп немересі үшін өзіне өмір тілейді. Өстіп жатып, әлгіндегі өзі сияқты кемпірлердің тасып-шалқып сөйлеген сөздерін, оларға сапырылысып келіп-кетіп жататын кісілерді еске алады. Сол сәтте жүрегіне белгісіз бір қызғаныш сезімі ұялағандай, «бізге неге ешкім келмейді? Қашанғы бір үйдің қонағы боламыз, неге қонақ қабылдап, көңіл жадыратпаймыз. Ағайын деген қайда, өзгелердікі сияқты неге араласып жатпайды шіркіндер.

Әлде, әбіржітпейік деп аяй ма екен? — деп өз-өзінен таңданады. —
Әлде, пейілім тарылып бара ма? Құдай сақтасын, мына немеремнің бір
күнгі қуанышынан садаға бәрі де!»

Көзі ілініп кеткен екен. Әлдекімнің терезені асығыс тақылдатқанынан
оянды.

— Бұ қайсың?

— Әй, Қалампыр, сүйінші, сүйінші! — деді сырттағы дауыс. Оның
бағанағы Қдтира екенін бірден таныды.

— Сүйіншің қойныңда? Не болды?

— Жайбасардың әйелі ұл туды!

— Ой, айналайын-ай,ә! Аман-есен босанған екен ғой. Ойбай-ау,
кірсеңші үйге, нағып тұрсың, есік ілінбеген.

— Жоқ, мен кетейін. Енесі сырқат қой, тез бармасам болмас. Кіндігін
кесіп бола салып, сені қуантқалы осылай қарай жүгірдім. Ал, тез киініп
келерсің. Сүйіншіңді ұмытпа-ай, кемпір. Кейін, ана Тұрлыбегің
үйленгенде көрімдік етіп қайтарамын.

Қалампырдың жүрегі лүп ете қалды. «Құдай тілеуінді бергір Қатира, —
деді ішінен асығыс киініп жатып. — Ақ тілеуінді періште әумин десін.
Бала-шағаңның игілігін көргірдің ниеті қандай түзу еді!»

Ол немересін ұйқылы-ояу көтеріп алды да, есігін де жаппастан сүріне-
қабына ауыл ортасындағы келіні босанған үйге қарай асығыс жүріп
кетті.

Жайбасар — осы ауылдағы трәктірші жігіт. Үйленгеніне он төрт жыл
болса да келіншегі құрсақ көтермеген. Енесінің келінін апармаған
тәуібі, түнетпеген мазары жоқ. Арыстанбап пен Түркістанға талай
барып, талай келді. Қаратпаған білгір дәрігер де қалмады. Алладан да,
адамнан да үміт үзіп отырған шақта келіні жерік болды. Содан бастап
шағын ауылдың аузында Жайбасардың әйелі. «Құдай тілеуін беріп,
өшкен үмітін қайта жаққан екен бейшараның. Бір атадан қалған жалғыз
тұяқ еді, көп әулие-әнбиелердің бір шапағаты тиген ғой» деп әркім
әрқалай қуаныш білдіруде.

Қалампыр Жайбасардың үйіне келгенде жиналған жұрт нәрестеге ит көйлек кигізіп те қойыпты. Ол немересін оңаша үйге жатқызып кеп, шаршыға түйген бір уыс күміс ақшасын абыр-сабыр боп жатқан жұрттың үстіне шашып жіберді де:

— Әй, Қатира, сүйіншің мынау болсын. Аяқ астында бұдан өзгенің реті келмеді, — деп оның басына шәлі орамал жауып, қолына сусылдаған тігулі жібек көйлек ұстатты.

— Озды, озды мына Қалампыр бәріңнен! — деп Қатира кемпір өз келіні босанғандай көңілдене, саңқылдай сөйлеп жүр.

Қалампыр төсек тартып жатқан Сырғакүлдің қасына келді.

— Келінің босанып, немерелі болғанда бұл жатысың қай жатыс, — деді құрдасын көңілдендірмек боп. — Мейлі, не болса да немеренді көрдің. Құтты болсын! Бәсіресіне көгендегі саулығымды атадым.

— Алланың рақымы жауған саған, Қалампыр! Құдайдың көрсеткеніне құлдық. Енді өлсем де арманым жоқ. — Биік жастықта шалқалап жатқан Сырғакүлдің көзінен аққан ыстық жас жастығын жуып кетті.

Үй толы кемпір. У-шу, абыр-сабыр.

Екі-үш күн өткен соң Сырғакүл үйінің қуанышы да саябырсып, кемпірлер өмірі қайтадан қалпына келе бастады. Осы қуаныштан кейін Қалампыр көңіліне қаяу салып кеткен кішкене бір оқиға болды. Олар Сырғакүлдің үйінен келіп, төсек салып жатып қалған еді. Сәлден соң немересі.

— Әже, — деді.

— Әу, құлыным?

— Сырттан неге үрмейді?

— Ұйықтап қалған шығар.

— Иттер де ұйықтай ма?

— Ұйықтайды.

— Біз оған тамақ бермедік қой.

Қалампырдың ойына күшіктің кешелі бері аш екені түсті.

— Әлдә байғұс-ай, ә. Ауыз тамдағы тостақта сүт тұр еді, құйып келе ғойшы.

Тұрлыбек далаға шығып, күшігін дауыстап шақырды. Жоқ.

— Сырттан, Сырттан, мә-мә! Күшіктің сыбысы білінбейді.

Шынымен ұйықтап жатқан шығар деп ұясын көрді, мал қораны қарады. Ізім-қайым. Ол там айналып, үйге қайта кіргелі бұрыла бергенде қара көлеңке бұрышта күшігінің серейіп өліп жатқанын көрді де «әже!» деп айғайлап жіберді. Әжесі далаға атып шығып, немересін көтеріп алды да:

— Не боп қалды! Далаға жалғыз шықпа дедім ғой саған! — деп оның таңдайын басты.

— Әже... Сырттан... өліп қапты.

— Әу, шыбыным.

— Енді... енді ешқайда кетпейікші, а?

— Мақұл, күнім, мақұл.

— Әже, — деді сәлден соң тағы да.

— Не жарығым?

— Біздің үйге нағып ешкім келмейді?

— Ұйықтай ғой қарағым, ұйықтай ғой. Кейін бәрі де келеді.

Қалампыр таң аппақ атқанша көз ілмеді.

Осы бір түннен бастап Қалампыр әжейдің көңілі шындап қамықты. Бірақ, немересіне сынық жүзін көрсетпей, бұрынғысынша оны еркелетіп, ақ жарқын көңіл танытуға тырысып бақты. Қанша айтқанмен кең пейіл, келмесең өкпелей қалатын қонақжай ауыл адамдары емес пе, немересін алдап-сулап, кемпірлермен бұрынғысынша әңгіме-дүкен құрды, Зеркүлдің Түркістаннан есік ашып келген қызының қоржынының аузын сөуге қатысты. У-шудың арасында жүріп, осындай қуаныш өз шаңырағының астында болуын

армандады, бірақ артынып-тартынып келе қоятын ет жақын туыстарының жоқ екені есіне түскенде байқатпай бір күрсініп алатын.

Олар қандай болса да әйтеуір бір қонақтың келуін тіледі. Ақыры бұл тілегі де орындалды-ау!

Бір күні кешкілік есік алдындағы жаңа асыраған сары күшік шәуілдеп қоя берді. «Бұл кім болды екен?» деп елең ете түскен Қалампыр орнынан тұра бергенде: «Кеш жарық!» деп бір еркек пен бір әйел кіріп келді. Тани кетті. Бұдан он жыл бұрын қайтыс болған нағашы апасының қызының қызы екен.

— Жасаған-ау, Дәметкенбісің! Сені де көретін күн болады екен ғой шырағым-ау! — деп Қалампыр оны құшақтай алды.

— Қойыңыз әже, жылағаныңыз қалай бұл!

— Қайтейін... қайтейін енді қарағым, — деді ол кемсендеп.

— Ат іздерінді салмай кеткендерің не? Тым-тырыссындар бәрің. Өзім барып келе қояйын десем, әуселем мынау, ошақтың үш бұты алты айшылық жол. Ой, қарақ канәм, келші, бетіңнен тағы сүйейінші. Аумаған шешесі бопты да қапты. Ойбай-ау, күйеу баламен амандаспаппын ғой, е-е, бұл кәрі адамдарды қойсаңшы. Аманбысың қалқам-ау?

— Шүкір шеше, аманшылық.

— Қане, шешініңдер, төрлетіңдер. Үй де айра-жайра. Мына Тұрлыбек келіншек әкелгенде болмаса, бұл үйдің шашылғаны шашылған.

Ол төрге ұзынша көрпе салып, екі жастық тастады.

— Иә, ауыл-аймақ, мал-жан аман ба?

— Аманшылық. Көз көргендердің бәрі сізге сәлем айтып жатыр.

— Сәләмат болсын. Ата-енең қуатты ма?

— Бір күн ауру, бір күн сау, жүріп жатыр ғой әйтеуір.

— Е-е, кәрі адам онсыз бола ма? Ай, Тұрлыбек, состиып сен неге тұрсың-ай, — деді Қалампыр немересіне қарап.

— Айтып қоймайтын Сайрамдағы әпкең келді ғой сенің. Кел, амандас былай.

— Ойбай-ау, мынау Тұрлыбек пе? — деді Дәметкен. — Мен басқа бала шығар деп тұрсам... түү-у, қандай дәу жігіт боп кеткен өзі! Кел, келе ғой маған. Ой айналайын жігіт болғанынан.

Дәметкен қолынан тартып, Тұрлыбекті алдына отырғызып, бетінен сүйді.

— Ойбай-ау, мен неғып отырмын. Тұрлыбекжан-ай, Сырғакүл мен Қатираға барып келші. Сайрамнан сіңлісі келді де, бәрін ертіп келсін. Мен ас қамына кірісейін.

— Әбіржіп қайтесіз әже, тамақты өзіміз-ақ жасап ішеміз ғой.

— Жоқ ойбай. Сендерге тамақ істетіп... Қазір, қазір. — Қалампыр сыртқа шығып көрші үйге айғайлады.

— Ай, Ербосын, үйдемісің?

Далаға әйелі шықты.

— Келін, Ербосын үйде ме?

— Суға кеткен.

— Неғыл дейді! Сен не бітіріп жүрсің?

— Тамақ пісіріп жатырмын.

— Тамағыңды қоя тұр. Біздікінен іше саларсыңдар. Ербосын келсе бізге кеп ана қойды сойып берсінші. Сайрамдағы сіңлім келді, сіңлім!..

— Мақұл ене.

Дәметкен мен күйеуі мал сойдырмаймыз деп қанша қарсыласқанмен ештеңе өнбеді.

— Қой айналайын, олай демендер. Сендерден мен немді аяйын. Мал басқа бітеді. Тұрлыбекжан аман болсын.

Көгенде жалғыз шыбыш қалды.

— Бас-аяғы бір сағаттың ішінде мал сойылып, кемпір-кешек жиналып та қалды. Көрші келіндер далаға лапылдата от жағып, иісін бурқырата. бас-сирақ үйітіп жатыр.

Қалампыр кемпірде сабыр жоқ.

— Бул ауылдың келіндері қайда түге, — деп өктем сөйлеп жүр. — Бір урттам су қалмапты ғой, ішек-қарынды немен жумақ булар! Ай, Қатира, қайда әлгі бес келінің, біреуін суға жіберсеңші!

— Өлігің әдірә қалғыр әлгінде «қазір барамын ене» деп қалып еді ғой, күйбіндеп шыға алмай жүрген шығар. Шелегің қайда, мен-ақ әкеле салайын, солардан өзіміз жылдамбыз осы.

Қалампыр әлі сөйлеп жүр.

— Сырғақүл әлі келмеген бе? — деп дауыстап қояды. — Оған енді күйме жібереміз бе? Үйіне кісі келсе жетіп барамыз ғой осы. Әй, барып шақырып келе қойындаршы, — деп ойнап жүрген үш-төрт балаға қарады.

— Турлыбек шықсыншы, бірге барайық.

— «Туйлыбек шықсыншы, Туйлыбек шықсыншы». Кімнің баласы мынау? Ол әпкесінің қасында отыр. Әй, әптің құрғыр, бар, өздерің барып келіңдер!

Үш-төрт бала дүркіреп ала жөнелді.

Енді бірер сағаттан соң шағын ауылдың кемпір-кепшіктері түгел жиналып, екі бөлмеге сығылыса жайғасты. Қазан-ошақтың басына келген Қалампыр:

— Келіндер-ау, Сырғақүл бүгін Арысқа кетіп қалған екен, сыбағасын алып қоя салындаршы, өкпелеп жүрер, — деді бетінің терін сүртіп.

Үй ішінде тойдағыдай у-шу, шадыман күлкі.

ҚАБЫЛАН

- Сонда, оның ескі жұртты сағынғаны ма?
- Солай болғаны ғой.
- Апырмай, итте де ондай қасиет болады екен-ау.
- Болады...

Көктем шығуы-ақ мұң екен, Қабыланның да барлық мінезі, жүріс-тұрысы, күнделікті әдеті, төңірекке көзқарасы, бәрі-бәрі де өзгеріп сала берді. Оның біздің есіктің алдына келгеніне міне төрт ай болды. Осы төрт айдың ішінде Қабылан көз алдымызда жүрсе де бәрімізден ұрланып ержеткен секілді. Осы көктем шығып, наурыз торғай келгенге дейін ол көзі шыныдай жылт-жылт етіп, алдындағы адамға тек балалық қызығушылықпен, таңданушылықпен басын қалт-қалт еткізіп қарап отыратын кіп-кішкене сүйкімді күшік еді. Алды адамнан бастап, өмірдегі тірі мақұлықтың бәрін белгілі дәрежеде есейтетін, ой қосатын, тіпті барлық мінезінің күрт өзгеруіне тікелей әсер ететін үлкенді-кішілі кездесетін сол өмірдің уақиғалары ғой. Қабыланның да мінезіне күрт өзгеріс енгізген сондай бір уақиға болды.

Қар кетіп, жер енді бусанған шақта, бір күні әкем атадан келе жатқан салт бойынша Қабыланның бүкіл жүріс-тұрысына, қимылына ерекше, бір сүйкімділік сеуіп тұратын селтендеген құлағы мен шұбатылған әдемі құйрығын табалдырыққа қойды да ұстарамен ғырт-ғырт еткізіп кесті де тастады. Қабылан қыңқ деп дыбыс шығарған жоқ. Екі құлағын кесіп болып, әкем енді құйрығын ұстап жатқанда, оның сүйкімді ойлы көздерінде айрықша бір шыдамдылық пен сабырлылық пайда болып, екі құлағынан сорғалаған қою күрең қанды елемегендей артына жай бір бұрылып қарады да қоя салды. Қабыланның шыдамдылығына бәріміз сүйсіндік, ал бұл жөнінде естігендер илана қоймады, иланғандары болса, жағаларын ұстап таңғалысты.

Осыдан бастап Қабылан табалдырықтан бері аттап үйге кірмейтін болды. Әйтсе де, өз иесінің өзіне мүлде түсініксіз жат қылық

көрсеткені оны бірнеше күн бойы таңдандырып жүрді, бірақ ренжіткен жоқ, оның бәрімізге деген, тіпті жұмбақ қаталдық көрсеткен әкеме деген бейкүнә сезімі мен сүйіспеншілігі ешқандай өзгеріссіз сол күйінде қалды. Бірақ, оның кейбір тентек қылықтары бірте-бірте суалып, қозы-лақпен, домаланған резеңке доппен, жел қуған қағазбен ойнауы да тыйылды.

Алғашқы кезде ол мысыққа барынша қызығатын. Үйдегі сары мысықты көре қалса, алдыңғы екі аяғын өнер көрсетіп жүрген цирк аты секілді ойқастата бастап, қорбаң-қорбаң жетіп баратын. Егер осы кезде Қабыланның барлық қимылы мен пішініне қадағалай қарасаңыз, оның жүзінен мысыққа деген қызығушылықты, оны әлдеқалай бала көрген сезіммен ерекше бір күлкіні көруге болар еді. Иә, Қабылан күле білетін. Егер мен үйде екі-үш күн болмай, кенет оралсам алдымнан арсалақтап шығып келе жатқан оның жанарынан қуанышты күлкіні анық көретін едім.

Кейде ол екі құлағын салбыратып ойға шомады. Сол сәтте «Қабыланым» дей қалсам, елең етіп өзіме күле қарайтын. Ал қазір көп нәрсеге қызықпайтын секілді. Алдыңғы екі аяғын иегіне қойып, төңірекке жайбарақат қарап жатады. Егер алдынан домалап доп өтсе, я болмаса секеңдеп лақ шықса, я болмаса мысық жүгірсе ойлы көздерін сол жаққа бір төңкеріп тастайды да қайтадан «ойға шомады». Оның осы көзқарасынан «көрмей жүрген доп дейсің бе, босқа шаршатудан басқа тигізер пайдасы жоқ», «сен лақ та секеңдеуден жалықпайды екенсің», «осы мысықта ес жоқ-ау деймін, қарап жүріп маған неге қарс жарылады да жүреді?» деген сезімдерді оқуға болар еді.

Қабыланның жақсы ит боларын біз көзін ашқан соң-ақ білгенбіз. Әкемнің ет құдасы біздің кәрі төбетіміз былтырғы жылы боранда қасқырға жем болған соң қолындағы асыл тұқымды қаншығы жақсы күшік туса, жекжат пен жекжаттың ит пен мысық, пышақ пен тауық алмаспайтын қазақтың қараңғы ырымын біле тұрса да дәл осы жолы оны аттап өтіп, ең жақсы арлан болады-ау деген күшігін әкеп бермек болған. Итсіз қойшы — балғасыз етікшімен тең. Итсіз қой бағу, әсіресе, қасқыры жиі кездесетін Қаратау өңірінде мүмкін емес. Бір күні әкемнің құдасы қаншығының туғаны туралы қуанышты хабарды айтып келді.

Екі күшік қана туыпты. Бірі қаншық, бірі — төбет. «Паһ-паһ жарықтық-ай! Екі күшік қана туғанын қараңызшы, әй өзі сирек кездесетін тұқым екен жарықтық!» деп әкем сол күні тамсанумен болған. Сауранбай (әкемнің құдасы) ол қаншықты осыдан жеті-сегіз жыл бұрын теміржол жағасынан аштан бұралып, бауырын енді көтеріп келе жатқан кішкене күшік кезінде тауып алса керек. Үйге әкеліп, ет, сүт беріп біраз күн асыраған соң ол кәдімгідей ит болады. Содан бері сол үйде қалған. Өзге қаншықтар секілді үш ай сайын 7-8 ден шұбырта бермей, жылына бір-ақ рет, екеу, біреу, ары кетсе үшеу ғана туады.

Бауырын көтеріп, ана сүтіне жарып болды-ау деген шақта мен барып күшікті үйге әкелдім. Әкем малдан келген соң жас күшікті ары-бері айналдырып ұзақ қарады. Ол кісі жаңа туған мал болсын, мысық болсын, жас бала болсын көсеудей қолын көстендетіп уқалай беруді қашаннан қаламайды. Қолдың уы жайылып, өсірмей тастайды деп қорқады. Дегенмен алғашқы сынақ ретінде ол кісі күшіктің желкесінен ұстап аспанда ұзақ көтеріп тұрды. Міне, қазір, қазір қыңсылайтын шығар деп мен тағатсыздана күтіп тұрдым. Бірақ ол қың етпеді. Қап-қара мөлдір көздерін ашып-жұмып, ештеңе сезбегендей әкемнің қолында үнсіз тұра берді. Сонан соң әкем оның құлағынан кезек көтерді. Сонда да қиналған үн шығармады. «Болғалы тұр екен. Арлан ит болады! — деп әкем сүйсіне орнынан көтерілді. — Атын не қойсақ екен? Тұмсығын қарашы, қабылан тұмсық емес пе, Қабылан қойсақ қайтеді?»

— Қабылан?!

— Иә, Қабылан. Қабыландай қайратты, қабландай айбатты болсын.

Осы кезде күшік әкеме жалт қарады да, әкемнің ішек-сілесі қатып күле жөнелді.

— Міне, міне, біздің Қабылан дегенімізді естіп жалт қараған жоқ па? Осы бойы Қабылан бола қойсын, бұл ат өзіне де ұнап тұр екен.

Содан бері оның аты Қабылан болып кетті.

Қабылан қыс бойы үй ішіміздің бір мүшесі сияқты бізбен бірге тұрды. Ол үйге аттап кірген сәттен бастап сары мысықтың өрісі тарылып,

берекесі қашты. Асыр салған ойыны, пеш түбінде қаннен-қаперсіз ұйқысы, ішкен асы, сүрген тіршілігі, бәрі-бәрі де мағынасыз тіршілікке айналып, қыс бойы бір жадырамай-ақ қойды. Қабыланды көрген бетте белін бүкірейтіп, ұрысып кеп береді. Мысық бір тұтам бойына тығылған асқар таудай ыза-кекпен ұмтылады, ал күшік, өзіне біткен табиғи еркіндікпен мысықтың қыжырын одан бетер қоздыра түсіп ашусыз, зілсіз ұмтылады. Мысықтың мұндай арбасқан ішқұса өмірі Қабыланның құлағы кесілгенде ғана жадырап, үй ішінде еркіндеу жүретін болды.

Көктем өтіп жаз келгенде Қабылан кәдімгідей төбет боп қалды. «Әуп-әуп» деген даусы да қомақтанып, жанарына айрықша бір жалт-жұлт еткен от үйіріле бастады. Енді ол бізбен бірге өріске шығып, қой бақты, кең даланың жайқалған ойы мен қырында балалық шағына ауық-ауық бой ұрып, кей сәтте көбелек қуды.

Ол кітап оқып отырған менің жанымда бір аяғын аяғыма салып қойып үнсіз жататын. Осылай жата беру оны жалықтырады. Сол кезде ол екі танауын гу еткізіп, терең бір дем алады да, аяғыма асып қойған аяғын бейне бір әлдене айтқысы келгендей қозғап-қозғап қояды. Мен оған іштей сүйсініп, төмен қарап күлімсіреп отырамын. Ол тағы қозғайды. Сонан соң «не Қабыланым» деймін оған сүйсіне қарап. Оның маған қадалған отты көздері осы сәтте тентектік жасағандығы үшін ұялған жас баланың жанарындай тайқып кетеді. Ал кейде маған ұзақ қарап тұрады. «Жалықтың ба, ішің пысты ғой сенің, ә?»—деймін басымды изеп. Ол басын төмен салбыратады, не төңірегіндегі жайылып жүрген қойларға, не алыстағы мұнартқан Қаратауға қарайды. Ол мені орынсыз, себепсіз мазалағандығы үшін қысылатын секілді. Қабыланның осындай айрықша ерекшелігін мен әкеме талай таңданып айтып келдім. Менің айтқаныма илана қоймаған әкем бес-алты күннен кейін өзі де осындай уақиғаның куәсі болып, таңданғаннан сөйлеуге сөз таба алмай келді. Ал апам иттің мұндай қасиетін көпке дейін бір жамандыққа жорып, «астапыралла» деп үрейленумен болды.

Бір күні Қабылан екеуміз қойға шығып, мен кітап оқып отырдым. Ол жалықты. Менің бәтеңкемнің тұмсығын өткір тісімен жайлап кеміре бастады. Мен аяғымды алып қашып әрі-бері қозғалтып қойдым.

Бәтеңкемді тез қозғаған сайын Қабылан да қимылын тездетіп, екі қолымен мысық секілді шап-шап ұстап алады да, тісінің батып кететінін біліп ақырын ғана тістелейді. Мен аяғымды тоқтата қойдым. Қабылан қозғауымды күтіп үнсіз жатыр. Оның тілегін жуық арада орындай қоймадым. Сол сәтте ол қолын жай ғана көтеріп, бәтеңкемнің ұшын табанымен түртіп қойды. Мен жалт қарадым. Сол кезде оның жанарынан: «қозғасаңшы» деген жазуды анық оқыдым.

Мен кітап оқуымды жалғастырып, аяғымды ары-бері тербетіп отыра бердім. Бұл ойын да оны жалықтырды. Аузын ашып есінеді де, иегін екі қолына салып, үнсіз қалды. Қанша уақыт өткенін білмеймін, әлден соң Қабылан орнынан тұрды да, менің дәл жаныма кеп қабаттасып жатты. Одан жаңа қимыл, жаңа қасиет күтіп мен де ешнәрсе сезбеген боп отыра бердім. Бір кезде Қабылан қолын тіземе салды. Үндемедім. Екінші қолын қойды, сонда да аңғармаған болдым. Сонан соң ол менің осыншалықты енжарлығымға ызаланғандай екі қолын кітап бетіне салып, артынша оны басымен жапты да: «ал, енді қайтесің?» дегендей бетіме тура қарады. Оның көзінде күлкі жоқ еді. Мен кітапты былай ысырып қойып, Қабыланды құшақтай алдым. «Қабыланым, Қабыланым, ақылдым менің» дедім оны қыса түсіп. Сонан кейін ол көңілденді. Білегімнен жұп-жұмсақ қана тістелеп, менімен алысып ойнады.

Оның жанары күлкіге тола еді.

Екеуміз кәдімгідей-ақ ойнадық. Ол менің сабан шляпамды алып қашып анадайға апарып тастап, қайтып келеді. Әлден соң шауып барып қайта әкеледі; енді бірде сол шляпамның қасына шокшиып отыра кетеді де, менің келуімді күтеді. Оның «көңілін қалдырмайыншы» деп солай қарай жүгіре жөнелемін. Ол алыса кетеді. Өстіп жүргенде оның тырнағы байқаусыз білегімді жырып кетті. Мен отыра қалып құлқайыр жапырағымен шып-шып шыққан қанды сүрттім. Қабылан қасыма жетіп келіп шоқиып отырды да үнсіз қалды. Дәрекілік, білместік жасап қойғандығын сезетін секілді. Мен қалтамдағы орамалдан жыртып алып, қан шыққан жерді таңдым да, Қабыланға қарап: «Міне, сенімен ойнасаң осы. Сен аңғалсың, тентексің сен!» дедім үніме ашу қосып. Осы кінәсін мойнына алғандай көңілсіз жанарын маған бір аударды да

алыстағы буалдыр сағымға сүлесок қарап отыра берді. Білегімнен тамшылап аққан қан мен даусымның қатты шығуынан ол өрескел қателік жасап қойғанын анық сезген секілді.

Осы сәтте Қабыланның дәл алдына үлкен бір көбелек кеп қонып, ебедейсіз қанаттарын ашып-жайып отыра берді. Көбелек ұстау — балаң Қабыланның сүйікті ойыны. Бірақ бұл жолы ол көбелекке қызыға қойған жоқ, тек көз қиығын тастады да қойды. Көбелек ұшатын емес, қайта сәлден соң көлбең етіп көтеріліп, Қабыланның дәл алдыңғы аяғына қонды. Қабылан оған сәл қарап отырды да, арс етіп екінші аяғымен салып қалып, онсыз да езіліп қалған байғұсты өткір тісімен шайнап тастады.

Оның қатты ашуланып отырғанын сонда ғана байқадым.

Он шақты күн өткен соң Қабыланмен уақытша ажырасуға тура келді. Он бір жылдан бері қой бағып келе жатқан, ит асырауда тәуір-ақ тәжірибесі бар әкем: «Қанша ақылды болғанмен ересек, өткір азу төбеттермен бірге жортпай жас күшіктің беті ашылмайды» деп Қабыланды Беріш деген таныс қойшысының үйіне апарып тастады. Ол қойшының екі алғыр төбеті болатын. Жыл сайын екеуі де қасқыр алады. Әкем Қабыланды да сол төбеттердей болсын деп ойлаған еді.

Шынында, мен Қабыланға үйреніп-ақ қалыппын. Қой соңында жүргенде әлдекімнің орнын олқысынғандай, әлдекімді әні-міні келіп қалар дегендей алаң боп жүретін болдым. Итпен бірге, әсіресе, Қабылан сияқты итпен бірге қой бағу ешкімді де жалықтырмас еді.

Қабылан өзіміздің жайлауға жаз ішінде қайта оралды. Итті сағыну деген, Алла сақтасын, біздің үйдің қанына сіңбеген нәрсе. Бірақ, бұл жолы оны әкем барып алып келгенде, далаға үй ішімізбен үдере шығып қарсы алдық. Қабылан нағыз төбет боп қалыпты. Біз алғашында оны танымай, танысақ та тез арада табыса алмай, суысыңқырап қалған көңілді тез жылытуға тырысып, Қабыланның нағыз арлан боп оралғанын айтысып, өзара күбір-күбір, едәуір тұрдық. Қабылан болса, адам танығысыз өзгерген. Осы екі айдың ішінде желкесі күдірейіп, бұрынғы ұяң жүні қайрат пен ашуға толып қылшықтана түскен.

Дөңгелек көздері бұрыштанып, көз қарашығы жалынға айналыпты. Кеудесі аяққаптанып, аузы жайынның аузындай жайылып жатыр. Қабылан бойындағы барлық балалығын бізден жеті шақырым жердегі жайлауда қалдырып кеткен секілді. Алайда, мен үшін бұрынғы Қабылан, балаң Қабылан қымбат еді. Дегенмен амал жоқ, өзгеру, есею — өмірдің басты заңы. Жас сәбидің балғын шағы қызық-ақ. Есейген соңғы қызығы одан да көп. Сәби өзінің жүз жылдық ерекшелігі мен басты-басты қасиеттерін осы бесікте жатқан шағында алады, бәлкім, Қабылан да өзінің айрықша мінездерін қайратты бойының бір түкпірінде жасырын сақтап қалған шығар.

— Досым, мына итің ит емес, арыстан болады. Екі айдың ішінде менің екі төбетім де бата алмайтын боп шықты ғой. Қасқырға қалай шабатынын көре алмадым әттең, қазір жайлауда қасқыр жоқ, қыста болады. Сондықтан қасқырға осы бастан өшіктіріп, үйіңде терісі болса сабан тық та, Қабыланға ауық-ауық талатып қой. Иісін сезе берсін, — деді әкемнің танысы екі-үш күннен соң үйге бір соққанында. Ал тамақ ішіліп, дастарқан жиылар шақта ол әкеме: «Қабыланды қаладым, не сұрасаң берейін. Ат керек пе, атан керек пе, тартынбаймын. Басына бас демей-ақ екі төбетімді қоса ұсындым. Менің бір тілегімді далаға тастамай қабыл алғайсың» дегенді айтты. Оның Қабылан туралы күні бойғы тоқсан ауыз сөзінің тоқ етері осыған кеп тірелерін әкем де, мен де сезіп отыр едік. Сондықтан оның бұл қалауын күтпеген жаңалыққа балап ешқайсымыз селт ете түскен жоқпыз.

Мен көзімнің астымен әкеме қарадым. Ол кісі өзінің қызыл шырайлы жүзіне онан сайын көрік беріп тұратын шиыршық атқан қап-қара мұртын анда-санда бір ширатып қойып, төмен түскен көзін жоғары көтере алмай үнсіз отыр екен. Бұл үнсіздік көпке созылды. Әлден соң барып ол:

— «Шын досыңның қимасын сұрама» деген емес пе, Беріш. Өзге нәрсемнің қайсысына қолқа салсаң да қой демес ем. Мына қалауың қиын тиіп отыр. «Достың көңілі бір атым насыбайдан қалады» дейді, бірақ, бір қалауымды жерге тастады деп сен де өкпелеме. Құдай о баста итті де адамның ырыс-құтымен бірге жаратқан деседі. Демек, оның да

несібесі иесімен бірге, осы үйдің бір мүшесі сияқты ғой. Бере алмаймын, оған ренжіме.

Әкемнің осылай жауап беруін тағатсыздана күтіп отырған мен іштей қатты қуандым.

Беріш ренжіп кетті. «Дос көңілі мың теңгелік болса керек еді, он теңгелік итіңді қимадың. Ат басындай алтыны мен атан түйесін қажет болса сұраусыз-ақ алып жүре беретін тегіміз қазақ емес пе едік. Ақ көңіліме ашыған айран тамызғандай ірітіп, болмашы нәрсе үшін тауымды жықтың-ау. Қош бол!» — деді де есікті тарс жауып шығып жүре берді. Әкемнің өзінше ақталмақ боп, әңгіме — байлықта, сараңдықта тұрмағанын, «қажет болса қазықтағы жорға мен, қамбадағы азықты алып жүре бер, пәлен десем нәлеті ат» — деген сөзін ол естіген де жоқ. Бәріміз үнсіз қалдық. Әлден соң әкем ақырын ғана: «Қайтеміз, ренжісе ренжір. Берсең дос та, бермесең басың бос екен ғой. Жақсы ит оған қымбат болғанда маған неге қымбат емес, — деді есік жақтан көз алмай.

— Ит деген аты болмаса итің де иті бар, әйтпесе, атан түйесін атына қосақтап, оның үстіне екі бірдей төбетімді ал деп Беріш қабының аузын босқа қайырып отыр дейсің бе? Сенің атың тұра тұрсын, менің атым жүре тұрсынның кері де бұл. Болмашыға теріс айналуын қашан қояр екен, сірә!».

Әкемнің соңғы сөзінде үлкен мән жатыр. Берішпен ол кісі қой баққан он бір жылдан бері етене таныс, дос. Бір-бірімізбен араласып та тұрамыз. Қыс қыстауы, жаз жайлауына көшкенде де екі үй алысқа ұзай бермей арамызға бес-алты шақырым ғана жер тастап көрші қоныс тебеміз.

Берішке тән бір қасиет — көрсеқызарлығында. Әкеме де оның осы мінезі ұнамайды. Біреудің жақсы малы, әсем мүлкі, ыдыс-аяғына дейін қызыға қарайды. Сонан соң достық қарым-қатынасын көлденең тартып «қаладым» деп қиыла өтінеді. Бірде алады, бірде көңілі қалады. Алса — берген адамнан жақсы жоқ, көңілі қалса — қызығуы қызғанышқа айналады. Былтыр қыста ол әкемнің Арқа жақтан бір сиырдың құнына. сатып әкелген ер-тұрманын көре салып қалау сала келген. Әкем

бермеді. Жалпы, исі қазақ ат иесінің көзі тірі тұрған кезінде ер-тұрманын сұрамайды, ол жаман ырым. Ер-тұрман — әке өлсе балаға, аға өлсе ініге мұра боп қалады, мұрагер жоқ болса, марқұмның үзеңгі досы мен көңілі жақын адамына аманат ретінде тапсырылады. Сондықтан әкем тіксініп, үзілді-кесілді бас тартқан. Беріш тойған масадай торсыып кеткен. Сол бойы үйге де келмей әкеммен жарты жыл бойы араз боп жүрді. Ақырында әкем оған күміс сапты қамшысын беріп, үйге шақырып, ескі кірбіңнің ізін жуып-шайған болды. Ақ көңілмен ұсынылған қамшы түрткі болды ма, әкем шақырғанда, ол да маңғазсымай әйелі, үлкен қызы, үшеуі кештетіп жетіп келді.

Бұл жолы Беріштің көңілі қатты қалып, әкеммен арадағы ала арқанын біржолата үзіп кеткен секілді.

Қабылан үйге оралған соң көп уақытқа дейін көңілсіз жүрді. Қанша еркелетіп маңдайынан сипасаң да өзіңе самарқау көзбен бір қарап, «қойшы, мазамды алмашы» дегендей басын басқа жаққа бұрып әкететінді шығарды. Соған қарап, біз оны екі ай бойы бауыр басып үйренген жеріне кетіп қалар ма екен деп қорқып жүрдік. Және «көзі ашылсын» деп жас Қабыланды жат жерге жіберіп, туған есікке суытыңқырап алғаны үшін әкем де мейлінше опынумен болды. Қабылан кей түні үшті-күйлі жоқ боп кетеді. Сол кезде бәріміз сыртқа үнсіз құлақ тұрумен боламыз. Бұрын, итсіз өткізген екі-үш айда ештеңеге көңіл бөлмей базардағыдай абыр-сабыр боп жатушы едік, қазір, Қабылан аз ғана уақытқа жоқ болса елегізінді шығардық. Апам шелектің бауы сарт ете қалса да селт етіп, әкем «о не?!» дейтін болды. Өстіп отырған бір шақта Қабыланның құлаққа таныс қомақты, сонысымен сүйкімді, «әуп-әуп» деген даусы естіліп қалады. Біз алыс жолдан сағынып күткен адамымыз оралғандай қуанып, жадырап сала береміз. Салыныңқы қабаққа күлкі ойнап шыға келеді. «Көке, Қабылан келді!— деймін жатып қалған жерімнен атып тұрып. — Өне үріп жатыр». Осыны айта салып сыртқа жүгіремін. Есік аптылғянын көріп Қабылан да маған қарай асықпай аяндайды. Қараңғы түнде оның болмысы ит емес, кенже туған тайыншаға көбірек ұқсар еді. «Қабылан,

күшім, күшім» деп еркелетіп, оның қылшық жүнді мойнынан сипалаймын. Осы кезде әкем де шығып, ол да сипалайды.

Қабыланның томаға-тұйық мінезі көпке созылмады. Бес-алты күннен соң байырғы иелерімен қайта табысып, балалық шағын байқатпай сыпырып алып қалған жайлауын да, ондағы уақытша иесі мен таныс иттерін де ұмыта берді. Бұл — бізді қуанта түсті.

Алайда, Қабыланның бойынан шектен тыс салмақтылық, немқұрайдылық кетпей қойды. Оның үстіне, соңғы уақытта ол жаңа бір қасиет ашқан сияқты. Кейде күнұзақ менімен бірге қой соңында үнсіз жүреді де кенет әлдеқайда жүгіре жөнеледі. «Қабылан, Қабылан» деп үрейлене шақырғанымды естімейді де.

Қабыланның дәл осылай оқыс жүгіріп кеткен бір сәтінде артынан мен де жеттім... Қабылан өзімен-өзі алысып, құлқайыр арасында аунап жатыр екен. Көз алдымдағы көріністің немен аяқталарын күтіп, мен сол орнымда танданып ұзақ тұрдым. Ол кейде шалқасынан түсіп қимылсыз жатады да, кенет атып тұрып көкке атылады, артынша ұмар-жұмар боп бүрісіп, серіппелі сымдай арс етіп тағы шапшиды. Маңайындағы құлқайырлар борт-борт сынып жапырылып жатыр. Бір кезде ол бір түп құраған кеуректің түбінен әлденені тістеп алып, жұлқып-жұлқып лақтырып жіберді, ол сарт етіп дәл менің алдыма кеп түсті. Борсық! Ескі шүберектей борша-боршасы шыққан борсық! Қабылан ашуға сыймай арылдап кеп әлгі өлі денені аяғымен басып тұрды да тісімен жұлқа тартып қалды. Ол екі бөлініп түсті. Қайратты төбеттің айызы әлі де қанбаған секілді, тез бөліне салған өлі борсыққа қанағаттанбай екі көзі шатынап отыра кетті. Мен оны өзіме қаратуға қорқып, не істерімді білмей селтиіп тұра бердім. Қабылан байқайтын емес, ашу мен айбат буып тастаса керек. Осы кезде «Қабылан» деп жай ғана дауыстап қалдым. Ол жалт қарады. Көзіндегі от шашқан қайраты мен айбаты сол сәтте-ақ бәсеңсіп, әлденеден қысылғандай маған жасқана қарады. Шындығында ол мені бас салып әлгі борсықтай борша-борша етіп тастар ма екен деп қатты үрейленіп тұр едім. «Күшім, күшім» дедім оны еркелетіп. Даусым қалтырай шықты. Қабылан жапан далада жалғыз өзінің жасаған мұндай қылығынан қысылып, маған қарай жаймен жақындады.

Мен оны ертіп қой соңынан кеттім. Жол-жөнекей оның қайраты бойына сыймай тасып бара жатқандығы жайлы ойлаумен болдым. Осы ойымды әкеме айтқанымда, ол кісі де менің пікірімді қостады.

Бір күні әкем үйдегі қасқыр терісінің ішіне шүберек тығып, айнымаған тірі қасқыр етті де, үй сыртындағы қыр астына апарып тұрғызып қойды. Сонан соң екеуміз Қабыланды ертіп келдік. Еңістен түсе бере әкем: «Қабылан, айт-айт» деп қалды. Төбет әкем нұсқаған жаққа жалт қарап, «қасқырды» көрген бетте күдірейіп тұра қалды. Көзді ашып-жұмғанша болған жоқ, Қабылан оқтай атылып «қасқырға» жетіп барды да, арс етіп желке тұсынан ала түсті. Біз жеткенде ол қасқыр терісін қырық парша етіп, шүберектерді шашып тастапты. Қабыланның көзі қанталап, ашуы асқынып тұр екен. Қарсыласының тез жеңіліп қалғанына ызаланғандай қынжыла бір қыңсылап алып, шашылған тері бөлшектерін одан бетер жұлқылай түсті. «Қабылан, Қабылан болды, болды енді» дедім мен дауыстап. Ол біз жаққа бір қарады да, әлгі әрекетіне өршіге-өршелене кірісті.

Біз оны әрең дегенде ажыратып алдық. Ол әлгі орыннан кетпей қойды. Әкем шашылған тері мен шүберектерді қапқа салып алған соң Қабылан артына қайта-қайта қарап соңымыздан ерді.

Сол күні Қабылан түнемеге ұйықтамай үріп шықты. Үнінде бұрынғы бейбіт ырғақ жоқ, әлдекімге арналған ызалы, ашулы, зілді кек бар еді.

Бір күні Қабылан екеуміз қатты ренжісіп қалдық. Қыс ортасы болатын. Үлкен боранның хабарын жеткізіп, аспанды қаптаған сұрғылт бұлт майда қиыршық қар тастап тұрған. Мұндай кездерде әдетте күн май тоңғысыз болады. Үстіндегі қыс киімнің ауыр тартып, маңдайың жіпси бастайды. Көңілденіп, асыр салып ойнағың-ақ келеді. Бірақ, бүгін көңіл-қошым жоқ. Бәріне себепші әкем. Колхоз орталығында бүгін онжылдықты бірге бітірген достарымның біреуі үйленеді. Тойына мені де шақырған. Шопан жаны қашан да сауық-сайранға құмар-ақ емес пе? Жайлауда үй-іші адамдары мен шексіз даладан өзге ешнәрсе жоқ қой. Алғашқы кезде бұл бір қалыпты жансыз өмір адамға жат көрінеді, сонан соң оған да үйренеді. Енді саған елді жердегі шулы өмір жат бола

бастайды. Даламен, кырмен, құлқайырмен, көкшіл аспанмен тілдескің келеді де тұрады.

Ал мен, бір жылдан асып барады, әкем сияқты алаңсыз үйрене алмай-ақ келемін. Ойымнан орталық шықпайды. Қолым бос болса, әлденені сылтауратып солай қарай тартып кеткім келеді де тұрады. Міне, сондай себеп табылды. Тойға бармақ болдым. Қуанышым кеудеме сымай сандықтағы көк костюмді алып «самауыр» өтекпен түні бойы өтектедім, құрым етігімді жалтырата майлап, шашымды жудым. Сосын қолға былтыр ғана үйретілген шолақ тайдың жалын тарап, ертұрманымды сайлап, қысқасы, нағыз жігіт қалпыма келіп, таңға жуық қана көз шырымын алуға жантайдым. Күн шығып, аяз сынған соң жүріп кетпекпін.

Бірақ... таң атқан соң тәтті ойымның бәрі әдіре қалды. Орнымнан тұрып, апыл-ғұпыл киініп жатқанымда, әкем кіріп «бармайсың» деді. Сол, «бармайсың» деді. Сонда алып бара жатқан шаруа да жоқ. Болмашы ғана нәрсе. Насыбайы таусылып қалыпты. Енді колхоздағы тамыр насыбайшысына бармақ, ал мен, үш-төрт күн бойы кеудесіне нан пісіп, соңғы таңымды ұйқысыз өткізген мен, қой бағып қала бермекпін. Жалындым, енді көктемге дейін ешқайда бармай-ақ қояйын, насыбайды қанша керек болса мен алып келер едім деп өтіндім. Болмады. Насыбайдың сапасын ажырата алмайсың деді. Сонан соң ләм демедім. Үстімдегі киімімді шешіп лақтырып-лақтырып жібердім де, тамақ та ішпестен қайта киініп, әлі ерте болса да қойды қорадан дүркірете шығарып өріске айдап кеттім. Кеудемде ыза қайнап, қақпағы жабық қазандай жарылғалы келемін. Ат та мінген жоқпын, қолыма түсе кеткен бір жыңғыл таяқты алып қарды гүрт-гүрт кешіп қой соңынан келемін. Бір кезде иығыма әлдекім асыла кетті. Жүрегім су етіп артыма қарағанымша болмай шалқамнан түстім. Құлап бара жатып алға қарай жүгіріп бара жатқан Қабыланды көрдім. Ол да ойнайтын кезді тапқан екен! Қашан қуып жетіп жүр? Ашуым онан сайын қозды. Орнымнан көтерілемін дегенше ол қайта келіп тағы домалатып түсірді. Басын шайқап, арсаландап еліріп-ақ жүр. «Болды, болды енді, жоғал» дедім зекіп. Қабылан онымды тыңдар емес, есіріктеніп алған шалдуар бала секілді енді тұрып келе жатқанымда қайта жығады. Қабылан алысқа барып, шоқиып отырды. Тұрып келе жатсам қайта жүгірмек. Қой едәуір

алыстап кетті. Ыдырап кетуі мүмкін. «Әй, Қабылан, жынданба енді,— дедім. — Отыр тыныш!». Сөйттім де жалаң қолыммен қар тіреп ақырын көтерілдім. Ол арсалақтап шауып келе жатыр. «Жоғал, жоғал әрі!» Сөйткенше болған жоқ ол менің рәсуәмді шығарып тағы домалатып кетті. Суыққа тоңып әбіржіп, итке әбден ызам қозды. Екінші бір жүгіріп келе жатқанда қолымдағы жыңғыл таяқты сілтеп қалдым. Соққы Қабыланның дәл құлақ шекесінен тиді. Ол шыдамдылығына басып қыңқ еткен жоқ, бірақ сол орнында отырып қалды. «Сол керек, сол керек саған. Жылайтын бала әкесінің сақалымен ойнайды, отыр енді!»

Үстімнің қарын қағып, қой соңынан жүріп кеттім. Қабыланға бұрылып та қараған жоқпын. Ол қатты ренжіп қалды.

Арада жарым сағаттай өткен соң ол қойдың келесі жақ шетінде жүрді де алды, қасыма жақындауды ойламайтын сияқты. Өстіп келе жатқанда топ қойдың құлқайыр жақтағы бөлігі дүр етіп бері лап қойды.

«Қдбылан, Қабылан, қой деймін, жындандың ба!» дедім айғайлап. Осы сәтте құлқайыр шетінде деңкиіп-деңкиіп жатқан екі саулықты көрдім. Төбе шашым тік тұрып, денем дірілдеп кетті. Ал маған қарай дүркіреп келе жатқан топ қойдың ішінен жұлдыздай ағып жүрген екі қасқырды көріп қалдым. Енді не істемекпін. Бір кезде «һ-ай-а» деп қалдым. Дауысым тарлан-тарлан, өзім де танымадым.

Не істерімді білмей сабырым қашып тұрғанда, қасыма Қабылан жетіп келді. Ол да сезген екен. Әлгі ренішінен ештеңе де қалмапты. Екі көзіне от пен қайрат, онымен бірге үрей үймелепті. Менің аяғыма келіп бір-екі сүйкенді, сонан соң әлдене демек болғандай жалынышты көзбен қарады да, аузын ашып, қыңсылай ұлып қойды. Артынша сол жерге аунай кетіп, қарш-қарш құлқайыр шайнады. Әлі мұндай уақиғаға тап болмаған балаң төбеттің жүрексініп, сөйтсе де кеудесіндегі қайраты мен ашуы өн бойына тыншу бермей өзімен-өзі арпалысып жатқанын сездім. Мұндай сәтте ит баласы иесінің демеуіне мұқтаж-ақ болады. Қарап тұрар уақыт жоқ, не болса да әрекет ету керек!

Қолыма жыңғыл таяқты қыса ұстадым да, алға қарай қозғалдым. «Қдбылан, Қабылан» дедім дірілдеп. Ол қасыма жүгіріп келді. Өз дауысым өн бойымды дуылдатып ерекше бір батылдық сеуіп өткен

секілді. «Қабылан, ыайт, ыайт! Қорықпа-қорықпа, бол жүгір!» Алдымен өзім жүгірдім. Мен жүгірген соң Қабылан қорқыныш дегенді ұмытып кетті. Жолбарысша атылып, шеткері сытыла берген екі қасқырға жетіп барды. Төбетті күтіп тісін ақситып тұрған арланмен Қабылан жеткен бойда ұмар-жұмар айқаса кетті. Сары тонның етегіне сүріне қабынып, ұзап кеткен олардың артынан ентіге басып мен келемін. «Құрқол болса да адамның аты адам, одан жасқанбайтын хайуан жоқ», — деген әкемнің сөзі тап осы арада ойыма орала кетіп, қасқырлардың дегбірін алу үшін айғайды салып жүгірдім. Алғашқы қарқынмен едәуір алысқа ұзап кеткен қаншық қасқыр айқасып жатқан арланын көріп бері жүгіре берді де, далбақтап келе жатқан менен жасқанса керек, кішкене төбенің басына шоқиып отыра кетті. Мен Қабыланға қайрат бере айқайлап, алысып жатқан оның қасына келдім. Мен таянған соң қасқыр сытыла қашты. Бірақ, аяғына тісі батса керек, ақ қар қып-қызыл боп қалып жатты. Қабылан оны көп ұзамай қуып жетіп, аш белінен тістеп, сілкіп қалды. Арлан қасқыр аунап түсті де амалсыздан тағы айқасты. Бір кезде Қабыланның жайындай аузы оның құлағына ілікті. Төбет бар қайратымен жұлқа тартып қалғанда қасқардың оң құлағы жұлынып түсті. Арлан есеңгіреп сылқ ете қалды. Қабылан бұрынғысынан да өжеттеніп, өлгісі келмей арс-арс етіп, болмашы қарсылық көрсетіп жатқан бейшара қасқырдың тамағынан қарби тістеп сілкіп қалғанда қою күрең қанды бұрқ еткізді. Қасқыр ышқына бір «қаңқ» етіп, қимылсыз қалды. Денесі қызып, ашу мен ызаға булыққан Қабылан оны баяғы жасанды қасқырдай парша-парша етуге кірісіп, өлі денені өжеттеніп жұлқылай берді. Менің таяғым алғашқы сілтегенде-ақ қақ бөлініп, өрт сөндірген адамдай әрекетімнен айғайым басым шығып, шолақ таяқты бағыт-бағдарсыз сілтеумен ғана жүр едім. «Қабылан, Қабылан, болды-болды, қой енді. Қабылан, жетер енді» дедім дауыстап.

Қабыланның ашуы әлден соң ғана басылды. Арлан қасқырдың тоз-тозы шығыпты. Қабыланның көзі қанталап кеткен. Алғашқы жеңіске масаттанғандай ол тайқып шығып, менің қасыма келді. Үстінде сау жер жоқ, қан. Қасқырдың қаны ма, өзінің қаны ма, оны ажырата алмадым. Баяғы шоқиып отырған қаншық қасқыр сонда ғана есіме түсіп артыма жалт қарағанымда, оны көре алмадым.

Мен үйге барып түйе арба жегіп келдім де, өлген қойлар мен қасқырды тиеп, Қабылан екеуміз кері қайттық. Қабылан қасқыр өлігінің жанында тыныш жата алмады. Сонан соң оны алашаға орап, түйенің үстіне, алысыраққа апарып байлап қойдым. Қабылан қатты шаршапты. «Қабыланым, батырым, ақылдым», — дедім оны маңдайынан еркелете сипалап. — Шаршадың ба? Демал, демала ғой енді». Ол маған дәл баяғы күшік кезіндегідей күле қарады. Көз жанарында екеуміздің таңертеңгі ашу-араздығымыздан із де қалмапты. Оны сол кезде ұрғаным үшін енді өкіндім. Онда түк те кінә жоқ еді ғой, ол тек бар болғаны ойнады, еркеледі. Менің әкеме ренжіп жүргенімде не шаруасы бар.

Мен бұдан былай оны ешқашан ұрмауға, ренжітпеуге бекіндім.

Қабыланның жаралы болғанын мен арбадан түсіп жатқанда ғана байқадым. Оның жатқан орнындағы орта кесенің аумағындай алаша үстіне қан сіңіпті. «Қабылан, — дедім. — Қабылан, мұнда кел. Қане, жақында». Одан бұрын өзім қимылдап, үстін сипалап көрдім. Оң жақ қолтығы ырсиып, қызыл еті көрініп тұр екен. Қасқыр тісі кере қарыс жерін сойып кетіпті. Ет қызуымен Қабылан оны байқамаса керек.

...Оның жарақаты бір айда әрең жазылды. Егер Қабылан тыныш жатса, жеті-сегіз күнде-ақ бітіп кетер еді, бәріне өзі кінәлі. Өткендегі уақиғадан соң мына дүниенің тыныш емес екенін білді ме, түнемеге жортып тыншу көрмей шығатын болды. Байлап қойдық.

Кішкентайынан шынжыр көрмей еркін өскен Қабыланға біздің бұл тәсіліміз пайда бермеді. Бір күннің ішінде ол жұлқынамын деп -ақ қара қотыр боп қатып келе жатқан жарасын жаңғыртып, қайтадан қанатып тастапты. Мен болмас деп босатқалы келгенімде, ырсиған жарадан қан сорғалап тұр екен. Жаным ашып кетті. Дереу апама айтып құрым киіз күйдіріп бастық, қаны тыйылған соң-ақ дәкемен мұқият таңып тастадық.

Қабыланның өткен жолғы ерлігі бүкіл аймаққа тарады. Енді кейбір ауыл адамдары оған елігіп, күшік асыраса атын «Қабылан» деп қоя бастады. Ал әкемнің былтырғы ренжіп кеткен досы қыс ішінде қайта келді. Тағы сол тілегін көлденең тартты. Бірақ әкем ол жөнінде

тыңдағысы да келмей үзілді-кесілді бас тартты. Екеуі біржола араздасып айырылысты.

* * *

Көктем шығып, жер жібiген шақта, екі жылдан бері қоныс аудармай отырған біз осы жерден алты-жеті шақырымдай келетін Бақанас ойпаңынан барып орын тептік. Бақанас — көлдің аты. Суы мол да емес, аз да емес. Қыс — жауған қар суы, жаз — жауған жаңбыр, бәрі-бәрі осы жерге келіп үймелейді. Қырына алса аспанынан бір тамбайтын Қаратаудың аптапты шілдесінде бұл орын қойшылар үшін алтынға айырбастамайтындай еді.

Түгін тартсаң майы шығып жататын, құнарлы да шүйгін-ақ жер.

Майысқан сәуір мен зауза айының аралығында бұл маңайға өскен раң, боз шөп пен сасырдың арасынан ат тұсауға отырған кісі көрінбей кетеді. Көл жағасы адамға да, малға да жайлы. Міне, сондықтан бұл араға колхоздың кез-келген малшысы ынтық. Бірақ, бәрі бірдей келгенімен өріс тарлық етеді. Осыны ескеріп, колхоз басшылары Бақанас жайылымына малшыларды жыл сайын үш-үштен бөліп, кезек қондырып отырады. Биылғы кезек әкемнің досы Жанабай деген шопан мен біздікі. Солардың ішінде бұл араға алғаш шаңырақ көтерген біз болып шықтық. Көл түп-тұнық, айнадай жалтырап жатыр екен. Биылғы суы мол секілді, әсте ақырамашқа дейін тайыздамас. Үстінде ұшып-қонған үйрек пен балықшы құстар төңіректі жарасымды шуға бөлеп, әлі адам қоныстана қоймаған алқапты иемденіп алыпты.

Бізден кейін әкемнің бұрынғы досы Беріш жетті артынып-тартынып. Ол өзінің қашанғы әдетіне басып тиісе келді. «Менен бұрын бұзыла көшкендегі мақсатың — жақсы жерді ертерек қамту ғой. Ол болмас, іргенді әрірек ысыр, бұл екі жылдан бері мен уық көтеріп келген жер» — деп жүгін біздің үйдің жанына түсіре бастады. Жаратылысынан дауға жоқ әкем: «Беріш-ау, үй тіккен орның менікі деуің қай сасқаның бұл? Құдайдың жеріне адам ен салғанды қайдан көріп едің. Уық көтеремін десең Бақанастың басқа маңайы жетпей жатыр ма, әлде, жатқан түйені арбанның оқтығымен әдейі сүйкеп отырмысың?» — деп қарсыласқан болды. Бірақ, «ары отыр, бері отыр» үлкен жанжалға

айналатын болған соң: «Құрысын, бәледен машайық қашыпты» деп, әкем тыныш басын шудан аулақ алып шығуға тырысып, ол орнынан күншығысқа қарай тай шаптырым ысырылып қоныстануға кеңес берді. Сонымен Беріш Бақанастың біз таңдаған ең бір тамаша орнын көрер көзге күлді-көмеш көкірекпен жала қылып алды.

Екі үй әрине ашу-араз тұрдық. Бір-бірімізбен араласпаймыз. Керісінше иттеріміз тату. Балалық шағын солардың арасында қалдырған Қабылан, ол екі төбетпен келген күні бір ырылдасып алды да, ұзақ иіскелеп қайта табысып кетті.

Бақанасқа көшіп келгелі бері Қабыланның неге екені белгісіз қабағы ашылмай-ақ қойды. Қой соңында болсын, мейлі үйде болсын иегін алдыңғы аяғына қойып, ойланады да жатады. Өзі бұрынғысынан жадау тартып, жүні жығылып қалған секілді. Ауырып жүр ме екен деп те ойладық. Бірақ ауық-ауық ол көңілсіздіктен арылып, бұрынғысындай асыр салып ойнап кететін. Мен мұның мәнісін әкемнен сұрадым. Ол кісі де көпке дейін түсінбей жүрді.

Ал Қабылан кей күндері зым-зия жоқ боп кететінді шығарды. Түні бойы алаң боп шығамыз. Қабылан кейде түн жарым ауа, кейде таңға жуық келеді. Бір күні ерте далаға шықсам, есік алдында Қабылан тұр екен.

Ұзақ жолдан оралғаны осы ғана болса керек, сауырына шейін шыққа малынып су-су болыпты. Мені көрген сәтте азықханаға қарай жүгіріп кетті де, ізінше қайта шықты. Өз көзіме өзім сенбедім. Қабыланның аузында тістеген малақайы бар еді. Менің жұртқа тастап кеткен ескі малақайым. Қабылан соны әкеліпті. Үлкен бір тапқырлық ерлік жасағандай масаттанып, екі көзі шырадай жайнап тұр. Қабылан иесінің реніші мен қуанышын салған жерден танитын еді. Сондықтан оның қасына жетіп бардым да, мойнынан құшақтай кетіп, аузындағы құлақшынды алдым. «Сен ақылдысың, сен данышпансың. Қабылан, Қабыланым менің» деп оның маңдайынан, құлағынан сипалай бердім, сонан соң ол қуансын деп кір екеніне қарамай тозығы жеткен малақайымды басыма кидім.

—Қалай жараса ма екен, Қабылан?

Ол менің бетіме, одан малақайыма қарады да басын қисаң еткізді. Мен оның барлық қимылын қалт жібермей бақыладым. «Қабылан осы малақайдың менікі екенін сезіп, ол малақайды «жоғалып» қалған жерінен тауып әкеп, иесіне табыс еткені үшін шынымен қуанып отырма екен?». Осы ой дәл қазір көкейімнен кетпей қойды. Қабыланның бүкіл қимылы мен көзқарасынан осы сұрағымды растағандай жаңа бір жауап алдым. Ол шын мәнінде қуанышты еді. Мен орнымнан тұрған кезде әкесіне үлкен бір көмек көрсетіп тастаған бала секілді масаттанып, жаңа өріп бара жатқан қойларға қарай шаба жөнелді. Қой бағуға ол әбден үйреніп алған. Кей уақыттарда түске қарай артынан барамыз. Ал Қабылан қойлардың бірде-біреуін шашау шығармай бағып жүреді.

Асыл ит еді-ау, ол!

Қабыланның түн ішінде қайда барып келетіндігі бізге осы оқиғадан соң анық болды.

— Сонда, оның ескі жұртты сағынғаны ма?— дедім бір күні әкеме.

— Солай болған ғой.

— Апырмай, итте де ондай қасиет болады екен-ау!

— Болады. «Ит тойған жеріне» деп жұрт көп итке теліп айтқан, ал Қабылан жүзден, мыңнан кездесетін қасиетті жалқы ғой. Оның өскен жерді сағынуы сондықтан.

Қабыланның көшкен жұртқа барып келген күнгі көңіл-күйі осы ойымызды растап жүрді.

Арада бір айдай өткен соң, жаңа қонысқа үйреніп жадырап қалған Қабыланның мінезі тағы жабырқаңқы тартты. Айналасы екі-үш күннің ішінде жүні жығылып, көз жанары солып шыға келеді. «Не боп қалды бұған тағы да. Көз тигіш бала секілді шікәмшіл болып алды-ау әбден!»— деді әкем оның қарсы алдында отырып.

«Қабыланым, күшім. Не болды, а? Айтшы, қане, айта қойшы?!»

Бірақ Қабылан «ештеңе айтпады», басын бір жағына бұрып, болар-болмас қана қыңсылап қойды. Әкем екеуміз бір-бірімізге үрейлене

қарадык. Қаблан жеңіл-желпі нәрсеге қыңсыламайтын еді.

— Астапыралла, бір бәле болған ғой бұған. Қабыланым, ақылдым, қиналып жатырсың ба, бір жерің ауыра ма сенің, Қабыланым, — деді әкем оның құлағынан қасылап. Қабылан мұндай еркелетуге қарсылық көрсетіп, басын тартып алды.

Ол күннен-күнге жүдей берді. Тамақ ішуін де қойды. Қабыланға бөлек тамақ жасамайтын едік, біз не ішсек ол да соны ішетін. Егер сәл тұзы кем болса ол бір-екі сылпылдатып басын көтеріп алатын да «мыналарың жарамайды енді» дегендей шоқиып отыра кететін.

Ол сондай еді. Бірақ, бұл жолы ешқандай тамақ атаулыға көңілін де аудармады. Бәрімізді көңілсіздік басты, қорқыныш биледі. «Шынымен ол өліп қалар ма екен?».

Ауырып жүрген кезінде бір жаққа кетіп әлденеге ұрынып жүрмесін деп біз оны арнайы шартқа жасап байлап қоятын болдық. Бір күні оған тамақ құюға келсем, іші қабысып, инеліктей-ақ боп қапты. Бұрын қандай төбет еді шіркін, қор болған Қабылан-ай!

Өстіп тұрғанда ол «қық-қық» деп екі-үш жөтеліп қалды. «Шынымен бе, япырмау, шынымен бе?!» Төбе шашым тік тұрып, денем дірілдеп кетті. Үйге жүгіріп кіріп, әкеме болған уақиғаны айттым. «Аһ, не дейді құдай-ау!»—деп ол кісі орнынан атып тұрып, шартқа қарай жүгіре жөнелді. Біз келгенде Қдбылан тағы бір-екі рет қақалды. «Нәлеті, иттің ғана баласы, кім болды екен, қандай ғана мейірімсіз болды екен!— деп әкем түтігіп кетті. — Ине тастапты ғой. Әлдә мейірімсіздер-ай!

Қабыланға ине тасталыпты. Оның көз алдымызда таусылып бара жатқан себебі сол екен. Мұны кім жасағанын бәріміз жақсы білдік. Бірақ, көзің көрмеген соң қолыңмен қайтіп ұстарсың! Қайран, Қабылан-ай!

Ертеңіне түске жақын Қабылан қыңсылай ұлып жұлқынумен болды. Оның аянышты даусын естігенде сай-сүйегіміз сырқырап, тыныш отыра алмай кеттік.

— Босатшы, — деді әкем маған. — Байлау көрмеген төбет ішқұса болып та тұрған шығар. Өз еркімен бір жүріп қалсын. «Өз еркімен бір жүріп

қалсын» деген әкемнің сөзі маған біз сұққандай әсер етті.

— Сонда... ол... өле ме?

Әкем үндемеді, тек иегін ғана мегзеп: «бар, босат» деді әлгі сөзін тағы қайталап.

Мен Қабыланның қасына бардым. Ол мені көрген сәтте мұңын шақпақ болғандай қыңсылап қоя берді. Оның жанарында: «Ием-ау, айтсаңшы, не болды, не болды маған сендер менен гөрі әлдеқайда ақылды едіңдер ғой, не болды? Шынымен өлмекпін бе енді?» деген жалынышты да, үрейлі сұрақ үймелеп тұр еді. Байғұс төбет өзінің адамдар арасындағы қызғаныш пен алақөздіктің құрбаны боп бара жатқанын қайдан білсін»

Шынжырдан босатқан кезде Қабылан үйді айналып жүгіре жөнелді. Бірақ онысы көпке созылмай жер бауырлап жата қалды да тағы қыңсылады. Осы кезде ол орнынан кенет тасыр-тұсыр тұрып жүгіріп барды да арс етіп әлденені лақтырып жіберді. Топ ете түскен жаққа қарап едім, серейіп жатқан байғұс сары мысықты көрдім. Лездің арасында жан тапсырып, аузы қисайыпты да қапты. Бұл уақиғаға таңданып, мысықтың жанына келгенімде, оның жанында жатқан бір кесек қызыл етті көрдім. Бәрі де түсінікті болды! Жаюлы тұрған еттен алып қашып бара жатқанын Қабылан көріп қалып, жазасын сол жерде берген екен! Мысықты ол баяғыдан жек көретін еді, ақыры түбіне жетіп тынды.

Кешке қарай тынышталған болды. Біз қайта-қайта көріп қойып отырдық. Түн болып, ас-су ішіп біткен соң тағы шығып, шартаққа кіргенімде Қабыланды көре алмадым.

— Көке, Қабылан жоқ!— дедім үйге қайта кіріп.

— Жоқ, дейді? Өттесі-ай, бекер босаттық-ау, бір бәлеге ұрынып жүрмесе болар еді сол. Ізде олай-бұлай шығып!

Мен аяқ жетер жердің бәрін шарлап шықтым. «Қабылан келмеді ме?» деп Беріштікіне де барып қайттым. Ол жақта да төбет жоқ болып шықты. Үйге келген соң әкем атқа мініп іздеуге шықты. Шолақ таймен мен де кеттім. Үйге таңға жуық оралдым. Ештеңе таба алмадым. Күн көтеріле бергенде әкем келді. Далаға шыққанымда оның Қабыланды ат

үстінен сирағынан ұстап шартақ жанына қойып жатқанын көрдім. Жүрегім мұздап, өн бойымнан жан кетіп қалды.

«Жақсы ит өлігін көрсетпейді» деген осы ма, әлде, ерекше туған Қабылан ақтық демін өскен жердің ауасымен алғысы келді ме екен, әкем оның денесін көшкен жұрттан тауып әкеліпті. Бұл бәрімізді, әсіресе, жаңа көрші Жаңабайдың үй-ішін де қатты таңдандырды.

Күн сәскеге таянғанда Қабыланды Бақанастың түстік жағындағы бір төбешікке жерледік. Көрші Жаңабай жер қазысты. Бір мойын Беріш бір сұмдықты сезді ме, төбесін де көрсетпей, үйінен шықпай қойды.

«ОГОНЕК» ЖУРНАЛЫНЫҢ 17-САНЫ

Қазан вокзалынан шыққан жүрдек поездың тұсауы шешіліп, төмен құдилаған қырғидай көз ілеспес шапшаңдық алғанына бір сағаттай болды. Иықтарымен сым тіреген телеграф бағаналары көз алдыңнан сілтенген қамшыдай сып-сып етіп тынымсыз өтіп жатыр. Поезд жүрер алдындағы жолаушылардың айғай-шуы мен сапырылысқан қарбалас басылып, әркім өз орындарына жайғасып, көңілдері жай тапқан шақ. Купелеріне көңілдегідей орналасып алған соң енді бұдан ары уайым-қайғы деген мүлде кездеспестей, коридордағы терезе алдында олимпиака киген төрт-бес жуан еркек бейғам күліп, темекінің көк түтінін будақтатып тұр. Тағы бір үш-төрт адам қолым жаңа жетті ме, дегендей, костюмдері мен галстуктерін де шешпестен карта соғуға кірісіп кетіпті, ал туалет жақтағы шеткі купенің кісілері дастарқан жайып үлгірген болулары керек, проводниктен шай сұрап, «әлі дайын емес» деген жауапқа торсылдап ренжіп жүр.

Поезд дөңгелегінің бір қалыпты сартылына ғана құлақ түріп, терезеге қарап үнсіз келе жатқан біз ғанамыз. Жасы қырық бес, елулерді алқымдаған, бойы ортадан биіктеу, жалтыр бас еркек, оның қасындағы үріп ауызға салғандай, жас болса да өзін кәнігі әйелдердей байсалды ұстауға тырысатын келіншек және мен. Бір купеде үшеуіміз ғана. Қаладағы бір шаруаларымды жайғастырамын деп жүріп вокзалға

таксимен асығыс кеп, купемді тапқанымда жайғасып отырған осы екеуін көрдім. Еркегі журнал оқып, келіншек құр-бекер терезеге қарап отыр. Поезға кеше мініп, осында түнеп шыққан сияқты, түрлері тым немқұрайды, жан-жақтағы қарбалас пен адамдардың шуылына көңіл де бөлер емес. Мұндай-мұндайды талай көріп, әбден үйренген, тіпті мезі болған қалып танытып, еркегі мен кіргенде басын да көтермеді.

— О-оу, сәлематсыздар ма! — дедім чемоданымды уақытша үстіңгі полкаға қоя салып, бас изеп. Ары қарап отырған келіншек мен жаққа жай ғана мойын бұрып, естілер-естілмес қана күбір етті де, тарашталған саусақтарына иегін қайта қойып, бәз-баяғы қалпына көшті. «Огонек» журналына үңілген еркек көзілдірігінің үстінен маған сүзіле бір қарап, ернін тамсанғандай бір қимылдатты да, сытыр еткізіп келесі бетті ашты. Амандасқанымыздың, алғашқы танысқанымыздың түрі осы болды.

Әлдене есіне оқыс түскендей маңғаз еркек маған кенет қайта бұрылып:

— Орныңыз нешінші еді? — деді. Мен әлгінде ғана проводникке көрсетіп, жазғы костюмімнің қалтасына жүгірте салған билетімді алып, ары-бері қарай бастадым.

— Отыз жетінші болуы керек. Иә-иә, отыз жетінші екен, — дедім полка номерлеріне тез-тез көз тастап.

Ер кісі әлде де болса тәуелді күйге түскісі келмей, көзілдірігін шешіп, жаймен ғана әлгінде мен чемодан қойған полканы нұсқап:

— Бізге қарағанда жассыз ғой, анда орналаса беріңіз, — деді. — Сіздің орныңызға мына жеңгең жайғасып қалып еді. Билет аларда екеуі де төменгі орын болсын деп тапсырып-ақ едім, қараңызшы енді. — Ол иығын бүлк еткізіп қойды да, сөзін қайта бастады. — Бәлкім... Сіз ренжіп тұрған шығарсыз. Олай болса мен проводникке, тіпті болмаса, поездың бригадиріне жолығып, сізді қалаған жеріңізге орналастырайын.

— Жоқ-жоқ, әуре болмаңыз. Маған үстіңгі орын да жайсыз болмас, — дедім, егер мен көнбейтіндей сынай танытсам орнымды босатып

беруге ыңғайланып, елгезек отырған әйелге қарап. Ол «рахмет» дегендей күлімсіреп, басын изеді.

Мен костюмді шешіп, чемоданымды қойған полкаға тастай салдым да, сыртқа шықтым. Купе іші қапырық екен. Кейбіреулер тап бір өз үйіне келгендей коридорды басына көшіре күліп, майкімен ғана жүр. Мұндай адамдар ешқашан тосырқау, жатсыну, жаңа ортадан қымсыну дегенді білмейді, мен сондайларға кейде қызығам, кейде жек көрем. Қазір вагонда қандай жағдай боп жатыр, алақандай жерде адамдар қалай сығылысып, қалай жайғасып жатыр — бұлардың бәріне олар әлдеқашан, тіпті көз көріп, құлақ естімеген бір түкпірде әбден үйреніп болып, осы араға топ етіп түсе салған сияқты.

Коридордағы терезе тұсынан жөнді орын тимеген соң тамбурға шығып, темекі шегіп купеге қайтып келдім. Екеуі дәл баяғы өзім көргеннен бір сүйем де ауытқымай, қаз-қалпынша отыр екен. «Неткен адамдар, — дедім іштей, — қандай суық! Мұндайлармен бірге өмір сүру былай тұрсын, бір сағат дастарқандас болудың өзі азап қой!»

Қыжырым қайнап, жоғары полкаға секіріп шықтым. Вагондағы жүріс басылсын деп шалқамнан түсіп, көзімді жұмдым. Осында келгелі бері жөндеп демалмағаным да есіме түсті: табаным тызылдап, бойым балбырап барады.

...Көзімді ашсам күн кешкіріп қапты. Жастығымның астындағы сүлгіні алып, жерге түстім. Жалтыр бас кісі бетіне баяғы алашадай журналды айқара жамылып, қорылға басып жатыр екен. Жалт етіп отыз жетінші орынға бұрылдым. Екі көзі жуған қарақаттай әдемі келіншек орнында жоқ екен, тіпті, жастығының мұрты да сынбапты. Біреу қолмен көтеріп әкеп отырғызып, қолмен көтеріп қайта алып шығып кеткен тәрізді.

Мен купенің есігін ашып, коридорға шыға бергенімде терезе алдында жағын таянып, кітап оқып отырған келіншекке көзім сүріне кетті.

Жүрегім лүп ете қалды. Ол кітаптан көзін алып, маған бір қарады да, иығындағы онсыз да тым жарасымды тұрған ақ капрон орамалын ақ капрондай аппақ саусақтарымен бір тартып қойып, аузын ашпаған бойы тамағын кенеп, кітап бетіне қайта үңілді. Екі бетіме лып етіп қан теуіп, қызарып сала бергенімді байқап үлгерген жоқ.

Мен жуынып болған соң купеге кіріп, олимпиамды киіп, кәнігі жолаушының қалпына түсіп қайта шықтым. Әйел бұл жолы маған бұрылып әуре болмай-ақ, кітаптан көзін сәл ғана тайғанатып, аяғымның ұшына қарады да, қимылсыз отыра берді. Мен әлгінде ала шыққан сигаретімді тұтатып, онымен ешқандай шаруам да, қызығушылығым да жоқ адамдай сыртқа көз тастадым.

Сәлден соң мойнымды бұрмаған бойы жайбарақат, бейтарап үнмен:

— Сіздер Алматыға шейін барасыздар ма? — дедім.

— Иә, — деді ол суретке түсетін адамдай бойын сәл түзеп. Дауысы ақырын ғана естілді, соған қарап кітаптан көзін алмай отырып-ақ ол менің алысқа ұзамағанымды байқағанын білдім.

— Алматыда көптен тұрасыздар ма?

— Иә.

— Ана кісі жолдасыңыз ғой?

— Ии-ә!

Мен бәрін бүлдірдім — оның даусы қатқыл шықты. Басын оқыс көтеріп, сабау-сабау кірпіктердің арасынан қарақат көздер ұшқын шаша қарады. Купеде алашадай журналды бетіне айқара жауып жатқан адамның күйеуі екенін біле тұра сұрағаныма ашуланды ма, әлде көрікті әйелге мен секілді жабысқақ сұрақ қоюшылар табан астынан табыла кетіп әбден ығыр еткендіктен бе, ол қылыштай сермелген соңғы жауабымен идіріп сауып, там-тұмдап жинаған ойларымды ыдысымен төңкеріп кетті. «Япырмау, — дедім ішімнен, — мен бұларға не жаздым? Қандай өрескел сұрақ болса да ізет үшін сыпайы жауап қайыруға болады ғой. Бәлкім, күйеуін ұнатпайтын шығар, бәлкім, поезға отырарда екеуі қатты ұрысып қалған шығар, онда тұрған не бар, оған менің араласым қанша? Адам арасындағы қарым-қатынас деген болмашыдан бұзылып, болмашыдан ұйып жатпайтын ба еді, мысқалдай болса да алғаш кішіпейілділік танытып, орнымды бердім ғой, тым құрыса сол ықыласымды, көп болмай-ақ қойсын, төрт-бес ауыз жылы сөзбен қайтара салса қайтер еді?!»

Іштей налып, қорланып қалдым. Бірақ налығанымды да, қорланғанымды да сездірмеуге тырысып, одан бір адымдай алысырақ жылжыдым. Терезеге тапжылмай қарап тұрғаныммен көңіліме бұдыр ілінер емес. Кітаптың келесі бетін аударған сәтте келіншектің мен жаққа бір көз тастағанын байқап қалдым да, расымен ол сөйтті ме, әлде маған солай боп көрінді ме деп ойымды екі ұшты үміт билеп алды. «Көрейін, — дедім іштей, — келесі бетке ауысар сәтін тағы да күте тұрайын».

Енді уақыт өтпей қойды. Ол оқып отырған жоқ, жаттап отырған секілді. Мойнымды сәл ғана бұрып, көз қиығыммен қадағалап тұрмын. Әні, басы иіліп барады, соңғы жолдарды оқып жатыр. Енді оған қарамау керек, әйтпесе байқап қояды. Оң қолын қимылдатты, қазір келесі бетті ашады.

Мен мойнымды бұрып әкеттім. Ол сытыр еткізіп бетті аударды да, мен жаққа бір қарап қойды.

Жүрегім лүпілдеп қоя берді, әлгі іштей қорлануым мен налуым кәрінің ұйқысындай быт-шыт болды.

Мен қимылсыз қаттым да қалдым. Осылайша сағаттар бойы тұра беруге дайын сияқтымын. Тек әр бетті аударған сайын мен жаққа қарауды ұмытпаса болғаны.

Ол кітап бетін әлденеше аударды. Менен қанағат кетті. Енді оның келесі бетті аударғанын күтіп тұрмын. Әні, оң қолын тағы қимылдатты. Бетті аударар берді де, бейғам екеніме әбден сеніп алған болуы керек, алғашқыдай емес мен жаққа емін-еркін көз тастады. Мен де оқыс бұрылып, ұрлығының дәл үстінен түстім. Ол қызарып кетті. Абдырап екі бетті бір-ақ ашты. Ашқан жерінен бастап оқи жөнелді. Енді оның ештеңе түсініп отырмағанын сездім, егер түсініп отырған болса қосарланған беттің біреуін кері қайтарар еді.

Осы кезде купенің жартылай ашық есігінен, «Перизат!» — деген өктем үн естілді. Ол селт етіп орнынан тұрды да, дыбыс қатпастан күйеуі жатқан жаққа беттеді.

— Түу, қайда жүрсің, шекем сынып бара жатыр, — деді ол әйелінің алысқа ұзап кетпегеніне және тез келе қойғанына көңілі толған тоқмейіл дауыспен. — Мына сүлгіні сулап әкеп маңдайыма басшы.

Перизат кітабын тастап қолына сүлгіні алып қайта шықты. Бұл жолы ол мен жаққа көз қиығын да аударған жоқ, бойын тік ұстап, қасымнан тәкаппар басып өте шықты.

Аядай купеге кеп тығылған өміріміздің екі күні артта қалды. Біз бір-бірімізбен сөйлескен жоқпыз, кімсің, қайда барасың, қайдан келесің деген сияқты самарқау тіл қатысудан әрі аса алмадық. Таңертең проводниктен шай сұрап ішеміз, түске жақын ресторанға біртіндеп барып келеміз, кешқұрым жол-жөнекей поезд аялдаған жерден алған тамақтарымызды қаужап, ұйқымыз келмесе де қисая кетеміз.

Перизаттың күйеуі мені өлердей жек көріп келеді. Ол менің атымды, не істейтінімді сұрағанда қысқа ғана жауап беріп, қайтып тіл қатпағанмын. Жауабымды тыңдап болған соң дәл осындай қарсы сұрақ күтіп, біраз үнсіз отырған. Бір жерде тәуір қызмет істейтінін және сол қызметін мақтаныш тұтатынын, енді мен сұрай қалсам терезеге қарап отырып лауазымын әдейі ақырын дауыспен хабарлай саларын біліп, қолыма кітапты тез ала қойдым. Ол менің қасақана оқымысты бола қалғанымды сезіп, орнынан тұрды да, бойын тіктеп, маңыздана жөткірініп қойып, коридорға шығып кетті. Оның бүкіл қимылынан: «сенің сұрағаныңның маған қажеті жоқ, бәрібір байқап жатқан шығарсың», — дегенді аңғаруға болар еді. Алдыңкүні «ұрлығының» үстінен түскенім үшін Перизат та маған іштей ренжіп тұр, көп назар аудармайды. Бүгін таңертең төсегімде жатқан кезде ол жуынып келіп, купенің есігін жапты да, айнаға қарап шашын тарады. Есіктегі ұзын айнадан оның суретін мен, менің суретімді ол ап-айқын көре аламыз. Ол шпилькасының біреуін тістеп тұрып, тарағын шашына апара берді де, айнадан көрініп тұрған маған қарады. Мен де қарадым. Ол тағы қызарып кетті. Осыдан соң ол мен жатқан кезде есіктегі айнаға қарауды мүлдем қойды. Жалпы, адамның адамға қарауында тұрған не бар, оның үстіне бір купеде келе жатқан соң, маңдайындағы көзіңді дәкемен байлап алмағаннан кейін бір-біріңе еріксіз көзің түседі ғой. Бірақ екеуміздің назарымыз ұшырасқан сайын Перизат қызарып кетеді, соған

қарағанда, оның әуелі күнгі көзқарасы шын мәнінде ұрлық болғаны, ол сол үшін ғана қысылатын сияқты.

Іштей арбасқан мылқау өміріміз Шиеліге жақындағанда тірілейін деді. Ерлі-зайыпты екеуі тілге келді. Поезд станцияға түнгі сағат тоғыз-ондардың шамасында жетуі керек. Перизат болса күн бата салысымен-ақ тынышсыздана бастады. Қайта-қайта сағатына қарап, біліп тұрса да «қашан жетеміз?» деп проводниктен сұрап келеді. Оның бұл сабырсыздығы күйеуіне ұнамайды. «Отырсаңшы шошаңдай бермей. Келетін поезд келеді ғой өзі үшін!» — деп қабағын шытады. Оның бұл үнінде әйелін сабырлылыққа шақырғаннан гөрі қызғаныш басым сияқты. Келіншегінің жұрт көзіне түсе бергенін қаламайды-ақ! Менің күлкім келді, бір жағынан ызаландым да. «Япыр-ау, бұдан әрмен қайтып ғұмыр кешпекші? Оған қашанғы қарауыл болады? Әйелдің аттап басқанын бағу — қызғаныш емес, қорлық қой және бұл әрекетпен азапты тіршілік кешудің қажеті қанша?»

— Шиеліде қант қауындар сатылушы еді, милициялар ыдыратып жіберген жоқ па екен? — дедім қызғаншақ күйеудің сөзіне қырсығып, әдейі келіншекке қарап.

Ойда жоқта, күйеуінің көзінше өзіне қарап сөз айтқаным Перизат қайран қалды. Жауап берген кезде адамға қарап сөйлеу жұртқа күдік тудырмайды, ол да сәл абдырап тұрып маған тура қарады да:

— Әлі сатылады, — деді.

— Сіз Шиелінің қай жеріненсіз?

Таңданғаннан Перизаттың көзі атыздай болды.

— Оны... оны сіз қайдан білесіз?

— Өзіңіз айттыңыз ғой. Қауын әлі сатылады дедіңіз, демек бұған дейін де сатылып келгенін тағы ұмытпағансыз.

Ол өзіне-өзі енді келіп, ақырын ғана күрсініп қойды.

— Егер мен сіздермен бірге түссем жақсы қауын таңдап алуға көмектесесіздер ме, үйге алып барайын, — дедім.

Перизат мүдіріп қалды.

— Қдйдам, — деді ол иығын қозғалтып, — уақытымыз болмайтын шығар... Шиелінің қауындарының бәрі жақсы ғой... — Сөйтті де ол коридорға шығып, терезе алдына барып тұрды. Мен «Огонек» журналына қарадым, шағын стол үстінде жабулы жатыр екен. Назарымды сәл жоғары өрлетіп ем, маған көзілдірік ар жағынан тесірейе қарап отырған екі жанарды көрдім. Егер сұрауым болмаса, қолынан кеп поездан түсіріп кетуге құлшынып тұрған көзқарас.

Перизат терезе алдында біраз кідіріп қалып еді, маналы бері тырсыып әрең отырған ол ақыры айғайлап тынды.

— Шиеліден өтіп кетермін деп тұрсың ба, бері кеп отырсаңшы, — деді қытымыр дауыспен, — осыннан-ақ жақсы көрінеді.

Әйелі біреу жетектегендей еріне басып ішке кірді.

— Орнын жайғастырып қой, — деді ол табан астынан қамқор үнге ауысып. — Ал егер қасында немересі болса қайда сидырамыз?

— Білмейім, — деді әйел терезе түбіндегі үйреншікті орнына жайғасып жатып.

— Ім... мм... Бірден екі билет ала салу керек пе еді...

Перизат күйеуіне жалт қарады, жалт қарады да өте қатты кетіп қалмадым ба дегендей, сәл қипақтап тұрды да терезеге бұрылып: — Осы бір билеттің өзін айғаймен әрең алдырған жоқпын ба, — деді.

Москвадан шыққалы біздің купеде бір орынның жайдақ келе жатқанының сырын енді түсіндім. Демек Шиеліден біреуді қастарына мінгізу үшін сонау жақтан әдейі алған екен ғой. Поезға мінгелі бері екеуінің қырыс қабақ боп келе жатқан негізгі себептері осы болғаны-ау?

Вагон дөңгелектері рельсті қаусатып жіберердей сатыр-сұтыр етіп шағын разъезден өте шыққанымызда, екі жарым күннен бері суретке түсетін адамдай монтиып қана отырып келген келіншектен мүлдем сабыр қашты. Аласы аз түп-тұнық жанарына уайым мен мұң үймелеп үлгеріпті.

— Кеп қалдық, — деді ол ешкімге де мойын бұрмай терезеге қарап отырған бойы. — Келесі станция — Шиелі. Ойпырмай, алды ма екен телеграмманы!

Күйеуі үндеген жоқ, шай төгіліп, май тамып алағат-алағат болған «Огонекты» алып теріс аудара бастады. Мәскеуден шыққалы бері оңнан солға, солдан оңға қарай қырық рет аударылса да оқылып бітпеген журнал. Жалпы, бұл кісі ашылған бетке көп аялдамайды. Сәл үңіліп отырады да, бір-екі сөйлемнің басын шалған соң келесі бетке көшеді. Бас-аяғы сегіз-тоғыз минуттың ішінде бүкіл журналды оқып бітіріп, майқамдалған төсегіне қарнын сипап қисая кетеді. Шалқасынан түсіп біраз жатқан соң құрандай жалықпайтын жаңағы журналын қайтадан алып, үш-төрт танкінің соңынан жүгіріп бара жатқан солдаттардың суреті салынған бетті ашады. Ең көп былғанған бет те осы. Қазан вокзалынан шыққалы бері біз жол-жөнекей не алдық, не жедік, бәрі де осы бетке бір-бір із қалдырып өткен. Сөйтсе де екі беттік әңгіме әлі бітпей келеді. Ол шалқасынан жатқан бойы тағы екі-үш сөйлем оқиды. Сонан соң екі қолы бірте-бірте төмен түсіп, далиған журнал көзәйнекке байқалмай жақындай береді, жақындай береді, құлап келе жатқан тарғыл беттерді бұ кісі көзбен тіреп, тыртысып оқи береді. Журнал мұрнының ұшына кеп тиеді, сонан соң көзәйнегін тұмшалайды, сол кезде барып қолы кеудесіне сылқ етіп, жалпақ бет көзден біржолата ғайып болады да, әзірге бір қалыпты, момақан қорыл басталып кетеді. Балбырап ұйықтау деген осы. Қазір де ол теріс қарай ашып-ашып келіп, баяғы солдаттар мен танкілерге жетіп аз-кем аялдады, бірақ оқуға зауқы соқпай одан да өтіп кетті.

— Құдай-ай, — деді күйеуінің оқымысты бола қалғанына ызаланған келіншек. — Адресін дұрыс жазып па едің өзі? Алған да жоқ шығар...

— Алды, неге алмайды, — делі ол фигурист қыздардың суретіне үңіліп отырып. — Молниямен салынды...

— Ешкімі жоқ, қу бас адам құсатып...

Келіншектің көзіне мөлт-мөлт етіп жас тіреліп қапты.

— Неге, — деді күйеуі журналды жауып, арқасын жастыққа сүйеп.

— Молниямен телеграмма салдық. Курортқа кетердің алдында түсіндіріп хат жаздық. Қайтқанымызша дүние-мүліктеріңнің сататынын сатып, алатынын қалдырып дайын отыр дедік. Самолетпен-ақ кететін едік, тар купеге қамалып, азап шегіп солар үшін тағы келеміз, міне. Неменесіне қу бас құсатып дейсің...

— Телеграмма, хат!.. Төрт жылдан бері жүріп-жүріп кеп, қаңғыбас адам құсатып жолдан алып кеткелі келе жатырмыз. Әдейі кеп алып кетуге уақыт жоқ! — Перизат соңғы екі сөзді тістеніп, ызаланып айтты.

«Огонек» журналының «табынушысы» әйелінің көзіндегі жасты көріп, қабағын тыржың еткізді. Перизаттың жалпы жылағанын емес, шешесінің қамын ойлап көзіне жас алғанын жақтырмай отыр.

— Проводникте ыстық шай бар ма екен? — деді ол қытымырланып.

Әйелі жауап қатпады. Күйеуі жаңағы сөзін сол қалпында, сол екпінде тағы қайталады.

— Проводникте ыстық шай бар ма екен?

— Бар-р, ба-ар, — деді Перизат тістене сыбырлап.

— Бір стакан әкеп бере ғойшы, шекем шағып бара жатыр.

— Құлдық, тақсыр-р! — Ол стаканды алып, көзінің жасын жолай сүртіп шығып кетті.

«Огонек» журналының «табынушысының» саусақтары жеңіс салтанатын паш етіп, шағын столды бір қалыпты тықылдата жөнелді.

Таңдап жүріп күләбі қауынның қолым көтерген біреуін алып қайтып келсем, купеде кимешек киген, аласа бойлы қара кемпір мен жеті-сегіз жастардағы бала отыр екен. Табысудың алғашқы сәті өтіп, ыстық қуаныштар томыртқаланып қалған болуы керек, үшеуі күнделікті тіршілік әңгімесіне ойысыпты. Кемпір шыт белбеуінің ұшымен жасын сүртіп қойып: «Қалай, амансыңдар ма, әйтеуір», — деді күрсініп. «Аманбыз, аманбыз — деді, кемпір кіріп келгеннен автоматты түрде күйеу балаға айналған орта жасар кісі, шашы сирек басын шұлғып қойып. — О-о, мынау, — деді енді көргендей балаға бұрылып, — мынау әлгі... кім... Та... Таңат қой. Дәу жігіт екен ғой өзі. Кел, менің қасыма кел.

— Ол баланы қарсылық көрсетіп бұртиғанына қарамастан қолынан тартып қасына отырғызды. — Мен саған қазір журнал беремін. Суретін көресің.

— «Күйеу бала» «Огонектің» дәл өзі оқып жатқан бетін ашып, солдаттар мен танкілерді көрсетті. — Көрдің бе, немістер қашып бара жатыр. Біздің әскерлер атып келеді. Та-та-та, тра-та-та!.. Міне, бомба жарылды. Бу-ух-х! — Ол бомбаның жарылғанын көрсетпек боп құлашын екі жаққа сермеп кеп қалып еді, оң қолын үстіңгі полканың таяныш теміріне оңдырмай соғып алды да: «ту, шорт, — деді ызаланып. — Ал, енді өзің көре ғой. Өзің көре бер... түүһ, шорт возьми!..»

Бір минуттай өткен соң қолының ауырғаны басылып, ол кемпірге қарады.

— Қалай? Жақсы жеттіңіз бе?

— Иә, бір бәле ғып жеттік, әйтеуір. Еңгілістен күнде қатынап тұратын жалғыз аптауыз бар еді, со құрымағырдың қасақана бүгін сынып қалмасы бар ма. Май таситын бір мәшине Шиеліге шығып... шопыр бала алмаймын, млиса ұстап алады деп, әйтеуір, жалынып-жалпайып жүріп түске қарай әрең жеттік.

— Түү-у, түстен бері күтіп отырсыздар ма? — деді қызы езу тартып.

— Е, күттік қой. Отырдық, тұрдық, мына бала тамақ ішеміз деген соң сталабайына бардық. Сөйтіп-сөйтіп, уақыт деген өтті ғой. Айтпақшы, өздеріңнің кішкентайларың бар емес пе еді, оларың қайда?

— Ол круглый суткада, — деді күйеу баласы алғашқы кезде жайдары мінез танытып қалмақ болғандай сөзге тағы араласып.

— Ойбай, онысы несі тағы?

— Детсадтан аптасына бір-ақ рет аламыз. «Сіздер алып тұрыңыздар» деп көршілерге тапсырып кеткенбіз.

— Ойбуй, шырағым-ай, көзі жәутеңдеп!.. Маған-ақ әкеп тастамадыңдар ма?

— Ничево, төрт аптаға жыласа да шыдайды ғой.

— Барған соң қолға қарайтын болды-ау, қарағым-ай. Ештеңе де ала алмадық. Ділігірәмдарыңды алдың күні-ақ алғанбыз. Табан астында не істерімізді білмей... Барсақ па екен, бармасақ па екен деп... оның үстіне мына. баланың оқуы бар, құрулы ошақ, қара қазан бар дегендей. Шығып кете беру оңай дейсің бе? «Өздері неғып келмейді, жолдан ала кетеміз» деп ділігірәм салғаны несі» деп ауылдың біраз адамы ренжіп жатыр. Миыма кене кіргендей басым қатты. Бармаймын деп-ақ жатыр едім, бүгін таңертең осылай қарай домалағанмызды білмей қалдық. Бір мәнісі болар деп мына баланы мектебінен де сұрамадым.

— Үй-мүліктеріңіз бен малдарыңызды қайттіңіздер? — деді күйеу.

— И-и, үй-мүлікті жау ала ма, есікті жаптым да жүре бердім. Үш қой, бір тайынша бар еді, қоңсыларға тапсырып кеттім. Бір айналып соғармын дедім.

Мен енді ғана байқадым. Кемпірдің көзінен жас сорғалап, жылап отыр екен. Перизаттың жанары да жасқа толып, мөлт-мөлт етеді.

Мен шығып кеттім. Бұл арада енді отыра беруімді ыңғайсыз санадым. Өздерінің үй іштеріндегі тамыры тереңде жатқан ақырамаштың қыраулы түніндей суық та ызғарлы кикілжіңдердің бір ұшын сезіп қалғанымна көзілдірікті кісі намыстанатын секілді де, Перизат қорланып, қысылатын сияқты. Мен купеге кісі аяғы сирексіп, жұрттың көбісі ұйықтауға жатқанда ғана кірдім. Олар түнгі шамды да сөндіріп тастапты. Сырмалы есікті ақырын ғана жылжытып екі елідей саңлау қалдырып, содан түскен жарықпен төсегімді салып болған соң есікті қайта жауып жата кеттім. Үш күннен бері бос келе жатқан қасымдағы орында «Огонектің» «табынушысы» жатыр. Алғашында оны кемпір екен деп қалғам, бір разъезден өтіп бара жатқанда терезеден жылт-жылт етіп түскен сәуледен бетіндегі айқара жамылған таныс журналды көріп қалып, кемпірге орын берген екен ғой деп ішім жылып қалып еді, артынша күліп жібере жаздадым. Кемпірді ғой немересімен қосып жоғарыға қуа алмайды, баласы құлап қалуы мүмкін. Бағана, Шиеліге келердің алдында Перизат төсегін жоғарыға ауыстырып, төменгі өз орнына шешесіне салған. «Огонекқа» «табынушының» әйелін қызғанып жоғарыға өрмелеп шыққанына еріксіз езу тарттым. «Пысығын көрдің бе өзінің?»

Көз алдымнан көпке дейін кемпір мен немересі кетпей қойды. «Энгельс» деп аталатын белгісіз бір колхоздағы оның өгейсіп тұрған үйі, есігіндегі қара құлып елестеді. Олар өз өтендеріне қайтып бара ма, бармай ма? Қазір ғой олар біржола кетіп бара жатыр, мына. «Огонек» журналының «табынушысымен», оның шіренген суық мінезімен шығыса ала ма, жоқ па, шығысқан күнде өктемдік пен менмендіктің қорлығына көнуге тура келеді-ау. Ана немерем деп отырған бала қай баласынан екен, ол неге жоқ, тірі ме, өлі ме? Бәлкім, жалғыз шешесі мен жалғыз інісіне қамқор болу үшін Перизат барлық жастығы мен нәзіктігін осылай құрбандыққа өзі шалған шығар?

Басым шым-шытырық сауалға толды. Осы поездың өзінде ғой біраз адам келе жатыр. Етене таныссаң бәрінің бастарында бір-бір тағдыр, өз мұңы, өз қуанышы жатқанын көресің. Қуанышы болса бола берсін, дәл осындай көкірегінде шері шемен боп қатса да, онысы ешкімге айтылмайтын, ешкім көңіл бөлмейтін жұдырықтай елеусіз жандардың ішкі мұңы адамның жанын аш мысықтай тырналап, бауырыңа мұз басқандай болады екен.

Ертесіне біз Алматыға кеп түстік. Үш жарым күннен бері күйі бір, сыры бір боп келе жатқан адамдар мына үлкен қаланың түкпір-түкпіріне тарыдай шашылып, әрқайсысы өз жөніне кетеді. Бір-бірлерімен қимай ажырасып жатса да бәрібір екі-үш күн өткен соң ұмытылады, бір-екі жыл өткен соң бірін-бірі танымай да қалады. Амал қанша, өмір заңы солай, бәрін жадында сақтап жүру мүмкін емес.

Менің жол серіктерім өз машиналарына қарай жүрді. Үш жарым күннен бері екі беттік әңгімені оқып бітіре алмаған кісі телефонограммамен қызметтегі машинасын шақырып қойыпты.

— Бізбен бірге жүр, — деді ол үлкен жақсылық жасағандай маған қарап.

— Апарып тастайық.

— Рахмет, сыймаспын. Таксимен-ақ жетемін ғой.

Біз қол алысып қоштастық. Көшеде киетін киімін кигенде Перизат қарасаң көз тоймайтын суретке айналыпты.

— Сау болыңыз, — дедім оң қолымдағы Шиелінің зілдей қауынын сол қолыма ауыстырып. Ол ернін күбірлетіп, басын изеді де: «рахмет», — деді.

— Не үшін?

— Орныңызды бергеніңіз үшін.

— Ә-ә, мен оны мүлдем ұмытып кетіппін. — Сол қолымдағы қауынды оң қолыма қайта ауыстырдым. — Өзім де ең үлкенін алған екем, іші қалай екенін кім білсін.

— Қорықпай-ақ қойыңыз, Шиелінің қауындарының бәрі жақсы.

Қара «Волганың» есігін ашып тұрған күйеуі «Перизат, болсаңшы» деп айғайлайтындай ол кідірмеген де еді, «сөзді қой» дегені болу керек, соны түсінген келіншек басына қиғаш қондырған шашақты капрон қалпағын жол-жөнекей түзеп, соңымызда келе жатқан інісін қолынан жетелеп алды.

— Апа, болыңыз, болыңыз, — деді күйеу баласы тағы да дауыстап. Жай басып келе жатқан кемпір өктем дауысты естіп, бүкшеңдеп жүгіре жөнелді.

Мен оның машинаға қалай жеткенін, есікті аша алмай біраз әуре болғанын, Перизат есікті ашқан соң «бол» деп тағы айғайлап қала ма деп абдырап барып артқы орынға отырғанын, есікті жапқанда ұзын көйлегінің етегі сыртта қалып, есікті қайта. ашып жабуға тура келгеніне дейін көз алмай қарап тұрдым.

Сәлден соң машина орнынан қозғалып, олар көзден ғайып болды. Адамдар сапырылысып жатса да мен жалғыз қалғандай сезіндім. Жүрегімді әлдеқалай бір мұң, әлдеқалай бір сағыныш билеп алды. Мен дәл киоскінің алдында тұр екенмін. Көзім ілулі «Огонекқа» түсе кетті. Үш жарым күннен бері әбден мезі қылған журналдың дәл сол саны. Мен теріс айналдым, теріс айналдым да қайта бұрылып кеп журналға қарадым. Он жетінші саны екен. Біреуін сатып алайын деп ем, киоск әлі ашылмапты. Ол маған өткен оқиғаның бәрін баяндап тұрғандай көрінді.

АҚЫРАМАШТАН НАУРЫЗҒА ДЕЙІН

Қараспан төбенің батыс жағын жайлаған шағын ауыл, мақта терім бітіп, жерге алғаш қар түскенде барып уь деп демдерін бірақ алады. Қызыл топырақтың астынан қос құлақ боп қылтиып көрінген қоза жарықтық бейнет атаулыны жер бетіне өзімен бірге түгел ала шығып, қыр басындағы ауыл адамдарына сонау ақырамашқа дейін ес жиғызбайды. Күн қақтап, шаң қапқан, жаманды-жақсылы бір істі атқарып салған соң алғаш қар түскенде қыр басындағы ауыл адамдары он шақты күн қатарынан қыбыр етпейді. Бастық бригадирді, бригадир колхозшыны іздемейді. Арада біраз күн өткеннен кейін шаң сорып жел қаққан қуыс құлақ күректі дуалға сүйей салып, үйдегі қайнап тұрған шайға да қарамай көптен хабарсыз кеткен қоңсысының үйіне барып, әуліден мойнын созып ішке қарайды. Осы кез әулі ішінде әйтеуір сол үйдің бір адамы жүреді, тым болмаса иті үреді. Ит үрді дегенше үйден бір адам атылып шықты дей бер. Әйелі шықса: «Әй, жаман байың үйде ме?», — дейді, баласы, не қызы шықса: «Жаман әкең қайда, шақыршы!», — дейді.

Олармен амандасып жатпайды. Аузын жиып болғанша елендеп отырған үй иесі де шығады. «Әй, пәленшемісің? Иесін көрген соң есіріктене түскен төбетті «Жат, әтеңе нәлет» деп жәшік ұясына қуып тығып, «Ойбай-ау», кірсеңші. Әбдешім бригад құсап қораның сыртынан айғайлап тұрғаның қалай? Үй-ішің аман ба? Ой, аузыңды ұрайын!» — деп жалбақтап қуанып қалады.

Сәлден соң үшеу болады, ширек сағат өткенде қаңғалақтап тағы біреуі келеді. Үй иесі: «Әй, кемпір, ет ас мына иттерге», — дейді. Сол сол-ақ екен, жыңғыл бұталып, мұржаның түтіні қою шыға бастайды. Жаңа ғана жайбарақат жатқан үй әп-сәтте әбігерге түсіп, ересектеу бір бала кітаптарын жинастырып магазинге тартады.

Ән — «Маржан қыздан», әңгіме — бригадирден басталады. Ән байғұс бұдан әрі дамымай, әңгіме дүниенің төрт бұрышын түгел аралап кете барады. Отырыс тарағанша олар күшті де, ақылды да, жомарт та, озат та болады, серілік, байлық, білімдарлық та қашып құтылмайды, ең

арысы — «сондағы ақымақтығым-ай» деп абайсызда ақымақ та болады. Сөз желісі дүниені шарлап, шығандап барып сылқ түсіп, осы ауылға қайта оралған бір сәтте лапылдаңқырап отырған біреуі: «Әтәсінә нәлет дүниенің, сыйластыққа ештеңе жетпейді, Сіз-біз десіп өткеннен артық не бар. Ертең біздің үйде болайық», — деп ерлік жасағандай пәркі дүние кейіппен аяғын көсіліп, кесені самауырға қарап шиырып жібереді.

Томаға-тұйық ауыл осы кесенің шиырылуынан бастап аралас-құралас боп, оның арты тойға, той жанжалға, жанжал төбелеске, төбелес бітімге жалғасып, көк торғай келгенше өз қызығы өзінде у-шу боп жатады.

Аз ғана уақытқа томсарып қалған ауылдың биылғы қарым-қатынасы жылдағыдан ерекше — бірден төбелестен басталды. Әрине, төбелес шықпай тұрып қаншаға созылса да әуелі дау шығу керек. Дау падашы Кемпірбай мен почтышы Отардың арасында туып, төбелес ойламаған жерде жанжал шыққан жаққа жетіп келген звеновод Орысбай мен піркөншік Мүсірдің арасында бұрқ ете қалды.

Таратып айтқанда былай:

Оразаның жиырма тоғыз күні өтіп, бір-ақ күні қалған кез.

Кемпірбайдың Киевте авиация институтында оқып жатқан баласынан: «Көке, тілегіңізді орындадым. Кеше посылка салып жібердім.

Шалдарды жинап, ауыз ашарға шай берерсіз», — деп хат келгеніне тоғыз күн болды. Посылка әлі жоқ. Кемпірбай күнде ертеңмен Отардың үйіне барып, «Біздің баланың поселкесі келді ме?» — дейді. Ол, «жоқ» дейді. Әуелі бері қарап, амандық-саулық сұрап, сонан соң «Жоқ, ата, келмей жатыр, келсе өзім-ақ хабарлаймын ғой», — деп жай-жапсарын түсіндірсе өкпе жоқ-ау, кірпікшешен сияқты үйінің түкпіріне қарап бетін сүртіп тұрып, «Жоқ» дегені күйдіреді екен. Жайшылықта ертеден қара кешке дейін ауыз жаппай, жатарда үйіне темір жақ боп оралатын Отардың бұл кеп жөн сұрағанда аяқ астынан салмақты боп қалатыны жыныңды шақырады. Тағы да сайтандай сарт етіп орталыққа өтіп кетпесін деп Кемпірбай Отардың бүркеулі машинасын құлқын сәріден далада күтті. Сәскеге шейін күтті. Ертең ауызашар, Киевтен шыққан посылкаға сеніп бұл Қараспан базарына да бармаған. Ел-жұрттың алдында таза маскара боп, күлкіге қалғалы тұр. Әсіресе, Есқараның

табасына қалам ба деп қорқады. Бұл екеуі бір-біріне мүлде қарама-қарсы екі «платформаның» адамдары. Кемпірбай падашы, Есқара объемщик. Паданың аты — пада, оқалағы ұстағанда құйрықтарын шаншып алып, Кемпірбай түгіл колхоздың бүкіл активі алдынан шықса да бұзып-жарып жоңышқалығын мен егістігіңе қояды да кетеді. Жергілікті советтің депутатымын деп төбенді оя жаздап, шындап кетсе барып тұрған қиқар Мүсірдің аузын ашырмай, магазинін жаптырып кететін Молдабай тауықшының да беделі олардың алдында түк емес. Керек десең, танаулары делдиіп, көздері шатынаған төрт-бес сиыр биыл жазда жайбарақат шай ішіп отырған соң Молдабайдың ауласына шаңқай түсте шаңытып кіріп барып, бала-шағасының алдында беделін түсіріп кеткен.

Кемпірбай біреу, сиыр екі жүз елу. Оның қайсыбіріне ие боласың.

Бірақ Есқараға бұл шот емес. Жоңышқалыққа жабылып жатқан сиырларды қайтармайды, ат үстінде отырып Кемпірбай жеткенше асықпай акт жазады. «Қол қой» дейді, ол қоймады. «Сиырларыңның жоңышқаға түскені рас па?» «Рас». «Ендеше қол қой». «Жоқ, қоймаймын». «Қоясың». «Сен өкіметтің шөбіне зиян келтірдің». «Сен өкіметтің шөбін бақсаң, мен малын бағып жүрмін. Жесе, ақыры өздері жейтін шөбі ғой. Шөп сиырды жемейтін шығар».

Мынандай қырсық сөзге күйіп кеткен Есқара насыбайын жұтып қояды.

Дау қызып, екі кеңірдек екі кетпеннің сабындай болады. Сәлден соң сиыр жайына қалып, жанжал жеке басқа ауысады.

— Әй, байқап сөйле! Жаман да болсам Киіпте балам оқып жатыр, — дейді бұл.

— Оқыса қайтейін. Киіп-сиіп деп жүргендегісі, айырпыланның оқуы ма? Аспандағы айырпыланнан жердегі бір бау жоңышқам артық.

— Қап, осыдан балам келсін, айырпыланның маңына сені жолатпаспын!

— Жоламай-ақ қойдым. Өзің-ақ міне ғой. Айырпыланға көшіп алсаң қанеки. Қайта сен баққан бейәдеп сиырдан құтылар едім...

Төңіректен адамдар жиналмай дау бітпейді. Экономист Өтеш келіп төрелік айтып, Кемпірбайды бұлтартпас фактының алдына қояды. «Тыңдаңыз, — дейді, — жақсылап тыңдаңыз. Сиырларыңыздың жоңышқаға түскені рас, бәріміз көріп тұрмыз, эне, жайылып жүр. Ескеңнің жоңышқасы адырға шығып, сиырларыңызға түскен жоқ қой. Енді түсіндіңіз бе?»

Ақыры Кемпірбайдың амалы таусылып, жайылып жүрген сиырлар мен осы жерде тұрған адамдарды қосып бір боқтайды да, акт деген сұмдыққа қол қояды.

Киевтегі сол баласынан посылка келетін бопты деген хабарды Есқара да естіген. Ғайыптан-ғайып келмей қалса оның табасына қалатыны айдан анық.

Отардың бүркеулі посылка машинасы сәске түсте ауыл сыртындағы көпірден қылт етіп көрінді де, ә дегенше есігінің алдына кеп тоқтады. Бұл атын тебініп жетіп барды. «Отаржан, біздің баладан хабар бар ма?» — деді. Отар үйіне кіріп, шелек алып шықты. Бұл әлгі сөзіне жауап күтіп, қайтып сұрауға батылы жетпей әлі тұр. Радиатордың қайнап кеткен суын орталап, Отар мұздай су құя бастады. Мұны барсың ба, жоқсың ба дейтін түрі жоқ. «Әй, айтсаңшы, хабар бар ма деймін», — деді Кемпірбай қасаңдау үнмен. Ол шашы дудырап, машинаның ішек-қарнына үңіліп жатып:

«Бар», — деді де капотын сарт жауып, үйіне қайта кіріп кетті.

Кемпірбайдың қуанышында шек болмады. Киевтегі қара баласынан да, оның жіберген посылкасынан да, сол хабарды жеткізген Отар мен бүркеулі машинасынан да айнала бастады. Бірақ, Отардың мына немқұрайды мінезіне іштей атынап-ақ тұр, әлдене деуге қырсығып қалама деп тағы үндемейді.

— Отаржан, мәшиненді ашып, посылкеңді бере қал, — деді. Ол «бермеймін» деді.

— Е, неге?

— Кеңсеге барып тіркеу керек.

— Одан қашан келесің?

— Ертең.

— Ойбай-ау, осы жерден-ақ беріп кете салсаңшы. Сонан кейін тіркерсің. Кеңсе жүріп кететін пойыз емес шығар.

Қарап тұрмай тілінен тапты. Отар шарт ете қалды.

— Бермеймін. Ертең паспортыңызды алып келесіз.

— Паспортты қайтесің?

— Заң солай.

— Оу, пашпұртқа сенесің бе, маған сенесің бе?

— Паспортқа.

— Қап, қап мына қызталақты-ай, ә!

— Ақсақал, боқтамай сөйлеңіз.

— Боқтағаны несі, кім сені боқтаған?

— Сіз боқтадыңыз. Ол сөзіңіз үшін жауап бересіз.

— Неғыл дейді-ай, мына шірік неме, а? — Ол ашудан терісіне сыймай кетті. — Жауап бересің дегенің қалай? Боқтағанды естімей жүрмедің. Ойбай-ау, мынау өз баламның поселкесін өзіме бермей пашпұртына берем деп күйдіргені былай тұрсын, жауап бересің деп қорқытып құртты-ау. Өй, әкеңнің нақ аузына ғана... Ал саған боқтық керек болса! Ал енді бере бер беретін сотыңа! Әкел поселкені бермен! Пашпұрт-машпұртыңның керегі жоқ. Поселкі менікі ме, менікі, балам жіберді ме, балам жіберді, мені танысың ба, танысың. Енді не керек саған? Аш ана мәшинеңді? Сонан соң орталыққа кетесің бе, Арқалыққа кетесің бе өзің біл.

Отар шалқасынан түсті.

— Акт жасаймын, — деді.

— Немене? Акті?

— Иә, әкемді боқтағаныңыз үшін жауап бересіз.

— Әй, әкеннің ау... а-а... Әй, ит-ау, боқтасам боқтаған шығармын, әкен құрдасым.

— Құрдас-мұрдаста шаруам жоқ. Боқтағаныңыз рас Отар шашы бұрқырап, май-май дәптерін машинаның капотына қойып асығыс жаза бастады. Акт жасап әбден жаттыққан бала ма, әне-міне дегенше бітірді де, дауыстап оқи бастады. «Бөген аудандық халық сотына. Қараспан колхозының № 4 бөлімшесінің байланыс торабының бастығы Төлемісов Отар, бүгін, яғни 1976 жылдың 27 ноябрі күні халыққа мәдени қызметті онан әрі жақсарту мақсатымен...»

— Әй, — деді Кемпірбай көзін сығырайтып. — Бастығың не былжырап тұрған? Қай бастық, мына сен бе? Өзің кетсең өрмекшіден басқа жан кірмейтін, ит байласа тұрғысыз қаңыраған қуысты кеңсе деп, өзіңді бастықпын деп есептейсің бе? Неменемнің бастығысың? Өзіңе-өзің бастықсың ба?

— Ақсақал, айғайламаңыз, — деді Отар шындықты мойындағандай қысылыңқырап. — Ары қарай тыңдаңыз.

— Тыңдамаймын! Қартайғанда алдымнан әкті деген бәле шықты ғой. Есқара екеуіңнің шешелеріңнің қойнына әкті түнеп шыққан ба? Ойбай-ау, мына түріңмен мынадайсың, орталықтағы үлкен поштаның бастығы болсаң күніміз қандай болмақ, ә? Аспаннан құс ұшырмай қоярсың сен.

Ары кетсе жарты сағаттан кейін екі жақ өзара мәмлеге келер сыңай танытып, жанжалдың уы қайта бастап еді, піркәншік Мүсір мен звеновод Орысбай жетіп келіп, дауды қайта қоздырып жіберді. «Не болды?» — деген сұраққа мән-жайды түсіндіру үстінде жанжалға кілт болатын ең негізгі де нәзік фактілер бұрмалауға ұшырады. «Мен олай деген жоқпын». «Солай дедің». «Жоқ, жала жаппа». «Жала емес, факт!». «Әй, әкті мен пәктіде басың қалғыр, олай деген жоқпын деймін мен саған! Осыдан балам келсін, бәлем, сені ме?» «Балаңыз көп болса айырплан айдайтын шығар, ал мен одан сорлы емеспін, мәшине айдаймын. Қараспан базарына айырпланмен барғаныңызды көрермін, бәрібір маған жалынасыз».

Әңгімеге Мүсір араласты. Ол актімен мұқият танысып алды да, мұндай істе сауаттылығын танытып, оның ресми тілін, грамматикалық

кателерін түзеп берді. Демек, Отардың позициясын қолдаймын деген сөз. Маналы бері Мүсірдің бүкіл болмысы мен тіршілігіне жақтырмай қарап тұрған Орысбай:

— Иә, қашаннан бері профессор бола қалғансың? — деді дауға өкпе тұстан араласып.

— Онда шаруаң болмасын. — Мүсір қалтасынан латын әрпімен «Марлборо» деп жазылған сигарет алып, оның жазуы бар жағын анығырақ көрсін деп Орысбайдың дәл тұмсығының алдында ұзағырақ ұстады. Онысымен тұрмай үлкен ізеттілік пен мәдениеттілік танытып, қолын кеудесіне қойып, басын иді де, «Ғафу етіңіз, темекіге қалайсыз?» — деді. «Ә, бәлем, қалай екенсің», — дегендей Мүсір Орысбайдың көзінен көзін алмай жымия күлімсіреп тұр. Орысбайда үн жоқ. Ол да бұған тесіліп қапты. Бет-әлпетінде кекесін бар сияқты. Мүсір сонда ғана барып байқады, ол қолын мықынының тұсына әкеп, екі саусағының арасынан бас бармағын шығарып тұр екен. Мүсір түкірігіне шашалып қалды.

— О... о, көргенсіз. М... мұның не? Мен саған мәдениетті түрде...

— Әй, оттамашы, — деді бұл Мүсірдің психологиялық майдандағы шайқалыңқырап қалған позициясын біржолата грейдерлеп.

— Ей, оттамаң қалай? Байқап сөйле, бала, үйіңді таппай қаласың! — дипломат Мүсір номері төртінші бөлімшенің баяғы шырт етпе Мүсіріне табан асты қалай айналып шыға келгенін өзі де байқамай қалды.

Мүсір ашуланып, шала шеккен сигаретін аспандата шертіп жіберіп еді, ол қолынан мүлт кетіп Орысбайдың дәл көзінің алдынан зу ете қалды. Бұдан әрі дауласып жатудың қажеті жоқ, Орысбай Мүсірдің жағасынан ала түсті. Манадан бері адам қатарына саналмай шеттеп қалған даудың негізгі иелері — Кемпірбай мен Отар төреші боп келіп төбелесіп кеткен екеуін ажыратамын дегенше, олар тиген-тимегеніне қарамай бір-біріне екі-үш жұдырық сілтеп үлгірді. Жұрт жиналып, екеуін екі жаққа ажыратты. Сүйреп алып кетуге ыңғайсыз бірі магазинші, бірі звеновод. Магазинші екенмін, звеновод екенмін деп тұрған олар жоқ, қоя берсең

ешқашан жеңімпазы анықталмайтын төбелестерін қайта жалғастырып кетпекші.

Төбелес енді мүлде бітті-ау дегенде Кемпірбай:

— Оу, әділ қазылар-ау, менің әлгі... паселкемді не істейсіңдер? — деп еді, екеуі де бұған ала көзімен ата қарап:

— Өй, поселкенізді... аларсыз бір кезде, — деді мынадай сәтте басты қатырмашы дегендей теріс айналып.

— О, құд-даның құд-діреті, — деді Кемпірбай түкке түсіне алмай. — Мыналар неге төбелескенін де ұмытып кеткен екен-ау, сірә... Әй, Отар, бересің бе әлгіні. Бермесен қазір қалаға кетем. Ертең ауызашарға қайтып келуім керек.

Отар құрығанда аудан көлеміндегі мәселені шешіп тұрғандай тұнжырап ұзақ ойланды да: — Алсаңыз алыңызшы, — деді машинасының есігін ашуға беттеп.

— Көсегең көгергір, сөйтпейсің ба бағанадан бері.

— Өзіңізден де бар ғой.

— Е, бар болса бар шығар... — Тағы бір бәле шығып кетер деп Кемпірбай оның ығына жығыла берді. Бірақ, «өзінде не барын», не жазып қалғанын түсіне алмай дал болды.

— Ал, — деді Кемпірбай послкасын алғаннан кейін кете алмай сипалақтап. — Әлгі... әктіні не істейсіңдер?

— Тиісті жеріне тапсырамыз.

— Ол қай жер?

— Сотқа да.

— Отаржан-ау, мәмлеге келген жоқпыз ба? Ел-жұртқа күлкі боп қайтеміз, екеулеп жыртайық та.

— Жоқ болмайды. Көрер жұрт көріп, қатесін түзеп қойды.

Кемпірбай қайта ашуланды. Егер бұл қылығын қоймаса өзінің де жоғарғы жаққа шағым жасай алатынын, Киевтегі баласына «майын

тамызып тұрып» жаздыратынын айтты. Киевтегі баласы жайлы естігенде Отар өршеленіп кетті.

— Ақсақал, аларыңызды алдыңыз ғой, бара беріңіз, — деді ол қолын сілтеп. — Керек кезінде соттың өзі шақыртады.

Машинаның жанында екеуінің дауысы қайта дәуірлеп, бастырманың астында Орысбай мен Мүсір бір-біріне қайтадан жұлқына бастады.

Осы кезде бір бұрыштан бөлімше меңгерушісі Құралдың машинасы жалт етіп шыға келіп, бір-біріне қарай жұлқынып тұрған Орысбай мен Мүсір де, жанжалды қыздырып келе жатқан Кемпірбай мен Отар да укол салғалы келе жатқан дәрігерді көрген баладай жым-жырт бола қалысты. Меңгеруші машинасынан түсіп, әуелі жиналған жұртқа, сонан соң қыш құйып жүрген адамдай көйлектері шалбарынан шығып, жағалары теріс қарап кеткен Орысбай мен Мүсірге, бірі атта, бірі жерде сипақтап тұрған Кемпірбай мен Отарға асықпай қарап шықты да: «Та-ак»,— деді.

Демек, бәрі түсінікті деген сөз.

Ол Орысбай мен Мүсірдің мәселесін келесі жұмада арнайы қарайтынын айтып, екеуін үйлеріне қайтарып жіберді, ал Кемпірбай мен Отардың мәселесінде біраз ойланып қалды. «Кінәнің бәрі сізден басталады екен, ақсақал,— деді ол. — Та-а-ак, штожы, актіні сонда да болса аудандық сотқа жібермей-ақ қояйық. Осында қалсын. Жолдастық сотта қараймыз».

Сонымен бәрі тарады.

Кемпірбай үйіне ашуланып қайтты. Терісіне сыймай күйіп келеді. Осындай қиналған кезде келе қоймайтын баласын боқтады, бітпей қойған оқуын боқтады. Ертең сақалы сапсиып жолдастық сотқа түсетінін ойлағанда жүрегіне запыран ұйып, өзегін намыс өртеді. Есіне Есқараның жазда айтқан: «Аспандағы айырпыланнан жердегі бір бау жоңышқам артық», — деген сөзі түсті.

Үйіне жеткен бетте қаладағы қызының осында оқып жүрген он бір жасар баласын ойнап жүрген жерінен шақырып алды да, посылканы да

аштырмай Киевтегі баласына хат жаздырды. Бұрынғыдай алыстан орағытып, амандық-саулық айтып жатпай-ақ тоқ етеріне бір-ақ көшті.

— Жаз, — деді ол немересіне зекіп. — Жаз! — Сөйтті де үнсіз қалды. Сақалын сипап біраз отырды да, сөз таппаған соң балаға дүрсе қоя берді. — Жаздың ба?

— Не деп жазайын?

— «Көке» деп жаз. Не деп жазайын дегені несі?

— Сіз оны көке демейсіз ғой...

Кемпірбай тосылып қалды да, оған дүрсе қоя берді.

— Е, демесем қайтеді екен! Енді соны «көке» деуім қалып еді!

Ол тағы ойланды. Немересі столға шынтағын тіреп, атасының аузын бағып үнсіз отыр. Көзінің қиығымен босаға жақтағы посылкаға ауық-ауық ұрлана қарап қояды. Ұзақ жол жүріп, ұзақ күткен посылка қол созым ғана жерде тұр! Осы сәтте балаға посылканы он күн күткеннен гөрі қашан бітері белгісіз мына хатты аяқтап, сыртына адресін жазып шығу әлдеқайда ұзақ, әлдеқайда ауыр сияқты көрінді.

— Жаз! — деді Кемпірбай кенет баласының қиялын посылка жәшігінің ішінен суырып ап. Жаз! «Аман-есен жүрсің бе, иттің күшігі?».

Жазсаңшы, нағып бақырайып қалдың? Аузымнан не шығады, бәрін жаз. Иә, болдың ба? Болсаң... іммм... — Посылка жаққа қарап, соның ішінен газетке ораулы сөз алып жатқандай біраз кібіртіктеп қалды. Жәшіктен көзін тайдырып, үйдің төбесіне қараған кезде аузынан ойламаған жерден: «Не салды екен», — деген сөз шығып кетті. «А, не дедім?» — деді ол немересінің алдында тағы да ыңғайсыз жайға түскенін бұл жолы амалсыз мойындап, — жазып қойғансың ба?

— Өзіңіз ғой, аузымнан не шықса., соның бәрін жаза бер деген...

— Өшір! Осы иттің баласы-ақ өлтіретін болды-ау адамды,— деді ол сонау Киевтегі баласын кінәлап. — Әй, Панзаркүл, нағып сенің тірлігің бітпей қойды, алып кет ана жәшікті,— деді ол дәлізде күйбендеп жүрген жазықсыз кемпірін жазғырып.

Шалының ашулы екенін үйге кірген бойда-ақ байқап, бұлар отырған жерден іргесін аулақ сап жүрген кемпірі жәшікті іліп алды да, лып етіп ізінше қайта шығып кетті.

— Иә, не дедік?

— «Аман-есен жүрсің бе, иттің күшігі?» дедік.

Шал немересінің қағазға қарамай-ақ, не жазғанын тақылдатып айтып бергеннен оның ішінде наразылық туғанын аңғарды да, бұл істі соза бергісі келмей. «Жаз!» — деді енді тоқталмаймын дегендей жөткірініп қойып. — Сен жүр, Киіпте ойнап-күліп. Қыдыр, ән сал, биле. Мен жүрейін бұл жақта күйіп-пісіп. Осы, сен өзің шынымен оқып жүрсің бе, бізді алдап жүрсің бе? Неғып бітпейтін оқу ол? Қапланбектің текнікүміне түс деп құдайдың зарын қылғанымда адам айдаса бармайтын жердің түбіне қаштың да кеттің. Айырпыланың бар болғырау, осында арба айдап, қасымда жүргенің дұрыс еді ғой. Ана Құрал көп болса сенен жеті-сегіз-ақ жас үлкен, Қапланбекті шала-шарпы бітіріп-ақ бір ауылды ұстап тұр. Адамды осындай кезде жетімсіретіп... Көрінгеннен сөз естіртіп...

Немересі атасының сөз айта алмай жұтынып қалғанын көріп: «Ата, сізді біреу ренжітті ме?» — деді шын жанашырлық үнмен.

— Жоқ, ә! Ары қарай жаз. — Ол бұрынғысынан бетер ызаланып, өршелене түсті. — Сен келгенше біз де бір жақты болатын шығармыз. Мені соттағалы жатыр, иә соттағалы.

Немересі жазуын кілт тоқтатып, атасының бетіне қарады да, оның шынымен қапаланып отырғанын көріп: «Ата-а-а!» — деп мойнынан құшақтай алды. Кемпірбай алыстағы баласына ашуланамын деп тереңдеңкіреп кеткенін аңғарса да сыр білдірмей:

— Тәйт әрі! — деді оны қолымен қағып. — Не мені жау алып барады дейсің бе? «Аташылын» бұлардың! Көрермін өскеннен кейін сені де, Киіп-Сиіп деп қаңғып кетерсің өз бетіңмен.

Немересі жыламсырап орнына қайта отырды.

— Болды, — деді Кемпірбай күтпеген жерден шолақ қайырып.

— Поселкенді алдық дей сал! Біттің бе?

— Иә... — Немересі мұрнын тартты.

— Бітсең, Отардың жәшігіне апарып салып кел! Немересі конвертке адресті ұзақ жазды. Атасының қасынан кеткісі келмеді. Тіпті, он күн бойы асыға күткен посылканың да енді қызығы қалмаған сияқты.

Ерте наурыздан қара күзге дейінгі жұмыс қалжыратып, он шақты күн бойы қимылсыз жатқан ауылдың бұйығы тыныштығы кенет бұзылып, төрт күннен кейін қолы бос жұрт дүрлігіп, шағын клубта өтетін жолдастық сотқа ағылды. Жылында өтетін бір жиналысқа клубтың жартысы да толмай, бөлімшенің белсенділері үйді-үйге кіріп, адамдарды тележкамен теріп әкелетін. Бұл жолы қара-құрым боп кетті. Ішке сыймай қалған сорайған мойын мен қолағаштай мұрын, адыраңдаған көз бен қалқиған құлақтар есік-терезеден анталап тұр. Кемпірбайдың жолдастық сотқа түсуі төртінші бөлімше үшін Нюрнберг процесінен бірде-бір кем болған жоқ. Шағын сахнадағы қызыл матамен жабылған ұзын стол, стол үстіндегі өмірі болмайтын су тола графин, қағаз-қаламдар мен электр шамының әдеттен тыс көз қаратпас жарығы, бәрі-бәрі де бүгінгі жолдастық соттың аса күрделі мәселені қарайтынын, оның барынша әділ, барынша қатал өтетінін айғақтай, клуб ішіне үрейлі тыныштық сеуіп тұр.

Көп ұзамай «процесс» басталып кетті. Сахнаға Кемпірбай шыққанда жұрт бір гу етті де, алдыңғы екі қатарды жайлаған құлағы ауырлау кемпір-шалдар көздеріне жас алды.

Жолдастық соттың председателі — жергілікті советтің депутаты, тауықшы Молдабай.

Мүшелері: Құрал — бөлімше меңгерушісі (жұмыстан қолы тимей әзірге келе алмай жатыр).

Өтеш — секретарь.

Көмешбай — зоотехник.

Әліқұл Тазабеков — колхозшы.

Қысқаша мінездеме: Тауықшы Молдабай — өз ісіне адал берілген, әділетсіздікке төзе алмайтын, ымырашылдыққа жанымен қарсы ежелгі колхозшы. Моральдық жағынан ұстамды. Атеист. Әсіресе ислам дінін жек көреді. Колхоз орталығындағы жалпы жиналыстың 1969, 1973, 1975, 1976 жылдардағы делегаты.

Меңгерушісі Құрал Отыншиев — 1972 жылдан бөлімше меңгерушісі. Осы бөлімшеде туып-өскен. Сарыағаштағы Қаптанбек зоотехникалық-малдәрігерлік техникумын іштей екі жыл оқып, алдыңғы жылы сырттай бітірді. Қабілетті ұйымдастырушы. Құлығы жоқ, ақ көңіл адал азамат. Былтырғы қуаңшылық жылы ауданнан келген уәкілдің: «қуаңшылыққа қарсы қандай шара қолданып жатырсың?»— деген сұрағына сасып қалып: «Екі рет тасаттық бердік»,— деген. 1968 жылдан КПСС мүшесі.

Өтеш Оймауытов — Шымкенттегі бір жылдық бухгалтерлер курсін бітірген. Бөлімшедегі жолдастық соттың негізін қалаушылардың бірі. Арақтың шаруашылыққа тигізер зияны бір жылда 121 мың 437 сом 74 тиын екенін дәл есептеп шығарғалы бері онымен жау боп кетті. Үйлену тойларының өзін де ішкіліксіз өткізу керек деген пікір таратып жүр. Осы пікірін азаматтық кодекстің бір пункті етіп енгізуін сұрап, Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне хат жазған. Әлі жауап жоқ. Диета сақтайды.

Көмешбай Жидебаев — зоотехник. Теориялық білімі болмағанымен жақсы практик. Колхоз малын ұрықтандыруда СЖК әдісін алғаш қолданғандардың бірі. Интернационалист, антифашист. Чили патриоттарына ынтымақтылық білдірген митинг кезінде сөз сөйлеп, түрмеде отырған Луйс Корволанға ақша салып жіберу керек деп үндеу таратқан. Бірақ, ақша салудың реті келмеді, өйткені Луйс Корволан митингіден бір күн бұрын Москваға біржола келіп қапты.

Әлікүл Тазабеков — колхоздың ежелгі мүшесі. Қара жұмыстың қайсысы болса да белсеніп кірісіп кетеді. Бөлімшедегі халықтық бақылау комитетінің председателі. Жұмысқа екі сағат кешігіп келгені үшін өткен жиналыста өзінің әйелін қатты сынға алған. Әдебиетті жақсы көреді. Бөлімшенің өмірін жырлайтын тарихи дастан жазып жүр деген қауесет бар. Қазіргі оқушы дәптермен 140 бет болыпты. Орыс

жазушыларын қатты құрметтейді. Бір баласының атын Мамин, екінші баласының атын Сибиряк қойған.

Жолдастық соттың мәжілісін Молдабай ашты. Колхоз бастығы Жаппарқұл мен бөлімше меңгерушісі Құралдың көреген басшылығының арқасында шаруашылық жылдан-жылға өркендеп, еңбеккерлердің табыстан-табысқа жетіп келе жатқандығын, мемлекетке шитті мақта тапсыру жоспары, осы екеуінің зор ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында орындалғанын, әркімнің түгін түтетіп, бала-шаға асырап, оларды оқытып отырғандары да осылардың қамқорлығы екенін жұлып-жұлып айтып шықты.

Тауықшы Молдабай почташы Отардың жолдастық сотқа жолдаған арызы мен актісін оқыды. Актіге «Құлағымызбен естідік», — деп екі адам қол қойыпты. Залға куәгерлер шақырылды. Куәгер ретінде Орысбай мен Мүсір кіріп келгенде Кемпірбайдың аузы аңқиып, көзі шекесіне шығып кетті.

— Сонымен, жолдас Байжігітов, — деді Молдабай түкке түсінбей отырған Кемпірбайға қарап. — Сіздің осы жылдың 27 ноябрі күні халыққа тұрмыстық қызметті онан әрі жақсартпа түсу мақсатымен кезекті сапармен орталықтан хат-хабар алып келе жатқан байланыс қызметкері Отар Төлемісовтің әкесін боқтағаныңыз рас па?

— Әй, оны менен неменесін сұрайсың? — деді Молдабайға сығырая қарап. — Ана екеуі «Рас құлағымызбен естідік», — деп жазып беріпті ғой. — Екеуіне көзі түскенде Кемпірбайдың арқасы қозып кетті. — Ойбай-ау, басқа басқа сендерге не жоқ-ей, а? Иттер-ау, екеуің мен үшін төбелесіп едіңдер ғой! Енді кеп «Боқтағанын құлағымызбен естідік», — деп жөні түзу адам бола қапты, түге! Өздерің үйде жатқанда құлақтарың машинада жатпаса, мен боқтап болғаннан кейін келіп едіңдер ғой. Мені емес, осылардың өзін соттау керек, осылардың өзін!

— Жолдас... Жолдас Байжігітов, — деді Молдабай оның сөзін бөліп. — Ол бөлек мәселе. Отар Төлемісовті боқтағаныңызды мойындайсыз ба?

— Жолдас, жолдас демей жоғалшы-ей, қу кетік! — деді Кемпірбай оған одырая қарап. — Қашаннан бері мен саған жолдас едім! Ал боқтадым! Әкесінің аузын боқтадым, ал! Боқтасам адамды, құрдасымды

боқтадым. Құдайдың киелі ораза айты күні тауықтарыңның әкешешесін түк қалдырмай сыпыртып боқтап жүр едің ғой алдыңгүні.

— Құдайды айтпаңыз. Осындағылардың көбісі коммунист, — деді атеист Молдабай.

Кемпірбай оған жеп жіберердей ұзақ қадалды.

— Әй, Молдабай, аузың қисайып қалады, байқап сөйле, білдің бе? Қамүнест болғанның жөні осылай екен деп бет алды былжырай берме.

Кемпірбайдің фактіге негізделген сөзі Молдабайдың беделін түсіріп кетті. Ол сонда да болса жеңіле салғысы келмей, ашу шақырып, әңгіме желісін ескі арнаға бұрды.

— Сонымен, боқтағаныңызды мойындайсыз ба? Бізге сол керек.

— Мойындаймын деп айттым ғой саған! Анау жағыңа жармасып тұрған құлақ па, жарғанат па? Боқтадым! Бәрі боқтайды. Тіпті, басқарма да, Құрал да боқтайды. Ешкімді боқтаған жоқпын деген адам орнынан тұрсыншы кәне? — Ол жұртқа қарады. — Қане, етегіне намаз оқитын қайсы бар? Айтыңдаршы!

Жұрт үндемеді.

— Әні, боқтайдындары рас. Енді кеп бәріңнің атыңнан мені соттамақсындар ма? Ал, соттаңдар, жабыңдар, айдаңдар! Соған бола жұртты жиып... Мына сенде бар ғой, Молдабай, тауықтың миындай ми жоқ!

Молдабай орнынан қалшылдап атып тұрды.

— Сіз... сен... жолдас... байқап сөйле! Мені кім деп тұрсың! Аяғыңды аспаннан келтіремін! Сен бақташы болғалы сиырлар да қағынып кетті. Оқалығы ұстап үй-үйді кезіп жүреді.

— Сен баққан тауықтардың да жетісіп жүргені шамалы. Жөндеп қарамағандықтан даланың бәрі жұмыртқа боп кетті. Қотыр боп, жүні түсіп, тұттай жалаңаш қалған тауықтарыңды бұршақ соғып, оларыңды кеңкелес боп айдалаға безіп кеткен жерінен былтыр бәріміз тележкамен жинаған жоқ па едік! Осы өңірде менің сиырларымнан

семіз сиырды көрсетші кәне! Адам деген өзіне келер сөзді білсе қайтеді екен, өй, қызталақ!

— Не дедіңіз?! — Молдабай құдықтан су тартып тұрған мотордай селкілдеп кетті.

— Не десем — сол!

— Сен... жолдас...

— Мен саған жолдас емеспін, далбасаламашы!

— Сен... сен... көлигансің, білдің бе? Колигансың!

— Өзің гулигән!

— Ал сен сиырларыңды қаңғытып, үйінде жататын арамтамақсың!

— Не дейді-ей мынау! Мен қашан арамтамақ болып едім. Өй, әкеңнің!..

Кемпірбай оған тұра ұмтылды. Жолдастық сот мүшелері мен арыз иесі Отар, куәгерлер Орысбай, Мүсір Кемпірбайды ұстап қалды.

Жұрт дабырлап, сахнада ойпаң-тойпаң боп жатқан кезде клубқа колхоздың бастығы мен Құрал кіріп келді де, өздерінің халық театрының ойынына кіргенін, немесе төртінші бөлімшенің клубына кіргенін түсіне алмай сілейіп тұрып қалды.

Жұрт сілтідей тынды. Сахнадағы сегіздің он алты көзі есік жақтағы екеуге жабысып, қатты да қалды.

Бастық кері шығып кетті. Соңынан бір елі қалмай бөлімше меңгерушісі де лып ете қалды.

— Бұл не? — деді ол кеңсеге келген соң Құралға ашуланып.

— Ім... Жолдастық сот еді...

— Ол неғылған жолдастық сот?

— «Осындай, да осындай».

Та-ак. Есінде болсын, мұндай нәрсені екінші рет маған хабарламай өткізуші болмаңдар, білдің бе? Жұртты орынсыз дүрліктіргенің үшін правление жиналысында жауап бересің. Бір-бірімен тіл тапқызып,

кешірім сұрата салудың орнына сот ұйымдастыруға жол ашқаның не?
Қазір бәрі тарасын да, активтер қалсын.

— Жарайды.

Жолдастық сот нәтижесіз аяқталды.

Қартайғанда масқара боп мәселесінің жолдастық сот деген бәледе қаралатын болғанына іштей қиналып, үйінен көңілі жасып шыққан Кемпірбай кешке қарай ат үстінде әндетіп келе жатты.

Колхоз бастығы он күннен кейін Москвада өтетін Бүкілодақтық мал шаруашылығы мамандарының конференциясына колхоз атынан екі делегат жіберу мәселесімен келіпті. Аудара қарап, ақтара тексеріп келгенде Кемпірбайдан лайықтысы болмай шықты. Сиыр баққан он бір жылдан бері екі-ақ мал өлген. Жоспарын орындамаған бір де жылы жоқ.

«Обал боп жүр екен, — деді бастық оның көрсеткіштерімен түгел танысып шыққан соң. — Осындай адамдарды неге байқамайсыз, неге еске салмайсыңдар! Бүгін кеп оны жолдастық сотта шырқыратып жатырсыңдар. Боқтаса боқтаған шығар. Еңбегі сіңген шал адамға кешіріммен қараған жөн. Ауданнан нұсқау түссе, оны орденге ұсыну керек. Документтерін дайындай бер».

Сонымен аудан ғана емес, бүкіл облыс көлемінде мемлекетке ет тапсыру жоспары бойынша үздік көрсеткішке қол жеткен колхоздың мал шаруашылығы мамандарының атынан Москваға бас зоотехник пен бақташы Кемпірбай аттанатын болды.

— Әй, кемпе-ер! — деді ол үйіне көңілдене кіріп. — Шалың делегат боп кетті ғой, делегат боп!

— Жайшылық па, байғұс-ау, ол несі тағы?

— Е-е, саған оны түсіну қайда-ау! Мәскеуге барам, Мәскеуге! Таңертең ғана «соттамақ» еді, енді делегат қылды.

— Көтек, онда не бар?

— Жиналыс бар, үлкен жиналыс. Бүткіл кеңес өкіметіндегі ең озат малшылардың жиналысы. Мал сояйық. Кісі шақырып қонақ етпесек болмас. «Жолыңды жу» деп жатыр жұрттар.

«Ей, га-гу, гә-гу, гә-ги, Гә-гу, гәк-кәй».

Ол әндетіп, сыртқа шығып кетті.

Еш нәрсеге жөнді түсінбей басы айналып қалған кемпірі сәлден соң ғана есін жиып:

— Мынаның дені сау емес шығар, — деді. — Сотталамыны несі, делегаты несі? — Әй, — деді шалының соңынан шығып. — Сонда, жиынға барасың ба?

Кемпірбай қорадан қара тұсақты шығарып, аяғын байлағалы жатыр екен.

— Иә, жиынға. Айдалып барады ғой деймісің енді!

— Сорлы-ау, орысша білмейсің, онда не түсінесің?

— Құрып кет әрі қылқылдамай. Орысша білмейсің дейді ғой маған барып. Өзің қарық қып жүрген шығарсың.

— Енді... менімен теңеспексің бе...

— Жоғал деймін ей, — деді ол жерге бір, кемпіріне бір қарап. — Үйбай, сөз жарыстырып келеді ғой мынау тегі. Немене, сол жаққа барып жатқандар менен ақылды дейсің бе? Бар, үйден қайрақты әкел!

Ымырт үйіріле бергенде Кемпірбай немересіне ертеңге кісі шақыру үшін ауылды аралатып жіберді. «Пәленшені, түгеншені», — деп саусағымен басып тұрып таптап айтып шықты. «Ура-а-а! атам Москваға баратын бопты», — деп айғайлап жүгіре жөнелген немересін қайта тоқтатып: — «Әй, ана қос тентек Орысбай мен Мүсірге де айта сал», — деді. «Мақұл. Отар ағама ше?» «Жарайды, о қызталақ та қалмасын».

Түннің біраз мезгілі өтіп, ауылдың алды жастыққа бас қоя бастағанда дастарқан басында Кемпірбай немересімен қуырдақ жеп, шай ішіп отырды, «Бүгін Молдабай байғұсты ренжітіп алдым-ау, — деді. —

Ертең басты соның алдына қояйық, қанша дегенмен ескі таныс қой. Бірақ, өзінде де бар итгің. Сондай кезде ақ жүрек боп, әкесін де танымай кетеді».

Күні бойы сарсылыстан қаны кеуіп қапты. Ыстық шайды аздап қана құйдырып, үнсіз сораптауға көшті.

Әлден соң санын сарт еткізіп: — Әйбүй!» — деді оқыстан. Кемпірі аузына апара жатқан шайын төгіп алды.

— Астапыралла! Не болды құдай-ау, жын ұрып кетті ме?

— Әлгі... әлгі хат! Хат ше?

— Қандай хат?

— Қап, әлде тәңір-ай! Ана бала келемін деп әуре болмаса болғаны.

— Неғылған бала?

— Әй, сорың құрғыр. Киіптегі баланы айтам да. Басқа жерде жасырып жүрген балам бар ма еді! Сапаржан, тұр, жүгір анау Отарға. Жәшіктен хатты алды ма екен, алмады ма екен. Қайдан ғана жаздыра қалып едім!

Немересі бәтіңкесін қоңылтаяқ сұға салып, далаға жүгіре шықты.

«Баланың мазасын неге аласың», — деп ұрысқан кемпірінің сөзін үнсіз тыңдап, кінәсін мойындап болған соң оның өзіне қарсы шыға бастаған шақта ентігіп немересі де кіріп келді.

— Не болды, жіберіп қойып па?

— Жоқ. Есінен шығып жүр екен. Ертең алып, өзімізге қайтып әкеп беретін болды.

— Ой, көсегең көгергір! Жақсы болды ғой. Ертең оның алдына асықты жілік қой. Қырсықтығы болмаса ақ көңілдігі бар өзінің.

Ол көңілденіп, шайға қайта ден қойды. Гүжілдеген самаурыннан көз алмай отырып: «Сонда, бұл сабаздың бес күннен бері жәшіктен хат алмағаны-ау!» — деді іштей. Сол ойға тірелуі мұң екен, Отардың «Халыққа тұрмыстық қызметін онан әрі жақсарта түсу мақсатымен» деген актідегі сөзі есіне оралып, кенеттен қарқылдап күліп жіберді.

— Көтек! Ойбай не болды! — деді кемпірі тағы да шайын төгіп алып.

— Адамды жынды қып бітетін болдың ғой. Мә, өзің құйып іш! — Ол шәйнекті шалына қарай ысырды да, немересін жетектеп, басқа бөлмеге кіріп кетті.

Кемпірбай олардың кеткенін елең қылған жоқ. Өз қиялына өзі мәз боп, күлімсірей отырып, шайға емін-еркін кірісті.

Ол Москваға барып келді. Тағы той жасады. Бұдан соң Молдабай, Есқара, Орысбай, Мүсір, Отар және жолдастық соттың мүшелері мал сойып, солардың үйінде кезек қонақ болды. Осы екі аралықта Есқараның ортаншы қызы көрші бөлімшедегі тракторшы жігітке күйеуге қашып кетіп, бұл ауылдың жігіттері ол ауылдың жігіттерімен төбелесіп, ақыры қайта татуласып, мәмлеге келді. Өткен жолы әйелі мен баласын Арысқа машинамен апарып салмақ болғаны үшін Отардың әкесіне қызып отырып қол қоя салғанын Орысбай көктемге салым мойындап, Кемпірбайды тағы да үйіне шақырды.

Сөйтіп, наурыз торғай келгенше ауыл дамыл тапқан жоқ. Көктем қайта шығып, төртінші бөлімше сол баяғы құрамымен жұмысқа қайта кірісіп кетті. Олар бұл жылды да табысты аяқтады.

Мемлекетке шитті мақта тапсыру — 133,4

Ет тапсыру — 148,9

Жүн — 119

Жұмыртқа — 121,5

Мал азығын дайындау — 142

Қайтадан қара күз келді. Ауыл әзірге тым-тырыс.

ЕСЕПШОТ, ТҮЙЕТАУЫҚ ЖӘНЕ ДОМИНО

Пістекүл өзін ауылдағы ең ажарлы, өжет, екі сөйлеу дегенді білмейтін және көзі ашықтығы жағынан өзгелерге қарағанда оқ бойы озық әйелмін деп санаушы еді. Өзі туралы мұндай берік байлам оның кеудесіне нан пісіріп, көшеге шыға қалса былайғы жұртты көзге ілмей, бойын тәкаппар ұстауға тырысатын-ды. Дәл осы мінезінің арқасында ол ауылдағы құрбы-құрдастарымен ғана емес, совхоздың бухгалтері, «туған» күйеуі Сопытаймен де жиі-жиі жүз шайқасып қала беретін. Сопытай болса бәз-баяғы мінезінен мысқал да ауытқымай, әйелінің ашу үстінде күйіп-піскеніне көңіл де аудармайды. Оның бұл немкетті күйін көргенде Пістекүл өз ашуына өзі тығылып, тұншығып өліп қала жаздайды. Міне, совхоздың экономикалық болашағы мен жылдық табыстары «балапан ашатын» Сопытайдың аядай бөлмесіне жаңа ғана ашу-ызамен кірген Пістекүл күйеуінің немқұрайды мінезіне тағы маңдай соғып, есеп-қисап кітаптарының ортасындағы шұңғыл креслоға сылқ түсіп отыра кетті. Сопытай кезекті айлық қорытындымен басы қатып, өзімен өзі бөлек автономия боп отырған.

«Бір мың сегіз жүз сексен бес, — деді ол күбірлеп. — Та-ак... Жеті мың сегіз жүз алпыс төрт. Он жеті мың үш жүз қырық алты. Міне, міне! Бұл жолы дұрыс шығатын түрі бар».

Пістекүл бұдан әрі төзе алмай бұрқ ете түсті.

— О, құдай-ай! Осының есепшотының үні өшетін күн бар ма екен! Тық-тық, тық-тық! Миды тесіп бітті әбден!

— А? Бірдеңе дедің бе? — деді күйеуі есепшоттан назарын аудармай.

— Дедім. Демегенде қайтпекпін!

— Не боп қалды?

— Не болушы еді! Болды, болатын іс!

— Не, біреулермен тағы ұрысып қалдың ба?

— Ұрысқан мен емес өздері. Осының бәріне сен кінәлісің, сен! Сенен жан баласы аяғын тартпайды, бәрі басынып алған. Егер сенен

жасқанатын болса, өстіп көрінгеннен сөз естіп жүрер ме ем?!

— Иә, олар саған нағыл деді?

— «Нағыл деді» деме, неғыл демеді де. Совхоз деректірінің, тіпті, анау управлайштің әйелінің бетіне қарап осы маңда бір адамның сөйлегенін көрдің бе? Жоқ! Ал маған, білдей бұғалдырдың әйеліне... айтпағандары қалмады. — Пістекүл сөзін әрең бітіріп, екі алақанымен бетін басты. Сопытай иығы селкілдеп, кәдімгідей жылап отырған әйеліне бір көз тастады да:

— Несі бар. Сен де айт, — деді шотты тық еткізіп.

— Енді айтпаймын, саған қырсыққанда ауыз ашсам нағыл деген екенсің, — деді ол үзік-үзік сөйлеп. — Саған әйеліңнің намысы соқыр тиын. Сен менің намысымның аяққа тапталып жатқанына пысықырмайсың да.

— Неге? Пысықырамын.

Пістекүл қолын түсіріп, күйеуінен әлдеқалай бір үміт күткендей оған қадала қарады.

— Онда... неге ара түспейсің?

— Есі жоқ, енді мені әйелдермен ұрыстырайын деп пе едің.

— Ұрыспа, — деді Пістекүл ақыл айта сөйлеп. — Оларға алыста жүріп-ақ қабарыңды төге біл. Төмен қарап, табан жолыңа үңілгенді қой. Қатал бол. Өткен жолы ана падашы Жолымбеттің әйеліне сыйлық ақша жаздырған сен екенсің ғой. Онда нең бар еді, а? Ол сенің қай екі туып бір қалғаның еді. Сол-сол екен, ол төбемізді ойып шыға келді. Сол әйелдің мені қалай тәлкек еткенін білесің бе өткен жолы? Білмейсің әрине! «Желөкпе» деді. Ал құлағыңа құйып ал!

Сопытай басын көтеріп, бір көзі шытынаған ескі көзілдірігін әйеліне қадады.

— Желөкпе?! — Ол кенет қарқылдап күліп жіберді. — Желөкпе! Қызық екен... Е-хе-хе...

Пістекүл демін ішіне тартып, сазарып отырып қалды.

— Сен... сен неңе жетісіп күлесің? Сорлы-ау, сенде намыс деген бар ма?
— деді орнынан тұрып, тұра оның бетіне үңіліп.

— Сол, күлетін болған соң күлемін, — деді күйеуі жайбарақат.

— Езсің! Намысың жоқ! Құдай-ай, енді не дерсің бұған! Сол қатынның мені қалай қорлағанын білесің бе?

— Бір мың төрт жүз... Жоқ, білмеймін.

— Осыдан үш күн бұрын, құдықтан су тартып жатқанымда... — Ол булығып, әрең сөйледі. — ...тартып жатқанымда, о бәле есегін жетектеп келді де... арам қатқыр есегі шелегімді иіскеді.

— Ештеңе емес. Шайып ала саласың ғой.

Пістекүл есі ауысқан адамдай тар бөлменің ішінде теңселіп кетті. Енді ол өз-өзінен күбірлеп, аспанға қарап, екі қолын жайып, тәңірге жалбарынғандай түсініксіз бірдеңелердің басын шата бастады.

Әу баста Сопытайдың осы момын мінезін ұнатып еді. Үстінен түйе жүріп өтсе де селт етпейтін жігіттің бар бітімі мен болмысы Пістекүлді қызықтырған да. Бертін келе, үйлі-баранды болған соң, жұртпен араласар кез туғанда шаңырақ иесінің қойдан жуас мінезі оны жалықтырып, бірте-бірте оның намысын оята бастады. Үй иесі момын болған соң, осы ауылдың итіне дейін бұлардың ауласына кіріп, шалдуар әйелдің ашу-ызасын келтірді. Өзге жұртқа бұлар сыйлаудан қалып бара жатқандай көрінді. Өзге әйелдердің, әсіресе, совхоз директорының, бас агрономның, бас зоотехниктің т.т. «бетке шығарлардың» әйелдерінің алдында үлкен беделге ие болып жүруіне күйеуінің ынжықтығы ғана кесір келтіретін сияқтанды. Ол үшін Сопытай бұдан гөрі қаталдау, қытымырлау, ашушандау болу керек. Пістекүл күйеуінің дауыс көтеріп біреу-міреуге ұрысқанын, зекігенін көргісі келді. Кім болса о болсын, — қарауылға ма, сауыншыға ма, ұсақ тиындарын қайтаруды ұмытып кеткен піркәншікке ме, әйтеуір біреуге ұрысса екен деп тіледі. Бірақ қас қылғандай Сопытай да өзгермей-ақ қойды. Қайта, күннен-күнге кейін кетіп бара жатқан секілді. Пістекүлді бұл намыс пен ашу-ызаның тұйығына тіреп, шайпаулығын өршіте түсті. «Шайып ала саласың», «Құдай-ау, әрине шайып ала аламын.

Бірақ мұның түп-төркінінде аяққа тапталған намыс жатқанын ол неге байқамайды?»

Кенет ол бөлменің қақ ортасына кеп, күйеуінен көз алмай қалшыып тұрып қалды. Сопытайдың жанары әлдеқандай белгісіз бір нүктені ішіп-жеп, ұшқын шашып, күлім қағып тұр екен. Еркектерде мұндай көзқарас Джорджононың «Ұйқыдағы Венера» атты картинасын, немесе әйтеуір бір жалаңаш әйелдің денесін көргенде пайда болады. «Есі дұрыс па мынаның? Тағы не пәле ойлап отыр, — деп Піstekүл шошына бастады. — Бәлкім, ақылы кіре бастаған шығар».

— Таптым! — деді Сопытай кенет айғай сап. — Таптым! — Оқыс дауыстан Піstekүл талып құлай жаздады. — Бәсе-е, сүрлем тасуға жұмсалған ақша есімнен шығып отыр екен ғой! Енді бәрі жөнге келді деген сөз. — Ол алақанын ысқылап, есепшотқа тың бір қажырмен кірісті.

Күйеуінің тарапынан не материалдық, не рухани көмек болмаған соң, әйелі бөлме ортасында ұзақ тұрып, ешкімнің көмегінсіз өзі есін жиды да, сыбысын білдірмей сыртқа шығып кетті.

Арада біраз күн өтіп, Піstekүлдің ашу-ызасы біршама ұмыт боп келе жатқан кез еді. Әдетте, бұрқ етпесе әйелдердің ашуы жазғы жаңбырдай өткінші келеді. Піstekүл де солардың қатарына жататын. Оның үстіне өткен жексенбіде Шымкенттен вокальды-инструментальды ансамбль кеп концерт қойып, бұл да директордың, бас агрономның, бас зоотехниктің әйелдерімен бірге бірінші қатарда қалып қойды. Концерттен шыққан соң, олар қатарласып жүріп отырып, қазіргі республикалық эстрадалық қозғалыс жайлы пікірлерін ортаға салды. Управлайштің әйелін есептемегенде олар төртеу еді. Піstekүл сол кезде шешіліп бір қоя берді дейсің. Ол халықаралық деңгейдегі белгілі боп келе жатқан «Бон и М», «АББА», «БАК — Қара» ансамбльдері жайлы сөз қозғап, бәрін өзінің аузына қаратты да қойды. Сол кезде физикадан сабақ беретін совхоз директорының әйелі ойламаған жерден Піstekүлді мақтап ала жөнелсін. «Қазіргі әйел — от басы, ошақ қасының адамы емес. Ол — адал жар, мейірімді ана, белсенді қоғам қайраткері. Сонымен бірге ол — қала мен ауыл мәдениетінің арасындағы алшақтықты жоюшы бірден-бір қозғаушы күш. Піstekүл — менің

ұғымымда сол деңгейден табылатын бүгінгі заманға лайық әйел», — деді.

Пістекүлдің кеудесін мақтаныш кернеп, аяғы жерге тимей кетті.

Сол қуаныштың табы әлі басыла қоймаған бір кеште даладан Сопытайдың қарқ-қарқ күлген дауысы естілді. Күйеуі сирек күлетін, әсіресе, қарқылдап күлу оның табиғатында жоқ еді. Қамыр илеп жатқан Пістекүл еңсесін көтеріп, назарын сыртқа бағыштап тұрған сәтте ішке Сопытай да кіріп келді. Күлкісі әлі басылмапты. Екі иығы селк-селк етеді.

— Ей, не болған, денің сау ма? — деді әйелінің көзі аларып.

— Сау, денім сау, — деді Сопытай қолымен ішін басып.

— Уһ, күлкіден ішегім үзіліп кетер ме екен!

— Айтсаңшы, неге мәз боп келесің?

— Міне, көр... Біз... өткен жолы... — Ол әйеліне бір парақ қағаз ұсынды.

Пістекүл қолының қамырын да сұртпестен күйеуінен қағазды жұлып алды. Өлең екен. Бар-жоғы бір-ақ шумақ.

«Әй, Пістекүл, Пістекүл.

Сен қылатын іс пе бұл?

Саған жақсы ат әпермес

Ұрыс деген түспегір».

Пістекүл жуған матадай боп-боз тұрып қалды. Әлгі бір көтеріңкі көңілдің күлі көкке ұшты. Оған бәрінен батқаны— өлеңнің мазмұны емес, өлеңді көшіріп жазып алған күйеуінің өз қолы еді.

— Мұны... қайдан алдың? — деді ол әрең тілге кеп.

— Балалардан. Қалай тез жетіп қалған!..

— Не?

— Өлеңді айтам.

— Болды, доғар! — Ол ашуға сыймай столды қойып қалғанда бірте-бірте бәсеңсіп келе жатқан Сопытайдың күлкісі кілт тыйылды. — Өзім көшіріп алдым де! Неткен ұят, неткен масқара!

Пістекүлдің көз алды бұлдырап, орындыққа барып отыра кетті де, еңіреп жылап жіберді. Қарсы бөлмеден жылаған баланың даусы естілді.

Сопытай не болғанын түсінбей аңырап тұрып қалды. Түкке тұрмайтын өлеңге бола әйелінің ебіл-дебіл боп жылағаны несі? «Бас-аяғы жып-жинақы жақсы өлең. Күлуге болады. Ал ол...»

Ол әйеліне жақындады.

— Ей, баланы емізсеңші.

Әйелі оның сөзін естімеді де.

— Баланы еміз деймін!

— Өзің, өзің еміз!

— Мен?.. Қалай?.. Немді емізем?

— Онда менің шаруам жоқ. Қалай емізсең солай еміз. Сопытай еңкейіп, оның бетіне үңілді.

— Ей, денің дұрыс па? — деді ол сыбырлап. — Неге жылап отырсың? Балалар шуылдап айтып жүр екен, жазып алдым. Онда тұрған не бар. Бәрі күледі, ал сен жылайсың. Бола ма екен сол...

— Баршы, баршы, шықшы үйден — деді әйелі жарыла жаздап.

Баланың жылауы күшейе түсті.

— Қазір, қазір, — деді Сопытай сасқалақтап. — Сүті қайда еді. Ә, міне таптым. Емізігі ше? — Ол жан-жағына көзбен шарлап тұрды да, «Желім» деген кішкене бөтелкенің аузына мұқият кигізіліп қойған емізікті жұлып алып, бала жылап жатқан бөлмеге қойып кетті.

Балаға тамақ беріп тыныштандырған Сопытай әйелі отырған бөлмеге қайта келді. Әлі жылауын тоқтатпаған әйеліне жаны ашыды. Оның көңілін жұбатар, ашуын тарқатып, жанына медеу болар жылы-жылы сөздер айтқысы келді. Бірақ ондай сөздерді қайдан табары, таба қалса

да қалай айтарын ойлап біраз басын қатырып тұрды ды, ақырын басып кеп, ертеңгі шай үстінде қалдырып кеткен есеп шотын алып, өз бөлмесіне білдірмей кіріп кетті. Келіп орындыққа. Отырды да, алдына цифр толы бір қағазды қойып алып, жайлап тастарды аударып бастады. «Жеті жүз сексен бір. Үш мың үш жүз отыз екі... Сегіз жүз тоқсан бір...»

Пістекүлдің шыдамы шегіне жетіп, ол бөлмеге кіріп келді.

— Байғұс есепші! — Ол Сопытайдың қолынан шотты жұлып алды. — Арсыз, намыссыз!

Сопытай «тоқтай тұр» дегендей қолын көтере беріп еді, әйелі оны алақанымен қағып жіберді.

— Осы мен саған кіммін, а? Мен сенің әйеліңмін бе, әлде күніңмін бе?

— Әйелімсің. — Сопытай бұл жолы өзіне төнген Пістекүлге көз тоқтатып қарады.

— Бәрібір, мен кетемін.

— Қайда?

— Төркініме.

— Неге?

— Мен енді сенімен тұрмаймын, білдің бе, тұрмаймын! Енді жетті ме жетене?! Құдай-ай, осының есепшоты қашан қурап қалар екен!

Сопытайдың көзілдірік ар жағындағы жанары жалт ете қалды. Сонан соң орнынан жайлап көтерілді де:

— Екінші қайтып мұндай сөзіңді естуші болмайын, — деді ежелей сөйлеп. — Ол — менің наным, кәсібім, оған тіл тигізуге ешкімнің қақысы жоқ. Сенің де!

— Онда өзің біл. Мен кеттім. Қал есепшотыңды құшақтап. Ол бөлмеден атып шығып, есікті сарт жапты.

— Пістекүл! — деді Сопытай оның соңынан айғайлап. — Ақымақ болма, қайт кейін. Ертең Арысқа жүрем. Көйлек... таза көйлек керек.

Есеп беруге барам... — Барлық мәселе осымен шешілді деп ойлаған Сопытай жұмысына қайта кірісті.

— Та-ак... Сегіз жүз тоқсан бір. Бес жүз алпыс екі...

Пістекүл сол күні кешке көрші совхозда тұратын ағасының үйінен бірақ шықты. Ағасы әлі жұмыстан келмеген екен. Жеңгесі Қаршығаға болған жайды түгел айтып берді.

— Им-м, солай де, — деді Қаршыға күрсініп. — Жақсы емес екен.

— Солай. Одан арыға төзе алмадым.

— Тентек болма, қайтып бар. Ұялсаң өзім-ақ апарып саламын. Бірің — әке, бірің — шеше болған кезде бұларың қалай? Құдай берген мінезі болса қайтесің, ар жағында жамандығы жоқ болса болды ғой.

— Енді сендер де мені сыпайылап қуайын дедіңдер ме? — деді Пістекүл ашу шақыруға ыңғайланып.

— Қит етсе төркінге қашу деген не ол? Масқара емес пе? Егер ағаңның қылығына орай тірлік етсем, әлдеқашан жесір боп отырар едім. Көп ұзамай ағаң келеді. Берер ақылым, — ол келмей тұрғанда көзінді құрт.

— Келсе келсін. Бәрін айтам. Қарындас намысы қымбат болмаса өзі білсін. Немесе анау ынжықты барып есепшотын қиратып, көзін ашып қайтсын.

Әуелгіде қоңыр дауыспен басталған жай әңгіме бірте-бірте екпін алып қыза түсті де, аяғы өзінікін жөн деген қызыл өңеш дауға айналды. Бұл даудың аяғы немен бітетіні бір құдайға ғана аян боп өршіп-ақ келе жатыр еді, дәл осы кезде алдына арбасын сүйреткен «Беларусь» арылдап кеп тоқтай қалды да, құдыққа құлап кеткендей бірден өше қалды.

— Қарны аш екен, — деді Қаршыға дауысын бірден өзгертіп. Сөйтті де, стол үстін қайта жабдықтауға кірісіп кетті.

Сәлден соң ұстындай ұзын, тұтқыштай қара, апиыншыдай арық, көзі шөлдің құдығындай терең, екі құлағы сыпырадай қалқиған, жылқы

тісті Ботбай кіріп келді. Ол кіріп келгенде солярка мен жүгері сабағының, күн мен сүрлемнің, тер мен шаңның — қысқасы, бүгін немен айналысса соның бәрінің исі үй ішін алып кетті. Ол қарындасын көрген бетте сойған түлкідей ыржиып күлді.

— Өй, Пістеш! Алтыным, қайдан жүрсің! — деді оған қарай құшағын жая ұмтылып.

Үйреншікті амандық-саулық сұраудың, жайраңдап еркелеудің орнына бұл қарындасы жыларман халде бұрылып, мойнына кеп асыла кетті де, жас баладай солқылдап қоя берді.

— Қыдырып кепті, қайдан келуші еді, — деді Қаршыға. Пістекүл үшін жауап беріп.

— Өнеукүні ғана келіп кетіп еді ғой, — деді Ботбай кеудесінде жатқан қарындасының шашынан сипап, — Өй, Пісте! — Ағасы оның жылап тұрғанын енді байқап, не істерін білмей табан асты абдырап қалды. — Неге жылап тұрсың, а? Қане, айтшы маған бәрін, кім де болса қабырғаларын қаусатып қапқа сап берейін. Қане, айта ғой, — Ағасының еркелете сөйлеген үнінен қарындасының ет жүрегі елжіреп, жылауы үдей түсті.

— Мен... мен... енді ол жаққа бармаймын.

Түкке түсіне алмаған Ботбай аңырып әйеліне қарады.

— Иә, солай, — деді Қаршыға күрсініп, — сүйтеді. Бармайды.

— Не дейді, не дейді! Қане, жөндеп айтшы. — Ботбай қарындасына орындық қойып, өзі оған қарама-қарсы орналасты.

— Не, ол сені ұрды ма?

— Жоқ...

— Боқтады ма?

Ол басын шайқады. Ботбай шарасыз адамның кейпімен иығын қозғады.

— Ім-м... Ұрмаса, боқтамаса...

— Есеп... — деп күбірледі! Пістекүл, — есепшот...

— Есепшот?!

— Иә... Былай... — Қарындасы күйеуінің шот қаққанын салып, қолын ары-бері қозғалтты. — Азаннан кешке дейін кештен таңға дейін. Тық-тық, тық-тық.

Ботбай мен Қаршыға бір-біріне қарады.

— Мейлі қаға берсін, — деді ағасы бірінші тілге келіп. — Онда сенің шаруаң қанша?

— Миымды жеп бітті.

— Ал сен басқа бөлмеге кір де, есігіңді тас қып жауып ал. Сонда түк те естімейсің.

— Сопытайға ебін тауып резеңке есепшот жасап беру керек, содан дауасы жоқ, — деп Қаршыға бір бүйірден Америка аша қойды, Ботбай қуанғаннан айғаилап жіберді.

— Идея! «Беларусьтің» ескі доңғалағынан мен оған қатырып тұрып есепшот жасап берейін! Жатсын шоттың дауысын өзі де ести алмай.

— Жоқ, жоқ! — деп Пістекүл ызаға булықты. — Сендер түкті де түсінбей тұрсындар!

— Не түсінбейтіні бар, — деді Ботбай қарындасына сұраулы пішінде қарап. — Байғұс, тіпті боқтамапты да, Қаршыға, «Беларусьті» от алдыршы. Тележкамен апарып тастайық.

— Немене?! Тележка! Құдай-ау, неткен адамсындар бәрің, түйсік деген бола ма сендерде! Ол мені адам ғұрлы көрмейді. Мен үйде бармын ба, жоқпын ба оған бәрібір. Жұрт мен жайлы өлең шығарып, масқара ғып жатса да селт етпейді.

— Өлең? — деді Ботбай таңданып.

— Иә. Мазак өлең!

— Ім-м., Өлең... өлең. Қызық екен, есінде болса айтып көрші.

Пістекүл ызаланып тұрып бір шумақ өлеңді тақылдатып оқып шықты. Ботбай мен Қаршыға от тиген дәрідей жарыла күлді. Пістекүл

үрейленіп, екеуіне кезек-кезек қарады.

— Тоқтатындар күлкіні! Кеңкелестер өңшең! Сендер күліңдер, мен жылайын! — Ол аяғымен жер тепті.

— Жоқ, — деді Ботбай күлкісін әрең тежеп. — Менің таңғалып тұрғаным өлеңнің өзі емес, оның сендер жаққа қалай тез жеткені. Пістекүл өз құлағына сенерін де, сенбесін де білмеді.

— Сонда... сон... сендер де білесіңдер ме ол жайлы? Әңгімеге байыпты үнмен Қаршыға араласты.

— Өткен жолы ол өлеңді ағанның өзі шығарған.

— Қалай, қалай?

— Солай. Сол жолы Сопытай маған өлең шығарды, ал сенің ағаң оның әйеліне өлең шығарды.

Пістекүлдің көз алды теңселіп кетті.

— Жетіскен екенсіңдер! Жеттім деңдер соған да! Бәріңде ар, намыс деген жоқ. Кетемін, кетемін бұл үйден, бір минут та тұрмаймын. — Ол есі ауысқан адамдай апыл-ғұпыл заттарын жинай бастады.

— Қайда? — деді ағасы.

— Әжемнің үйіне.

Ботбай сәл мүдіріп қалды да, түкірігіне шашалғандай үзік-үзік тіл қатты.

— Шынын айтсам... менің әйеліме арналған өлеңді әжем шығарған. Әйтпесе, Сопытайда қандай ақындық болсын...

Пістекүлдің жанары мұнартып, тұла бойы ызадан қалшылдап, теңселе басып барды да, кереуетке гүрс етіп құлап түсті.

Ботбай мен Қаршыға бір-бірінен көз алмай, енді не істерін білмей дал болып тұрғанда сыртқы есік айқара ашылып, ішке Сопытай кіріп келді.

— Кеш жарық! — деді ол сыпайы ғана жымыып.

— Ешкің арық! Оу, қайдан жүрсің? — деді Ботбай таңданып.

Сопытайдың ойда жоқта кіріп келіп, әлгі бір тұйықтан алып шыққанына. Ботбай қуанып қалды.

— Ой, келгенің жақсы болды, төрлет! — деді ол оған жұмсақ орындық қойып. — Қалай, үй-ішің аман ба?

— Олар осында ғой.

— Ә-ә, олар осында екен ғой. Әні, әйелің... қарындасымыз... осында. Жатыр. Жылап жатыр ғой деймін. Қаршыға, жүгір тұйетауық сой. Ащылап қуырдақ жаса. Біз Сопытай екеуміз домино ойнап жіберейік.

Олар әп-сәтте стол басына жайғасты.

— Қаладан жаңасын әкелдім, — деді Сопытай. — Піл сүйегінен жасалған, аппақ доминоларды стол үстіне сау еткізді.

Ботбайдың аузы аңқиып кетті.

— Мәс-са-ға-ан! — деді ол есін жинаған соң. — Мынадай доминомен бір жеті ойнасаң да жалықпассың. Жарайсың. Сопытай, жарайсың! Ал қане, бастап жіберейік. Бірақ сен езіп көп ойланба?

— Әрине, әрине. Тракторың неғып есік алдында тұр?

— Жай. Бүгіннен бастап сүрлемге шықтым. Көң тасуға қарағанда таза жұмыс.

— Дұрыс. Қанша? Төрт те бес пе? Ал жүрдім. Кезек сіздікі.

— Ә-ә, қу бала. «Балық» жасамақсың, ә!..

Бірнеше минут өткен соң, Ботбайдың жағдайы қиындады. Ол жерден бірнеше рет тас алып, төртінші тасты алғанда ғана керекті санға ілікті.

— Ал жүр, — деді ол қызарақтап.

Сопытай ойланбастан «ашық» қанатты қайта жапты.

— Тағы ма?! — деді Ботбай ашуланып. — Сен бар ғой, сен барып тұрған қусың!

— Сабыр сақтап ойнаңыз. Жеке басқа тиісуге болмайды. Мәдениет керек, мәдениет.

— Мен — мәдениетсізбін, өйткені айдайтыным трактор, ал сен — мәдениеттісің, өйткені қағатының есепшот, бұғалтырсың, сол ма айтайын дегенің?

— Ой, лағып кеттіңіз, — деді ол жайбарақат жауап беріп. — Ал жүріс сіздікі.

— Жүрмеймін.

— Неге?

— Сол, жүрмеймін.

— Онда ұтылдың.

— Тапқан екенсің ақымақты!

— Онда жүр.

— Ал жүрмеймін.

— Онда ұтылдың.

— Ұтылғам жоқ.

— Онда жүр.

— Жүрмеймін.

— Енді не істейміз?

— Өзің жүр.

— Екі рет жүремін бе?

Ботбай орнынан тұрды.

— Бар ғой, — деді ол ызалы үнмен, сенің бар ғой, мына шілмиіп тұрған мойныңды шібидің мойнындай жұлып аламын да, терезеден лақтырып жіберемін. Немене, «жүр де жүр», «ұтылдың да ұтылдың!» Басқа сөз құрып қалды ма?

— Әрине, басқа сөз көп. Бірақ оның бәрін неменеге айта берем. Айтпақшы әлгі түйетауықты кім сояды?

— Ол қандай түйетауық?

— Әлгі... Жаңа ғана өзің айтқан жоқсың ба?

— Айтсам қайтушы еді! Давай, одан да жүрісінді біл.

— Жарайды, — деді Сопытай оңай келісіп. — Ал жүріңіз. Ботбай тізіліп жатқан домино тастарына ұзақ үңіліп отырды да, қайтадан ашулана бастады.

— Иттен жаралған, — деді ол не айтқанын өзі де байқамай.

— Боқтамаңыз, — деді Сопытай ескерту жасап.

— Сені емес, тасты боқтап отырмын.

— Тас — менікі. Демек, қосақ арасында мен де кетем. Бірақ бәрібір — ойын бітті. «Рыба!»

Ботбай жылап жібере жаздады.

— Қайта ойнайық, — деді ол домино тастарын асығыс араластырып.

Ойынның екінші раунды басталды. Біраз уақыт өткен соң Ботбай қайтадан ұтыла бастады.

— Тағы жапты! — деді Ботбай жағдайды байқаған соң терісіне сыймай.

— Өтеңе нәлет!

— Боқтамаңыз, — деді Сопытай екінші рет ескерту жасап. Оның жайбарақат қалпы Ботбайдың жынын қоздыра түсті.

— Шошқаның ғана доминосы!

— Тағы айтам, арға тимеңіз, — деді Сопытай ұстамдылық сақтап.

— Сенің арыңа тиген ешкім жоқ!

— Жаңа не айттыңыз?

— Боқтасам, шошқаны боқтадым.

— Т Пошқя да құдайдың мақұлығы, — деді Сопытай салмақты үнмен.

— Ол да өзіміз сияқты жануар.

Ботбай орнынан атып тұрды.

— Немене, немене? Шошқа да өзіміз сияқты жануар?

— Әлбетте.

— Демек, мен де шошқа сияқты мақұлықпын ба?

— Кім білсін, — деді Сопытай иығын қозғап. — Әйтеуір, бәріміздің бір мақұлық екеніміз аян. Бірақ бірімізді шошқа деп, екіншімізді адам деп атап кеткенбіз. Бар айырмашылық сонда ғана.

Ботбай бұдан әрі тәжікелесе беруді қажетсіз деп тауып, оны бүркіттей бас салды. Бірін-бірі аямас, бітімсіз, ымырасыз айқас басталды да кетті.

— Шошқашылын мұның! Шошқа болғың келсе өзің бол, менде нең бар, а! Ой, сүмелек, ынжық! Көрсетейін саған шошқа болуды!

Адырдың сексеуіліндей Ботбай арық жағасында өскен жалбыздай Сопытайды жаман шапандай сілкіледі. Жанжал ә деп басталғаннан көзінің жасын тыйып, оларға таң-тамаша боп қарап отырған Пістекүл бұл екеуі ұмар-жұмар алысып кеткенде, «өз басының қайғысын» біржола ұмытып, шырылдап кеп араша түсті.

— Естерің дұрыс па, не болған сендерге! — Сол кезде барлық илеуге қарсылықсыз көніп, Ботбайдың астында бейғам жатқан күйеуінің көзіне көзі түсті де, намысы бұрқ ете қалды. — Сені де еркек дейді-ау, неменеге мәз боп жайбарақат жатырсың! Тұр былай!

— Қайтіп? — деді Сопытай ақыл сұрап. Ботбайдың оны жуық арада босататын түрі байқалмайды.

Ұрып жатыр, илеп жатыр, мыжғылап жатыр.

— Ботбай, жалынамын жіберші. Өлтіретін болдың ғой байғұсты! — деді Пістекүл оның жауырынына жабысып.

— Аулақ! — деді Ботбай оны сілкілеп тастап. — Шырылдай қалуын қарашы!.. Түйетауық! Түйетауық жегісі келеді тағы. Жегізермін мен саған. Өзіңнен чахохбили жасайын!

Осы кезде маңдайынан терін сүртіп, түйетауық қуып шаршаған Қаршыға кіріп келді.

— Әрең ұстасам болар ма? Ботбай, түйетауықты қайсысың соясындар? Ей!.. — деді ол киіздің шаңын көтеріп алысып кеткен екеуіне үрейлене

қарап. — Мыналар төбелесіп жатыр ма, немене?

— Иә, — деді Пістекүл дірілдей жауап беріп.

— Ал сен неғып тұрсың?

Екі әйел екі жақтап жүріп екеуін әрең ажыратты. Екі доминошы орындарынан тұрып, қағып-сілкіне бастады. Көп қайрат жұмсаған Ботбай екі иығынан демалып болдырып тұр, ал тыныш жатқан Сопытай ұйықтап тұрғандай тып-тың.

— Тентек көбелектей жалп-жалп етіп саған не жоқ, ә? — деді Ботбай қарындасына алқына қарап.

— Ол... ол... сені ғана емес, өзін де шошқа деді ғой...

— Десін! Шошқа болмақ түгілі өзін есек десін, қоңыз десін, кесіртке, жылан, құрт-құмырсқа, маса-шіркей, бақа-шаян десін. Бірақ мені қоспасын.

— Енді... солардың біреуіне тоқтау керек қой — деді Сопытай терезеге қарап.

— Әне, әне! Есітіндер ме не дегенін?! Өй, мен сені қазір!.. — Ол орнынан ұшып тұра беріп еді, екі әйел әке-көкелеп қайта отырғызды.

Қаршыға Сопытайға жақындады.

— Айналайын, құлдығың кетейін, үйіңе қайтшы. Сен де сүттен ақ, судан таза емессің.

Сопытай Қаршығаға «солай ма?» дегендей біраз қарап тұрды да, көзілдірігін бір ырғап, үн-түнсіз есікке қарай беттеді.

— Ал... Түйетауық ше? — деді ол жалпыға ортақ сауал тастап.

— Есік алдында байлаулы тұр, алып кет, — деді Қаршыға.

— Оңбаған! Намыссыз! — деп Ботбай күйіп кетіп жерге бір түкірді.

— Жо-жоқ! — деп Пістекүл кенет айғайлап жіберді. — Ол ондай емес!

— А-а, солай ма! — деді Ботбай қарындасына алара қарап. — Өзің едің ғой сөзді бірінші бастаған. Сол үшін ажырасқалы келіп отырған

жоқсың ба?

— Жоқ, — деді ол күмілжіп. — Ол жақсы адам...

— Солай дендер! Демек, ол саған менен гөрі жақын болған екен ғой. Ендеше, батырыңдар қараларыңды! Көрінбе көзіме! — Ол аюдай ақырып, жер тепкенде екеуі де есікке қарай жылыстай бастады. Табалдырықтан аттай бергенде Ботбайдың әмірлі дауысы қайта естілді.

— Пістекүл! Тоқта! Тележкамен өзім апарамын, әзірге мынамен бірге өлсем де жібермеймін!

Есік алдында аз-кем аялдады да, Сопытай шығып кетті.

— Ей, түйетауыққа тиюші болма! — деді Ботбай оның соңынан айғайлап.

Ертесіне кешқұрым Сопытай үйінде жападан-жалғыз шот қағып отырды. Есепшоттың әрбір тықылы, дәлірек айтқанда, сол есепшотты тықылдатып отырған өз саусақтары совхоздың бүкіл болашақ игілігін жасап отырғандай сезініп, сол сезінуден ол өзге дүниенің бәрін ұмытып кеткендей еді. Алдындағы жұмысқа қызу да алаңсыз беріліп кеткендігі соншалық, алакеуім шақта үйге еніп, өзіне бір бұрыштан қимылсыз қарап тұрған екі әйелді де байқамады.

Арада бернеше сағат өткен соң Сопытай, Пістекүл және Қаршыға үшеуі шайды асықпай ішіп отырды. Сопытай үшін бұл екі әйелдің кештетіп жетіп келуі анау айтқан оқыс жаңалықтай көріне қоймады. Тіпті, ол бұлардың немен, қалай келгенін де сұрап жатуды ойлаған жоқ. Үй иесінің мұндай немқұрайдылығы әрқашан сауысқандай сақ әйел көңілінің ретін тауып, шешіле кетуіне жол бермеді. Сондықтан да Қаршыға бұл үйге неге келгенін, күйеуімен неге жүз шайысып қалғанын, жүз шайысуға себеп болған баяғы сол түйетауық екенін де айта алмады. Түйетауықты Пістекүлден беріп жіберейік деген Қаршығаның сөзіне Ботбай шалқасынан түскенін, екеуінің жанжалдасқанын, сол жанжал ақыры екеуін маршрутты автобустан бірақ шығарғаны жайлы да сөз қозғай алмады.

Олар үнсіз ішілген көңілсіз шайды аяқтай бергенде даладан «Беларусьтің» дарылдағаны естілді.

— Ботбай келді-ау деймін, — деді Пістекүл көңіл аударарлық бір нәрсенің табылғанына қуанып.

— Келсе қайтемін, — деді Қаршыға терезеден теріс айналып. — Бәрібір онымен бірге кетпеймін.

Үйге Ботбай кіріп келді. Ұстындай ұзын, тұтқыштай қара, апиыншыдай арық, үстінен солярка мен сүрлем иісі аңқыған баяғы жылқы тіс Ботбай.

— Кеш жарық! — деді ол көңілді дауыспен. Әйелдер жағы жапырыла теріс айналып, Сопытай ғана қуаныш білдірді.

— О-ау, ешкің арық! Төрлет, төрлет! Кештетіп қайдан жүрсің? Иә, үйішің аман ба?

— Құдайға шүкір! Айтпақшы олар осында ғой.

— Ә-ә, иә, иә. Осында. Бұлар да жаңа әзірде ғана келді. Шешін! Не жаңалық бар?

— Ешқандай, — деді ол Сопытай қойған жұмсақ орындыққа отырып жатып. — Саған... төрт түйетауық әкелдім. Тележкада тұр. Пістекүл, барып түсіріп алшы. Әйтпесе, сайтан алғырлар бет-бетімен бытырап кетіп жүрер. Ал, бала, — деді ол қайтадан Сопытайға бұрылып. — Мен саған резеңке есепшот пен резеңке домино әкелдім. Кешеден бері бітіргенім сол болды. Сен ондай нәрсені түсіңде де көрген жоқсың. Өзім жасадым. «Беларусьтің» доңғалағынан! Столды таңның атысы, күннің батысы демей соға бер, бір де бір дыбыс естілмейді. Міне, көр!

Ол әлдеқалай бір резеңке сандықшадан резеңке есепшотты алып оң жағына қойды да, резеңке домино «тастарын» дүрілдетіп стол үстіне төкті.

Сопытай таңданғаннан бірнеше секундқа тілін жұтып қойды.

— Мәс-саға-ан! — деді ол есін жиған соң. — Ғажап! Жарайсың, Ботбай! Құдай аман қойса қайнағамның қолынан бір күні резеңке ет жейтін шығармын! Ал ойнап жібереміз бе?

Ботбай бір сөзге келместен резеңке доминоны араластыра бастады. Ойын басталып кетті. Ұмыт қалған әйелдер бір-бір күрсінді де, үй

тіршілігіне кірісіп кетті.

Біраздан соң Ботбай ұтыла бастады.

— Вообщем, резіңкенің аты резіңке, — деді ол өзімен-өзі айтысқандай басын шайқап.

Енді бірнеше минуттан соң оған жеңіліс қаупі төне бастады.

— Нәлет! Резеңкені айтам, — деді ол сол сәтте-ақ өз сөзіне түсінік беріп.

— Резеңкенің бұл жерде кінәсі жоқ, — деп Сопытай да пікір білдіріп қойды.

— Сонда кінә неде?

— «Неде» емес, «кімде» деу керек.

— Сен жұртқа ақыл айтпай ойна.

— Мен ақыл айтқам жоқ.

— Айттың! — Ботбай абайсызда столды соғып қалды.

— Столды соқпай ойнаңыз, — деді Сопытай ақырын ескерту жасап.

— Соқса

— Немене, сенің столың шиша ма еді?

— Әрине, шиша емес. Ойнаған кезде ұтыла да білу керек дегенім ғой. Ал жүр.

— Ей, сен неге дікендейсің? Немене, ылғи де сен ұта беруің керек пе?

— Ұтсам, жақсы ойнайтын шығармын.

— Не-ме-не? Мына сен бе жақсы ойнайтын?! Ал жүре ғой!

Сопытай ойланбастан жүріп тастады.

Пістекүл, түйетауықтарды түсірдің бе? — деді Сопытай жеңіп отырған адамның бейғам дауысымен.

Берермін саған түйетауықты! — деді Ботбай кіжініп. — Қаршыға, түсірткізбе! Көрінгенге ұстата беретін түйетауығым жоқ. Өзің тез

жинал, кетеміз.

— Мен... мен... кетпеймін, — деді Қаршыға. зорлана сыбырлап. — Өзің жүре бер...

— Ей, бол тез! Әйтпесе, аяғыңнан ұстаймын да, тележкадағы түйетауықтардың арасына лақтырып жіберемін, білдің бе?

Күйеуінің қаһарынан қаймыққан Қаршыға амалсыз жинала бастады. Кенет Ботбай домино тастарының екі жағына кезек-кезек ұзақ қарап отырды да, қуаныштан айғайлап жіберді.

— Ал, бала, қане, жүріп көр!

Сопытай стол үстіндегі жағдайдың үмітсіз екеніне көзі жетіп, сұрланып сала берді.

— Рыба! — деді Ботбай үйді басына көтере қарқылдап.

— Қаршыға, Пістекүл, шай қойсаңдаршы! Бұл үй дәм татыра ма, жоқ па!

— І-і... Жүрмейміз бе? — деді Қаршыға жасқана тіл қатып.

— Жоқ! Кейінірек. Түйетауықты түсіре беріңдер. Қалай, бала, тағы ойнап жібереміз бе? — Ол Сопытайға күлімсіреп қарады.

Сопытай орындығын столға жақындатып, домино тастарын асығыс араластыра бастады.

«КОНФРОНТАЦИЯ»

Ережеп пен Елеместің арасындағы бірнеше жыл бойы пісуі жетіп, иі қанған төбелес 1986 жылдың жетінші сентябрінде, жексенбі күні, жергілікті уақыт он сегіз отыз бесте бұрқ ете түсті. Сырт қарағанда бұл төбелес табан асты басталғандай көрінуі мүмкін, ал іштей қарағанда оның шығуы заңды еді: екеуінің арасындағы қырғиқабақ қарым-қатынас барған сайын ушығып, бір-біріне тұра ұмтылуға қолайлы сәт қана жетпей жүрген. Сол «қолайлы» сәт бүгін туды. Әрине, Ережеп

үшін оның дәл бүгін тумағаны керек-ақ еді, амал қанша, жағдай соны талап етті. Бүгін ол автобус аялдамасына қарай...

Жұртқа түсінікті болуы үшін басынан бастап айтайықшы.

Осыдан бірнеше жыл бұрын, тіпті, баяғы заманда деп айтуға болады, Ережеп қатты аварияға түсіп, аузындағы алты тісін сындырып алды. Алты тіс кеткен соң ауыз болмай, қасқырдың ескі ініндей үңірейіп қалады екен. Сол үңірейген ауызбен ол бір жыл жүрді. Бір жыл ішінде құрдастарынан естімеген сөзі қалмады, тіпті, «апан ауыз» деп балалар да мазақтайтынды шығарды. Мазақ өз алдына ғой, бұл жұрт алдында не күле алмай, не сөйлей алмай, не мейірленіп ас іше алмай қор болды. Темір тіс салдыруға арланды, алтыннан салдыруға ақша жоқ, үндемей жұмысын істей берді. Бір жылдың ішінде озаттар қатарына қосылды да, сол жылдың күзінде аудандық партия конференциясында сөз сөйлейтін боп шықты. Конференцияға бес күн қалғанда, совхоз директорының есіне Ережептің алты бірдей тісі жоқ екені түсіп, отырған орнынан атып тұрды.

— Масқара! Енді қайттік? — деді ол парторг пен рабочкомға кезек қарап.

— Өзін шақыртып сөйлесейік, — деді парторг.

— Шақырғанда не дейміз? — деп қолын жайды рабочком.

— Қап! Тісі бүтін басқа адам таппағандай... Бірдеңе жасауға болмай ма?

— Не жасаймыз?..

— Не жасаймызы несі, бір шара қолдану керек қой. Аузын апандай ғып ауданға оны қалай жібереміз? Сөйлеген сөзін кім түсінеді оның?

— Орнына соған ұқсастау біреуді жіберейік, — деп рабочком күңк етіп көріп еді, директор оны жеп жіберердей ата қарады.

— Ой, сіз де қайдағыны шығарасыз да жүресіз? — деді директор қолын сілтеп. — Өзіміздің зубник қайда?

— Алматыдағы стоматологтардың жиналысына кеткен.

— Қашан келеді?

— Білмеймін... білмейміз, бүгін ғана кетті ғой, қазір жолда бара жатыр,
— деді парторг нақты жауап беріп.

— Қап, таза масқара болдық-ау. Шақырындар ана Ережепті, не ойлағаны бар екен, сөйлесіп көрейік.

Жарты сағаттың ішінде Ережеп кеңсеге жеткізілді. Ол бұрыштағы орындыққа жайғасты.

— Конференцияға дайындық қалай? — деді директор қолға түскен ұрымен сөйлескендей оған ашулы түрде ажырая қарап.

Ережеп үндемеді.

— Естіп отырсың ба, дайындық қалай деймін?

Ол тағы үндемеді.

— Тілің бар ма, айтсаңшы! — деп директор столды бір қойғанда барып Ережеп шошып оянғандай селт етіп:

— Дзақсы, — деді. Бұл сөзді айтқан кезде оның қып-қызыл тілі жалаң етіп көрінді де жоқ болды.

Директор, парторг, рабочком үшеуі бір-біріне қарап қойды да, мәселенің төркінін түсінгендей жеңіл бір күрсініп алысты. — Сөйлеу қолайсыз болса, үндемей тыңдай бер, — деді директор оған жақсылық жасағандай қоңыр үнге көшіп. — Бес күннен соң конференция. Сен сөз сөйлеуің керек, ауданда фамилияң жатыр. Міне, сөзің де дайын. — Ол тартпаны ашып барып қайта жапты. — Иә... Бәрі дайын. Бірақ сен дайын емессің. Осы екі арада тісіңді сындырып... — Директор ашуға булығып терезеге қарады. — Конференция өткенше шыдай тұрсаң қайтер еді... Уақыт аз қалды. Мен қазір көрші совхозға телефон соғамын, қазір кет те, ертеңге дейін тіс салдырып келетін бол, ұқтың ба? Ережеп басын шайқады.

— Неге ұқпайсың? Не, барғың келмей ме?

— Теміл тістің келегі жоқ, — деді ол ысылдап. — Алтыннан салдылам.

— Совхоздың саған сақтап отырған алтыны жоқ. Айтылды — бітті, көрші совхозға аттанасың. — Директор жартылай бұрылып, оң жақтағы

телефон дискісін бұрай бастағанда Ережеп орнынан тұрып шығуға беттеді. Зәресі кеткен рабочком ұшып тұрып, оны орнына қайта жайғастырды.

— Слушай, саған не керек? — деді амалы құрыған директор бәсеңсіп. — Қашан салдырмақсың?

— Ақша жинап.

— Қашан жиналады ақшаңыз, айып болмаса білуге бола ма екен?

— Біл жылдай келек.

— Ал конференция бес күннен соң, оны білемісің, ақымақ, — деді директор соңғы сөйлемінің бәрін буынға бөліп, нықтай сөйлеп.

— Білем.

— Білсең айтып тұрғаның не?

— Ақшам жоқ.

— Сенің аузыңдағы жекеменшік тісіңе өкімет бәрібір ақша төлемейді, ол сметада қаралмаған, — деді директор кекесінді үнмен. — Сондықтан қарыз ал.

— Ешкім белмейді.

Директор отырғандарға қарап шықты.

Кімде ақша бар? Парторг пен рабочком сұрақтың жалпы мәнін түсіне алмай үнсіз қалды.

— Касса жақты қарап көріңдерші, кім ақша алып жатыр екен? — деді директор. Рабочком шығып кетті де, ізінше қайта оралды. Сүрлем таситын «Беларусьтің» жүргізушісі Елеместі жетелеп кірді. Түкке түсіне алмай есік алдында аңқиып тұрған оған, директор:

— Қанша алдың? — деді.

— Т-т-т-төрт жүз елу...

— Ал саған қанша керек? — деп ол Ережепке бұрылды.

— Төлт жүз. Үш жүз сомы тіске, жүз сомы анда-мында.

— Сен төрт жүз сомыңды Ережепке бер. Қарызға. Ауданға барып тіс салдырып келсін.

— Ойпырмай... Әйелім... бала-шағам...

— Болды. Келесі айда қайтарады. Қарсыласпа, бұл оқиғаның саяси мәні бар.

Сонымен, Ережеп аяқ асты аудан орталығына жүретін болды. Совхоз директорының өзі бірге аттанды. Сол жақтан олар Ережепке тіс салдырып, конференция өткен соң бір-ақ келмек.

Келесі ай түгіл келесі жылда да Ережеп Елеместің төрт жүз сомын қайтара алмады. Арада екі жыл өткен соң барып Ережеп ақшаны конвертке салып, бұртиып жүрген Елеместің ашуын тарқатпақ боп, оны әйелімен қосып үйіне шақырды. Конверттің сыртына: «Шымкент облысы, Бөген ауданы, Қараспан совхозы, Байжансай бөлімшесі, Нұралиев Елемес Естаевичке» деп адресі мен аты-жөнін ресми түрде толтырып, ас үстінде оның алдына қойды. Ол маналы бері көңілсіз отырған, сол көңілсіз күйі конвертті ашып, жұртты таң қалдырып, ақшаны мұқият санап шықты. Санап болды да: «Алмайм» деді.

— Неге? — деді Ережеп түкке түсіне алмай.

— Аз.

— Неге?

— Сол. Аз.

— Азың қалай? Төрт жүз сомың түгел. — Ол конвертті қолына алып, ақшаны көзбе-көз санауға беріп еді, анау оны тоқтатып тастады.

— Әуре болма, — деді ол дүңк етіп. — Сен менен ақша алған кезде бір тіс елу сом болатын, қазір жүз сом.

Ережеп пен әйелі ауыздарын ашып, бір-біріне қарады. Сонан соң көмек сұрағандай Елеместің әйеліне бұрылып еді, «Не естіп отырсындар, сол» дегендей ол да мелшиіп қапты.

— С... сонда... мен сс-саған...

— Сонда сен маған сегіз жүз сом бересің. Былтырдан бері алтынның екі есе қымбаттағанын білмейсің бе?

— Қымбаттаса қайтейін, мен сенен төрт жүз сом алып едім ғой.

— Алған жоқсың, саған алып берді. Дедектетіп отырып деректірдің кабинетіне алып барғандарыңды әлі ұмытқан жоқпын. Сонда сен ғой мені көрсеткен, солай ма?

— Қой, ойбай, сені көрсетіп нем бар? Рабочком ғой тауып келген.

— Алдама, білем... Ал мына ақшаны бәрібір алмаймын. Тісті менің ақшама салдырдың ба, менің ақшама салдырдың, енді сол тіс екі есе қымбаттады ма, қымбаттады. Ендеше мен сенен неге сегіз жүз сом алмаймын?

— Ал мен тіс салдырмасам қайтер едің?

— Онда жайыма жүрген болар едім. Қысқасы, тамыр, ренжімесен одан әрмен, маған не сегіз жүз сом бересің, не сол ақшаға салдырған тісінді өзіме қайтар.

— Қайтарғаны қалай?

— Сол, сегіз тіс қайтарасың

— Мен сегіз тіс емес, алты тіс салдырғам. Міне, — деп ол аузын ашып, тісін көрсетті. — Жүз сомын дәрігерге бергенбіз.

— Онда менің шаруам жоқ. Не сегіз жүз сом, не сегіз тіс. Болды. — Ол орнынан тұра бастап еді, Ережеп те шарт кетті.

— Әй, сен шын айтып отырсың ба? Маналы бері қалжыңдап отырған шығар десем, есің дұрыс па өзіңнің? Сегіз тіс қайтар дегенің қай сасқаның ол? Міне ақшаң, алсаң ал, анау оны бері лақтырып жіберді. Шашылып он сомдықтардың біреуі суып қалған шайға түсті. Ережеп оны жалма-жан конвертке тықты да, бүкіл ақшаны мұқият қалтасына салып алды.

— Алдыңнан өттім — міндетім өтелді. Енді қолың жеткен кезде аласың, — деді ол түтігіп. — Мен бір еріккеннен салдырғандай. Ол кезде сөз сөйлеуім керек болатынын өз құлағыңмен естімеп пе едің? Әй, саяси

— Сен тісің мен саясатты шатастырма, білдің бе? — деді Елемес намыстанып. — Сен аварияны қалай жасағаныңды білесің бе? Машинаны ішіп алып айдаған болатынсың. Керек жерінде мен сол құпиянды ашып беремін. Қарашы-ей, мұның табан астынан сауатты бола қалуын. Ал қош бол! Бірақ есінде болсын, аузыңда жалт-жұлт еткен анау алты тіс — менің тісім. Мен оны қалаған кезімде қайта алуға қақым бар.

Ол әйелін қолынан жетектеп үйден шығып жүре берді.

— Құнамақор! Бәлеқор! — деп кіжінді Ережеп олардың соңынан қудыра сөйлеп. — Оларға арнап асқан етті итке таста, итке!

Қанша ашу қысқанмен еттің бәрібір итке тасталмайтынын сездіріп, әйелі оның қасына жайбарақат жақындады.

— Әй, байғұс-ау, өтірігің шығып қалды. Авария жасаған кезде ішіп алған екенсің ғой. Бәсе, мен де сезіп ем-ау... Ал тауып бер енді сегіз жүз сомын.

— Онда ісің болмасын, тауып беретін мен ғой! — деді Ережеп ескі құпияның ойда жоқта ашылғанына іштей қысылып.

Бұл ерекше оқиға жұртқа тез тарап, бүкіл совхоз күлкіге батты. Олардың күлкілері көпке созылған сайын Ережеп пен Елеместің арасы ушыға түсті. Бұлардың өздері түгілі былайғы жұрт та төбелес әні-міні шығады деп күтулі жүрді.

Бірақ бәрі бейбіт аяқталды. Совхоз директоры участковый милиция Сексенбаевты Елемеске екі рет жіберіп алған соң, ол төрт жүз сомын алуға келісті де, Ережеп тісін сақтап қалды.

Ақшаны қарыз бергізгенде де, қарызды қайтып алғызғанда да, әкімшілік қысым көрсетілді деп Елемес Ережепті жек көрсе, не сегіз жүз сом, не сегіз тіс даулады, одан қала берді, бір кездегі аварияның құпиясын ашып қойды деп Ережеп Елеместі кінәлады. Сөйтіп екеуінің арасындағы араздық татуласудың барлық перспективаларын аттап өтіп, антогонистік қайшылыққа қарай бағыт ала берді. Өзге де ұсақ-түйек қақтығыстарды есептемегенде, өткен жолы, тағы бір ірі конфликт болды. Совхозда жиі болып жататын үйлену тойының бірі еді. Әдетте,

мұндай жерлерде бедел деген аса қатты сақталып, жұрт сол субардинация бойынша жоғары-төмен жайғасады. Қазақстанды қатты қинайтын мәселелердің бірі — осы стол басына орналасу. Кім қалай отырады, кім кімнен кейін орын алады, кімнің алдына не қойылып, кімдерге көбірек көңіл бөлінеді, кімнің аты көбірек аталады — мұның бәрі ұлттық беделдің атрибуттары боп есептеледі де, сол сәттегі мәні жағынан бұл мәселе Таяу Шығыс проблемасынан кейінгі екінші күрделі мәселе боп шешімін әрең табады. Осындай жиындардың бірінде Елемес Ережептен төмен отырып қалады, демек, Ережеп автоматты түрде Елеместен бір мысқал қадірлілеу болып есептеледі, демек, бұл одан бұрын ас жейді, одан бұрын шай ішеді, одан бұрын сөйлейді. Оның үстіне бұл той — бұл ауылдың ес біліп, етек жинағалы бері ішкіліксіз өткізіп отырған үшінші тойы. Жұрттың бәрі сабырлы, жұрттың бәрі ақылды, ізетті, кішіпейіл, кешірімшіл, мейірбан, әзілкеш, сөзге сараң да сыпайы. Соған қарамастан іштей арбасу да астыңғы ағыспен өз бетінше өрбіп отырады. Сондай арбасу Ережеп пен Елеместің арасында салған жерден басталып, тынымсыз үдеп отырған.

Арада екі сағаттай уақыт өтті. Бұрынғы көзбен қарағанда столдың төменгі жағынан екі-үш айғай, есіктің ар жағынан бір-екі кішігірім төбелес басталып, емін-еркін қайта бітетін кез. Жұрт екі сағаттан астам шай ішіп отыр. Ешкімнің шайға зауқы болмаса да ішіп отыр. Міне, сол екі сағаттан астам уақыт бойы Елемес Ережепті көзге ілмей, оны адам екен деп менсінбей намысына тиюмен отыр. Шай төменгі жақтан келетіні белгілі. Демек, Елемес кесені Ережепке береді, Елемес қасақана оны жол-жөнекей біреуге бұрып жіберді, не алады да, өзінің алдына байқамаған болып қоя салады. Бір рет, екі рет, үш рет, төрт рет... әлі жалғасып келеді. Өні тіпті, «Ережептің кесесі» деп төменгі жақтан атап жіберілгеніне қарамай ол әңгімеге ұйыған адам боп отырып шайды өзінің алдына бір ұрттады да қоя салды. «Оңбаған! — деді іштей Ережеп. — Атаңның басы әңгіме тыңдап отырған шығарсың. Сенде әңгіме түсінетін ми бар ма!» Ол ызаланып, Елеместің алдындағы шайды ұртталғанына қарамастан жұлып алды да, өз алдына қойды.

— Ат суарайын деп отырсың ба, алдыңда үш кесе тұр ғой, — деді ол той атмосферасына сай сөйлегенмен ыза уытын жасыра алмай.

— Жоқ, — деді ол бұған мойын бұрмаған бойы езу тартып. — Менде ат қайдан болсын, есек суарайын деп ем, алыпсың ғой ақыры.

Ережеп аузындағы шайын ұрттамай бұлттып сәл ойланып көрді.

Сонда барып Елеместің сөзінің түп төркінін түсініп шайына шашалып қалды. «Иттің баласы, — деді ол жұрт әлденеге күліп жатқанда орамалымен аузын сүртіп әлек боп жатып. — Баяғы заман болса ғой, нар тәуекел деп аузыңа қояр едім. Тұра тұр, бәлем, алдыңа келтірермін бір күні».

Сәлден соң Елемес ойда жоқта бұған бұрылып, құлағына сыбырлады.

— Қазақтарға ішек не үшін керек екенін білесің бе?

Ережеп оған «не оттап отырсың?» дегендей бажырая қарады.

— Ыстық шай ішкенде арты күйіп қалмас үшін! — деді ол өз сұрағына өзі жауап беріп. Сөйтті де екі иығы селкілдей күлді. — Неге күлмейсің? — деді ол тағы да қытығына тиіп.

— Бұл сөзіңе адам түгіл ит те күлмейді.

— Әрине. Күлмей отырсың ғой. — Ол әдейі бұрылып кетті.

Бұл — тиісу еді. Бұл — екеуінің арасындағы конфликтінің ешқандай келіссөз арқылы бітпейтінінің айқын белгісі еді. Елемес әлгі сөзін ар жағындағыларға да айтқан болу керек, бес-алты еркек бірден гу еткенде үйді жарып жібере жаздады. «Шамамен төбелестің жақын қалғаны ма? — деді Ережеп гулеген күлкінің астында қобалжу аралас күйге беріліп. — Елден, директордан ұят болатын болды-ау. Мейлі, ұяттан намыс күшті, ұят та болса төбелесеміз де. Бірақ қашан? Әрине, бүгін емес, басқа бір кезде. Әйтпесе, той иесі төбелестіндер деп ренжиді ғой».

— Қазір төбелес деген атымен ұмытылып, ауыл тыныш боп қалды, — деді мұның ойын тап басқандай төрде отырған бір қария.

— Иә, несін айтасың, елдің берекесі кірді ғой, — деп қостады оны екінші бір қария қандай жақсы отырмыз, дау да жоқ, дамай да жоқ. Бұрын той төбелессіз, милициясыз бітпеуші еді, солай ма, Оқас? —

Қария көпшіліктің бел ортасында отырған участковый Сексенбаевқа қарады.

— Иә, иә, дұрыс айтасыз, — деп басын изеді аға лейтенант. Оның бас изеуінде «әлбетте» деп қуана құптаудан гөрі «өкінішке орай» деп келісе салған сынай басымырақ жатқан секілді.

— Жігіттер сау, ел тыныш, енді не істейсің? — деді еңгезердей қойма меңгерушісі қасында отырған шағын денелі Сексенбаевтың төбесінен қарап.

— Табылады ғой, — деп жымыды Сексенбаев. Қоймашы директорға бұрылды.

— Ауданға айтып, совхоздағы участковыйдың штатын қысқарту керек, — деп әзілдеген болды да, сол әзіліне мәз боп қарқылдай күлді. Бірақ ешкім ілеспей, жалғыз күліп отырғанына қолайсызданып, ол құдыққа түсіп кеткендей кенет жым-жырт бола қалды. Сексенбаев жымып күлді де қойды. Жұрт қайта тынышталып, момақан да сыпайы қалыпқа түсті. «Бәрі де бейкүнә, қой аузынан шөп алмайтын момын, сыпайы, — деп ойлады ішінен Ережеп. Үңіле қалсаң бәрінің де былығы бар. Тіпті, қыздай сызылып отырған анау Сексенбаевтың өзін алшы. Тіпті, баяғы авариядан кейінгі қылығының өзі неге тұрады? Қарашы, енді түк білмегендей жымыюын».

Баяғы аварияның ішкіліктің салдарынан екенін жасыр деп Ережеп Сексенбаевтың аяғына жығылып жалынған: «Мен авария жасасам, жұртқа зияным тиген жоқ, айдаладағы бағананы соқтым ғой, нең кетеді, жария қылма» деп уәж айтқан. Ол көнбеді, тіпті, схемасын сызып алды да, папкасына салып тайып тұрды. Сынған алты тістің сырқырағанын да ұмытып, кешке оның үйіне келді. Ол маңына жолатпады. Түнде қайта соғып еді, ол үйінде жоқ екен. «Ауданға кетті» деді әйелі әрең жауап беріп. «Құрыдым, — деді басын ұстап. — Масқара болды деген осы». Бірақ кешкілік осында жүрген адамның түнге қарай ауданға кеткенін түсіне алмады. Ол жақсылықтан үмітін үзіп қақпаға қарай беттей беріп еді, мысығын ұстай алмай жүрген бес жасар қызды көріп тұра қалды. Қалтасынан шытырлаған үш сомдық шығарып, оған

ұсынды да: «Көкеңнің қайда екенін айтсаң бәрін берем, ертең сағыз аласың», — деді.

— Ал айтпасам бермейсің бе?

— Әрине. Бірақ сен жақсы қызсың ғой, айт.

— Ол ана жаққа кетті, — деп қыз қырман жақты нұсқады.

— Немен?

— Албамен.

— Жарайсың, мә, ала ғой. Бірақ мен берді деп ешкімге айтпа, жарай ма?

— Жалайды.

Қырманға баратын жол ескі қорым арқылы өтетін. Ережеп оны осы маңнан тосты. Бір сағаттан соң Оқастың арбасының тықыры естілді. Түн ішінде моладан да, кездейсоқ адамдардан да қорқып келе жатқан болуы керек, оның үні шықпайды. Арба Ережептің тұсынан өте бергенде, ол шеңгел арасынан атып шығып еді. Оқастың есегі үркіп, арбасын аударып жібере жаздады. Өзі болса кеудесінен жан кеткендей сілейіп қапты.

— Кім фамилияң? — деді Ережеп дауысын өзгертіп.

— Секс... Секс...

— Ол неғылған секс! Жөндеп айт!

— Секс... Сексенбаев.

— Ә-ә, Сексенбаев де. Қанша қап жем апара жатсың?

— Он бір...

— Онда былай болсын, жолдас Сексенбаев! — деді Ережеп оған жақындамаған бойы ресми тіл қатып. — Менің қылмысымнан сенің қылмысың жеңіл емес. Авария туралы қолыңдағы қағазды жыртқың келсе жырт, жыртқың келмесе өзің біл. Қайырлы түн, Сек-сен-баев жолдас!

Ережеп ұзап кеткен соң ғана ол тілге келіп:

— Қап, иттің баласы-ай! — деп жерге бір түкірді.

Сол Сексенбаев, әні, түк болмағандай айттырған қыз секілді сызылып отыр. Ал анау қоймашы болса... Әй қойшы, оның қайсыбірін айта бересің. «Қарапайым адам жоқ, — депті ғой бір жазушы. — Сол рас болар».

Сонымен, сексен алтыншы жылдың жетінші сентябрі де келіп жетті. Соңғы бір апта бойы Ережептің үйі лирикалық қуанышқа толы болатын. Москвада Шепкин атындағы театр училищесінің соңғы курсында оқитын әйелінің сіңлісі жолдас қызымен келіп жатқан. Екеуі де сұңғақ, екеуі де әдемі. Ауылдың беймаза шаңы басылған соң кешкі салқынмен екеуі көшеге серуендеуге шығар еді, сол кезде екеуінің оқтаудай түзу аяқтарына, кез келген киім жараса кететін мүсіндей денелері мен әдемі баяу жүрістеріне қызықпайтын адам қалмайтын-ды. Әсіресе, бойдақ жігіттердің есі кетіп, баратын жерлері ауылдың мүлде қарсы жақ беті болса да, осы жақпен айналып өтетінді шығарды. Ережептің үйі — жас жігіттер (тек қана жас жігіттер емес) төңіректен шықпайтын, беделді, сүйкімді үйге айналды. Бұл болса жұмыстан ерте келеді, жақсылап тұрып душ қабылдайды, шашына бриолин жағып, әтір сеуіп, бір сөзбен айтқанда, «қалалық» кейіпке түседі де, екі қызды екі жағына алып, кешке клубқа барады. «Менмін» деген талай жігіт екі қызға бір метр жақын келіп сөйлесуді арман етсе, бар болғаны совхоздың ескі самосвалын айдайтын, шашының арасынан шаң кетпейтін Ережеп екі қыздың ортасында кетіп бара жатады. Ол ол ма, кейде екеуінің біреуі әлденеге қатты разы боп ықыластана күлгенде, Ережептің түкке тұрмайтын сексеуілдей кедір-бұдыр иығына басын сүйеп күлетінін қайтесің. Біреуге көл, біреуге шөл, жаратқан десеңші!

Еркектің дүниеде кешіре алмайтын нәрсесі — басқа еркектің сұлу әйел алдындағы өтімділігі. Москвада Шепкин атындағы училище бар екенін, тіпті сол Шепкин дегеніңнің кім екенін білмейтін, білгісі де келмейтін ауылда туып-өскенмен, Елемес пен Ережеп әйел мен еркек арасындағы қарым-қатынастың өзге біреуге әсер етер нәзік сырларын жақсы білетін-ді. Осы бір апта бойы Ережеп өзінің бейбіт жолмен бітіспейтін қас жауы Елеместі рухани жағынан мұқатқанына іштей масаттанып жүрді.

Ауылдың көркі, бар жігіттің мерекесі болған со екі қыз бүгін жолға шықпақ. Ережеп оларды Шымкентке баратын автобусқа апарып салады, ал екеуі таңертеңгі «Қазақстан» поезымен Москваға аттанады. «Міне, өмір деп соны айт! Ал менің жүрісім болса мынау — қайдағы бір Сексенбаев, Қайдағы бір Елеместермен ерегісіп. Қайтеміз, бәрібір өмір сүру керек. Шепкин атындағы театр училищесін білмесең де өмір сүруге тура келеді. Өткен бір отырыста: «Махачкала— грузиндердің астанасы ма осы?» деп сұрақ қойған совхоз директоры да ешкімнен кем қалмай тіршілік етіп келді ғой, кем қалмақ түгіл, бүкіл бір совхозды басқарып отыр. Өткен жылы депутаттыққа да өтіп кете жаздады».

Келесі аптада кірпішінді тасып берем деп сиыршы Метештің көк «Жигулиін» сұрап алды. Аққудай әсем екі қызды самосвалға салу ел мен жұрттың алдында масқара емес пе? Оның да «Жигулиі» жетісіп тұрған жоқ екен, алдыңғы екі терезесі бірдей жоқ, дөңгелектері таздың басындай жап-жалтыр.

— Байқа, — деді Метеш, — ГАИ ұстап алмасын. Мынандай дөңгелекпен бір метр жүргізбейді.

— Білеміз... Қалаға. кірмеймін ғой...

Машинаны түске дейін айнадай ғып жуып, ішін әбден тазалады. Кешкілік екі қызды өзі есік ашып артқы орынға, әйелін өз қасына жайғастырды.

Оларды бүкіл көрші-қолаң шығарып салды. Мынандай мейірімге толқып кеткен екі қыздың екеуі де көздеріне жас алды.

Бәрі көңілді, бәрі тамаша еді...

Екі қыз бен әйелін машинаға салып алып, ауыл сыртына шыққаны сол еді, қарсы алдынан тележка тіркеген «Беларусь» көрінді. Жолдың май топырағын аспанға будақтата көтеріп, тележкасы ирелеңдеп ұрып келеді. Жел оң жақтан, демек, шаңға бұлар емес, ол көміледі. Бұларды ол да таныды.

Ережеп өз көзіне өзі сенбеді. Бұлардың сол жағымен өтуге тиіс «Беларусь» бүкіл заңға бір түкіріп, кенет оңға жалт бұрылды да, бұларды ішке алып дедектей жөнелді. Шаңға қалмас үшін Ережеп те

оңға ығысты, ол бәрібір бұларды ту сыртынан айнала берді. Бұл сигнал басты, қолын сілтеді, — болмады. Дәл жанынан, қол созым жерден «Беларусь» өте шықты. Алдыңғы екі терезесі бірдей жоқ машинаның іші қою шаңға көмілді де қалды. Ережеп артына бұрылып қарағанда екі қызды көре алмады.

Бұл — шектен шығу еді. Бұдан әрі төзуге болмайтын еді. Шаң басылған соң сигналды ұзақ бір ойбайлатты да, Ережеп сыртқа атып шықты. Ешнәрсе сезбегендей Елемес ирелеңдеп тартып барады екен. Әйелінің, екі қыздың жалынғанына қарамай, ол машинасын кері бұрып алды да, «Беларусьтің» соңынан қуып кеп берді. «Жигулиге» сөз боп па, әп-сәтте оны қуып жетті. Қапталдаса беріп Ережеп тағы сигнал берді. «Беларусьтің» кабинасынан түкке түсінбегендей Елемес еңкейіп қарады да, «жай ма?» деді күлімсіреп. Ережеп оған «түс» дегендей белгі берді. Елемес те осыны күтіп келе жатқан болуы керек, жалма-жан тракторын тоқтатты да, секіріп түсіп, оның қасына жетіп кедді.

Өз ойының дұрыстығын дәлелдеу үшін қара күшке жүгінетін күн туа қалса қалай ұру керектігін бірнеше жыл бойы ойында дайындап, ойында пісіріп келген Ережеп асықпай, саспай, әрі тез, әрі сабырлы түрде оң қолымен алғашқы соққысын жұмсады. Соққы Елеместің сол жақ шекесінен айна-қатесіз дәл тиді. Ол да бірнеше жыл ойша дайындалған болу керек, мұның да сол жақ құлақ шекесі ысып кетті. Оң жақ, сол жақ, оң жақ, сол жақ... Машинадан әйелдер түсіп ажыратқанша олар бір-біріне бес-алты рет қол жұмсап үлгерді. Сырттай дайындықтары жақсы өткен болуы керек, екеуінің барлық соққылары мүлтіксіз дәл тиіп, әйелдер араға түсе берген сәтте екеуі де нокдаун алып, есеңгіреп лағып кетті.

— Пәлекор, пайдакүнем! — деп күбірледі Ережеп.

— Джентельмен нашелся! — деп ендікті Елемес. Жерді жарып шыққандай участковый Сексенбаев мотоциклмен жетіп келді де, іс табан астында насырға шапты. Шаң, төбелес, милиция екі қыздың намысын жасытып, әрі үрейін кетірді. Сексенбаев кеп акт жасай бастағанда, ол екеуі көздеріне жас алды. Тәкаппар да сұлу қыздардың жылағанын, шаңға малынып әбіржігенін көріп, Ережепті олардың алдында бір мұқатқанына Елемес іштей көтеріліп қалды. «Бір емес, он

акт жаса, маған десең түрмеге жап, қазір жолымнан қалдырма» деді де, есін әбден жиып болған соң Ережеп үш әйелді шуылдатып машинаға отырғызып, шаңдатып тартып тұрды.

— Жақсы төбелесетін боп апты, оңбаған! — деді Елемес оның соңынан қарап тұрып. — Қырғи қабақ боп жүргенше арамызды ашып алғанымыз дұрыс болды... Баяғыда-ақ өстіп бітіре салу керек еді...

— Енді сен қол қой, — деді Сексенбаев тракторына мініп алған Елемеске қаламсабын ұсынып.

— Неменеге?

— Төбелескенім рас деп. Міне, мында.

Өзіне ұсынылған қағаз бен қаламға Елемес ұзақ қарап тұрды да:

— Немене, төбелес көріп, құдайың беріп қалды ма? — деді оған кекете үн қатып. — Бұл төбелес емес, біле білсең, — татулықтың басы. Сенің міндетің де акт жасау емес, тыныштықты сақтау. Ал сен болсаң... тұмсығының астында төбелес жүріп жатады, ал бұл ажыратудың орнына акт жазып тұрады.

— Сонда да қол қой.

— Қоймаймын.

— Қоясың.

— Ей, сен сөзге түсінемісің, біздікі төбелес емес деймін.

— Енді не, сүйісу ме?

— Оған сенің басың жетпейді!..

— Не дей-сің? Түс бермен!

— Ал түстім. — Елемес «Беларусынан» секіріп түскен кезде бәтеңкесінің басына әлдене тырс-тырс тигенін сезіп, төмен қарады. Сонда барып ол манадан бері түбі босап, етіне ғана ілініп тұрған екі тісінің шаңда домалап жатқанын көрді. Жерден үзілген түймесін көтерген адамдай асықпай-саспай еңкейіп екеуін де алақанына салды да, Сексенбаевтың дәл тұмсығының алдына тақап тұрып:

— Өне, секірем дегенде, сенің кесіріңнен екі тісім түсіп қалды, жауап бересің! — деді де тракторына қайта отырды. Отыра берді де кеудесін бері бұрып, бұл өңірде бұрын-соңды ешкім естімеген сөз айтты: — Конфронтация осымен бітті, жолдас Сексенбаев! — деді барша жұртты таң қалдырып.

Сексенбаев не дерін білмей, состиып тұрып қалғанда ол қою шанды бұрқыратып жүрді де кетті.

Елеместің жағдайын естіген Ережеп оның үйіне әйелін жіберіп, егер ол тісін алтыннан салдыратын болса, екі тісінің біреуінің қаржысын өз мойнына алуға дайын екенін білдіріп хабар жеткізді. Елемес әуелде ұялғаннан үндемеді. Бәлкім, осы кезге шейін келіскен шығар.

АЙ-ПЕТРИ АКИКАТЫ

Оңтүстік Қырым жағалауының ең бір көрікті қойнауына орналасқан санаторийде Жамалдың емделіп жатқанына бір айдың жүзі болды. Оның бұл санаторийге кеп емделіп жүргені бірінші рет емес, бұдан бұрын екі-үш мәрте болған. Неге екені белгісіз, осы жерге келмесе оған басқа жердің емі қонбайтындай көрінеді де тұрады, әрі араға екі-үш жыл салып келіп тұрғандықтан ба, бұл санаторийдің бүкіл дәрігерлер қауымы мен өзге де әкімшілік қызметкерлері оның ежелгі таныстарындай, кейбіреулері тіпті өз ағайындарындай жақын боп кетті. «Мен Жамал Айдаровамын ғой» дегеннен-ақ ана жақтан трубканы кім көтерсе де қалбалақтап қуанып жатқаны. Симферопольден самолеттен түскенде оны кейде бас дәрігер өзі, не көмекшісі қарсы алады. Аппақ «Волга» көкпеңбек кипаристермен көмкерілген қара жолға түсіп алып, жүргені сезілмей, санаторийге қарай бет түзейді.

Бұл жолы келгенде оны бас дәрігердің өзі қарсы алып, күні бұрын әзірлеп қойған бөлмеге орналастырды. Әсте бұл әу баста емделушілер жататын палата емес, әкімшілік бөлмелерінің бірі болуы керек. Өйткені мұндағы қабырғаларда ұзақ уақыт тұрған медициналық жабдықтардың сарғыш іздері, терезе пердесін ілу үшін қағылған шегелер, кірген беттен мұрынға ұратын дәрі-дәрмектің өткір иісі, бәрі-бәрі де бұл бөлменің Жамал келердің аз-ақ алдында палатаға айналғанын айқындап тұр. Бөлме іші кең, кіре берісте киім шешетін кішірек дәлізі бар, кеңдігі жағынан адамы құрттай құжынап жатқан Қырым жағдайымен қарағанда бір кісіге молынан жететін, түрлі түсті телевизор, телефон және тоңазытқыш орнатылған «жасаулы» бөлме екен.

Жамал бас дәрігердің мейірбандығы мен кішіпейілділігіне қатты риза боп, өзінің, күйеуінің атынан алғыс айтты.

Бүгін күн сенбі. Санаторийде бір ғана кезекші дәрігерден басқа ешкім жоқ, оның өзі де ординаторскийге кіріп алса болды, ол жақтан сирек шығады. Емделушілердің бәрі көңілді, кейбіреулері теңіз жағалап,

кейбіреулері ауладағы алаңда серуендеп, әркім көңілі қалағанша уақыт өткізіп жүр.

Жамал сағатына қарады. Онға бес минут қапты. Ол тез-тез олимпиакасын, кроссовкасын киіп, өзін-өзі соңғы рет бір тексеру үшін айна алдына кеп тоқтағанда, теңіз жақтан теплоходтың гуілдеген үні де естілді. Жамал помадасын асығыс-үсігіс қол сумкасына салды да, есік алдында ілулі тұрған фотоаппаратын жол-жөнекей иығына іле сап сыртқа шықты.

Аспан бұлыңғыр, ауа дымқыл. Батыс жақтан есіп тұрған қоңыр желде қарағай мен көктемнің, балық пен теңіздің иісі бар.

— «Челлюскиншілерге» және оның капитаны Евгений Степанович Назаровқа жалынды сәлем! — деді Жамал теплоход бортына көтеріле беріп, әзілдей күліп. Назаров оны қолымен тартып, бортқа мінгізіп алды.

— Жамал Сағатовна, Челлюскиншілер сізді өз бортында көргенге өте қуанышты, — деді Назаров ірі тістерін көрсете, шын ықыласпен күлімсірей сөйлеп. — Қалай, бізді көп күтіп қалған жоқсыз ба?

— О не дегеніңіз, Евгений Степанович. Мен сіздің уәдеге соншалықты айна-қатесіз дәл екеніңізге мейлінше тәнті боп келе жатырмын. Сіз түп-тура сағат онда сигнал бердіңіз. Менімше, сағаттың минуттық стрелкасы ғана емес, секунды да сол кезде онды көрсетіп тұрған шығар-ау. Мұндайды біздің елде «немісше дәлдік» деп атайды.

— Өкінішті, өкінішті, Жамал Сағатовна. Теңізшілерше ұқыптылық десе әлдеқалай орынды болар еді. Қалай, жақсы демалып жатырсыз ба?

— Рахмет. Әзірге ешкімге айтар арызым жоқ.

— Міне, тамаша! Сізге теңіз ауасы өте жағады екен, өткен жолғыдан... а, кешіріңіз, әрине, өткен жолы да әдемі болатынсыз, бірақ бұл жолы одан да құлпырып кетіпсіз.

— Қойыңызшы, Евгений Степанович, сіз де артық әзіл айтатын болғансыз ба? Менің жасымда қайдағы құлпыру?

— О, сіз өзіңіз жайлы қалай болса солай ойламаңыз. Ал мен сіз жайлы сіздің өзіңізден әлдеқайда жоғары ойлаймын. Менің бір досым айтады: «Әйел адам қашан да сұлу болуы керек, ал ол сұлулықты қайдан алады — онда менің шаруам жоқ» дейді. Менімше, аса батыл айтылса да, көңілге қонарлық сөз ғой деймін.

— Иә, иә, қалай дегенмен жаны бар сөз... Ал бүгін маршрут қалай?

— Баяғы сіздің сүйікті маршрутыңыз — Ялта — Ай-Петри. — Назаров екі қолын жайып, басын оң жағына қисайтып, бір сәтке бағынышты адамның кейпімен мүләйімси күлді. — Әрине, біздің жүк таситын теплоходымызда асқақ талғамның әйелдеріне арналған каюта жоқ, сонда да болса біздің команда сізден ұялып қалмаудың бар мүмкіндігін қарастырған болды. Қане, жүріңіз.

Олар басқыш арқылы палубадан төмен түсті де, теплоходтың алдыңғы жағына таман орналасқан бір кісілік каютаға кірді.

— Бұл біздің жігіттердің демалатын бөлмесі, — деді Назаров стол үстінде қалып қойған арақтың бос бөтелкесі мен стакандарға қарап тұрып:

— Әй, қулар-ай, өздері жинап, артынша ыбырсытып жүргені. — Ол теплоходтың қараңғылау бұрышы жағына қарап дауыстады. — Мичман Панин! — Түпкір жақтан «Мен мұндамын» деген дауыс саңқ ете қалды.

— Енді сен онда болма, мұнда бол.

Жарты минуттан соң каютаның есігінен жирен мұртты, көзі ойнақшыған, қағылез сары жігіт сығалады.

— Не бұйырасыз, жолдас капитан?

Назаров оған бір, стол үстіндегі бөтелкеге бір қарап алды да:

— Босаған бөтелкені сыйламайсындар, ә, — деді басын шайқап.

— Дұрыс айтасыз, жолдас капитан, босаған нәрсені онша сыйлай бермейтіміз рас еді.

— Немене, егер мен капитандықтан босап қалсам, мені де сыйламайсындар ма сонда?

— Сыйлаймыз, неге сыйламасқа? Бірақ бір өкініштісі сол сіз бен біз кездеспей кетеміз ғой, — Жігіт стол үстін қас пен көздің арасында тап-тұйнақтай етіп жинап, сүртіп алды да, Жамалға қуақы көздерімен күлімсірей қарап шегіншектеп кетті.

— Теплоход бортындағы тазалықты сақтамағаның үшін кінәлісің, — деп айғайлады Назаров оның соңынан. — Қалыңдығына қоштасу хат жаз да, әлгі бөтелкеге салып суға лақтыр. Порттан ұзаған соң борттан өзіңді лақтырамыз.

Жігіттен жауап болған жоқ, соған қарағанда ол лездің арасында капитанның соңғы сөздерін естімейтіндей алысқа кетіп қалған болуы керек.

— Әзіліміз ғой, — Ештеңе түсінбей, ыңғайсызданып отырған Жамалға Назаров күле қарады.

— Құдай сақтасын, — деп күрсінді Жамал. — Неткен кісі шошырлық әзіл. — «Мичман Панин. Мичман Панин». Маған осы есім таныс сияқты.

— Осы аттас фильм бар, бәлкім сол есіңізге түсіп тұрған шығар,

— Ә-ә... — Жамал қолымен ауа кесіп, сықылықтап күлді. — Сол екен ғой ойымда тұрған.

— Бәсе. Бізден басқа тағы бір теплоходпен таныс па деп шошып қалсам... Әлгі жігіттің фамилиясы Панасюк. Әзілдей келе жігіттер оны «Мичман Панин» деп атап кетті. Қалай, жүруге команда береміз бе?

— Еркіңіз білсін. Сіз мені шетел делегациясының бастығындай қабылдадыңыз ғой тіпті... Күн ашылар ма екен?

— Синоптиктердің хабарына қарағанда: «түстен кейін тыстан соққан жел сәл күшейе түседі. Ауаның температурасы — 23-24 градус».

— Сіз бүгін ерекше көңілдісіз, Евгений Степанович.

— Ендеше, мен жүруге команда берейін.

Назаров сәл ойнақы қимылмен иілді де, ыңылдай әндетіп жүріп кетті.

Сәлден соң жүк теплоходы орнынан қозғалып, ашық теңізге қарай бет түзеді.

Жамал жасы елуге таяп қалса да, киім киісі мен жүріс-тұрысынан ерекше талғам табы сезіліп тұратын, сөйлегені мен күлгеніне, тіпті біреуге көз тастап қарағанына дейін әдемілік пен әдептілік белдеуінен шашау шықпайтын, туа бітті қасиеті бар, тәкаппарлық пен қарапайымдылықты бір бойына білдірмей қатар сіңіре білген әйел еді. Ол өзін ешқашан жұрттан бөлек ұстауға тырыспайтын, әрқашан топ ішінде бола білетін және сол топтан оқшау да көріне алатын-ды, көпшіліктің қатарында келе жатып алда жүре білетін-ді. Жаз айларында бір апта аялдау үшін атан түйенің құны кететін, туған елден тым қиянда жатқан осы бір алақандай теңіз қойнауының адамдары оны кісіге жағымды жайдары мінезі үшін ұната ма, әлде күйеуі Заманбектің сонау Алматыдағы беделінің сарыны бұл жаққа де жетіп жататындығынан ба?.. Жамал әр келген сайын ыстық ықылас пен ілтипаттан тыс қалып көрген емес. Бұл жақтағы жауапты қызметте жүрген кісілердің біразы оның өзін немесе күйеуін не сырттай, не іштей білетін болып шығады.

Заманбек Алматыдағы қызметіне ауысқанға дейін Қазақстанның көптеген аудандарында, облыс орталықтарында басшылық жұмыстарда жүрді. Бұл жақтағы кейбір кісілердің онымен қызмет бабында немесе Москвадағы үлкен-үлкен жиындарда кездесіп, таныс-біліс боп жататындары да сондықтан. Тіпті, бұлардың жер бетінде бар-жоғынан бейхабар көлденең біреулер кездесе қалса да, сөйлесе келе, таныса келе Жамалдың ежелгі достарындай жақын боп кетіп жатады. Сондықтан шығар, Жамал қандай тілек айтса да жергілікті әкімдер қабақ шытпай көмектесуге дайын тұрады. Кездесе қалса бәрі де амандық-саулықтан соң: «Қалай, Заманбек Акимович телефон соқты ма?» Денсаулығы жақсы ма? Демалысқа қашан шыққалы жатыр?» деп ерекше ықыласпен сұрап жатқаны. Жамал да оларға бар тілейтіні — аптасына екі рет ашық теңізде серуендеп, Ай-Петриге жиырма-отыз шақырым қашықтықтан қарау. Әсіресе, күн ашық боп, теңіз үстінде майдақоңыр ғана толқындар жүгіріп жүрген тымық шақта Ай-Петри ерекше асқақ та әсем көрінеді. Жамалға бұдан өзге қызықтың да, бұдан өзге серуеннің

де қажеті жоқ. Ол бұл көрініске қараудан ешқашан жалықпайды, тіпті сағаттар бойы көз алмай тұра беруге дайын.

Бұл жартасты Жамал алғаш рет осыдан он жеті жыл бұрын, күйеуі екеуі демалуға келгенде көрген. «Япыр-ай», деп таңғалудың орнына ол күйеуін қайран қалдырып: «Заманбек, мен... мен... мына тауды түсімде көргем, — деді. Иә, иә, осыдан бір жеті бұрын... Күн көзі түсіп тұр екен-ау деймін. Сол сәуледен жартас жан-жағына аппақ нұр шашып тұр». Заманбек оның иығынан құшақтап кеңкілдей күліп: «Сен Арыстың жағасындағы жарқабақты «Ай-Петримен» шатыстырып тұрған шығарсың» деген оны ызаландырып. Бақшасарай аңызынан кейін оның Ай-Петриге деген сүйіспеншілігі бұрынғыдан да күшейіп, кеудесінен оған деген мұңлы бір сағыныш біржола орын тепті. Гаремде екіқабат боп, сол үшін қатал жазаланып, әлде түрік, әлде ағылшын саудагерлеріне сатып жеберілген әйелдің дауылды түні кемелері апатқа ұшырағанда бірнеше күн бойы тақтай үстінде жалғыз жүзгені, жер басудан күдерін үзіп, өзін енді тұңғиық теңізге лақтырмақ боп бел буғанда найзағай отымен Ай-Петридің жарқ етіп көрініп, әйел мен оның іштегі баласының өмірін сақтап қалғаны Жамалдың ой-қиялын біржола шырмап алды.

Батыс та жоқ, шығыс та жоқ, айналаң ұшы-қиырсыз теңіз. Уысына түссең қас қағым сәтте жұтып қояды да, түк көрмегендей керенау толқып жата береді. Ол тұңғиыққа бәрібір — адамсың ба, надансың ба, данышпансың ба, ақымақсың ба, еркексің бе, сәбисің бе — таңдап, талғап жатпайды. Мына теплоходтың түбі тесілсе, оны да жұта салады. Теңіз біткен жерден Жер басталады-ау, сол Жер үстінде Жамал әйелдің баласы мен келіні бар-ау демейді, оның алыс бір Алматы деген көп адам шоғырланған елді-мекенде бес бөлмелі үйі, күйеуі бар екенімен, күйеуінің үлкен қызметкер екенімен, бұл жаққа денсаулығын түзеп алуға келгенімен санаспайды да.

Қап-қара боп түнеріп жатқан тұңғиық теңіз Жамалдың денесін түршіктіріп, бойына қорқыныш туғызады.

— Жамал Сағатовна, сіз әбден ойлансын деп сағат бойы жаныңызға адам жолатқан жоқпын, — деді оның қасына келген Назаров. — Ой теңізден де терең, оның түбіне жете алмайсыз.

— Иә, дұрыс айтасыз, — деді Жамал теңізге сүңгіген ойын тез кері шумақтап, кеудесін жоғары көтеріп. — Мен сіздерді жолдан қалдырдым-ау, сірә.

— Жо-жоқ. Біз бүгін Артекке бір рейс жасасақ та жетеді. Ал кешке дейін көп уақыт бар. Сізді серуендету де біздің басты міндетіміз ғой, — деді Назаров зажигалкасымен темекі тұтатып жатып оған көз астымен күлімсірей қарап.

— Рахмет. Дегенмен, ыңғайсыз екен. Орынсыз тілек айтып, масыл болған сияқты сезінесің де жүресің.

— Демек, сіз біздің өзіңізге деген шын пейіліміз бен ықыласымызға шүбә келтіресіз. Солай ғой? Әрине, әрине, солай, — Назаров жас баладай бұртиып, темекісінің күлін теңізге қарай бір-екі рет ызалана шертіп-шертіп қойды.

— Оған ренжімеңіз, — деді Жамал, ойыны ма, шыны ма дегендей капитанға жай ғана жымия қарап. — Айту парыз ғой. Сый-құрметті теңіз сияқты үнсіз жұта беруге де болмас.

Назаров сағатына қарады да, мүлде жайдары үнмен:

— Жамал Сағатовна. Біздің теплоход осы арада бір сағаттай аялдайды. Теплоход экипажының тілегі бойынша, ол бір сағатты сәскелік ас ішуге арнағалы отырмыз, — деді — Қане, жүріңіз, — Назаров оң қолымен палубаның қиыр бір шетін көрсетіп, сол қолымен Жамалдың қарынан ұстады.

— Япыр-ай, сіздер сонша неге әурелендіңіздер? Тамақ деген онда да жеткілікті еді ғой, — деді Жамал иегімен көрінбейтін жағалау жақты меңзеп.

— Әлбетте, ол жақтағы жұрт аш отыр деген ойдан аулақпын, әйтсе де, біздің бортқа аяқ басқан соң қонақасы бермеу де көргенсіздік емес пе?

Төбеден күн төніп, ауа тымық, аспан ашық боп тұрғандықтан олар тамақты капитанның каютасынан палубаға көшірді. «Мичман Панин» бастаған екі-үш елгезек жігіт әп-сәттің ішінде палубаның қақ ортасына көшпелі шатыр стол мен орындықтарды әкеп, әртүрлі шарап пен тағамдарды үйіп тастады.

Жамалдың денсаулығы үшін бірнеше рет тост көтерілді. Алыстағы Заманбек те ұмыт қалған жоқ. Оның ақылды, іскер, дарынды ұйымдастырушы, көреген басшы екені талай рет айтылды. Арал теңізінде жай жұмысшы боп жүргенде оны оқуға жіберуге көмектескен Заманбек екенін айтып, Назаров оның денсаулығы үшін де тост көтерді.

— Кінә өзімнен болды, — деп өкініп қойды ол сөз арасында бас шайқап.

— Мен ол кісіні алдап кеткендей болдым. Махаббат жарықтық есімді алды да, Қара теңізден бір-ақ шықтым. Демалыс алған соң ол кісіге арнайы кіріп сәлем беремін де, үмітін ақтамай кеткенім үшін кешірім өтінбекпін. Егер менен үмітін біржолата үзбеген болса, ол жағын да байқап көрмек ойым бар.

— Жолдас капитан, сонда сіз бізді тастап кетпексіз бе? — деді «Мичман Панин» рюмкаларға коньяк құйып жатып.

— Жоқ, теплоходтарыңмен қоса арқалап кетемін. — Елігіңкіреп алған жігіттер ду күлді.

— Мәдениет пен этикаға адам баласын еш уақытта үйретуге болмайды.

— деді Назаров әлден соң тың әңгіме бастап. — Оны құдай береді. Ол адаммен бірге туылады. Ол ана сүтімен еніп, сүйекке сіңеді. Менің бір танысым болды, өзі екі институт, бір университет бітірген. Алғаш оқуға кеткенде қандай надан болса, екі институт, бір университет бітіргеннен кейін де сондай надан болып оралды. — Ол қолын сермеп, кеңкілдей күлді. — Қазір Сахалинде. Тағы бір институтқа сырттай түскелі жүр деп естідім.

— Тағы ма? — деді «Мичман Панин» көзі ежірейіп. Сөйтті де, Назаровтың жауабын күтпестен-ақ екі санын шапақтап ішек сілесі қата күлді. Жұрттың бәрін күлкіге қарық қылғанына масаттанған Назаров орамалымен көзін, маңдай терін сүртіп, бокалын жоғары көтергенде жігіттер күлкілерін кілт тыя қойды.

— Адам ұлы қолбасшы, ұлы ақын, ұлы ғалым болуы мүмкін, бірақ мәдениетті бола бермейді. Мәдениеттілік пен ізеттілік — адам бойындағы ең бір асыл қасиет. Мен, жолдастар, Жамал Сағатовнаның бойындағы осындай туа біткен асыл қасиеті — сымбаты мен

парасатының адам таңғаларлықтай үйлесе біткені үшін тағы бір тост көтергім келеді. Қане, Жамал Сағатовна, сіз үшін.

— Рахмет, шексіз ризамын, — деді Жамал бокалдағы шампаннан аз ғана ұрттап.

— «Мичман Панин», сен немене, төңкеріп салғансың ба? Мына теплоходты қайтпексің?

— Жоқ, жолдас капитан. Аузыма бір тамшы да алғам жоқ.

— Алдыңдағы стакан неге босап тұр?

— Соған өзім де түсінбей тұрмын, жолдас капитан. Соған қарағанда бұған еш нәрсе құйылмаған болуы керек.

— Сен бар ғой, «Мичман Панин», мынау теплоходымыз теплоход болмай, арба болса, баяғыда аударып тастар едің, ә?

— Арба сумен жүре алмайды, жолдас капитан.

— Тіліңе қотыр шықсын сенің, «Мичман Панин». Бар, теплоходты жағаға қарай бұр. Ай-Петриге. — Соңғы сөзді айтқанда Назаров «бәрі де сіз үшін ғой» дегендей Жамалға қарап қойды.

Арада бір сағаттай өткенде «Челлюскин» Ай-Петридің қарсы алдына, әйгілі Воронцов сарайының оңтүстік фасадының дәл маңдай тұсына кеп жүрісін баяулатты.

Төңірек көк жасыл түске боялған, сол көк жасыл әлемнен көкке қарай мойнын созып, бар дүниеге асқақтай қарап Ай-Петри тұр. Мына шетсіз де шексіз тылсым теңіз сияқты, оған қараған саиын Жамал да түпсіз ойға шома береді.

Күнде айғай салғанда қың етпейтін осы бір керең-мылқау ақ жартастың адам қиялын шартарапқа жетелеп, жан түбінде тұнып жатқан әрқилы ойларды қозғай алатын қандай қасиеті бар екенін Жамал түсінбей-ақ қойды. Дәл осылай маңқиып ол қанша уақыт тұрады екен? Қанша мың, қанша миллион, қанша миллиард жыл? Бәлкім, ол мәңгілік деген ұғымның тетелесі де шығар? Дәл осы қаңқиған ақ тауға дәл осылай, Жамал сияқты кімдер қарамады, кімдер ойға батпады, кімдер қуанбады? Аяғымен жер басып, тоқ жүрген бейғам адам мына

жалғанда өзінен өзге күдірет жоқтай, тамның басына шыққанына мәз болып, өзін бар дүниенің қожасындай сезінетініне бір сәт күлесің, осы ұлы жаратылысты өзіңе табындырмақ болғаныңа іштей қысыласың.

Жамалдың көз алдындағы көрініс бір сәтке ғайып боп, оның орнына қап-қараңғы дауылды түн, тақтайға жабысқан екіқабат әйел елестеді. Дәл қазір ол байғұстың ойына сұрапыл өлім қаупінен басқа не келіп, не кетіп жатыр екен? Тек өлімге бел буу ма? Жо-жоқ, ол мүмкін емес, өлімге өзі тәуекел етпегенше адам өмір үшін күресіп бағады, қараңғы түнде, ұшы-қиырсыз дауылды теңіз үстінде, жападан-жалғыз тақтай құшақтап қана қалған әлжуаз, екіқабат әйелдің өзі өмір үшін арпалысады, адамнан болсын, Алладан болсын, меңіреу табиғаттан болсын, әйтеуір бір үміт оның кеудесінен өше қоймайды. Міне, дауыл да басылды, теңіз үстінде тыныштық орнады. Үміт бар — енді ол толқын соғылып, опат болудан аман қалды. Жо-жоқ, ол да алдамшы, уақытша үміт екен. Су бетінде осылайша қалқып қашанғы жүре беруге болады? Бір күн, екі күн, ары қарай не болмақ, арғы күннен не күтпек? Әйел бойындағы соқыр үрейді санаға жеңдіре білді, ертеңгі күннің бұдан да өткен азабынан сескенді. Сол азапты көрмеу үшін ол өзін-өзі суға тастауға, сөйтіп, бірте-бірте жақындап келе жатқан қаралы тағдырының алдын орауға бел шешті. Қанша қатыгез болса да, жарық дүние сыйлаған мына ит өмірмен қош айтысып, өз иманын өзі үйіре бергенде, қара түнекті қақ айырып, найзағай оты жарқ ете түсті. Сол найзағай отымен бірге оның қарсы алдынан тұлғасы асқақ ақ жартас елес беріп өткендей болды. Әйел өз көзіне өзі сенбеді. Сенбесең анықтап көріп ал дегендей, найзағай тағы жарқ етті. Бұл жолы ақ тау ап-анық көрінді. «Ай-Петри! Құдай-ау, мынау Ай-Петри ғой!» Қуаныш толқыны әйел кеудесін жарып кете жаздады. Ол өзі жабысқан тақтайды жартасқа қарай жанталасып есе бастады. Ол жылаймын деп ойлаған жоқ, жылауға мұршасы да болмады, бірақ екі көзінен жас сорғалап келе жатқанын өзі де сезер емес...

— Жамал Сағатовна, тағы да жақындайық па, әлде осы қашықтық жете ме? — деген ту сыртынан естілген Назаровтың үнінен Жамал селт ете түсті. Назаров Жамалдың түрін көріп, сәл аңырып тұрып қалды. — Жамал Сағатовна, сізге не болған? Япыр-ау... — Ол шын абыржи бастады. — Сіз немене... сіз жылағансыз ба?

— Ім... м... жо-жоқ. — Жамал сәл абдырап, қол сумкасынан орамалын іздей бастады. — Неге жылайын...

— Қызық екен, — деді Назаров түкке түсінбей. — Жаңа ғана арамызда ойнап-күліп отырған адам, енді кеп, сәл оңаша қалғанда... Айтыңызшы, не боп қалды?

— Ештеңе де.

— Бәлкім, елден бір жағымсыз хабар келіп, сіз оны бізден жасырып жүрген шығарсыз?

— Жоқ, құдай сақтасын. Бәрі де ойдағыдай.

— Енді не? — Назаров әйелдің жүзінен әлденені ежелеп оқығысы келгендей оған иіліп, сәл үнсіз қарады.

— Сіз бар ғой, сіз осы Ай-Петриге көп келесіз. Бәлкім, өміріңіздегі үлкен бір оқиға осы таумен тығыз байланысты шығар, ә? Солай ма? Айталық, сезім, алғашқы махаббат, алғашқы құрбандық дегендей... — Назаров оны сергітпек боп, көңілді үнмен секектете сөйлеп бара жатыр еді, Жамал тік қадалған салқын көзқараспен оның сөзін кілт үзіп тастады. — Не, сіз ренжіп қалдыңыз ба? Байқамай көңіліңізге тисем ғафу етіңіз!

— О не дегеніңіз, — деді Жамал зорлана күлімсіреп, аппақ орамалының бір ұшымен ғана көзінің алдын құрғатып. — Кешірім сұрайтындай сіздің не кінәңіз бар? Қайта сіздерді жұмыстан бөліп, осынша әбігерге салғаным үшін мен кешірім сұрауым керек.

Назаров көзін қулана сығырайтып Жамалға аз-кем қарап тұрды да:

— Дегенмен айтыңызшы, ол не? — деді бір-бірінен сыр жасырмайтын сенімді адамның үнімен дауысын ішке тарта сөйлеп.

Жамал енді өзіне-өзі толық келген адамның қалпымен иығын қозғап, жайдарлана күлді де:

— Е-е, ол бір ұзақ әңгіме, — деді терең дем алып. — Сіз оны айтқанмен түсінбейсіз. — «Түсінбейсіз» деген сөзді Назаров көңіліне алып қалды ма деген оймен ол өз сөзіне ізінше түзету енгізді. — Керек десеңіз, оны өзім де түсіне бермеймін. Әлде қиял, әлде түс сияқты буалдыр бірдеңе...

— Онда өзіңіз біліңіз, Жамал Сағатовна. Әйтеуір бізге өкпелеп жүрмесеніз болғаны. — Ол білдірмей сағатына қарап қойды. — Қалай, тағы біраз аялдайық па, әлде қозғаламыз ба?

— Әрине, әрине қозғаламыз. Сіздер онсыз да үш сағат уақыттарыңызды жоғалттыңыздар, — деді Жамал тап қазір теплоходтан түсе салып, жүріп кетуге жиналған адамдай жіңішке баулы сумкасын иығына асығыс асып.

— «Мичман Панин». — Назаров палубаның төменгі жағына қарап дауыстады да, ол жақтан жауап күтпей-ақ, жарлығын айта бастады. — Кеттік қалаға. Өткен жолғыдай Ай-Петридi жағаламай жүр.

Ай-Петридiң жанына жақындағанда Жамал ақ жартасты тағы да әлденеше рет суретке түсірді.

Теңiздегі серуен тамаша өтті.

Жамал Назаровқа, теплоходтағы өзге де жігіттерге көп-көп рахмет айтып, кезекті серуенді келесі сәрсенбіге белгілеп, корпусқа оралды. Бөлмесіне кеп, фотоапараты мен сумкасын киім ілгішке ілгенде, өзінің кәдімгідей шаршағанын, денесі салқын төсекті қалап тұрғанын сезді. Ол душ қабылдап болған соң үстіне халатын киіп, бір сағат алаңсыз ұйқыға кіріспек боп өзі кеткенде ғана ауыстырылған ақ сейсепті ерекше ләззатпен көтере бергенде, терезе жақтағы журнал столының үстінде тұрған гүл шоғын көрді. Жамал таңданғандай аз ғана қимылсыз тұрды да, оның қасына келді. Жеті тал қалампыр гүлі екен. Гүл шоғының арасында тілдей ғана қағаз жатыр. Жамал оны қолына алды.

«Құрметті Жамал Сағатовна. Сізді өміріңіздегі қуанышты күніңізбен — сүйікті жұбайыңыз Заманбек Акимовичтің туған күнімен құттықтаймыз. Сол қуанышты біздің семьяның дастарқанында, бүгін, 16 июль, кешкі сағат 19.00-де атап өтуге шақырамыз.

Федорчуктер семьясы».

Санаторийдің бас дәрігері жазған мына бір тілдей қағаздың алдында Жамал қатты қысылды. «Япыр-ай, мен оның туған күнін қалай ұмытып кеткенмін? Кеше ғана емес пе еді, құттықтау телеграммасының тексін жазып қоймақ боп ұмтылғаным?»

Олардың семьясында туған күнді тойлау, оған дуылдатып мән беріп жату салтқа айналмаған-ды. Жастық өмірдің сонау алғашқы шақтарында-ақ Заманбек бұл оқиғаға салқын қарайтын. «Несі бар? Ал тудым, келдім өмірге, енді соны жыл сайын дабыл қағып өткізуім керек пе? Бұл тіршілікке кім келіп, кім кетпеген, оның неменесі қуаныш? Менімше, осы қуаныш пен құттықтаулардың ар жағында жасандылық жатады» деп, өзге жұрттардың бір-бірін өтірік күлкімен құттықтап жататындарына жаратпай қарайтын. Алыс жақта жүрген соң Жамал оған телеграмма салмақ боп ойланған еді, бүгінгі серуен күйеуінің туған күнін де естен шығарып жіберіпті. Сонда да болса бүгіннен қалдырмай телеграмма салмақ боп қайта киінді.

Сол күні кешке ол Федорчуктердің үйіне қонаққа барды. Олардың дастарқанында санаторийдің белді қызметкерлері, жергілікті басшылардан да екі-үш кісі болды. Жамалдың өз басына, семьясына, күйеуінің денсаулығына арнап әлденеше рет тост көтерілді.

Кеш әрі көңілді, әрі мағыналы өтті.

Санаторийдегі алғашқы он күннің қалай тез өте шыққанын Жамал байқамай да қалды.

Алдын ала келісім бойынша Жамалдың қайтуына бір жетідей уақыт қалғанда Алматыдан Заманбек те келмек еді. Биылғы жылы Қазақстанда ауа райы өте құбылмалы болып, әсіресе көктем айларында мал мен ауыл шаруашылығына көп қолайсыздық тудырып кетті. Соның салдарынан Заманбек кезекті демалысын түгел пайдалануды өзіне ыңғайсыз санап, бір жеті ғана уақытқа Қара теңіз жағалауына келіп кетпек боп шешкен.

Жамал кеше үйімен сөйлескенде ол жоспардың әлі бұзылмағанын, оның келуге дайындалып жатқанын естіп іштей қуанған, Жамал ғана емес, бұл хабарды естіген өзге кісілер де қуанды.

Жамал ашық теңізге әлденеше рет серуенге шықты. Әлденеше рет Назаровтың теплоходтағы дастарқанынан дәм татып, әлденеше рет

мақтау сөз естіді, әлденеше рет Ай-Петриге үнсіз қарап тұрып, талай рет сан түрлі ойға шомды.

Кезекті бір сенбі еді. Бүгін ауа райы желкемді болып, теңіз бұларды жақтырмағандай мінез танытқан соң олар көп кешікпей жағаға оралды. Түскі тамаққа дейін әлі бір жарым сағаттай уақыт бар. Жамал еш нәрсе алмайтынын білсе де, уақыт өлтірмек боп дүкендерді асықпай аралап, екіге жиырма минут қалғанда такси аялдамасына келді. Сол сәтте оның алдына кеп ақ «Волга» көлденеңдеп тұра қалды да, ашық терезеден ер адамның: «Жамал Сағатовна, отырыңыз», деген қомақты даусы естілді. Жамал сонда ғана таныды: өткен жолы Федорчуктің дастарқанында бірге болған Николай Сергеевич екен.

— Ә-ә... сәлематсыз ба? — деді ол абдырап. — Сіздерді жолдан қалдырармын.

— Оқасы жоқ, Ялта кішкентай қала, үлгереміз, — деді Николай Сергеевич Жамалға алдыңғы жақтағы орынды көрсетіп жатып.

Санаторий корпусына жеткенше олар ауа райы, көшелердің тарлығы, жолдамасыз «жабайы» адамдардың қаптап кеткені жайлы ұсақ-түйек нәрселерді сөз етті. Әр нәрсенің басын бір шалып отырғанда олар санаторийге жетіп қалды да, Жамал рахмет айтып, түсіп кетті.

Неге екені белгісіз, Жамал Николай Сергеевичтің жолыққанына, таксиге отыра салмай, оның машинасымен келгеніне өкінді. Өйткені өткен жолғыдай емес, ол шектен тыс ресми, шектен тыс сыпайы боп қапты. Жол-жөнекей оған «отыр» деуінің өзі де жолдастық парыздың амалсыз әсері екенін байқағандай болды. Осындай бір жағымсыз, салқын күйден Жамал бірнеше күн бойы арыла алмай қойды. Тіпті Федорчуктің өзі бір кездескенде салқын қабақ танытып, оған бұрынғыдай жалпаңдамайтын сияқты.

Кешке ол үйіне телефон соқты. Үйінде келіні мен баласы болуы керек еді, бірақ трубканы ешкім көтермеді.

Оның іштей мазалануы бірте-бірте белгісіз күдікке айналып, бойына үрей үймелей бастады.

Ол үйіне түні бойы телефон соғумен болды. Ана жақтан тырс еткен дыбыс естілмеді. «Құдай-ау, бұлар қайда жүр? Бала қайда? Келін қайда? Заманбек қайда? Біреуі болмаса біреуі болуы керек қой. Әлде телефон істемей қалды ма екен?» Өздерінің үйіндегі телефонның істемей қалуы мүмкін емес екені есіне түскенде әйелдің жүрегіне тағы да белгісіз үрей толқыны келіп қосылғандай болды. Ол бірауық көршілерімен хабарлассам ба екен деп ойлады да, артық дабыраны қаламай амалсыз таң атуын күтті. Қырымның түні мұндай ұзақ болар ма? Алматыша таңғы сағат сегіз болды-ау дегенде телефонға тағы жармасты. Бір кезде трубканы біреу көтерді-ау. Жамалдың жүрегі аттай тулап:

— Әй, бұл кім? Әмина, сенбісің? — деді алқынып.

— Иә, — деді келіні ар жақтан самарқау үнмен.

— Әмина, дауысың неге сынық? Тыныштық па?

— Тыныштық.

— Әй, сен мені танымай тұрсың ба? Менмін ғой. Мен, мен, мамаларыңмын.

— Танып тұрмын. Сәлематсыз ба?

Жамалдың кеудесін қорқыныш билеп, ары қарай не дерін білмей қалды.

— Әмина, Әмина деймін. Саған не болған? Шыныңды айт, амансыңдар ма?

— Аманбыз.

— Ербол қайда?

— Ұйықтап жатыр... — Келінінің дауысы тұншыға шықты.

— Неге ұйықтап жатыр?

— Ол... ол түнде тағы кеш келді.

— Әмина, сен... жылама, жылама, білдің бе? Жылама деймін. Барған соң оған көрсетемін көресіні. — Әйтеуір үй-ішінің аман екенін біліп,

оның жүрегі орнына түсейін деді. — Папаларың жұмысқа кетіп қалды ма?

— Иә... Жоқ... командировкада...

— Командировка? Ол неғылған командировка?

— Бір қалада комбинат ашылады екен, соның ашылу салтанатына кетті.

— Қай қалада?

— Білмеймін... Какой-то солтүстіктегі бір қала.

— Жарайды, аман болсаңдар бопты. Жылама, жылама деймін. Саған көп жылауға болмайды. Балаңа зиян. Кешке қарай тағы бір хабарласармын. Жарай ма? Ал сау бол.

Ол трубканы қойып:

— Неткен балалар? Жалғыз әкелерінің қайда кеткенін білмейді, — деді терең күрсініп.

Сәрсенбі күні ол әдеттегідей жағалауға келді. Өзіне етене таныс теплоход трапка бауырын сүйкеп, оны күтіп тұр екен. Бұл жолы «Мичман Панин» күтіп алды.

— Евгений Степанович қайда? — деді Жамал траптан палубаға түсе берісте сүйемелдемек боп қолын созған «Панинге» екі-үш саусағын ғана

ұстатып.

— Ол кісі көп-көп кешірім өтінді. Бүгін аздап сырқаттанып қалған секілді.

— Секілде ме, әлде сырқаттанып жатыр ма?

— Таңертең өзі солай деген, — деді «Панин» аздап бөгелектеп. «Ауырып тұрған сияқтымын, денемде қызу бар», — деді. Бірақ сіз қам жемеңіз, сізді серуендетіп қайту біздің де қолымыздан келеді.

— Бүгін жүк тасымайсыңдар ма?

— Жоқ. Түстен кейін ұсақ-түйек ремонтқа тұрамыз. «Әбден мезі қылған екенмін ғой, — деді Жамал өзінен-өзі қатты қысылып. — Менікі не осы, сонша жабыстым кеп. Бұлар не, менің екі туып, бір қалғандарым ба? Осы кезге шейін мұны неге ұқпай келгенмін?»

Жамал не істерін білмей, палубада біраз қимылсыз тұрды да «Панинге»:

— Бір жағынан Назаровтың келмегені де дұрыс бопты, — деді ол баяғы көңілді кейпін сақтауға тырысып. — Менің де қыдыруға ешқандай зауқым соқпай келе жатыр еді. — Ол сағатына қарап қойды. — Бір сағаттан соң Алматыдан келінім телефон соғуы керек... Сөйлесетін сөз бар еді. Мен қайтайын.

— Жамал... Сағатовна, — деді «Панин» оның әкесінің атына келгенде сәл мүдіріп. — Мұныңыз қалай? Назаров ренжиді ғой.

— Ренжімес. Түсіндіріп айтарсыз. — Жамал жайлап басып траппен төмен түсе бастады. Ол «Паниннің» қуақы да зәлімдікке толы көздері өзіне қадалып тұрғанын сезіп, жауырыны шымырлап кетті. Сонан соң аяғын тез-тез басып, теплоходтан ұзай берді.

«Панин» оны тоқтатқан жоқ.

Сырт қарағанда мұның бәрі кішкентай оқиға боп көрінгенмен, бәрібір ол Жамалды жасытып кеткендей болды. Өз ойымен өзі арпалысып, өзіне-өзі ұрысып, таныстарының соңғы күндері салқын қабақтарын өзінің тым еркінсіп кеткендігінен көріп, сол ойдан өзін қоярға жер таппай ыңғайсызданып, корпусқа қалай жеткенін байқамай қалды.

Ол вахтаға бұрылып, бөлмесінің кілтін алғалы үйреншікті «137» деген жазуға қол соза бергенде, кілттің орнында емес екенін көрді. Вахтада ешкім жоқ. Оң жақтағы қараңғы түкпірде «тетя Дуся» ғана еден жуып жүр екен.

— Тетя Дуся, менің бөлмемнің кілті сізде емес пе? — деп сұрады бөлмені реттеп болған соң кілтті орнына ілуді ұмытып кетті ме деп ойлап.

Дуся апай оған жайлап жақындады да:

— Оның кілтін комендант алған, — деді.

— Неге?

— Неге екенін олар маған айта ма?

— Қызық екен, — деп Жамал иығын қозғады, — «Комендантқа кілттің не қажеті бар? — Ол түкке түсінбеген халде екінші қабаттағы өз бөлмесіне келді. Бөлме кілттеулі екен. Ол не істерін білмей, әрі-сәрі боп тұрғанда қасына екінші қабаттың кезекшісі жақындады.

— Жамал Сағатовна, — деді ол баяу үнмен. — Сіз... Коменданттың бөлмесіне кіріп шығасыз ба? Ол сізді күтіп отыр еді.

Жамал аяғының астындағы еден ойылып кетердей жайлап басып, демі жиілеп, коменданттың есігін ашты.

— Рұқсат па екен?

— О-о, келіңіз, төрлетіңіз, — деді толық келген, алдыңғы тістерін түгел алтындаған әйел оған қарсы жүріп. — Көңіл күйіңіз, денсаулығыңыз жақсы ма?

— Рахмет. Бәрі ойдағыдай.

Комендант ұзаққа созылған керексіз әңгімеден соң мәселенің түйініне көшті.

— Жамал Сағатовна, — деді ол жалынғандай көмескі үнмен. — Сіз айыпқа бұйырмассыз. Сәл бір келеңсіздеу жағдай болып тұр. Ім... Қалай десем екен... Бізге, Москвадан тексеру келгелі жатыр. Орын мәселесі ғой баяғы. Сіздің бөлмеңіз — бұрынғы ординатор бөлмесі. Комиссия сезіп қалса, жақсы тиетін түрі жоқ. Бәрімізге де. — Ол бір қолымен шеңбер жасап, бүкіл санаторийді қамтығандай болды.

— Әрине, әрине, — деді Жамал басын изеп.

— Сөйтіп... сізді үш кісілік бөлмеге көшірсек деп едік... Оған.. қалай қарайсыз?

Жамалдың өн бойы мұздап кетті. Көз алды бір сәтке буалдыр тартып, бөлме ішіндегі кислородты әлдекім сорып әкеткендей тынысы тарылды.

— Ә... ә... Мейлі. Мейілдеріңіз, — деді ол өң мен түстің арасында дірілдей сөйлеп. — Қалауларыңыз білсін...

— Тексеру келе жатыр, амал бар ма... Федорчук те қинала-қинала кеткен.

— Ол кісі қайда?

— Облыс орталығына кетті. Симферопольде жиналыс бар екен. Төрт-бес күннен соң келеді. Комиссия табан астында келіп қала ма деп ренжімеңіз... Қызмет қой...

— Әрине, әрине... Қызметтің аты қызмет... — Жамал ойланбастан оның ығына жығылып сөйлеп берді. Соңғы сөз жүрегіне жуалдыздай болып қадалса да, шыдап бағуға тырысты.

Екеуі ұзақ үнсіз отырып қалды. Ішкі дүниесінде сәт сайын ұлғайып, кенересін барған сайын кеміріп бара жатқан намыс пен ыза отының әсерінен жылап жіберуден қорыққан Жамал, аздан соң өзін-өзі әрең жеңіп:

— Тым асығыс болған екен, — деді күбірлеп. — Тым болмаса... бүгін түнеп шығайын. Үш кісілік орынға... таңертеңнен бастап ауысармын...

Комендант әйел сәл ғана ойланып алған соң:

— Жарайды. Солай-ақ болсын, — деді үлкен тәуекелге барғандай қолын сілтеп.

Жамал түскі тамаққа да, кешкі тамаққа да бармады. Ол сыртқа шықса дүйім жұртқа күлкі болатындай бөлмесінен шықпай жатып алды. Өзін-өзі қор санап, егіліп жылады.

Кешке Алматымен сөйлесті. Трубканы тағы да келіні алды.

— Әмина, — деді ол келінінің жылап тұрғанын естіп, шошына айғайлап. — Әмина, саған не болды? Құдай біледі, сендерде бір жамандық бар? Айт қазір. Ербол үйде ме, тағы кешігіп келді ме?

— Мама... мам... ол үйде... Ол... өткен жолы да үйде болатын...

— Не дейді? Енді неге жылап тұрсың? Саған жылауға болмайды дегенім қайда?... Папаларың командировкадан келді ме?

— Жоқ... імм, келді... Мам... ол ешқайда кеткен жоқ. Ол осында...

— Құдай-ау, сен не деп тұрсың? Есің дұрыс па? Айтсаңшы, не болды сендерге?

— Мама... мама... Папам қызметтен босады... Басқа жұмысқа ауысуына байланысты...

Жамалдың қолынан трубка түсіп кетті.

— Міне, гәп қайда?!

Зағтарын шала-шарпы жинап, қол сандығына салды да, ел жатар-жатпастан автовокзалға тартты. Таңға жуық ол Алматыға ұшты.

Төменде көк жасыл кипаристерге көмілген шағын қала, бірнеше жылдың ішінде «өз туыстарындай жақын боп кеткен» сол қаланың адамдары, замана шежірелерін үнсіз ғана қойнына тығып, ғасырлардан ғасырларға сапар шеккен, «тіршілік» деген құбылыстың ұсақ-түйегіне селт етпейтін асқақ та маңғаз Ай-Петри қалып бара жатты. Қайтып келер-келмесі белгісіз, мұнда өткен өз ғұмырының бір бөлігі де Ай-Петри аңызындай ежелгі ертегі сияқты сәт сайын алыстап барады.

Шыр етіп туылғаннан ең соңғы ақтық демнің арасы өмір деп аталатын болса, сол өмір жолында адамдар тіршілігінің көп бөлігі өзін-өзі алдарқатумен, есі кірмеген сәбидей алданумен өтетінін де Жамал жер үстінде емес, жерден алыста, шырқау биікте белгісіз нүкте боп бара жатып алғаш рет ойланды.

Бәлкім, «тіршілік» деген де аңыз шығар? Әлде, расымен ақиқат шындық па?

ТАҒДЫРДЫҢ КЕЙБІР КЕЗДЕРІ

Аудан орталығы боп есептелетін шағын қаланың шағын ғана баспаханасында он төрт жыл әріп теруші боп қызмет істеген Жәдігердің облыстық ауруханада жатқанына міне, бес ай болды. Алғашқы кезде дос-жарандарының бірі болмаса бірі кеп, бұрын дәрігер атаулының алдын көрмеген оның көңілің көтеріп, рұхын өсіріп жүруші

еді, бертін келе мұның ауруханада жатқанына жұрт әбден үйреніп алды ма, әлде келе беруден жалықты ма, әлде ұзақ уақыт көрмеген соң адамдар бірін-бірі ұмыта ма, соңғы үш-төрт айда оны іздеп әйелінен басқа ешкім келмейтін болды. Әйелінің өзі де алғашында апта сайын, әр жұмада келетін. Жол алыс, үйде үйелмелі-сүйелмелі үш бала бар, сондықтан Жәдігер бір жағы жүзі жадау тартқан әйелін аяп, әрі шешелері келгенше тамақ ішпей томсырайып отыратын балаларына жаны ашып, екі айдан соң аяғына мінген ол әйеліне де жиі келе беруге рұқсат етпеген-ді.

Олар бір палатада бесеу. Қалған төртеудің ағайын-туыстары түгел осы қалада. Оларға адамдар сапырылысып келіп жатады. Әуелгі кезде Жәдігер жолдастарының аздығына, сол аз жолдастардың өзі ат ізін салмай кеткендеріне іштей қапаланып, таң атса болды, терезенің алдына біреуіне болмаса, біреуіне қылқиып кеп тұратын іздеушілері мол мына төртеуіне қызғанышпен қарайтын. Өзімен салыстырғанда, олар мейлінше бақытты боп көрінетін-ді. Сапырылысып келіп тұратын дәл осындай ағайын-туыс, дос-жарандар мол болса, онда бес ай емес, бес жыл бойы алаңсыз ауыра беруге болатындай көрінуші еді.

Мұндағы «ескі көздерден» соңғы кезде өзі ғана қалды. Қалғандарының бәрі әлдеқашан шығып, орнына жаңа адамдар келді. Аурухана қабырғасы мұны әбден қажытты. От басын, ошақ қасын сағынды. Кешке шейін көрмесе сағынып, үстінен баспахана бояуының иісі аңқыған әкелерінің мойнына тұс-тұстан асылатын алды он бір, соңы төрт жасар балаларының маңдайынан бір иіскеуді аңсады. «Бәлкім, олар мені ұмыта бастаған да шығар,— дейтін ол жарық сөніп, ұйықтауға жатқанда. —Балалар бәріне тез көндігіп, тез ұмытпаушы ма еді. Мен де сөйтіп едім ғой. Әке-шешем қайтыс боп, біреулер детдомға апарып берген жылы көрпені жамылып алып, екі-үш күн бойы жыламадым ба? Кейіннен ұмытып, бәріне көндігіп, әке-шеше дегеннің не екені де естен шығып кеткен жоқ па еді?! Бұлар да сөйтіп ұмыта бастаған шығар-ау?»

Жәдігердің көзіне жас келді. Өзінің өмірі жайлы, әкесіз күн кешіп жатқан балалары жайлы, үй-ішінің ақшадан тапшылық көріп жатқаны жайлы ойлағысы келмеді. Бірақ оны ойламау мүмкін емес, қиялы қай

жақты шарлап кетпесін, бәрібір алдынан үй-ішінің жағдайы сопиып шығады да тұрады.

Бұл ауруханаға түскеннен кейін, төрт айдан соң әйелі үш баласын да ертіп кепті. Екі ұл, бір қыз. Мұны көрген кезде олар баяғы күнде көріп жүргендегідей тұс-тұстан анталап кеп мойынға асылған жоқ, үшеуі де ұяла күлімсіреп, төмен қарап тұра берді. Жәдігер кеп құшақтап беттерінен сүйгенде ғана ортаншысы мен шалдуар, тентек кенже қызы көздеріне жас алды. Үнсіз жылау — басқа түскен ауыртпалықты түсінуден, соған көндігуден тұратынын Жәдігер жақсы білетін-ді. Дегені болмаса көнбейтін, айтқаны орындалмаса таң аппақ атқанша жылаудан шаршамайтын шатақ қызы да «уақытша әкесіздік» өмір мен уақыт қиындықтарына көндігіп қалған сияқты. Жәдігерге осы батты. Балаларының еркеліктен қол үзіп қалғандары, тентектіктен момындыққа ауысып келе жатқан көз жанарларындағы мойынсұну мен момақан мінез өзегін өртеді. Мамалары арқылы әбден біліп алған болулары керек, үш баласының үшеуі де «пап, қашан шығасың?»—деп сұрамады да.

Мұның ауруханада ұзақ жатуы үй ішінің қаржыдан қысылуын үдете берді. Оның үстіне, барлық кінә да өз жағында.

Демалыс күні болатын. Бұлар бірнеше жігіт көрші колхозға қыдырып барып, кәдімгідей «көңіл көтерген» болатын. Сол колхоздағы бір жолдастары «Беларусь» айдайтын. Ішкілік таусылған соң бәрі — бес жігіт бір тракторға отырып алып, қырдағы магазинге барған. Лайсаң болатын. Қайтып келе жатып «Беларусь» жолдан тайып, жанамайлап барды да, бір жағына жантая кетті...

Мұның төрт қабырғасы, оң жақ бұғанасы сынды. Аш ішекке екі жерден зақым келген. Миы шайқалған деген диагнозы тағы бар.

«Арақ ішіп жүріп тапқан жарақат».

Дәрігерлер осылай қорытынды шығарды.

Қатал қорытынды.

Оның он төрт жылдық адал еңбегі ескерілмеді. Оның арақ атаулыны мүлде сирек ішетіні ешкімнің ойына да кірмеді. Рульде отырғандықтан,

қылығы қылмыспен пара-пар деген айып та тағыла жаздап, ісін сотқа бермей, оған үлкен жақсылық жасады.

Ауруханада жатқан күндері үшін оған бір тиын да ақша төленбейтін болды.

— Екі қойды саттық,— деді әйелі бір келгенде.

Ол ләм демеді.

— Екі ұлдың да мектеп формасы тар боп қапты. Үлкенінің формасы тозып та қалған екен ғой.

Ол ләм демеді.

— Ден сау болсын,— деді әйелі күйеуінің жүзіне қарамауға тырысып. — Жазылып шықшы әйтеуір. Үйге келген соң екі қой қайда кеткен деп жүрмесін дегенім ғой. Әйтпесе.. нем бар айтып. Дәрігерлер не дейді өзі?

Жәдігер жағдайының жаман емес екенін, тек тігілген ішегі бір рет сөгіліп, дәрігерлер қайта тіккенін, сол бітсе, көп ұзамай шығатынын айтты.

— Құданың құдіреті,— деді әйелі. — Түсімде... сенің орныңа басқа біреуді алыпты. «Ей бұларың не. Жәдігер шыққалы жатыр ғой десем, баспахана бастығы: «Бізге ішегі бүтін адам керек» деп теріс айналады.

— Қызық екен,— деді Жәдігер мырс етіп. — Көп ойлана берме. Жақында шығамын.

Бүгін дәрігерлер ұзақ кеңесіп, Жәдігерді шығаратын болды. Оның қуанышы қойнына сыймады. Күйеуі үйге келетін болған соң әйелі екі баласына қыстық пальто алмақ боп сақтап отырған жинақ кассасындағы өткен жолғы сатқан қойдың қалған ақшасын түгел сыпырып ап, «кәдімгідей» тойға дайындалды. Есік алдында екі үйрек пен үш тауықты да сойып тастады. Кіші қызының туған күніне рулі бар шана әпермек боп жинаған ақшаны да алдап-сулап «уақытша қарызға» ап, күйеуін алып келу үшін таңертең жолға шықты.

Папалары келетін болған соң балаларының ешқайсысы қабақ шытқан жоқ, қайта қуана келісті.

Жәдігердің бүгін келетінін естіген көршілер мен бірге жұмыс істейтін адамдар түстен кейін-ақ бұлардың ауласына жиылып, еркектер жағы кешкі сыбағаларының есебінен Жәдігердің балаларына арақты таптырып алып, бастырманың астынан «төтенше дастарқан» ұйымдастырып жатты.

— Қойсандаршы, ұят емес пе? — деді бір әйел еркектерге зекіп.

— Ұят емес, мамам айтқан, кісілей келсе шай беле беліндел деген. Алақтың қайда тұлғанын да көлсетіп кеткен — деді кенже қызы тақылдап.

Ол шашына үлкен ақ көбелектің қанатындай аппақ бантик тағып алыпты.

Кешкі сағат бестер шамасында сонау ойпаңнан қылт етіп баспахананың «Уазигі» көтерілді.

— Келе жатыр. Солар ғой деймін, — деді бір еркек бүтін қиярдан бір тістеп. Ол қызып қапты.

— Иә, тап солар! — деді баспахана бастығы машинасын бірден танығанын білдіріп. — Біздің машинаның жүрісі ғой. Ағызып келе жатыр.

Ауладағы балалар ойындарын тоқтатып, әкелерінің алдынан шықпақ боп оларға қарсы жүгірді.

Сәлден соң «Уазик» балалардың қасына кеп тоқтады да, ішінен папасы мен мамасы түсті. Жәдігер балаларына қарай құшағын жая ұмтылды.

— Құлындарым, қошақандарым! Қане келіндерші!

Ол ең әуелі кенже қызын, ерке қызын көтермек боп тізесін бүгіп еді, есейіп кеткендерімен ісі жоқ екі ұлы да бірі арқасына, бірі оң иығына жабысты.

— Ал мініңдер, мініңдер бәрің! Құлап қалмайтындай мықтап ұстаңдар! Ұстадыңдар ма?!— деді Жәдігер мәз болып.

— Иә!— деп үш баласының үшеуі де шу ете түсті.

— Ана екеуі жарайды, саған не бар-ай еңгезердей боп, — деді бұларға күлімсірей қарап тұрған Жәдігердің әйелі үлкен баласына ұрысқан боп.

Жәдігер үшеуін көтеріп орнынан тұрды да, өзіне қарсы келе жатқан көңілді топқа қарай күлімсіреп жүре берді. Сол кезде ішкі дүниесі тыз ете қалды. Лездің арасында көз алды қарауытып сала берді.

— Түсіңдер... түсіңдер,— деуге ғана шамасы келген ол еңкейіп балаларын жерге түсірді де, өзі етпетінен құлады.

Сол бойы тұрған жоқ.

Машина жалма-жан аудандық ауруханаға қарай бет түзеді.

Жәдігер жолда қайтыс болды.

«ТАЛАХАН-186»

Егер еріншектіктен дүниежүзілік жарыс өткізілетін болса және оған ерінбей қазақтар да қатыса қалса, халықаралық қазылар алқасы бас жүлдені ойланбастан қазақтарға беретініне өз басым бәс тіге аламын. Өзге халық ат шаптырым жерден әкпішпен су тасып өзіне алданыш боларлық көгеріс егеді, ал қазақтың үйін сел алғалы жатса да, жерге еңкейіп шыбық қадамайды, сөйте тұрып, әкпішпен су тасып ауласын көгертіп отырған басқа ағайынды мазақ қылады, «азат басын қор қылып, тамағын жерден іздеген бейшара» деп оған жаны ашиды, мүсіркейді. Көктемде өкімет жұрттың бәріне жер береді, бергенімен қоймай сутегін айдап береді. Қазақ жәкем барып әлгі жерге жаппай жүгері шашады да, асығыс үйіне қайтады. Әлгі атшаптырым жерден әкпішпен су таситын ағайын сонда түнеп қалады. Ол бірнеше күн бойы үйіне келмейді. Бір-екі айдан соң «жерге тәуелсіз қазақ «бір жаққа ағайыншылап бара жатып егіс басына ұрын келеді ғой. Сол кезде тақта-тақта түс киіздей құлпырып тұрған әлгі ағайынның жері мен қазақтың дәл өзі секілді басы бірікпей, «шықсам ба, шықпай-ақ жата берсем бе екен» деп әр жерден ербие қылтиып тұрған тәкаппар жүгерілерді көреді де, сілейіп тұрып қалады. Сілейіп қашанғы тұра берсін, сәлден соң бұл көрініске өзінің ақтық бағасын береді: қатырып тұрып, бір әрпін

қалдырмай, бастықтың әке-шешесін жуық арада не істейтінін екі-үш рет нықтап айтып шығады. «Құдайдың қара жерін алалап, анаған жақсысын, маған жаманын «берді» деп бар кінәні айдаладағы бастыққа жауып, өзін құлантаза ақтап алып шығады да, тектен текке кектеніп, атына қамшысын басып кеп қалады.

Ойпаңдағы ауылдың әуселесі осындай болғанда, су шықпайтын қырдағы елдің «тәкаппарлығы» бұдан да зор: олардың «жерге тәуелсіздігі» сондай кейбіреулерінің балалары көгеріс дегенді еміс-еміс естігендері болмаса, көздерімен көруді өздеріне тең санаған емес.

Аспандағы күннің жерге төніп, қырдағы қырық шақты үймен жекпе-жек шайқасып тұрған шағы. Маңайдан жөн сұрайтын тірі жан таппағанына ашуланған ызалы күн қолына түскен байғұс шілде қоңыздың жанын көзіне көрсетіп, шырқыратып жауап алып жатыр. Көктем өтісімен-ақ өгіз терісіндей тып-тықыр, көнтақа күйге көшкен адырлы дала от жанында қалған терідей жиырылып барады. Қоңыр салқын кездің өзінде мең-зең боп далаға әзер шығатын қазақтар сыртқа аяқ бассаң миың айналатын осындай шақта, кенеттен ауыл сыртындағы апан айналасына үйме-жүйме боп жинала қалды. Апан түбіне таңтамаша боп үңіле қалғандарына қарап, бұл жерге космонавт кеп қонды екен, я болмаса, метеориттің бір сынығы түсті екен деп ойлап қалмаңыздар. Апан түбінде... помидор өсіп тұр еді. Иә, кәдімге күнде көріп жүрген помидор. Үш түп. Бірақ бұл өзге айғайындарына қарағанда мығым, бойшаң, сүйекті. Апан түбінде барлық ылғал мен қорек өздеріне ғана тигендіктен ол ауқатты қазақтардай асқақ та бейғам тұр. Қалың жапырақтарының арасынан қызара бастаған қос жұдырықтай екі-үш помидор сыртқа сығалап сабырсыз көзді арбап қапты. Әрине, бұл төтенше помидорды бала-шаға бірінші көргенде, ол байғұс әлдеқашан талан-таражға түсіп, қазіргі кезде көктей солып жатар еді, бірақ өзінің бақытына қарай оны алғаш байқаған адам қазір аздап молдалықпен айналыса бастаған, бұрынғы парторг Ештен болды. Ол мұны осыдан үш күн бұрын көрген. Осы үш күннің ішінде анау ши қалпақтың астындағы жұдырықтай басына не келіп, не кеткенін бір құдайдың өзі білсін, әйтеуір, бүгін түсте сиырларын бастырмаға қамап болған соң ғана там көлеңкесінде ойнап жүрген төрт-бес балаға көкейіндегі құпиясын ашуды жөн көрді. Балалар білді дегенше бар

ауыл құлақтанды емес пе. Он шақты адамның апанды айналып қалуының себебі де сондықтан. Робинзон Крузо қылтиып өсіп тұрған жалғыз түп бидайды көргенде қалай таңырқанса, бұл адамдардың әрқайсысы «құданың құдіретіне» одан кем таңданып тұрған жоқ еді. Бір топ бейғам помидор он шақты жалқау қазақтың басына сан-сапалақ сұрақ қаптатып кетті. Олардың бірі: «Күтіп-баптағанда бұлай өспейтін жарықтық, ешкім қарамаса да қалай жайқалып тұр десеңші» десе, екіншісі: «Мал жемей, адам аяғы баспай қалай аман-есен жетілген?» деп жағаларын ұстасты. Бәрінің сөздері мен үндерінде табиғат ананың мейірбандылығына деген разылық пен құлдық ұрушылық есіп тұрды. Осындай шексіз мейір мен елжіреудің ара-арасынан: «Оңашада жұлып алса қайтер еді?» деген сұғанақ сұрақтар да әр баста бір жылт етіп жоқ болып жатты.

— Әдейілеп ексең бүйтіп шықпас еді, — деді «Беларусь» айдаушы Жаппархан әлденеге ызаланып. Ол бүгін үйде, себебі, көрші колхоздағы жолдасы отын түсіріп алайын деген соң алдыңғы күні тракторын соған беріп жіберген.

— Айтарың бар ма, — деп оны қостай жөнелді звеновод әйел Ипатша помидорға ренжи қарап. — Баладай баптасаң бүйтіп бітпейді. Әсте, қарамаған нәрсе жақсы өседі. — Ол қазақ арасына кең тарап, бауырға жабысқан өттей біте қайнасып кеткен қағиданы осы қазір ғана, тура апан басында ойлап тауып, алғаш жариялап тұрғандай кеудесін керенау көтеріп қойды. Өзінің орнына бюллетеньде жүрген күйеуін жібергендіктен ол да бүгін үйде демалып жатқан-ды.

— Онымен не айтқың кеп тұр? Бәрін бетімен жіберу керек демекпісің?
— деді комбайн паркінің күзетшісі Пікән сөзге араласып.

— Иә, — деп кіжіне жауап қатты звеновод. — Бәрін бетімен жібергім кеп тұр. Бәрі барсын да, сенің күзетіп жүрген жоқ паркінің тас-талқанын шығарсын.

Күзетші ойламаған жерден соққы алып қалды. Оның қорып жүрген комбайн паркінің жоқ екені рас болатын. Аспан айналған шілдеде дені сау комбайн паркте тұра ма, бәрінің дала «кезіп» кеткені қаша-а-ан. Парктегі комбайн тараған соң колхоз Пікәнді басқа жұмысқа

«пайдаланбақ» болғанда, бұл ауыр тіршілікке араласқысы келмей аудандағы нағашысына барып қайтқан-ды. Аудандағы нағашысы ауылға звондаған. Сонымен, Пікәннің жоқ комбайн паркінің күзетшісі боп істеп жүргені рас еді. Қазіргі еріккен жұрт сөз қылмас үшін ол түнде-түнде комбайн паркінің орнындағы ашық алаңға барып бір-екі рет мылтық атып қойып жүрген. Пікән үйінде жатып-ақ сырттағы жұрттың пыш-пыш сөзін еститін. Бірақ дәл мұндай төтесінен келген ашық соққыны ойда жоқта, қарғыс атқыр помидор өсіп тұрған апан басында алармын деп әсте ойламаған еді. Кез келген келесі сөз өз пайдасына шешілмейтінін іштей түсінген ол үнсіз қалды.

«Салауаттылық қоғамының» председателі, завклуб Нәметай басқа тақырыпта жаңа сөз бастағанда иығынан диірмен түскендей жеңіл күрсініп қойды.

— Мұның сорты қандай екен өзі? — деді ол өзгелерден гөрі пайымдылық танытып. Сол сол-ақ екен, әркім помидор сорты жөнінде тұс-тұстан өз білгенін айтып жамырай жөнелді.

— Астрахандық, — деді біреуі.

— Жоқ «егіз жүрек», — деді екіншісі.

— Қайдағы «өгіз жүрек?» Қытай сорты емес пе, — деді үшінші адам.

— Қытай сорты кеседей емес түймедей болар еді ғой, бұл самарқандық,
— деп Пікән қайта тірілді.

— Қайдағы самарқандық? Ондай сорт болушы ма еді? — деп звеновод қатты ренжіп қалды.

— Меніңше, бұл қандалалық.

Күтпеген бейтаныс елдің атын естіген жұрт не дерін білмей тосылып қалды.

— Самарқандық деген сорт болмаса, Қандалалық деген де сорт жоқ шығар, — деп Пікән енді дауға араласа бастады.

— Неге болмайды? Мына тұрған Самарқан помидор екенде Қандала екпейді дейсің бе? Бұл сөз жоқ Қандалалық.

Жиылған топтың арасында қызмет бабынан келгенде звеноводтан биік лауазым жоқ еді, сондықтан бұл пікір толық қабылдана бастады. Бірақ бәрінің ойында: «Қандала» деген қандай ел?» деген заңды сұрақ аэропорт тұманындай айықпай тұрып алған еді.

— Кешіріңіз... Қандала дегенді естімедік, — деді Жаппархан Ипатшаға жасқана қарап.

Осы кезде физкультура мұғалімі жандарынан өте берді. 6 «б» класында бүгін қатарынан екі сағат бойы денешынықтыру сабағы. Мұғалім Әбдеш балалардың ортасына футбол добын тастады да, «екі сағат бойы осылай ойнай беріңдер» деп жас әйелінің жанына жетуге асыққан. «Қандала» деген елдің қайда екенін айтып бере алмаған соң, звеновод білместігін ашумен жабуға тырысып дауыс көтере бастады.

— Немене, сен естімеген екен деп Қандала деген ел жердің астына түсіп кетуі керек пе?

Олар физкультура мұғалімін шақырып алды.

— Қандала?.. — деді ол дөңгеленіп тұрған жұртқа қарап. — Ондай ел жоқ.

— Бар! — деді звеновод физкультура мұғаліміне жақтырмай қарап. Оның даусының сенімді шыққаны сонша, мұндай үзілді-кесілді пікірден соң Қандала деген ел жоқ болса да пайда болуға тиіс еді.

— Сіз бар десеңіз амал қанша, байғұс Қандала деген ел болмаса да болады да, — деді мұғалім аса ізеттілікпен сыпайы жымыып.

Звеновод дүйім жұрттың алдында бір ғана жалақымен отырған қайдағы бір физкультура мұғалімінен кекесінге толы тосқауыл алғанына мейлінше қорланып қалды. Білім дәрежесінің саяз екені түкке тұрмайтын апан басында әшкере болғалы келе жатқанын сезіп ол нақты тойтарыс беруге көшті.

— Қандала деген ел бола ма, болмай ма ол оны сенен сұрамайды. Сен кімсің? Айдалада жатқан физкультура мұғалімісің. Енді сол Қандаланың болу болмауы саған қарап қалды дейсің бе? Сенің 135 сом айлығыңнан басқа нең бар, оның отыз бес сомының өзі бір ай бұрын

қосылды. Білесің бе, сол отыз бес сомды кім қостырғанын? Білмейсің. Мен қостырғанмын, мен, білдің бе? Көзіңді ашып қара былай...

— Сіз?.. Сіз? Қ-қ-қалай? — деді мұғалім кекештеніп.

— «Әбдештің үйлену тойына не қосарымды білмей тұрмын», — деп деректірің қиналған кезде мен болатынмын оған айлығын өсірсеңіз қайтеді деп ақыл берген. Енді түсіндің бе? Мен айтпасам жүрер ең осы кезге шейін жүз соммен сүмеңдеп. Күнін көре алмай жүріп, «Қандала деген ел жоқ» дейді маған барып. Қандала деген елді білмесең сен білмейтін шығарсың, біз білеміз, былтыр ғана сол жаққа нағашы ағам барып қайтқан.

Мұғалім Әбдештің көзі шекесіне шығып кетті. Ипатшаның нөсердей сабалаған сөзі сәл саябырсыған кезде аздап есін жиып:

— Бірақ... менің жалақымның... Қандалаға қандай қатысы бар? — деді ызаға тұншығып.

— Бар! Жалақының бәріне қатысы бар!

Мұғалім көйлегінің түймесін ағытып, жағаға шығып қалған балықтай аузын ашып екі-үш рет қарбытып аптап жұтты.

— Дегенмен... бәрібір... менің жалақым мен Канаданың арасында ешқандай байланыс жоқ. Болуы мүмкін емес. Мүмкін емес. — Мұғалім қояншық ұстаған адамдай қалшылдап кетті.

— Неме-не?.. Канада? — деді звеновод қараңғыда сөйлесіп тұрғандай оған үңіле қарап.

— Иә, Канада... Канада. Қандала деген ел жоқ. Нағашы ағаңыз түгіл оған әкеңіз де бара алмайды. Тіпті, сіз де бара алмайсыз, өйткені ондай ел жоқ. Амал қанша, өмір заңы солай құрылған — жоқ нәрсеге бара алмайсыз. Ешқашан!

Мұғалімнің ызаға булығып, жыларман халде қалтырап сөйлеп тұрғанын көрген Ипатша оны кенет аяп кетті де, қарсы дау айтпады. Оның үстіне, күні бойы бұл «Қандала деп қақсап тұрғанда жақ ашпаған апан басындағы шеңбер «Канада» деген сөзді естіген кезде «иә, иә»,

ондай елдің болуы мүмкін» деп шу ете түсуі оның әрі мысын басып, әрі ызасын қоздырып кетті. «Сатқындар, — деді іштей Ипатша ызаланып.

— Сатқындар. Осыларға ғой мен табель толтырмасам баяғыда аштан өлер еді. Баяғыда! Жақсылықты білмейтін оңбағандар өңшең. «Көпшілік, көпшілік» деп әбден есіртіп жіберді осыларды. Бұлардың қай жері көпшілік? Анау тұрған қалқан құлақ па, әлде төртінші класта үш жыл отырған миғұла мына мақұлық па, әлде түсте қарны тойса, кешкі асын ойламайтын ана шеттегі кеше ме? Бұларды бір жерге жиналғандықтан көпшілік деп атай беруге бола ма екен? Бәрі әумесер сатқындар ғой, сатқындар! Өздері өтпей жатып біреуді сатуға құмар. Басқа еш нәрсе қолдарынан келмесе де сату қолдарынан жақсы келеді. Көрмейсің бе, «ондай елдің болуы да мүмкін» деп ауыздарының қисая қалуларын. Ал болсын-ақ, сонда немене, міндетті түрде шу ете қалу керек пе? Тым болмаса үндемей-ақ қоюға болады ғой. Сауатты бола қалуларын табан астынан. Надандардың көзі ашылды дегенше, жарық дүниені түнек басты дей бер. Сатқындар, келтірермін алдарыңа! Келесі айға осы тұрған бір де біріңе табель толтырмаспын-ау, бәлем. «Канада» деген ел бар ма, жоқ па сонан соң сұрап көрейін, қалай сайрап екенсіңдер сонда».

— Сонымен бұл қандай сорт болып шықты өзі? — деді Нәметай ауыр үнсіздікті бұзып.

Ипатша оған алара қарап:

— Ал соны білгенде не болмақ? Қатының қайтып келе ме? — деді әлі ызадан айыға алмай.

— Келеді, — деді Нәметай Ипатшаны таң қалдыра өте сабырлы жауап беріп. — Келгенде қандай. Осы помидордың сортын ажыратқан күні қайтып келем деп кеткен.

— Түсінікті, — деді Ипатша ернін жымырып. — Мейлінше түсінікті. Бірақ өкінішке орай, бұл помидордың сортын білетін адам жоқ. — Ол екі қолын артына ұстап, апан шетінен алыстай берді.

— Ботаника мұғалімі Рамазанды шақыру керек, — деді топ ішінен біреу.

— Ол екі баласын сүндетке отырғызу үшін Арыстағы хирургке алып кеткен, — деді физкультурашы Әбдеш. — Бұл жетіде келе алмас.

— Немене, өзіміздің Оспан молда тақиясына тар келіп пе? — деп Нәметай қайта сөзге араласты. — Осы ауылдың бар баласы соның кездігінен өткен. Тіпті, өзін неге ойламайды ол? Өзі де сол Оспан молданың қолынан өтіп-ақ әйел алып, бала өсіріп, бір қоралы жан болып отырған жоқ па?

Бұл хабар апан басындағы жұртқа жай түскендей әсер етті. Әсіресе Пікәнға қатты батты.

— Шірік! — еді ол ерні кезеріп. — Өмір бақи екі адамның басы қосылған жерге аяқ баспайтын арамза. Үндемей жүріп-жүріп жылыстап тайып тұрғанын қарашы. Екі баласын жетектеп. Оспан молданың үйін қалай ғана аттап өтті десеңші. Жарықтық молдекеңнің кездігі бүкіл ауылға атам-заманнан бері жағып келе жатқанда, Рамазанның әңгүдік екі баласына жақпай қалған екен ғой. — Ол екі қолын сермеп ызалана сөйлегені сондай апанға құлап бара жатқан жерінен жұрт зорға ұстап қалды.

— Ел осылай бұзылады, — деп үнсіз тұрған Жаппархан ақтық тұжырым айтты. — Бүгін ол, ертең мен, бүрсігүні сен... Өстіп-өстіп бәріміз бұзыламыз. — «Сен» деген кезде оның көзі қаңғып жүріп Пікәнға түсіп кетіп еді, анау аяқ асты айқұлақтанып шыға келді.

— Неге мен? — деді ол екі құлағы едірейіп. — Неге мен бұзылам? Бұзылмақ түгіл маған десеңдер қирап қалыңдар, онда менің жұмысым қанша? «Өстіп-өстіп бұзыла береміз» деп сәуегей бола қапты табан асты. Жұртты сендер, мына сен сияқтылар бұзады, білдің бе, сен сияқтылар!..

Ол қазақ халқы бүгін құрып бара жатқандай қалшылдап, дірілдеп аузынан түкірігі шашырай сөйледі.

Осы кезге дейін апан басына жиналған жұрттың қарасы молая түскен болатын. Адамдардың саны да, сапасы да, жас мөлшері де, әртүрлі боп өзгерген. Колхоздың спорт секциясын басқаратын Виктор даладағы бір

беймазалықты сезініп, есік-терезесін қараңғылап жатқан салқын үйінен

шығып, шыжыған ыстыққа қарамастан синтетика спорт формасымен осында жана ғана жетіп еді. Шын аты Бектұр, бірақ ол мектепке барған жылы осы аудандағы қазақтар арасында орысша аталу мода болды да, ол атын Виктор деп өзгерткен болатын. Сол Виктор үйінде оқымайтын газетті жұртқа қыр көрсету үшін қолына ұстай шыққан еді. Ол апан басына келгенде Пікәннің: «... елді сен сияқтылар бұзады» деген соңғы сөзін естіп қалды. «Кімді бұзады, неге бұзады?» деген сауалдарға көпшіліктен тиіп-қашып жауап алып болысымен ол газетке үңіліп тұрып: «Сүндетке отырғызу деген түбі тоқталады, босқа даурықпандар» деп мүлде қиямпұрыс әңгіме бастады.

— Немен, неме-не? — Пікән оған төніп үңіле қарады.

— Ертеңгі күнге реально қарау керек деймін. Енді жүз жылдан соң жер бетінде мұсылман да, кәпір де болмайды, ұлт деген атымен жойылады. Қазағың да құриды.

Жұрт жамырап кетті. Кімнің не айтқанын ешқандай электронды аппаратпен айырып алу мүмкін емес еді. Дегенмен сол ұлы шудың арасынан мынандай дыбыстар жан-жаққа ерекше екпінмен ұшып жатты.

О, әк... Кім қалады? Нақ... шеш... гейін... нәлет..., қызтал... өзіңқұры. Ит... шош... есек... дорақ... ойнаст... туған... оңыз...

Апан басында көтерілген тозақ басылып, тәпігі саябырсыған шақта Виктор:

— Маңырап болдыңдар ма? — деді газеттің келесі бетін аударып.

— Болдық, — деді Пікән қалай жауап бергенін өзі де байқамай.

— Болсаңдар былай: дәл осылай он жыл бойы маңырасаңдар да, ауылдан балалардың кеткені кеткен. Пікән мен Ипатша кеңірдегін жұлып жатыр екен деп олар орта жолдан қайтып келмейді. Ал Оспан молданың кездігіне келетін болсақ... оның да қажеті бола қоймас... Мәселен, мен өз балаларымды молдаға да, дәрігерге де бермеймін.

— Сонда... не... қалай? — деді Нәметай, бір саусағымен келесі саусағын кесіп.

Виктор теріс қарап қолын сілтеді.

— Ешқашан?

— Иә, ешқашан. Олай жасамағандар да аман-есен жер басып жүр ғой. Қалай жүр еше, бізден бес есе ақылды, он есе қу.

Бағанағы шу қайта қозып, неше түрлі уытты сөздердің жанқасы жан-жаққа тағы ұша бастады.

Ешкім ара түспесе де дау-дамай ақырамаштың ақаба суындай өзінен-өзі бәсеңсіп, сәлден соң мүлдем тыйылды. Дәстүр мен ұлт мәселесін біржола шешіп алған жұрт енді тіршіліктің күнделікті ұсақ-түйегіне қайта оралып, апан түбіне қайта үңілді.

Помидор бағанағысынан да өсіп, жапырағы қоюлана түскен секілді.

Кеседей-кеседей қызыл, қызғыш жемістер бүйірін бұрынғыдан да жаланаштап, көк көрпелерінің арасынан апан басындағы көп жұртқа бадырая қарап тұр.

Пікән бастаған екі-үш адам түкірігін жұтты. Топ ішінен әлдекім үн қатты:

Неше түп өзі?

— Үшеу ғой деймін, — деген әлдекімнің жауабы естілді.

— Бір жазда қанша кілә берер екен?

— Кім біледі. Әрқайсысы екі кіләден бергенде үшеуінен алты-жеті кілә түсіп қалар.

— Мәселе сортында ғой, — деді Пікән Ипатшаға қарап қойып. —

Сортын білсек, өнімін де білер едік. — Ол назарын Викторға аударды.

— Сен мынаның сортын білмейсің бе, ей? — деді оны мұқатудың сәтін қалт жібермей.

— Ит біліп пе? — деді әлі ашуы басылмаған Виктор дауысын сілкіп.

— Неге ит біледі, сен білуің керек.

— Көрінген қоқыр-соқырды сақтай беретін менің басым чердак емес.

— Шіркін-ай, сол сөзіңе қарай басыңды ашып көрер ме еді, — деді Пікән.

— Иә, не табар ең?

— Мидан басқаның бәрі табылар еді-ау. Айталық списат етілген шаңғы, кәнки, матрас, әлімпике... — Пікән кенет аспанға қарап қаркылдай күлді.

Виктор шарт сынды.

— Әй, аспанға қарап неге күлесің? Немене, албастының астын көріп тұрсың ба?

Пікәннің күлкісі пышақкесті тыйылды. Екі құлағы қалқиып, көзі ежірейіп, ерні салпыып, мұрны шуылдап Викторға қарай жылжи бастады.

— «Крик в споре — аргумент, кулак — доказательство», — деді Виктор оны аспай-саспай қарсы алатындығын білдіріп.

Әбдештің жаман тамының ар жағынан Оспан молда қылт етіп есекпен шыға келмегенде, бұл ерегістің аяғы немен бітерін айтудың өзі қиын болар еді. Алыстан ит көрген мысықтай жұрт тына қалды. Оспан молда жиылған топқа әуелгі кезде онша мән бермеп еді, олардың әлденеге толқып, дүрлігіп жатқанын көріп, есегінің ноқтасын тартты. Оның қасына Ипатша жетіп барды. Жетіп барды да, екі қолын жан-жағына ерсілі-қарсылы сермеп, болған оқиғаларды баяндап шықты.

Ипатшаның айырдай қолы тыныт тапқанда Оспан молданың есегі апан жаққа қарай аяңдады. Апан басындағы жұрт үшін молдекеңнің бері бұрылуы Наполеонның Парижді тастап, Арысқа көшіп келе жатқанындай ерекше әсер етті.

Осекең жұртты қақ жарып апан ернеуіне жетіп, тоқтады да, оның түбіне үңілді. Үңіліп ұзақ тұрды. Ұзақ тұрды да: «Құданың құдіреті» деді күбірлеп. Әңгіменің помидор жайлы екенін, ол кісінің мұнымен мүлде шаруасы жоқ екеніне көзі жеткен Виктор терең бір демалып, жұрт қатарына кеп тұрды.

Помидордың қандай сорт екенін ешкім ажырата алмады, тіпті, молдекең де білмейтін боп шықты. «Молдекең де білмейтін боп шықты» деу үшін де негіз бар еді. Өйткені, бұл кісі анадан туғанда басына дәл қазіргідей сәлде орап туған жоқ, осы ауылдың барлық адамы секідді бір жапырақ қызылшақа боп дүниеге келіп, тәй-тәй басып, балалық құрып, онан соң оқуға талпынып, ол ниеті жүзеге асып техникум бітірді, сөйтіп, пенсияға шыққанша алыс бөлімшеде қатардағы қарапайым да момын агрономдық жұмыс атқарды. Оның бұл қызметін апан басындағылардың бірі біліп, бірі білмеуі мүмкін. Дәл осы жолы ол өзінің әріптесі, халықаралық тілмен айтқанда — коллегасы, көрші колхоздың бұрынғы парторгы, екі жылдан бергі молдасы Кәдештің көңілін сұрап, қайтып келе жатқан беті еді.

— Қандай сорт болса, ондай сорт болсын, шорту, бұл мұнда қайдан келді, соны айтыңызшы, — деп Пікән бұрынғы агрономға телміре қарады. Сол сол-ақ екен жұрт гу ете түсті. «Соны да білмейсің бе?», «Соған да миың жетпеді ме?» деген сияқты толып жатқан мұқатулар оған жан-жақтан жаңбырдай жауды. Сұрақ өзіне арналып берілген соң молдекең оған көзінің астымен қарады да, Ипатшаға иек қағып:

— Мына құдайдың құлына әлі түсіндірмегенсіңдер ме? — деді.

Жұрт жан-жақтан жабылып, оған түсіндіре бастады. «Солай да солай. Шұқырға помидор қайдан келуші еді, түзге шыққан адаммен бірге келеді ал адам мұнда неге келеді, келгенде не істейді?», тағы тағылар жайлы егжей-тегжейлі айтып шықты. Пікән мән-жайды Ипатшаның аузынан тыңдап, ұғып болған соң маңқиып біраз тұрды да: «Тіфу!» деп жерге бір түкірді.

Жұрт оның бұл қылығын тағы теріске шығарып берді.

«Солай да солай. Дәннен шыққан дәм арам болмайды».

Физкультура мұғалімі мен спорт секциясының жетекшісі бұл ойды Пікәнға жете түсіндіріп берді.

— Рас па осылардың айтып тұрғаны? — деп ол Оспан молдаға ақтық сауал тастады. — Осындай да осындай жағдайда апанға түскен

өсімдіктің жемісін жеуге бола ма? Жей қалған күнде адам күнәһар болмай ма?

Молдекең апанға үңіліп ұзақ тұрды. Сол жақтан әлдеқандай бір жауап тапқандай оқыс басын көтерді де:

— Бұл сауалдарыңызға ертең азанда жауап беріледі, — деді. Соны айтуы мұң екен, дәл осыны күтіп тұрғандай көк есек те үйреншікті үй жағына қарай қозғала берді. Физкультура мұғалімі бәйек боп молдекеңнің есегін ноқтасынан жетелеп жолға сап жіберді.

Бұл кезге дейін апан басына ауылдың жартысына жуығы жиналып үлгерген-ді. Бүкіл ауыл жұмыста деп ойлаған жоқ, комбайн паркінің қарауылы Пікән адамдардың бәрі өзі сияқты үйлерінен табылғанына қайран қалды. Танертеңгілік осы адамдардың көбісі жұмысқа кетіп бара жатқанын ол өз көзімен көрген, бірақ олар қашан және қай жолмен үйлеріне қайтып келгендеріне басы жетпей дал.

Сөйтіп, апандағы помидордың қандай сорт екенін ауыл боп таппай қойды. Арыстағы емханадан ерте оралған ботаника мұғалімі мен колхоздағы бүкіл агроном біткен жабыла зерттегенмен оны ешкім ажырата алмады. «Үй сыртындағы шұңқырда өскен помидорды жеуге бола ма, болмай ма?» Бұл сұрақ та көпке дейін шешімін таппады. Бұл аралықта ылғал қорегі мол апан ішіндегі помидор толықсып пісіп, ауылдағы бала біткеннің, тіпті, ересектерінің де көзінің жауын алып бітті. Мұндай жағдайда өсіп тұрған жемісті жеуге бола ма, болмай ма деген сұраққа ертең жауап беремін деп кеткен Оспан молда да үнсіз жатыр.

Жоқ комбайн паркінің қарауылы Пікән түнделетіп апан басына талай рет келді, бірақ бәрінде де помидорды үзіп алуға батылы жетпеді.

Келесі жетіде, бұл жолы кешкі салқын кезінде, помидор маңына он шақты адам тағы жиналды. Сол кезде барып олар ең шетте тұрған, ең қызыл, ең үлкен екі помидордың жұлынып алынғанын көріп, бір-біріне таң-тамаша боп қарасты. Жиналғандар оны кім алуы мүмкін екендігі жайлы күдіктерін айта бастады. Осы ауылдағы адамдардың мінезі-құлқы мен жақын маңдағы қылықтарын таразылай келіп помидорды жұлған Пікән, себебі, сол кезде оның апан басына оңаша келуі әбден

ықтимал деп жорамалдасты. Жорамал апан басында, Пікәннің көзінше айтылды.

Табан астында дау көтерілді. Бұл даудың үстінде әркімнің кеше, алдыңкүні, тіпті, өткен жылдары, қала берді, ата-бабалары не істеп, не қойғандығы жайлы әртүрлі тұспалдар, болжамдар мен нақты фактылар айтыла бастап, әркім өз қанының тазалығы үшін кеңірдек жыртып, білгенінше, шамасының келгенінше намыстарын қорғауға тырысты.

Сөйтіп, апан ішіндегі үш түп помидор сүттей ұйып отырған шағын ауылдың шырқын бұзып, ию-қию күйге түсірді.

— Невадада ядролық қару сыналыпты, — деді Виктор. — Қуаттылығы 150 килотонна.

Жұрт үндемеді.

— Мәссаған, — деді ол сәлден соң. — Дәл осындай қару біздің Семейде де жарылыпты.

Жұрт оған көзінің астымен қарап қойды.

— Мұсылман елінде сана жоқ, — деді ол қарап тұрмай.

— Иран мен Ирак кешегі бір шайқаста бір мың екі жүз елу адам жоғалтыпты. Оларға қашан ес кірер екен.

Пікән шыдай алмай шарт кетті.

— Әй, оттамай аузыңды жапшы-ей! — деді ол Викторға қанталаған көзімен бір қарап. — Не істерге білмей жұрттың басы қатып тұрса, қайдағыны айтып қақсай бергені несі?

Оның пікіріне жұрттың бәрі қосылды. Дегенмен, Виктордың көлденең сөзі апан басындағы аілу-аразды сабасына түсіріп кетті. Ызалы топ тұс-тұсқа тарай бастады. Әркім өзінше жеке-жеке кетті. Виктор жалғыз қалды.

Екі-үш күн өткен соң ауыл қайта дүрлікті. Помидор өсіп тұрған апанды түнде келіп әлдекім бульдозермен тып-типыл етіп тегістеп кетіпті. Тегістепті де, кішкене тақтайша қағып қойыпты.

«Талахан-186» — помидордың кеш пісетін сорты. Мейлінше ыстық жерде ерте пісуі мүмкін. Ылғал мен құнар мол болса, әр түптен 15-20 килограмға дейін жеміс алуға болады».

Ауыл адамдары енді апанды кім тегістегені жайлы, тегістеген кезде помидорды түгел жинап алды ма, әлде алмай-ақ көміп тастады ма деген сияқты аса маңызды мәселе төңірегінде бас қатыруға кірісті.

ЕСКЕРТКІШ

Аудандық партия комитетінің секретары Жанайдаров ертеңгілік кабинетіне келіп, шешініп, шашын тарап, иығына түскен ақ қайызғақтарын сілкіп, креслосына отыра бергені сол еді, оң жақ бұрыштағы телефон оның отырғанын күтіп тұрғандай аяқ асты безілдеп ала жөнелді: «Межгород» деді іштей Жанайдаров трубканы тез құлағына тосып.

— Алло, — деді ол дауысын әрі шаршаған, әрі таң атпай жұмыстан басқаны ойламай отырған іскер адамның мақамына. салып маңыздана...

— Тыңдап тұрмын! Жанайдаров! Ә-ә, сәлеметсіз бе, Тұрсын Сатанович!

— Оның әлгіндегі самарқау маңғаздығынан тұқым да қалмай, трубканың ішіне еніп кете жаздады. — Қалай, денсаулығыңыз жақсы ма? Тымауратып қалды деп естіп ем, көктем ғой, бұл ең бір алдамшы да қиын кезең. Жылы киініп, сақтанып жүрсеңізші. Сақтанып жүрсеңізші деймін. Суықтан да... Иә! Есімде. Білгенде қандай! Ескерткіш? Ескерткіш... Ол... тұр... Тура тері илейтін комбинаттың алдында. Жақсы... жақсы! — Жанайдаров жылан сорып жатқан құрбақадай табан асты шала-жансар күйге көшті.

— Келсін... Келсін... Күтеміз... Сіз де келесіз бе? — Оның даусына діріл араласты. — Ойбай-ау, онда... әрине, қуанамыз. Қашан? Бүгін кешке? Қайдан? Қалай-қалай? Англиядан? О, құдай сақ... құдай сақт... — Жанайдаров өзіне-өзі келем дегенше ана жақтағы адам трубканы қойып үлгерді. — Құдай ұрды деген осы! — деді ол дұға оқығандай күбірлеп.

— Бұлай болады деп кім ойлаған! Бұл ағылшындардың да жүрмейтін жері жоқ. Нелері бар десеңші, жердің ана шетінен жердің мына шетіне қаңғып! Отырмыз ғой осы, Англия түгілі Алматыға да бара алмай!

Ол орнынан қалай тұрып, кабинет ішінде екі қолын артына ұстап, қалай сенделіп кеткенін өзі де сезбей қалды. Телефон трубкасынан шыққан белгісіз бір күш оны орнынан жеп-жеңіл көтеріп алды да, оп-оңай сенделтіп жібере қойды.

Ол кабинет ішінде сенделіп жүрген кезінде оның не себепті сенделуге мәжбүр болғанын айта кетейік.

Бұл аудан — ежелден малды аудан. Тіпті, революцияға дейін бұл жердің аты малмен шыққан. Малы көп болған соң бұл арадан ет комбинаты салынған. Ет комбинаты салынған соң, әрине, тері илейтін комбинаттың қажеттігі келіп туатыны белгілі. Сөйтіп, бұл жерден алғаш рет тері илейтін шеберхана ашылады. Сол шеберхана Қазақстандағы тері өңдеу өнеркәсібінің тұңғышы боп шығады да, бергін келе еліміздегі ең ірі комбинаттардың біріне айналады. Былтырғы жылы сол комбинаттың жүзжылдық мерекесіне аудан, облыс, қала берді республика боп қызу дайындалды. Дайындық үстінде комбинат жұмысшыларымен әртүрлі кездесулер, радио және телехабарлар ұйымдастырылып, артистер мен жазушылар да келе бастады. Сондай кездесулердің бірінде Алматыдан келген бір жазушы мінбеге шығып алып: «Біз еңбек адамдарын құрметтеуді ұмытып барамыз. Бір қарапайым жұмысшыға тағзым етуіміз керек. Осы комбинаттың ірге тасын қалаған кім? Алғашқы шеберхананың иесі кім? Сол алғашқы тері илеушіні тауып алып, оған комбинат алдында ескерткіш қою керек. Бұл қарапайым еңбек адамына деген шынайы құрмет болады» деген. Жұрт ду қол соқты. Шапалақ ұзаққа созылды. Осыдан соң трибунаға шығушылар бірінен соң бірі әлгі жазушыны пір тұтып, тез арада ескерткіш салу керек деген пікір айтып, тіпті, осы кезге дейін алғашқы теріпұрыш жайлы ойламай келген аудан басшыларын дүйім жұрттың алдында жерден алып жерге салды.

Сөйтіп, алғашқы тері илеушіге ескерткіш ашу жөніндегі ұсыныс облысқа, облыстан республикаға, республикадан Орталыққа кетті. Орталыққа аттанған қағаз аттай алты айдан соң ауданға арып-ашып қайтып оралды. Бұрыштамадан бұрыштама соғылып, бұрыштама соғатын сау жер қалмаған соң тілдей-тілдей сілтемелер жапсырылып, Жанайдаровтың алдына әулиенің басындағы шеңгелдей сәусілдеп әрең жетті.

Қысқасы, ескерткіш салу мәселесі әуірім тәңіріммен шешілді. Енді, ескерткішті түгел бойымен қою керек пе деген сұрақ туды. «Артистер мен жазушыларға ескерткішті отырғызып та, тұрғызып та, жамбастап

жатқызып та саламыз, ал еңбек адамының белінен төменгі жағын кесіп тастағанымыз ұят болар» деп, ақыры, оның тұла бойымен тұтас салуға шешім қабылданды.

Шешім қабылданған соң Алматыдағы Суретшілер одағына құлаш-құлаш хаттар жолданып, «осылай да осылай, бізге жақсы бір мүсінші жіберіңіздер» деген өтініш айтылды.

Бір жетіден соң Алматыдан екі мүсінші кештетіп жетіп келді. Үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі келіп, мүсіншілердің қабылдау күтіп отырғанын хабарлады.

— Кірсін, — деді Жанайдаров галстугін түзеп.

Кабинетке көздері шөлдің құдығындай шүңірейген, сақалдарының ар жағында не нәрсе жатқаны белгісіз, бірі шашын өріп тастаған, екіншісінің шашы иығын жапқан екі жігіт кіріп келгенде Жанайдаров селк ете қалды.

Екі сақал қол алысып амандасып болған соң Жанайдаровтың өздеріне сенімсіздікпен тыжырына қарап отырғанын көріп, олар документтерін көрсетті.

— Дұрыс, — деді Жанайдаров олардан тез құтылғысы кеп. — Кірісе беріңіздер!

— Сіздерге қашан керек?

Жанайдаров «қашанға керек еді?» дегендей бөлім меңгерушісіне қарады.

— Күзге, — деді бөлім меңгерушісі. — Жиырма төртінші октябрьге. Комбинаттың жүзжылдығын сол күні салтанатты түрде атап өту белгіленіп отыр. Соған дайын ете аласыздар ма?

— Түк емес, — деді шашы өрілгені темекісін аузына салып.

— Запырысты, — деді сырға таққан біреуі оған зажигалка жағып.

Сонымен, мүсін қоюдың алғашқы жоралғы шарт қағаздары жасалып, екі мүсіншіге аванс берілді.

Мүсін жасаудың ең қиын кезі енді басталды. «Мүсінді қалай жасау керек? Жай ғана жұмысшыны құя салу керек пе? Оның бет-пішінін ойдан шығару керек пе, әлде осы өңірдегі тірі ағайын-туыстарының бірінен көшіру керек пе? Ал оның ағайын-туыстарын қайдан іздеуге болады, олар осы өңірде бар ма, жоқ па? Жалпы, алғашқы тері илеушінің аты-жөні кім? Ол қашан туылып, қашан өлген? Түр-түсі, мінез-құлқы қандай еді? Тағы тағылар.

Екі мүсінші осыларды анықтағанша екі ай өтті. Рас-өтірігін кім білсін, оның алыс туыстары да табылды. Олар тіпті, осы ауданда, дәл райкомның жанында тұратын боп шықты. Алғашқы тері илеушінің аты-жөні де анықталып, ресми қағазға: «Мелден Желдібаев — Қазақстан тері өңдеу өнеркәсібінің негізін қалаушы» деп жазылды. Мелден Желдібаевтың бүгінгі алыс туысы Әштен Желдібаев №2 үй басқармасында сантехник боп істейді екен. Ол Мелденнің мінез-құлқын, түр-түсін, бойын түп-түгел сипаттап берді. Оған бұл әңгімені баяғыда әкесі көзі тірісінде айтып отырған деседі. Қысқасы, мүсіншілер оның сипаттауы бойынша Мелденнің алғашқы рәсімін қағазға түсіріп қарағанда Әштеннің өзінен аумайтын боп шықты. Олар қағазға бір, Әштеннің өзіне бір қарап отырып қалды.

— Айналып келгенде сіздің алыс туысыңыз өзіңізден айнымайтын болып шықты ғой, — деп таң қалысты екі сақал.

— Иә, көзі көргендердің айтуынша ол маған сойып қаптағандай ұқсас болған деседі.

— Кешіріңіз, бәлкім ол сізге емес, сіз оған ұқсас шығарсыз. Қанша дегенмен ол сізден үлкен ғой.

— Иә, — деді сантехник күліп. — Солай болса солай шығар.

Сонымен, мүсіншілер мүсінді Әштеннің тура өзінен көшіретін болды. Демек, Әштен мына өмірде қандай болса, мүсін де сондай болуы керек. Оның бойын, жуандығын, ең арысы саусақтарына шейін өлшеп алды да, олар шұғыл іске кірісіп кетті. Ауданның Мәдениет үйіне Әштен күнде кешке жұмыстан соң келеді. Келеді де, мүсіншілер отырған бөлмеге кіріп, еділбай қойының терісін екі қолымен жоғары көтеріп,

оған ынты-шынтысымен беріле, сүйсіне қарап тұрып қалады. Екі суретші жабылып екі жақтан эскиз жасауға кіріседі.

Әштеннің тері ұстап салынған рәсімі жиырма шақты болды. Мүсіншілер Алматыға барған соң солардың ең ұнаған түрі бойынша әуелі балшықтан, сонан соң гипстен нағыз мүсін құюлары қажет.

Үй-үйдің подвалында қызыл арақ ішіп жүрген ешкімге белгісіз Әштен осылайша аяқ астынан аудандағы ең аты-шулы адамдардың біріне айналып шыға келді. Алғашқы тері илеушіге қойылатын ескерткіштің түпнұсқасымен амандасқысы келетіндер, онымен қатар жүріп арақ-шарап дүкеніне бірге барып, тіпті, бір кезекке тұрғандары үшін мақтанатындар да көбейе бастады. Енді ол аудан басшыларының назарынан тыс қалмайтын болды. «Мүсін соғылып біткенше бір бәлеге ұшырап қалмасын, ананы байқап жүріңдер»— деген Жанайдаровтың сөзі төмендегі бағыныштыларға бұйрықтай естіліп, аупарткомның буфеті арқылы оның үйіне аса жасырын әдіспен екі күнге бір бөтелке таза бидайдан жасалған арақ жеткізіліп тұрды. Былайғы жұрт байқамасын деп арақ «Сарыағаштың» бөтелкесіне құйылып әкелініп жүрді. Бірақ Әштен қашан да Әштен ғой, бір күні қызу күйінде паркке барып, бір жігіттің қызын биге шақырып, ол шықпай, оның арты жанжалға, жанжал төбелеске айналып, ақыры Әштеннің сары белдеулі машинамен «қайтуына» тура келді. Бөлімшеге кеп, он бес тәулікке қағаз толтырылып жатқанда Әштен лейтенанттың жазу жазып отырған қолын басып тұрды да:

— Р... рай-к-комға... тел... телефон соғуға бола ма?— деді. Лейтенант оған күлімсірей қарап:

— ООН-ға хабарласқың келмей ме? — деді. — Хабарлас. Пьерес де Куэльяр қазір тура өзінде отыр.

— М... мен... шын айтып тұрмын, — деді Әштен ауып бара жатқан жерінде столдан ұстап қалып.

Аға лейтенант лейтенантқа қарады.

— Звандасыншы, көрейік қызығын, — деді лейтенант.

— Не дер екен?

Аға лейтенант та күлімсіреп, басын изеді.

Әштен тәлтіректеп тұрып төрт цифрды теріп шықты да, дауысын кенеп қойды.

Екі милиция бір-біріне қарап, әлденеге мәз боп күліп отыр.

Көп күттірмей ар жақтан біреу трубканы көтерді.

— Аупарткомнің кезекшісі тыңдап тұр, — деген ер адамның зор дауысы саңқ ете түсті.

— Деж... дежурный... мен... Әштен, — деді ол қанша сыр білдіргісі келмесе де, тілі ерікке көнбей.

— Кім?

— Әш-тен! Әш-тен! Желдібаев! Ес... ескерткіш... тің түп нұс... қасы. Мені жап... жапқалы жатыр. Иә! — Ол екі милицияға бұрылды. Ол екеуі оқиғаның қандай бағыт алып бара жатқанын толық түсіне алмай оған аңтарыла қарап отырған-ды.

— Адрес... адрестеріңіз қалай?— деді Әштен.

— Аудандық милиция бөлімшесі. Кез келген ақымақ біледі.

Әштен трубкаға қайта сөйледі.

— Ауд... аудандық милиция. Иә. Кез келген ақымақ біледі.

Әштен трубканы қойып, орындыққа жайғасты.

Арада он минут уақыт өтер-өтпесте оны кезекші машина кеп алып кетті.

Екі милиция түс көргендей отырды да қалды.

Бұл оқиға Әштеннің беделін бұрынғыдан да көтере түсті.

Бірақ белгіленген жиырма төртінші октябрьге ескерткіш дайын болмады. Аудан облысқа хат жазып, комбинаттың жүзжылдығын тойлауды ноябрь мерекесімен бірге өткізуді өтінді.

Мүсін ноябрь мерекесіне де дайын болмады. Аудан облысқа тағы жазып, комбинаттың тойын жаңа жыл мерекесіне қарай өткізген жөн

деп дәлелдеді.

Мүсін жаңа жылға да дайын болмады. Сонан соң облыс ашуға мінді. Ауданды сөзде тұрмайтындығы үшін қатты айыптап, басшылардың мәдени жұмысты ақсатып отырғандығы бюрода қаралды. «Мүсін негізінен дайын, тек мұрны, екі көзі мен бір құлағы сияқты ұсақ-түйек мүшелер ғана бітпей тұр», — деп Жанайдаров амалсыз өтірік айтқан болатын. Бұл уәж облыс басшыларын біршама жұмсартып кетті.

— Бір мұрын, екі көз, бір құлақ қалса түк емес екен, — деді басшы оларды төніп кеп қалған қатал жазадан арашалап.

— Енді қашан бітіресіңдер? Екі көзді ойып, бір мұрын, бір құлақты жапсыруға көп болса бес күн кетер, солай ма?

— Солай, әрине.

Уәделі бес күнде де мүсін бітпеді. Мүсіншілерден: «Ескерткіш дайын, тек екі көз, бір мұрын, бір құлағы ғана қалды» деген хабар тиді. Сонан соң аудан басшылары бұл істі біттіге санап, облысқа ескерткіш дайын болды деп рапорт берді.

Қазақстандағы алғаш тері илеушіге қойылған ескерткіш жайлы хабар жер-жерге тарап кетті. Аудан, облыс, республика, қала берді орталық баспасөзде бұл жайлы кең түрде хабар берілді. Сол хабардың нәтижесінде бүгін, міне, аудан орталығына сонау Англиядан делегация келе жатыр.

Ескерткіш болса әлі дайын емес. Енді не істеу керек?

Жанайдаровты кабинетінде сенделтіп жіберген де осы сұрақ еді.

— Ал енді не істейміз? — деді ол аппараттың жауапты қызметкерлерін жинап алып. — Англияның тері илеу заводының өкілдерін ертіп облыстың хатшысы да келе жатыр. Олар бүгін кешке осында болады. Таңертең ескерткішті тамашаламақ. Ал қандай амал бар? — Ешкім ләм деп жақ аша алмады.

— Ескерткішті түнде біреу құлатып кетіпті десек қайтеді? — деді шаруашылық бөлімінің меңгерушісі.

— Ол қисынға келмейді, — деп қарсыласты ұйымдастыру бөлімінің бастығы. — Қылмыскерді тап десе кімді ұстап бермекпіз? Одан да шындықты айтып, кінәні мойындау керек. Бәлкім, ол кісінің өзі шетелдіктерге бір сылтау ойлап табар.

— Онда бәріміз құрыдық емес пе, — деп секретарь оған оқты көзімен ата қарады. — Алдағанымыз үшін басымыздан сипай қоймас!..

Енді не істедік?

Енді не амал бар?

Ешкім ешқандай көңілге қонар амал айта алмады.

— Мына бір жаңбыр да бәле боп тұрғанын қарашы, — деп мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі кенет қисыны жоқ бір әңгіме бастады.

— Жаңбырдың бұған не қатысы бар?— деп насихат бөлімінің бастығы оған орынсыз сөз айтқаны үшін жақтырмай қарады.

Жұрт қайтадан сілтідей тынды.

— Мен әлгі сөзді тегін айтып тұрған жоқпын, — деді мал шаруашылығы бөлімінің бастығы. — Біз ғой ескерткішті дайын болды деп ақпар бергенмен оны ресми ашқан жоқпыз. Ол күні-түні жабық тұр. Ағылшын тері илеушілері мен облыстың хатшысы келген кезде ағаш діңкені алып тастап, орнына Әштеннің өзін қоя тұрайық. Олар көп болса он минут, ары кетсе жиырма минут көрер. Өзіміз де асықтырамыз ғой. «Сарыағаштың» суын жарты жыл бойы босқа ішті ме, қолына қой терісін көтеріп жарты сағат қимылсыз тұра тұрсын. Одан Әштеннің түгі де кетпейді. Олар кеткен соң секіріп түседі де, үйіне бара қояды.

— Тіпті, түспей-ақ сонда тұра берсе қайтеді, — деді жалпы бөлімнің бастығы күліп. — Үйіне түнде-түнде барып кеп тұрар. Ал оның орнына тағы сондай бір сантехник тауып алармыз.

Өлік шығарғандай тым-тырыс отырған жұрт ду күлді.

— Жолдастар, күлкіні қоя тұрындар, — деп ашу шақырды Жанайдаров.

— Қазір күлетін кез емес. Ал тағы кімде қандай ұсыныс бар?

— Көп бас қатыратын ештеңе жоқ. Жанағы ұсынысты қабылдау керек, — деді мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі өз пікірін өзі қолдап.

Жанайдаров мектеп пен мұғалімді алғаш көріп отырған бірінші класс оқушыларындай тым-тырыс бола қалған бағыныштыларының алдында басын ұстап әрлі-берлі жүріп кетті.

— Менімше, әлгі ұсынысты қабылдау керек-ау, — деді ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі. — Бізде басқа амал жоқ.

«Әштенді тұғырға қою керек пе, керек емес пе? Қоя қалған күнде шетелдік тері илеу шеберлерінің алдында ол жөтеліп, немесе түшкіріп қалып жүрсе, одан арғы күніміз не болмақ?» деген сияқты толып жатқан сауалдарға тұс-тұстан әртүрлі жауаптар айтылған соң, аудан басшысы да ойланып қалды.

Ақыры бұл мәселе дауысқа салынды.

Сөйтіп, бюроның шешімі бойынша Әштен жарты сағат тұғырға өзі кеп тұратын болды. Қонақтар бүгін кешке келіп, таңертең ескерткішті көруі керек. Сондықтан төрт-бес адам Әштенді ашуландырып алмай, қытығына тиіп алмай жақсылап сөйлесіп, қамырдан қыл суырғандай оны майда тілмен білдіртпей көндіруге тиіс болды.

Олар «Время» біте берген кезде Әштеннің үйіне сау ете түсті. Әштен «Сарыағашын» ішіп алып жатып қалған екен. «Райкомнан адам кеп тұр» деген соң әзер басын көтерді. Жігіттер жан-жақтан анталап, «солай да солай» деп болған жайды түгел түсіндірді. Алдады, үгіттеді, қорқытты, жалынды, әйтеуір Әштенді жарты сағат ескерткіш боп тұруға көндірді. Ол «жарайды» деген кезде аупартком нұсқаушылары иықтарынан тас түскендей кеуделерін көтеріп, маңдай терлерін сүртті.

— Бірақ жарты сағаттан асса, ағылшын-мағылшыныға қарамай секіріп түсем де кете берем, — деді ол қырсық мінезін көрсетіп.

— Байқа, обком хатшысы да болады.

— Болса қайтейін. Хатшы болса өзіне хатшы. Осы уақытқа дейін бір мүсінді дайындауға ықпал ете алмаған хатшының кісімсігені кімге

керек?— деді Әштен нұсқаушылардың зәресін одан бетер алып.

Қонақтар үш машина боп дәл айтылған уақытта келді. Олар мейманханаға жайғасып болған соң кешкі ас берілді. Екі жақтың басшылары сөз сөйледі. Ағылшын делегациясының бастығы тері илеушіге алғаш ескерткіш қойған совет адамдары мен басшыларының тапқырлығына, тарихқа деген зор да нәзік махаббатына, қарапайым еңбек адамына деген айрықша ықыластарына, қамқорлықтарына, көркемөнерге деген сүйіспеншіліктері мен білгірліктеріне мейлінше разы екендіктерін айтып, солардың денсаулықтары үшін тост көтерді. Біздің жақ та қарап қалмай обком хатшысы жауап сөз сөйлеп, белгісіз жұмысшыға қойылып отырған ескерткіш дүние жүзінде бірінші екенін, бұлай ету тек социалистік қоғамда ғана мүмкін бола алатынын, капиталистік мемлекетте олай болмайтынын, бұл секілді ескерткіштің басқа еш жерде емес, жер шарының дәл өздері тұрған нүктесінде бой көтергеніне басы өзі боп қуанатынын және қарапайым жұмысшыға ескерткіштер қою мұнымен шектеліп қалғалы отырмағанын, аудандық партия комитеті бұдан былай да белгісіз сиыршылар мен бұзаушыларға, жылқышыларға, шошқашыларға т.т. толып жатқан құрметті мамандық иелеріне «кеудеден жоғары бюстер мен кеудеден төменгі жағы да қамтылған толық қанды бейнелер» жасауды жалғастыра беретінін айтқанда ағылшындар жағы ду қол шапалақтап, аупартком жағы үнсіз қалды. Сөз соңында ол ертеңгі программаның өте тығыз екендігін, сондықтан ескерткішті көру бүгінге, тура кешкі асты ішіп болған соңғы уақытқа белгіленіп отырғанын хабарлады. Ағылшындар жағы программа бойынша ескерткішті көру ертеңгі астан кейін екенін, жалпы, өнер туындысын түнде көру сыпайы тілмен айтқанда «көргенсіздік» болатынын түсіндіріп көріп еді, аудан басшысы сол «көргенсіздікке» амалсыз барып отырғанын, олай болмаған жағдайда осыдан жетпіс шақырым жайлауға барып келуге үлгірмейтіндіктерін, және де қолына тері ұстаған адам жобасындағы гипске қарай бергеннен гөрі жайлаудағы тірі малшылармен сөйлесіп, таза ауада жаңа сойылған қойдың етінен өз қолыңмен шашлық жасап жегеннің әлдеқайда артық екенін, ал комбинат алдында тұрған ескерткіштің жан-жақтан түсірілген фотосуретін әрбір делегация

мүшесіне сыйға тартатындықтарын айтқанда шетелдіктер дән разы боп шу ете қалды. Демек, қолдады деген сөз.

Бұлар тамақ ішіп отырғанда баяғы төрт-бес жігіт Әштеннің асты-үстіне түсіп, программада аздап өзгеріс боп қалғанын, тұғырға көтерілу ертең емес, бүгін түнде болатынын, расына келсе күндіз тұрғаннан гөрі түнде тұру моральдық-психологиялық жағынан әлдеқайда тиімді болатынын оған әрең түсіндіріп, әрең көндірді. Ең қуаныштысы — Әштеннің көнгені болды.

— Жарайды, — деді ол кереуеттің басында тұрған шалбарына қол созып. — Райком үшін көндім!

— Бірақ бұл жөнінде жан адам білмейтін болсын. Тіпті, әйеліңізге де тіс жармаңыз.

— Ол үшін не болады?

Жігіттердің бірі оның қолына конверт ұстата қойды. Әштен конверттің аузын ашып ішіне үңіліп қарады да, кигелі жатқан шалбарының қалтасына сұға салды.

— Үшеу, — деді конверт ұсынған жігіт. — Кейін тағы екеуін аласың.

— Аз емес пе?

— Қанағат керек, — деді екінші жігіт шарт етіп.

— Жарты сағатта бес жүз сом! Ол сенің төрт айда табатын табысың. Әштен бір аяғын сұғып қойған шалбарын қайтып шеше бастады. Конверт ұсынған жігіт оның шалбарына жата кеп жабысты.

— Ойбай, әке-көке! Шалбарыңды шеше көрме, кие ғой. Ол әшейін айтып тұр. Аузынан байқамай шығып кетті. Солай ма?— деп әлгі жігітке дүрсе қоя берген боп «тыныш» дегендей көзін қысып қойды.

— Иә, мен әншейін айтып тұрмын, — деді ол қулана қойып. — Шынында да, ол сөздің аузымнан қалай шығып кеткеніне өзім де таң қалып тұрмын.

Әштен екінші балағын сұға бастады.

Ақыры олар Әштенді ұзатылған қыздай киіндіріп, екеуі екі жағынан сүйемелдеп үйден алып шыққанда «уһ» деп демдерін бір-ақ алды. Олар табалдырықтан аттай бергенде әйелі:

— Бұны қайда апарасындар түн ішінде?— деді.

Әштен оған жалт қарады да:

— Араласпа райкомның тірлігіне! —деп шығып жүре берді.

Ағылшындар комбинат алаңына келгенде Әштен де тұғырға шығып, образға еніп, қолындағы кепкен қой терісіне тесіле қарап тұрған еді. Тұғырдың жан-жағынан түскен прожектор сәулесі «ескерткіш» тұлғасын шынында да алып та сұсты ғып көрсетеді екен. Оның жанына келген кезде Жанайдаровтың өзі де мынадай көрініске қайран қалды.

Ағылшындар ескерткішті шыр айналып, оның тамаша жасалғаны жайлы ең асқақ сөздерін аямай жаудырып жатты. Олардың аузынан «ғажап», «сирек құбылыс», «тамаша», деген сөздер естілген сайын Жанайдаровтың жүрегіне ине шаншылғандай өне бойы ду-ду ете түседі.

— Көп аялдамастан тез алып кетіндер! — деді ол идеология жөніндегі секретарьдың жанынан өте беріп өзгелерге білдіртпей.

Жанайдаров аспанға қарап күрсінгенде аузынан ақ бу бұйдалана жөнелді. Сонда барып ол түстен кейін басталған жаңбырдың арты қарға айналғанын, олар прожектордың өткір сәулесін тынымсыз сабалап тұрғанын, Әштеннің белі буылған қара күпәйкесінің иығына ақ «погон» үймелеп қалғанын көрді. Сонда барып ол бетіне қиғаштай соғып тұрған қарға қасқая қарап, міз бақпай тұрған Әштеннің қайсарлығына разы боп, оған іштей жаны ашыды.

Райком секретары қанша асқтырғанмен шетелдік қонақтар ескерткішті айналшықтап шықпай қойды. Олар постаменттің тасы қайдан әкелінгенін, бұл жерге қашан қойылғанын, тері илеушіге ескерткіш қою идеясы алғаш кімнен шыққанын, суретшілердің басқа шығармаларын қай жерден кездестіруге болатынын, жалпы, олармен сапар аяқталғанша тілдесуге мүмкіндік болар-болмасын сұрап,

Жанайдаровтың әбден дiңкесiн кұртты. Оларға қар аралас жаңбырдай өтiрiк-шыны аралас жауап берiп жатқанда, қас қылғандай обком хатшысы да қастарына кеп әңгiменi ұйып тыңдай қапты. «Кұдай сақтай гөр»,— дедi iшiнен Жанайдаров өз өтiрiгiнен өзi шошып. — Аяғы насырға шаппаса болғаны. Қайдан ғана бастай қалып едiк мынадай алмағайып iстi!»

— Жалько! Очень жалько! — дедi ұзын бойлы ағылшын фотоаппараттың шынысын орамалымен сүртiп жатып.

— Ол неге өкiнiп тұр? — дедi Жанайдаров аудармашыға. — Ескерткiштi күндiз көрмегендерiне өкiнiп тұр, — дедi аудармашы. — Сiз оларға түсiндiрiп айтыңыз. Бiздi тағы бiр дастарқан күтiп тұр.

Көп кешiксек ұят болар, — дедi идеология секретары жалынғандай үнмен.

— О-о! Тастархан! — дедi ұзын ағылшын қатты айғайлап. — Опият тастар-хан!

— Иә, — дедi идеология секретары олардың назарын ескерткiштен гөрi өзiне аударғысы кеп көңiлдене. — Қазақтар еттi түнде жегендi жақсы көредi.

Аудармашы жалма-жан оларға бұл сөздi де жеткздi.

— О-о! Шкотланд... Я шкотланд! Ми тоже лубимь ношью кушаит, — дедi екiншi бiр ағылшын.

— Мұның арғы тегi — шотландық. Шотландықтар да еттi түнде жеудi жақсы көредi, егер бар болса деп тұр, — дедi аудармашы сөзiнiң аяқ жағын ағылшын айтып кеткен оның сөзiн толық аударып.

Олар мээ боп күлдi.

Обком хатшысы олармен қоштасты да, орталыққа жүрiп кеттi. Қоштасарда Жанайдаровты сәл оңаша шығарып: «Ескерткiштерiң жақсы екен. Адамдарың тiрi секiлдi, тура өмiрдiң өзiнен алынған!» — деп мақтап кеттi. «Иә, Тырыстық кой»,— дедi Жанайдаров не айтып тұрғанын өзi де бiлмей. Оның машинасы көзден таса болғанда, қонақтардың бiрi кенет шыңғырып жiбердi. Жұрт оған дүрлiге қарады.

Фотоаппаратын суретке түсіргелі көзінің алдына апара берген шотландық ағылшын жоғары қараған бойы аузын ашып қатыпты да қалыпты.

— О! О! — деді ол сұқ саусағын ескерткішке қарай созып. Бір бәле болғанын ұққан Жанайдаровтың кеудесінен жан кетіп қалды. Шотландық ағылшын отандастарына әлдене деп сарнай жөнелді. Жанайдаров та болары болды дегендей басын жоғары көтеріп еді, Әштеннің қолындағы қой терісі үйріле соққан желмен тербеліп тұр екен.

Ескерткіш басында у-шу басталды да кетті. Бәрі Жанайдаровты қоршап алып, сұрақ дегенді қардай боратты. «Бұл не? Ескерткіштің қолындағы тері неге қозғалады? Біз осыны рас көріп тұрмыз ба, әлде елес пе?» деген сияқты жауап бермеске болмайтын қиын сұрақтар қаптады.

Жанайдаров жауап таба алмай секретарьға қарады. Ол өзін қоршаған бөлім меңгерушілеріне телмірді. «Тұғырға Әштеннің өзін қояйық» деп идея айтқан мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі көмекке келмегенде күн қараң еді. Ол кенет:

— Бұл — суретшілердің көркемдік шешімі, — деді ол жоғарыға қарап тұрып. — Тері илеушінің қолына гипс не қаңылтыр ұстатып қою тапқырлық емес, одан да табиғи тері ұтымды болады. Бізде не көп — тері көп. Комбинат қызметкерлері апта сайын теріні жаңартып отырады. Бұлай ету — көркемөнерді өмір шындығына бір табан жақындата түседі, — деді ол да не айтып, не қойғанын өзі де білмей.

Шетелдік қонақтардың таңданысында шек болмады. Олардың бәрі аспанға қарап, желмен тербетіліп тұрған теріден көз алмады. Мүсіншілердің әрі қарапайым, әрі ғажайып тапқырлықтары туралы мақтау мен мадақтау сөздің взвод-взводы ағытылып, олардың бәрі мынандай теңдесі жоқ көркемдік шешімге қайран қап тұрған сәтте Әштеннің саусақтарынан жан кетіп, тербетіліп тұрған тері қолынан түсті де, төбеде ары-бері теңселе ұшып кеп, дәл ағылшындардың алдына жалп ете қалды.

Шетелдік қонақтар сілтідей тынып, алдарында жатқан теріден көз алмай қалшыысты да қалды.

— Әй, ит-ай, сәл шыдай тұрсаң қайтер еді, — деп кіжінді Жанайдаров қазақша. Қонақтар да, аудармашылар да түкке түсінбей, оның не айтқанын қайталап сұрады.

Жауапты идеология секретары берді.

— Өмірі түспейтін тері еді, дәл қонақтар келгенде ұятқа қалдырғанына қынжылып тұр, — деді ол да теріге үңіліп. — Жұмысшылар жөндеп қыстырмаған ғой.

Осы кезде шотландық ағылшын аудармашыға қарап әлденелерді шұбыртып сөйлей жөнелді. Аудармашы иығын бір қозғап біраз үнсіз тұрды да Жанайдаровқа жақындап:

— Теріні сіздер бәрібір апта сайын ауыстырады екенсіздер. Мынау жерге ғайыптан тайып түсіп қалды. Соны сувенир ретінде сатсаңыздар алар едім деп тұр. Бес жүз фунт-стерлинг төлеймін дейді. Сіз қалай қарайсыз?— деді аудармашы.

Сәт сайын бір бәленің жақындап келе жатқанын сезген Жанайдаров пальтосының қалтасындағы тершіген саусақтарын бір-біріне үйкеп тұрып:

— Тегін-ақ алсын, — деді үлкен жомарттық танытып тұрғандай күлімсіреп. Маналы бері орысшаның өзін түсінбей тұрған шотландық ағылшын аудармашы мен Жанайдаровқа кезек қарап:

— О-о, какой тобрый русски! — деді оның тегін беріп тұрғанын бірден түсініп.

— Ол орыс емес, қазақ, — деді аудармашы күліп.

— А-а, та-та! Казак! — деп ол да күлді. — Бесплатно — это хорошо!.. Шкотланд лубит бесплатно!..

Олар дуылдап күліп жатқанда Әштен:

— Қайтсандаршы, қатып қалдым ғой, — деді гүж етіп. Бұл сөздің тез айтылғаны сонша шетелдіктер ғана емес, тіпті Әштеннің отандастарының өзі дауыстың қайдан шыққанын жөнді аңғармай қалды. Бірақ бәрі де, әсіресе ағылшындар жағы, әйтеуір бір оқыс дыбыстың шыққанын, дыбыс қана емес, бүтін бір сөйлемнің жергілікті

тілде айтылып өткенін сезіп, күлкілерін бір сәтке тыя қойды. Жападан-жалғыз тұрған адамды әлдекім құлағынан жай ғана шертіп өткенде қандай болса, олар да жан-жақтарына тап солай жалтақтап, күдікті ешкім көріне қоймаған соң ол жөнінде ешкім ештеңе дей қоймады.

Шотландық ағылшын мың қайтара рахмет айтып, Әштеннің сарайында қырық жыл жатқан қатқан теріні мұқият орап, «adidas» деген жазуы бар сөмкесіне салып қойды.

Шетелдіктер асықтырмақ түгілі жеңінен тартса да кетер болмады. Делегация жетекшісі ұзын ағылшын сөз сөйледі. Осындай сирек кездесетін ескерткішті өз көздерімен көргендеріне шексіз бақытты екендіктерін, бұл оқиға рухани өмірлеріндегі ең бір жарқын да әсерлі боп есте қалатындықтарын айтты. Одан соң шотландық ағылшын сөз алды. Ол көңіл-күйлерінің аса көтеріңкі екендіктерін, мұндай сапар жөнінде елдеріне барған соң кең түрде әңгімелейтіндерін, ескерткіш қолынан түскен жай ғана терінің британ музейінде сақталып, барша халықтың ортақ мүддесіне айналатынын және бұл терінің музейге сатқанда кем дегенде он мың фунт-стерлинг болатынын, сондықтан, 500 фунтстерлингті қайткен күнде де тастап кететіндіктерін ұялмай, жасырмай ашық айтты. Әрине, бірінші — сана, ал ақша — адам өміріндегі төртінші, бесінші — атрибут деп тәрбиелеген біздің адамдар шу етіп, әмиянынан шығып қалған ақшаны оның қалтасына қайта салып берді. Осы кезде тағы да әлдекімнің: «Қап!» — деген дауысы естілді. Шетелдіктер тағы аңтарылыса қалды. Бірақ бұл жолы да ешкім аңғара алмай қалды. Мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі республикада кең тарап келе жатқан қостілдіктің пайдасын нақ осы жолы анық көрді. Ол райкомның бірінші секретарына әлденені түсіндіріп жатқан боп қазақ тілінде:

— Әй, Әштен! Біз де ерігіп тұрған жоқпыз. Мына қонақтар сені шыр айналып кететін емес. Сәл шыда. Енді бес минут. Сонан соң кетеміз, — деді. — Ескерткіш жақтан әлде қиналыс, әлде ызаны білдірген бір түсініксіз дыбыс естілді. — Әй, тыныш тұр, — деді ол тағы да жерге қарап тұрып. — Ендігі жетпегені сенің сол жақта тұрып бізбен ұрысуың еді! «Қап! Валюта!» деп кіжінді Әштен қаға берісте қысқа қайырып.

— Мистер Конрад, — деді идеология секретары аудармашыдан делегация жетекшісі ұзын ағылшынның аты-жөнін біліп алып. Ол бұған жалма-жан жалт қарады. — Кешіріңіздер, бізді күтіп қалды. — Ол сағатын саусағымен соғып-соғып қойды.

— О-о, та-та! Надо, надо! — деп ол да өзгелерге әлденені ағылшынша суылдата жөнелді.

Бес-алты минуттан соң ескерткіш алаңы бос қалды. Олардың шуы басылып, бір төбе айнала бергенде Әштен бүкіл делегация мен бір топ өз отандастарын айызы қанғанша, бір әрпін қалдырмай шешелерінен боқтап, тұғырдан түсті. Жарты сағат бойы қимылсыз тұрғандықтан аяқ-қолы сіресіп, белі қозғалтпай қапты. Тұғырдан түскен бетте ол қалтасындағы төрттік бөтелкені суырып ап, «сарыағаштан» қылқылдата жұтты да, үйіне қарай қиралаңдай жөнелді.

Жұрттың көзі енді ұйқыға ене бергенде шотландық ағылшын көрпесі өртенгендей баж етіп орнынан атып тұрды. Қасындағы Конрад не болғанын сұрады. Ол тері салған сөмкесін ескерткіш басында қалдырып кетіпті. Конрад орнынан тұрып, келесі бөлмеде жатқан аудармашыға болған жайды түсіндірді. Аудармашы ескерткіш алаңының алыс емес екенін, қонақ үйден шыққан бетте тура жүре берсе, оң қол жақтан еңселі комбинат үйі көрінетінін түсіндірді. Керек болса бірге еріп баруға дайын екенін айтып еді, мына тұрған жерге әуре болмай-ақ қойыңыз, өзім-ақ барып қайтамын деп Джонс шала-пұла киініп далаға атып шықты.

Ары кетсе он-он бес минуттық жол еді, жарты сағаттан асты, Джонс әлі жоқ. Оны жалғыз жібергені үшін аудармашы өкіне бастады. Ол Конрадқа қайта келді, «солай да солай», «Джонс әлі жоқ» деді.

Қонақ үйдегі бүкіл шетелдік аяқтарынан тік тұрды. Конрад пен аудармашы плащтарын киіп, енді іздеуге шыққалы жатқанда үсті-басы малмандай су, әбден шаршаған, әбіржіген, жалтыр басына дейін балшық шашыраған Джонс кіріп келді.

— Таппадым, — деді ол ентігіп.

— Қалай?

— Сол. Сірә, мен, адасып кеткен болсам керек.

— Құдайым-ау, адасқың келсе де адаса алмайтын жер ғой ол, — деді аудармашы.

— Осы жерден екі көше тік өтсең болды үлкен комбинат көрінеді. Көрінді ме?

— Иә.

— Міне, сол комбинаттың алдында тұрған ескерткішті қалай көрмедің?

— Жоқ, — деді ол екі көзі үрейге толып. — Ескерткіш жоқ!

— Қалай? Жоғы қалай?

— Қалай болушы еді? Сол, Жоқ! Комбинат тұр, ескерткіш жоқ!

— Сіз... Әсте... мүлде басқа жаққа кеткен болдыңыз ғой, — деп күлді аудармашы.

— Жүріңіз, екеуміз барып көрейік.

Олар комбинат алдына келгенде өз көздеріне өздері сенбей тұрып қалды. Бәрі тұр, тіпті, тұғыр да орнында, тек ескерткіш жоқ!

Аудармашы мен шетелдік бір-біріне қарады. Сонан соң көздерін уқалап тұғыр үстіне қайта үңілді.

— SOS! — деді Джонс айғайлап, — SOS! Ескерткішті біреу ұрлаған.

— Мүмкін емес, — деді аудармашы басын шайқап.

— Әбден мүмкін! Біздің елде мұндай оқиға жиі кездеседі. Ливерпульде теміржолдың көпірі ұрланғанын естіген боларсыз. Бір түннің ішінде!

— Иә, естігем! — Шынында да, совет газеттерінде Англиядағы ұрланған теміржол көпірі жайлы хабар шыққан.

— Теміржол көпірінің қасында ескерткіш деген не тәйірі! Қалтаға салып кететін қуыршақ емес пе? Мынандай сирек кездесетін ескерткішке қарауыл қоймау деген жауапсыздық қой. Міне, бөтелке жатыр, ұрылар арақ ішкен!

Шетелдіктер бүкіл қонақ үй мен аупартком қызметкерлерін аяқтарынан тік қойды. Қонақ үйге Жанайдаров пен идеология секретары келді. Мән жайды түсінген соң олар есінеп тұрып:

— Олай болуы мүмкін емес, — деді.

— Неге мүмкін емес! Әбден мүмкін! Жаңа ғана өз көзімізбен көріп келдік! Мен сумкамды сонда ұмытып кеткен екенмін. Соны іздеп барғанда көрдік. Бірақ сумка табылмады.

Жанайдаров, әрине, қонақ үйге келе жатып шетелдіктердің неге шуылдап жатқан себебін анықтап алып, нұсқаушыларды Әштенге жіберіп, тез орнына барып тұрсын, жаңбыр да, қар да жоқ, күн жылынды деген.

Телефон шыр ете қалды. Нұсқаушылар бәрі дайын екенін айтты.

— Қазір көрейік. Жүріңіздер, — деді Жанайдаров. Біздің елде ескерткіш түгіл көшеде жатқан ақшаны ешкім алмайды.

Олар дүрлігіп алаңға келгенде қолына жаңа қой терісін ұстап тұрған ескерткішті көрді.

— Ешкім де ұрлаған жоқ. Әне, ескерткіш орнында. Комбинат қызметкерлері оның қолына жаңа тері ұстатып та үлгеріпті, — деді Жанайдаров ұйқылы-ояу, немқұрайды үнмен.

Джонс пен аудармашы жүректерін ұстап, теңселіп тұрып қалды. Олар машинаға отырып кеткен соң идеология секретары:

— Әй, Әштен, ана шетелдіктің сумкасын қайтар. Бүкіл елді ұятқа қалдырасың, — деді жоғары қарап тұрып. — Оны сенен басқа ешкім алған жоқ.

— «Адидас» деген сумка балама керек боп жүр еді...

— Ертең қоймадан біреу емес, екеуін таптырып берем. Қайтар.

— Жарайды, — деді ол тұғырдан түсіп келе жатып. Бірақ жаңа біржола ала келейін деп ем, әйелім сөмкені ашып көріпті де ішінен қатып қалған өзіміздің теріні көріп лақтырып тастапты.

— Жаңа қолыңа ұстап тұрған теріні бере сал. Ол оған мөр басып қойды дейсің бе?

— Дегенмен, 500 фунт-стерлингті алу керек еді. — Ол үсті-басын қағып, тұғырды қоршаған шынжыр қадасындағы сумканың ішіне теріні орап салды да, секретарьға ұстатты.

— Ол ақшаның саған керегі жоқ, қазір шетел ақшаларын қабылдайтын дүкендер түгел жабылды. Оның орнына совет ақшасымен аласың. Ал енді үйіңе қайт. Біздің рұқсатымсыз ешқайда шықпа, не деп болады»

Әштен үйіне, секретарь қонақ үйге беттеді.

Жанайдаров шетелдік қонақтарды бастап жайлауға жүргелі жатқанда баяғы қызыл телефон тағы шар ете түсті.

— Иә, Жанайдаров тындап тұр, — деді ол асығыс сөйлеп. — Неме-не? — Ол көзін жұмып, біразға дейін үнсіз қалды. — Болгариядан! Қашан! Ертең? Уһ! Жо-жоқ! Түнімен ұйықтаған жоқ едім, шаршап отырғандықтан шығар. Жарайды, күтеміз!..

Ол трубку орнына қойып, көпке дейін өзіне-өзі келе алмай қимылсыз отырды. «Бұ кісі де қызық екен, — деді ол обком хатшысын кінәлап. — Тері илеушіге ескерткіш қойдық деп дүние жүзіне жарияланған ба? Қап, қайдан ғана дайын болды деп рапорт бере қойып ем. Енді Болгариядан делегация келе жатыр! Мына мүсіншілер бізді көрге тығып тынатын шығар, сірә! Екі көз, бір құлаққа бола осынша кешігіп!.. Сол қайдағы бір ескерткіштің екі көзі, бір құлағына бола басымыз кетер ме екен!»

Жанайдаров аман-есен ағылшындарды шығарып салып, көңілін бір демдеді. Енді бір амалын тауып болгарларды аттандырып салса, ескерткіштің тұғыры жарылды деп ешкімді қабылдамауға бел буды. Мынадай масқараның беті ашылғаннан гөрі тұғырдың жарылғаны дұрыс қой.

Ертесіне болгар делегациясы келгенде күн де жылынды. Бірақ бәрібір, жергілікті халықтан жасыру үшін де оларға Әштен-ескерткішті түнде көрсету керек болды.

Қараңғы түсіп, ел аяғы басыла бергенде идеология секретары төрт-бес қонақты ертіп комбинат алаңына келді. Әштен болаттан құйылғандай қой терісін жоғары көтеріп, сіресіп тұр екен. Өткен жолғыдай емес, біраз тәжірибе жинап қалса керек, мығым да нық тұр, тіпті, социалистік ел ғана емес, бүкіл капиталистік дүние түгел жиналып келсе де, қыңқ ететін түрі жоқ.

Мынандай айрықша ескерткішті көргенде болгар достар ауыздарын ашып, көздерін жұмды. Солардың біреуі көзін ашқан кезде төменнен түскен прожектор сәулесімен шағылысып, Әштеннің қалтасынан жылтырап шығып тұрған бөтелкенің басын көріп сілейіп тұрып қалды. Әлден соң барып қасындағы жолдасының бүйірінен түртіп, күпәйкесінің қалтасынан қылтиып тұрған шишаны көрсетті. Қонақтардың арасында күдікті күбір-сыбырды естіп, идеология секретары көзінің астымен жоғары қарап еді, Әштеннің қалтасында жылтырап тұрған бөтелкені ол да көріп, жүрегі зу ете қалды. Ол күні бұрын келіскен шарт бойынша қасындағы нұсқаушыға бас изей қойып еді, ол да жалма-жан бұлардан сытылып шыға берді.

Екі-үш минуттан соң прожектор жарығы өшу керек еді. Бірақ ол «ал көріндер» дегендей бақшиып жанды да тұрды. Секретарь жалма-жан екінші нұсқаушыны жіберді. Бұл екі арада болгар ағайындар ескерткіштің қалтасында жылтырап тұрған не нәрсе деп жамырай сұрай бастады. Секретарь болса, ондай нәрсені өзінің де бірінші көріп тұрғанын, бәлкім, ол қатып қалған мұздың электр жарығымен шағылысуы шығар деп әртүрлі жауап айтып жатты.

Электрощиттегі прожекторды өшіретін блок істемей қалыпты. Сонан соң екі нұсқаушы электромонтерды тауып алып, қалай болған күнде де прожекторды өшіру керек, жоғарыдан тапсырма солай деп оның жанын алқымға алды. «Өшіргішті жөндеу ең аз дегенде жиырма минут, әрі кетсе бір сағат» деді монтер. «Жоқ, бір минут, әрі кетсе бес минут!» деп зар иледі екі нұсқаушы. «Онда, бір-ақ жол бар, — деді ол. — Бір фазаға екінші фазаны қосу керек. Сонда прожекторлар күйіп кетеді», «Давай, — деді олар. — Күймесе құрып кетсін! Тек тезірек!»

Олар осылай тапсырма берді де, секретарь жанын қоярға жер таппай жатқан шығар деп ескерткіш алаңына қарай жүгіре жөнелді.

Олардың да алаңға жеткені сол еді, алты прожектор бірінен соң бірі тарс-тарс жарылды да, маңайды көрдегідей қараңғылық басты.

— Жарайсыңдар!— деді секретарь еңтігіп тұрған екі нұсқаушының арқаларынан қағып. — Тамаша оперативтілік таныттыңдар! Ал мына қонақтарды тез алып кетейік!

Шетелдігі бар, шетелдік емесі бар, жарты сағаттан соң олар у-шу боп қонақ үйге оралды.

Қолы іске бармай, кабинетінде жүрегі тайдай тулап сенделіп жүрген Жанайдаров, тағы бір сұмдықтың шеті басталып барып аяғы, әйтеуір ойдағыдай біткеніне қуанып креслосына шалқалап біраз отырды да, кенет идеология секретарының зәресін ала қарқылдап кеп күліп жіберді. Секретарь оқыс күлкіден селт етіп, орнынан тұрады. «Сізге не болды?» деп сұрау үшін бірнеше рет аузын ашып еді, Жанайдаров күлкісін тез арада тоқтата қоймады. Сонан соң ол орнына қайта жайғасып, бірінші секретарь әбден күліп болғанша асықпай күтіп отыра берді. Бір кезде Жанайдаров күлкісін тыйған бойы бірден сөз бастап жіберді.

— Мұз дедіңіз, ә? — Ол жауап тоспай тағы күлді. — Қатып қалған мұз? Ескерткіштің қалтасында?! Уһ-уһ ішегім-ай! Қазір қайдағы мұз? Әне, — ол қабырғадағы барометрді көрсетті. — Плюс 9 градус! Ал сіз «қатып қалған мұз шығар» дейсіз. Олар сенді ме?

Сол кезде барып секретарьдың көңілі орнына түсті.

— Сенсін, сенбесін, әйтеуір әңгімені дауға болса да бұра тұру керек болған жоқ па! Әй, Әштен-ай! Тұғырда тұрған жарты сағат үшін қалтасына шиша салып бармаса өлер ме еді! Ол да әбден басынды-ау! Қазір бірдеңе десең бетіңнен ала түсетін бопты. Түбімізге осы бәле жете ме деп қорқа бастадым.

Кабинетке насихат бөлімінің меңгерушісі кіріп келді.

— Сүйінші, мүсіншілер келе жатыр! — деді ол қуанғаннан аптыға сөйлеп.

Екі секретарьдың екеуі де орындарынан тұрып кетті.

— Рас па? — деді Жанайдаров.

— Рас, — деді бөлім меңгерушісі. — Қазір ғана телефон соқты. Кран мен жұмысшыларды дайындап қойсын, ертең орнатуға кірісеміз деді.

— Уһ, құтылдық-ау бәледен! — деді Жанайдаров терең күрсініп. — Барлық жұмысты тастап соған кірісіңдер!..

Тері илеушіге арналған ресми ескерткіш бір жетіден соң салтанатты түрде ашылып, шыдамы кеткен аудан еңбеккерлерінің де көңілдері бір демделді. Көзкөргендердің айтуына қарағанда, ол Әштеннен айнымаған, тіпті, екеуі қатар тұрса қайсысы ескерткіш, қайсысы адам екенін ажырату қиын бопты деп күліседі, бірақ бұл оқиғаға Әштен қуанбады, өйткені, ол енді ешкімге керек болмай қалды. Тек бұдан бұрынғы оқиғаны айтып қоймасын деп аупарткомның шофері оған үш күнде бір рет «сарыағаштың суын» апарып беріп тұрады деседі.

БОНАПАРТТЫҢ ҮЙЛЕНУІ

Балаға ат қоюға келгенде қазақтан өткен «нахал» ешкім жоқ. Олар дүниежүзілік есімдердің қожасындай оның төбесіне шығып отырып алады да, «мынау ананыкі екен, мынау мынаныкі екен» деп бас қатырып жатпай, қайсысы аузына түссе сонысын алып баласына жапсыра салады. Ол есім жақсы ма, жаман ба, қазақ топырағына үйлесе ме, үйлеспей ме, үйлесе қалған күнде дәл соның баласына келісе ме, келіспей ме — онымен ісі де болмайды. Тіпті, сол өзі құрметтеп отырған адам кім болған, не істеген, ұлты қайсы, қазаққа оның қатысы болып па еді, болмап па еді, оны да ойлап бас қатырып жатпайды. Ат па — ат, сондай біреу болды ма — болды, бола ма — болады, басқасының оған керегі шамалы. Тіпті, әлгі адам бүкіл өмірін қазаққа қарсы жұмсап жүріп сарып етсе де ол оның атын баласына қоюдан тайынбайды. Егер он миллион қазақты аралап шыға алсаңыз дүниежүзіндегі барлық ұлттар мен тайпалардың аттарын түп-түгел кездестіре алатыныңызға кәміл сенемін. Қазақтар үшін дүниежүзілік есімдерді емін-еркін иемдену ХХ ғасырдың 30-60 жылдары аралығында ерекше дамыды. Американың алғашқы президентінен бастап Қараспандағы базарком

Оқапқа дейінгі аттар Қазақстанда тың жерлерді игеру науқанындай кең ауқымда емін-еркін игерілді. Дүниежүзілік есімдерді иемдену науқаны барлық үлкен жаңалықтар секілді әр жерде әртүрлі жүрді де, кейбір алыс түпкірлерге тым кеш жетіп, кеш аяқталды. Сол кездегі саяси оқиғалардың тірі көрсеткішіндей Октябрь, Социал, Аврора, Потемкин, Рева, Люция, Коммуна, Стахан, Чапай, Шорс, Роман, Роллан, Максим, Маркс, Энгельс есімді балалар көше-көшелерде құлындай шауып жүрді. Тіпті, бүтін бір мемлекеттер мен астаналардың атына ие боп қалған қара домалақ балалар да аз кездеспейді. Бүкіл республика шетелдік аттарға біршама тояттап, басын астаудан көтеріп, күйіс қайырып тұрған шақта «Жиделі» колхозына бұл науқан енді ғана жетіп еді. Жалпы, бұл ауылға жаңалық біткен жұрттың ең соңынан жететін әдеті, тіпті, совет үкіметі де Сырдан кешіп өтіп, Алланың уысындағы алыс ауылды табамын дегенше де екі жыл жүрген. Совет үкіметі дегенді бұл ауыл кенеттен естіді. Бес қанат қара үйдің алдында қатпа қара кемпір жайбарақат жабағы жазып отырған, екі атты жерден шыққандай табан асты сау ете қалды. Сау ете қалды да ал кеп бұның аты-жөнін, әкесінің атын, қайдан шыққанын, кімнен туғанын, кіммен тұратынын, саяси көзқарасын, бала-шағасын түп-түгел сұрап шықты. Сұрап болған соң: «енді сіз совет адамы боласыз» деді де, аттарына отырып басқа үйлерге кетті. Қара кемпір түкке түсінбей қалды. Феодализм кезінде түткен жүнін социализм кезінде де жалғастырып, қаннен-қаперсіз отыра берді. Бүтін бір дәуірден бүтін бір дәуірге жүн түтіп отырып-ақ аттап кеткенін ол ойлаған да жоқ. Ертесіне де ойламады, өйткені ойланатындай ештеңе де өзгермеді: сол ауыл, сол адамдар, сол үй, сол жүн, сол тіршілік, сол күлкі, сол мұң. Тек бір жарым айдан соң ғана бір қараша үй қызыл отау деп аталып, маңдайшасында:

«Жолсы билер жасын кедлер» деген ешкімге түсініксіз бір жазу мен орысша боқтай алатын «көзі ашық» мұртты қазақ пайда болды. Әлгі қызыл полатнайда қандай сөз жазулы тұрғанын ол үш күннен соң кешке қарай он шақты қиқы-жиқы адамды жинап алып түсіндіріп берді. Сөйтсе, ол ұран екен. Ұран болғанда да кісінің зәре иманын ұшыратын ұран боп шықты. «Жойылсын байлар, жасасын кедейлер!»

Міне, гәп қайда! Ал бұлар осындай үзілді-кесілді саяси ұранның астында үш күн бойы (!) мамыражай өмір сүріп келген!

Жұрт жұмылып іске кірісті де кетті.

Алты күннің ішінде бай жойылып, кедейлер ғана қалды.

Келесі айда ұранның «Жолсы билар» деген жартысы өшіріліп, «жасын кедлер» деген екінші жартысы ғана қалды.

Сөйтіп, бұл өңірде жаңа өмір — кедейлер өмірі басталды.

Сол қатпа қара кемпірдің бүгінгі ұрпағы Әбдәшім қазір осы ауылда падашы. Оның он бір баласы бар, бесеуі қыз, алтауы ұл. Соның алтыншы ұлы, яғни, ұлдан кенжесі туылғанда бүкіл ауыл боп оның атын бір ауыздан Бонапарт қойды. Баяғы осы ауылда алғаш пайда болған орысша боқтай алатын мұртты қазақтың бүгінгі ұрпағы бұл баланы осылай атаса өте дұрыс болады деп шешті. Бонапарттың кім екенін біліңкіремей бір топ қиқы-жиқы қазақ дағдарып қалды.

«Бонапарт — француз деген елдің патшасы. Олардың күшті әскері болған, бұл соның командирі, — деп дәлелдеді ол ойын. — Немене, балаң Бонапарттай болса тақияна тарлық қыла ма?»

Баланың әкесі Әбдәшім:

— Тарлық қылмайды ғой, — деп күмілжіді. — Бірақ, тым шетел екен. Осы өзіміздің совет мәмләкәтінен сол сияқты ешкім жоқ па?

— Бар, — деді осы ауылға алғаш орысша боқтауды үйреткен қазақтың тұқымы. — Котовски бар, Шорс бар, Чапай бар. Бірақ олардың бәрі қойылып жүр. Біз ешкімде жоқ жаңасын алайық. Өскесін балаң да бәрімізге риза боп жүрсін.

— Тым шетел екен-ау...

— Несі бар шетел болса! Ұлттық тар шеңберде қалмай кеңірек, биігірек ойлау керек. Олар да біздің аттарымызды алып жатыр ғой.

— Қандай аттарды?

— Бүкіл әмерика мен неміс елін алып қараңдаршы, Конрад деген фамилиядан аяқ алып жүре алмайсың.

— Конрад?

— Иә, Конрад! Ол кәдімгі сіз бен біздің руымыз!

— Қоңырат па?

— Енді қалай? Қоңырат! Қиядағы бір елдер бізді сыйлап, руымызды фамилия қылып алып жатқанда біздің томаға тұйық жатқанымыз ұят емес пе? Олар да ел, олар да мәмләкәт. Бонапарт та бір елдің азаматы. Есіте қалса ұрпағы қуанар, естімесе әруағы разы болар.

Мұртты қазақтың бүгінгі ұрпағы логикалық жағынан жұртты жеңіп кетті де, Әбдәшімнің баласы Бонапарт деп аталды.

Той тойланды, азан шақырылды, ат қойылып, ресми бекіп кетті.

Әбдәшімнің сол кенже ұлы үйленетін бопты деген хабар шыққан кезде шағын ауылдың жігіттері бір дүрлігіп қалды. Дүрліккенде, үйленген адамды көрмей жүргендіктен немесе Бонапарттың жігіт болғанына керемет қуанғандықтан емес, просто тойдың арақсыз өтпейтінін ойлап қуанысты.

Жаушы жіберу, құда болу, бетке ұн жағысу, қызға белгі салу т.с.с. толып жатқан жоралғылар артта қалып, той күні белгіленді. Ерігіп жүрген ешкім жоқ, жұрттың бәрінің шаруасы бар, сондықтан той болатын күнді жұртқа күні бұрын хабарлау қажет болды.

Сөйтіп, аттай бір айдан соң Бонапарт келіншегін алып келу керек боп шешілді.

Тойға аттай бір ай қалғанда, кешке қарай Әбдәшімнің үйі кенет абыр-сабыр болды да қалды. Әйелдер сыбырлай сөйлесіп, ауладан балалар аласталып, иттер ұясына қуып тығылды.

Айрықша күтпеген оқиға кезінде жиналатын ауылдың бес-алты шалшауқаны мен көзқарақты төрт-бес еркегі Әбдәшімнің түпкі үйіне кіріп алып, ұзақ кеңесті.

— Қырсық! — деді әлден соң орта жастағы Дөржан ашық тұрған терезеден жартылай шегілген папиросын шиыра лақтырып.

— Туғаннан қырсық еді, әлі қырсығып келеді.

— Масқара! — деді қәлпе шал көзін жұмып.

— Енді ел-жұртқа не дейміз! — деді Дөржан терісіне сыймай. Дөржан — бұларға екі атадан барып қосылатын ағайын, яғни Бонапарттың немере ағасы боп келеді. Жас жағынан алғанда ол Әбдәшімнен бес жас кіші, бірақ, әкесі Әбдәшімнің әкесінен үлкен, сондықтан ол бұлардан өзін биік ұстауға, ақыл-кеңес беруге, керек жерінде дауыс көтеруге, тіпті, азаматтық право жағынан төмен тұрған бұлардың кейбір шектен шығыңқырап бара жатқан тентектеріне ауық-ауық қол жұмсап қоюына, тіпті, шешелерінен боқтауға да қақысы бар.

— Құдд-аның күдіреті!... — деді Рәт ақсақал өзімен-өзі ақылдасқандай аспанға қарап.

Жерге жайылған кең дастарқан төңірегіндегі адамдар тағы үнсіз қалды. Ауыр ойдан бәрінің еңселері түсіп, алдарына қойған кеседегі шайларының әлдеқашан суып қалғанына ешқайсысы да мән берген жоқ.

«Төтенше комиссия» Әбдәшімнің үйінде ерекше оқиғаны талқылап жатқан шақта бүкіл ауыл колхоздың басқарма мүшелерінен бастап мектептің педсоветіне дейін дүрлігіп, сол жақтан келетін хабарға құлақ түрумен болды. Ауылды аяғынан тік қойып, құлақ біткенді қалқайтып кеткен не еді соншалықты?

Мәселе...

Қысқасын айтқанда, бір айдан кейін келіншек әкелетін боп отырған Бонапарт сүндетке отырғызылмаған боп шықты.

Бұл күтпеген оқиға еді. Оның әсері төбеден жай түскеннен бір де бір кем болған жоқ.

— Қап! — деп тағы бір күрсінді Дөржан ішін өртеп бара жатқан күйікке шыдай алмай. — Қап! Айналырған алты балаға жөндеп қарай алмай!.. Әй, адам алты бала емес, алдындағы алты жүз қойдың да қайсысы қалай екенін біліп жүреді ғой. Немене, алтыншы балаңа келгенде албасты басып қалды ма бәріңді!..

— Енді... тірлік, тірлік деп жүріп... Қалай ұмытып кеткенбіз... басым жетпейді, — деп күмілжіді Әбдәшім.

— Тіршілік бәрімізде де бар. Осы отырғандардың біреуі бос емес, — деп Дөржан отырғандарды қолымен сыпыра көрсетіп шықты.

— Ал, мына ақсақалдың тоғыз ұл, он алты немересі бар. Шаруасы сенен де көп. Бірақ ол бірде-бір баласын ұмытып сен секілді масқара болған жоқ. Солай ма, ақсақал?

— Құдай бетін аулақ қылсын, — деп шал сақалын ашулана сипады.

— Ал, сен ұмыттың... балалар ұмытты, ана қатының қайда қарап жүр?

— Ол да... Жұмыс... бала көп... Масқара боп.

— Масқара! Масқараның көкесі әлі алда!— деді бұларға ұрысуға да, кей сәтте қол жұмсауға да моральдық правосы бар Дөржан. —Бұл хабар ертең құдалардың құлағына шалынсын, масқараның көкесін сонда көреміз.

Бұлардың ашу-ызасы қанша қатты болғанымен осы кезге шейін өз іштерінде еді, Дөржан кеп қазанның қақпағын ашып қалғанда оның тұншыққан буы аспанға атылып, шудасы әп-сәттің арасында бұларға әләзір сын көзбен қарап отырған құдалар ауылына қарай шұбатылып жүре берді. Онсыз да тығырықтан жол таппай амалы құрып отырған дастарқан басындағылар мынадай келеңсіз әңгіменің құдалар ауылына жетпей тынбайтынын ойлағанда әрқайсысы отырған-отырған орнында кара жерге кіріп кете жаздады.

— Ал, енді не амал бар? — деді Дөржан отырғандарға түгел қарап шыққан соң «бәленің бәрі сенде» дегенді танытып Әбдәшімге қадала қарап: — Не айтасың?

— Не айтушы ем... Масқара болдық. Бір албасты басыпты...

Өлі тыныштық қайта орнады. Ол тым ұзаққа созылып, еңсені езіп бара жатыр еді, кенет Масақбайдың үні естілді.

— Осы уаққа шейін түк сезбей келіп-келіп, дәл бүгін қалай біле қойдыңдар?— деді ол жұрттың бәрін кінәлаған дауыспен

— Нені?— деді өз қиялымен өзі боп отырған Әбдәшім, әуелгіде түкке түсінбей.

— Нені болушы еді, әлгіні де! Балаңның бәлесін айтам! Жүріп-жүріп кеп дәл әйел алатын кезде!.. — Ол мырс етіп теріс айналды. — Ақыры ұмытқан екенсіңдер, сол бойы ұмытып жүре бермедіңдер ме? Енді кеп табан асты елді дүрліктіріп. Солай-ақ жүре берсе... балаларының аузы қисық болады деп пе едіңдер. Отыр ғой анау теміржолдың ар жағында бір қора орыс. Дау да жоқ, дамай да жоқ, балаларының бәрі балапандай сүп-сүйкімді. Ал, қыздары қандай сұлу, үріп ауызға...

— Әй, Масақбай, не оттап отырсың!— деп Дөржан оның сөзін бөліп жіберді. — Кімнің сұлу, кімнің албасты екенін сенен біреу сұрады ма?

— Енді... сұрамаса айтпау керек пе?

— Ал, құдаларға не дейміз? Соны ойласайық та.

— Е, оларға не деу керек? Ештеңе демейміз. Олардың... біздің ішкі шаруамызда несі бар? Тексереді дейсің бе?

Ол суып қалған шайын ұрттағаны сол еді, ойына қайдағы бір бәлелер түсіп пысқырып кеп жіберді. Бүркілген шай жамбастап жатқан Дөржан мен ең үлкен ақсақал Рәттің бетін жуды да кетті. Әлдене дегелі аузын аша берген Дөржан мен ауыл басына туған мынадай ауыр жағдайдан жол табу үшін дамылсыз сақалын салалап отырған Рәт суға түскен мысықтай пысқырынып, табан асты өздерімен өздері әлек болды да кетті. Рәт ақсақал жұқа шапанның ішкі қалтасынан шаршысын алып, көзін тарс жұмған бойы бет-аузын сүрте бастап еді, үй иесі Әбдәшім есік жаққа қарап өрт шыққандай айғай салды.

— Су, су әкеліңдер! Тез!

Күні бойы тек осы жарлықты ғана аңдып есік алдында тапжылмай отырғандай қағылез қара бала жез піылапіпын мен жез құманды алып үйге жалаңдап кіріп келді. Оның шапшаң қимыл-әрекеті мен жарқ-жұрқ еткен көз жанарына қарап, қолға су құю үшін емес, біреу-міреудің кесілген басын алып кету үшін келген екен деп ойлап қалуға болар еді. Тым болмаса айыбымды осымен жуайын дегендей Масақбай да жалаңдап тұрған баланы Рәт пен Әбдәшімге қарай жалма-жан итере қойды.

Бетіне шай бүркілген екеуі кезек-кезек шайынып алды.

— Харамы тірлік! — деді Рэт ақсақал бетін орамалмен сүртіп жатып. — Бұл кәпірдің аузынан шашыраған шайдан харам судың иісі шығады дүр!..

— Бә-сс-се! — деп Дөржан Масақбайға ызбарлана қарады. — Неғып бұл табан асты лепіре қалды десем, бір бәленің доғы бар екен ғой. Таң атпай қайдан ішіп жүрсің ей, а?

Масақбай тас керең адамша мелшиіп отыра берді.

— Әй, айтсаңшы, таң атпай қайдан ішіп жүрсің? Бүкіл ауылда бір тамшы арақ жоқ еді ғой.

Ол жұмған аузын ашпады.

— Вот партизан! — деді Дөржан ызаланып. — Қайдан таптыңдар деймін! — Иә, қайдан іштің? — деп Әбдәшім де сұраққа араласты. — Түсіп пе? — Ол иегімен дүкен жақты мегзеді.

Масақбай басын болар-болмас изеді де:

— Жаңа ғана, — деді күбірлеп.

Рэт ақсақалдан басқа еркектердің бәрінде белгісіз бір шыдамсыздық пайда боп қозғалақтай бастады.

— Сөзбұйдаға сала бермей тез шешейік — деді Дөржан әлгі хабардан соң кенет жұртты асықтырып. — Көп езіп отыратын не бар, кессек кесейік, кеспесек осы бойы жүре берсін.

Сөйтіп, ауылдағы «төтенше комиссияның» шешімі бойынша Бонапарт сүндетке отырғызылатын болды. Ол көп ұзамауы тиіс, бүгін, лажы болса жұмыстан шақырып келіп түске шейін-ақ тындырып тастау керек деп шешілді. Мұндай асығыстық биылғы жылғы ауа райының аса қолайсыз боп, күннің тым ысып тұрғанына байланысты еді... «Төтенше комиссия» мүшелері осындай аптап кезінің өзінде де кесілген дененің ары кетсе он бір, он екі күнде жазылатынын, тым болмады дегенде Бонапарттың басқасын былай қойғанда жолға жүруге жарап қалатынын анық есептеп алып, асығыс бата жасады.

Рэт ақсақал өз шешімінің ләззатына шомып оңаша үйде шай ішуге қалды да, орта жастағылар Масақбайды алға сап колхоз дүкеніне қарай

шұғыл аттанды.

Есік алдында тұрған үш аяқты екі мотоциклдің біреуі өрістен мал алып келуге, екіншісі Бонапартты әкелуге кетті.

Аула ішіндегі балалар жататын жаздық киіз үй түгел босатылып Бонапартқа берілді.

Арада екі сағаттай уақыт өткенде операция басталып кетті: киіз үйдің ішінде Рэт ақсақал Бонапартты сүндетке отырғызып, бастырма астында Масақбай мен Держан қара қошқардың терісін сыпырып жатты.

Бонапарт, әрине, бос жүрген адам емес, ол да өзгелер секілді коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға белсене атсалысып, бөлімшенің шеберханасында мотористің көмекшісі қызметін атқарып жүрген. Бір емес екі күн қатарынан жұмысқа келмеген соң шеберхана меңгерушісі Испанәлі мен моторшы Вьетнамбек үшінші күні кешке қарай Әбдәшімнің үйіне келді. Екеуі аулаға кіргені сол екен Әбдәшім оларды күні бойы аңдып тұрғандай қақпа алдынан қағып алып, ай-шайға қарамай түпкі үйге кіргізіп жіберді.

Төрде дастарқан жаюлы тұр екен. Дастарқан үстінде ашылмаған екі бөтелке «пшеничная» мен грузин коньягін көріп, жұмыс бабымен келген екеуінің ресми жүзіндегі сұстылық табан асты сұйылып сала берді.

— Жата берсін, — деді түн жарым ауа аяғын шалыс басқан Испанәлі ауладан шығып бара жатып.

— Әбден жазылғанша жатсын, — деді Вьетнамбек Бонапарттың халін өз көзімен көріп тұрып. — Есейген кезде... бұл деген... қиын болады. Нишево! — Ол көзі балпыып жатқан Бонапарттың шашын ұйпалап қойды. — Менің... әйелімнің ағасы... үй... үйленген соң барып нетілген... оған қарағанда сен... сен қайда-а... енді үйленгелі ғана жатсың...

Ертесіне дәрігер Оскар (Асқар) келді. Ол да әйелімен таң ата кетті.

— Жата берсін, — деді ол да. — Қанша уақытқа болса да, бюллетень дайын, маған десе екі ай жатсын!

— Біреу-міреу тексеріп келе қалса ауруханадан бүгін әкелдік деңіздер,
— деп әйелі де оларға ақыл-кеңес берді.

Сонан соң парторг, агроном, бас инженер келді.

Сонан соң колхоз бастығы келді.

Әбдәшім мен әйелі қонақ күтуден әбден қажып, жиған-терген қаражатын тойға дейін-ақ бітіруге айналды.

Келген қонақтардың бәріне ортақ бір-ақ нәрсе айтылды, ол — бұл оқиғаны жан адамға айтпау.

Бәрі де уәде берді.

Бонапарт бір жеті жатты — жазылмады, екі жеті жатты — жазылмады. Әбдәшімнің үй-іші әбіржи бастады. Дөржан болса құдайдың құтты күні жұмыстан келе салып Бонапарт жатқан қараша үйге кіреді де:

— Қалайсың? — дейді. Ол үндемейді, немере ағасына қарап есі ауысқан адамдай балпиып жатады да алады. Ертесіне тағы келіп.

— Қалай?— деді.

Ол иығын қозғады.

— Қалайсың ей? — деді екі күннен соң. Үшінші күні:

— Қалайсың ей, иттің баласы? — деді ашуланып. — Неге жазылмайды о бәлең!

— Қайдан білейін...

— Сен білмегенде кім біледі, айдалада жүрген мен білем бе?

— Енді қайт дейсің. Ойнап жатқан жоқпын ғой.

— Сен бәле жұмыстан қашып әдейі жатқан шығарсың. Ары кеткенде он күнде жазылып кететін нәрсе еді ғой.

— Сенбей тұрсың ба?

— Әрине. Дайын тамақ, салулы төсек. Ей, мынауың не?—Дөржан оның жастығының астынан аузы қылтиып тұрған бөтелкені суырып алды.

— Қайнаған су ғой... — деді Бонапарт күмілжіп.

— Қайдағы қайнаған су? Оның саған не керегі бар?

Бонапарт не дерін білмей күмілжіп қалды. Дөржан да қазымыр бәле екен, бөтелкенің тығынын ашып иіскеп көрді. Мұрнына сенбегендей тіліне бір-екі тамызды. Енді оның шын арақ екеніне көзін жеткізіп алмақ болғандай жұтып алды да:

— Арақ қой мынауың, — деді оған зекіп. — Мұның не?

— Жігіттер тез жазыласың деген соң...

Дөржан ойланып отырды да, бөтелкеден тағы да екі рет жұтты. Зоотехникпен таңға шейін ішкен Дөржанның арақсінді денесі әлгі үш-төрт жұтымнан соң-ақ бойы қызып шыға келді.

— Ей, сенің мына жатысың жатыс емес, — деді оған төне сөйлеп. — Айтшы, не ойлап жатсың? Бір айдан соң... тойыс, он төрт күннен соң қалыңдығыңды алып келуге барасың... Ал сенің мына гәупек басыңа түк те кіріп-шығатын емес.

— Енді не дейсің маған. Өздерің ғой...

— Оңбаған, жатып ішер. Ей, баяғыда өзіміз, — ол тағы ұрттап алды,

— үш-ақ күнде тұрып кеткенбіз, білдің бе?

— Ол баяғыда. Қазір басқа заман.

— Мына мисыздың айтып жатқанын қарашы ей, немене, заман өзгерді деп адамның жаратылысы да өзгереді деп пе ең? Терің жаман! Терісінің жамандығы нағашыларына тартып туар ма бұ бәленің.

— «Жігіттің жақсылығы нағашыдан» деген.

— Жат тыныш, уәж айтады тағы да. Не бетіңмен мақалдатып жатсың.

— Енді менің не кінәм бар?

— Әкең де оңбаған, сен де оңбағансың! — Дөржан күйікке шыдай алмай арақтан молдау-молдау екі жұтты да, оны қайтадан жерге қоюдың керегі болмас дегендей бөтелкені қолынан шығармаған бойы әңкілдей сөйлеп кетті. — Бәрің оңбағансыңдар! Жүріп-жүріп кеп үйленуге бір ай қалғанда ойлауын! Болды, үндеме! — Ол әлдене дегелі

келе жатқан! Бонапарттың аузын аштырмады. — Ертең тағы келем. Тырыссайшы. Жазылам деген ниет жоқ қой өзіңде. — Ол арақтың қалғанын қағып салды да, бөтелкені ешкім көрмесін деп омырау қалтасына салып қойды.

— Ішіңнен құдайға сиын! Бонапарт! Садаға кет сен Бонапарттан.

Ол кенет қарқылдай күлді. — Бонапарттарының «Жиделі» колхозында қандай халде жатқанын француз бейшаралар естісе қалай болар екен,ә! Естігенімен қоймай келіп көрсе!.. Ах-ха-ха! Бонапартқа да сол керек!

Ол есікке жете беріп кері бұрылды да:

— Ішпе арақты! Сені құртып жатқан сол! — деді де тәлтіректей басып шығып кетті.

Бонапарттың жайы ағайын-туысты шынымен әбігерге түсірді. Қалыңдыққа баруға он күн қалғанда ауылдағы баяғы «төтенше комиссия» Әбдәшімнің үйіне сәскеге жуық тағы жиналды.

«Комиссияның» шешімі бойынша Бонапарт молдаға қаралды, кешкілік ақ тауықпен аласталды, қара қой сойылып еті жұртқа таратылды, әулиенің басына түнетілді, үй сыртынан мылтық атылды. Бәрі зая кетті. Ағайын-туыстың амалы таусылып, енді не істерлерін білмей салдары суға кетіп отырғанда үйге Масақбай кіріп келді.

— Бір сағаттан соң орталық телевизиядан Кашпировскийдің сеансы беріледі. Ол деген нағыз әулие. Қырық жыл жатқан салды орнынан тұрғызып, таздарға шаш шығарып жатыр. Телевизорды Бонапарт жатқан үйге шығарайық.

— Онда розетка жоқ — деді Әбдәшімнің барлық жағдайдан жақсы хабардар кенже қызы тақ етіп.

— Жоқ болса о бәлені сүйемелдеп телевизор тұрған бөлмеге әкелу керек.

Дәл солай етілді... Сеанс басталуға он минут қалғанда Дөржан мен Масақбай Бонапартты телевизор алдына әкеп жатқызды да, осы сеансты баяғыдан көрмек боп жүрген бала-шаға мен қыз-қырқын, кемпір-кешек түгел көрші үйге көшірілді.

Сеанс басталды. Кашпировский әсер етті ме, әлде өздеріне ғана белгілі бір күйдің әлдиінен бе, әлден соң Масақбай мен Дөржан қалғып-мүлгуге кірісті. Сеанс сиқырына енген адам әдетте арнайы бұйрық алғанша оянбау керек еді, бірақ, бұл екеуі ауық-ауық селт етіп, Кашпировскийге бір, көзі балпып жатқан Бонапартқа екі қарап қойып, ара-арасында сөйлеп отырды.

— Қалай? — деді Дөржан бір оянып кеткен кезінде немере інісіне қарап. Бонапарт үндемеді.

— Әсері бар ма? — деді Масақбай жақсы жауап алуға зарыққан үнмен. Ол тағы үндемеді.

Кашпировский сөзін жалғастырды: «Мен аурулардың атын атамаймын. Менің сөздерімдегі белгісіз күдірет ауру атаулының бәрін өзі тауып жатады. Адам организмінде біз білмейтін тылсым қуат бар. Мен соған сенемін. Ол күшті біз ешқашан анық айта алмаймыз. Менің сөздерімнен кейін сіздердің бойларыңыздағы сол ғажайып қуат оянады. Оянады да тәндегі кесел атаулымен өзі күреседі. Сеанс кезінде сіздер ештеңе ойламаңыздар, бойдағы кесел жайлы ұмытып кетуіңізге де болады. Сонда да сеанс күдіреті ауруды өзі іздеп табады. Мен жайлы не ойласаңыздар да еріктеріңізде. Мен оны көңіліме алмаймын. Өйткені мен сіздерге жақсылық қана тілеймін...»

— Сен неге ұйықтамайсың ей, — деді Дөржан тағы бір селт ете түскенде інісіне кейіп.

— Тұмшалап жауып апсың, ашып отыр, ашып отыршы, — деді Масақбай Бонапарттың үстіндегі жұқа көрпені төмен ысырып. — Ұялма. Еркектер ғана отырмыз ғой. Во, осылай...

Ол Бонапартты жалаңаштап қойды.

«Сеанс кезінде сіздер өз тірліктеріңізбен айналыса беріңіздер. Үйге көршілеріңіз келсе, немесе отта тұрған шәйнек қайнап кетсе, бала жыласа — телевизор, алдынан тұрып кете беруге болады. Сеанс күдіреті бәрібір сізді іздеп табады. Енді ояна бастаңыздар. Команда беремін. Онға шейін санаймын. Бір. Екі. Үш. Сіздердің ұйқы құшағына

еніп, белгісіз бір күдіреттің әсерінде отырғандарыңыз— жақсылықтың нышаны. Төрт. Бес... Енді ояна бастаңыздар. Алты. Жеті...»

Сеанс біткен соң Дөржан мен Масақбай Бонапартты қараша үйге қайта апарып тастады.

— Енді жазыласың, — деді екеуі қосарлана сөйлеп.

Дөржан жастықтың астына қолын жүгіртіп көріп еді, іздеген нәрсесі жоқ боп шыққанына іштей налып қалды.

— Жоқ па, әлде тығып қойдың ба? — деді Дөржан, інісі төсекке жайғасып болған соң.

— Анау, керегеде ілулі тұрған грелканы ал...

— Маладес! — деді Масақбай әйелі ұл тапқандай қуанып.

— Алқаш, — деді Дөржан грелканың аузын ашып жатып. — Бүйте берсең өмірі жазылмайсың, арақ сіңген теріге бір емес он Кашпировский де түк істей алмайды, білдің бе?

Көршіге кеткен бала-шаға мен келін-кепшіктер шуылдап аулаға кіргенде, Дөржан мен Масақбай грелканы қойындарына тығып қараша үйден атып-атып шықты.

Әбдәшімдер әулеті келген қонақтардың бәрінен бұл оқиға туралы жан адамға тіс жарып айтпауын қанша қадағалап тапсырғанымен, ел құлағы елу, күйеу жігіттің мынадай масқара күйде жатқаны жайлы хабар сыздықтап отырып құдалар жағына да жеткен еді. Әуелгіде олар сенбеді. Қауесет ұлғайып бара жатқан соң қыз әкесі түнделетіп Әбдәшім аулына бір жансызын жөнелтті. Ертесіне ол қайтып келді. «Не болды? деп анталаған жұртқа ол:

— Масқара болдық, рас екен, — деді салы суға кетіп.

Әйелдер бетін шымшып, еркектер үнсіз күрсінуге болды. Қалыңдық түпкі үйге кіріп алып ағыл-тегіл жылады.

Сол күні түнде бұлардың да үйінде «төтенше комиссияның» жиналысы өтті.

Мынандай бұрын-соңды болмаған қорлыққа төзе алмаған қыз әкесі ет жақын ағайындарымен бір түнде Сырдың ар жағындағы жаңа ашылып жатқан совхозға көшті де кетті.

Бұл екі арада Бонапарттың да беті бері қарап, атқа отыруға жарап қалып еді. Әбдәшімнің үй-іші мен жақын туыстары Бонапарттың аман-есен жазылғанына қатты қуанып, Аллаға разылық білдіріп жұма намаз күні қара тоқты сойып той жасады. «Әуелі құдай, сонан соң Кашпировский! — деп Масақбай өзеуреп қоймады. — Оған телеграмма жолдамасаң адамгершіліктен айрыламыз».

Кашпировскийге телеграмма жолданды.

Дөржан мен Масақбай Бонапарттың жазылғанын жұртқа көрсету үшін кешқұрым оны тор атқа мінгізіп алды да, ауылды бір айналып шықты. Қайтар жолдарында совхоз кеңсесіне соғып, оның алдында тұрған Дзержинскийдің ескерткішіне гүл қойды. Бұлар ескерткіш қасына келгенде водовоз айдайтын Маркен ескерткіштің шаңын жуып болып, әлдекімді сыбап боқтап, шлангаларын жинап жатыр екен.

— Кімді боқтап жүрсің ей?— деді Дөржан оны қорқытпақ боп.

— Кімді болушы еді, әйтеуір сен емессің.

— Енді кімді?

— Бәрін.

— Онда мен де кеттім ғой.

— Кетсең кет, өзгелерден әулиемісің?

— Көппен көрген ұлы той, жарайды, кеттім, — деді Дөржан мынандай қуанышты күні дарқандық танытып.

— Атам заманғы милицияның бастығына ескерткіш қойып, — деп бұрқылдады су тасушы, — бұл біздің ауылға келген жоқ, біздің ауыл оны танымайды да, сөйтіп оған ескерткіш қояды. Қойса қойсын-ау, жууын айтсайшы. Өзін шинелімен қойыпты, қатпар-қатпарына тұрған шаңды кетіру құдайдың бір азабы.

— Оған нең кетті, суды шашасың да кетесің.

— Нем кетуші еді, уақытым кетеді. Бұл үшін совхоз директоры маған бір тиын да төлемейді. Ал мен бір рейсті кем жасаған боп шығам. — Ол сөздің аяғын орысша-қазақша боқтаумен бітірді де машинасына отырды.

— Маркен, біздің Бонапарт жазылды, — деді Масақбай ат үстінде қыздай сызылып отырған жігітке сүйсіне қарап.

— Жазылмайтын ол СПИД деп пе едің, әрине жазылады.

— Жүз грамға. қалайсың?

— Жоқ. Тағы бір рейс жасауым керек. Мынаған кеткен уақытымды өтемесем болмайды, — деп ол Держинский ескерткішіне қарап қойды.

— Бүрсігүні құдалыққа барамыз, қаласаң бірге жүр.

— Қайдағы құдалық?

— Не, білмейтін бе ең?

— Білем, бірақ бармайсыңдар?

— Неге? Не деп тұрсың өзің?

— Сол, бармайсыңдар. Құдаларың көшіп кеткен. Алдыңгүні «үйленуге бір ай қалғанда сүндетке отырғызылып жатқан жындыға беретін қызымыз жоқ» деп олар әулетімен Сырдың ар жағына көшіп кетті.

Осыны айтты да Маркен есігін сарт жауып жүріп кетті.

Төбелерінен жай түскендей бұлар бір-біріне қарап сілейіп тұрды да қалды.

Сол күні түнде бұл хабардың рас-өтірігін анықтап білу үшін Әбдәшім құдалар ауылына бір жансызын аттандырды. Ертесіне ол қайтып келіп, анталап тұрған оларға:

— Масқара болдық, рас екен! — деді салы суға кетіп.

Ағайындар арасында дау-жанжал бұрқ ете қалды. Бәрі Әбдәшімді жерледі, «есек» деді, «шошқа» деді, «мисыз» деді, теңемеген жан-жануарлары қалмады. Оны біржола илеп болған соң баласына ауысты. Оны да «ит» деді, «шошқа» деді, «терің адамның терісі емес, доңыздың

терісі» деп ұрысты. «Жалпы, біздің тұқымға тартпағансың» деп келіп, нағашы жұртына да тіл тигізіп өтті.

«Төтенше комиссия» түнделетіп тағы бас қосты. Сол комиссияның шешімі бойынша ел-жұртқа маскара боп отыра берудің енді орынсыз екені айтылып, Әбдәшім ең жақын туыстарымен бірге Созақтың мидай даласына жеті отар қой алып, өз бетінше арендалық әдіске көшіп тынды.

Көшкен кезде олар Бонапарт жатқан қараша үйді жұртқа тастап кетті, «барлық қырсық — осыдан» деп жорыды.

Бұл екі арада Кашпировскийдің кезекті сеансы телевизордан тағы берілді. Сеанс кезінде ризашылық білдірген көп телеграмманың бірі етіп ол Бонапарттан барған мағынасы жат, сөзі бұлдыр телеграмманы оқып өзі де таң қалды. Телеграмма мынандай түрде беріліп еді:

«Аса құрметті Анатолий Михайлович! Сіз—жер бетіндегі ең ұлы адамсыз. Сізге дүниежүзіндегі әрбір үй есігінің алдына бір-бір ескерткіш қоюлары керек. Мен, Бонапарт, әке-шешемнің салақтығынан үйленуге бір ай қалғанда сүндетке отырғызылып едім. Есебіміз бойынша ары кеткенде бір жарым жетіден соң жазылып, үйленуге жарап қалуым керек еді. Бірақ жағдай біз ойлағандай болмай шықты. Терім жаман ба, әлде Рәт ақсақалдың ұстарасы дезинфекцияланбаған ба, сүндетім үш жетіде де жазылмай қойды. Құдалар мен қалыңдығымның алдында енді маскара болғалы тұрған жерімде сіз мені құтқарып алдыңыз. Сіздің бір сеансыңыздан соң мен құлан-таза сауығып, атқа мініп шабатын болдым. Екі күннен соң қалыңдығымды әкелуге барамын. Сізге мың да бір рахмет. Қолыңыз тисе біздің ауылға келіңіз.

Сізге табынушы —Бонапарт»

Сеанс үстінде ештеңеге түсінбей Кашпировскийдің өзі де тұтығып қалды.

— Ғажап! — деді ол әлден соң барып. — Жер беті ғажайыпқа толы деген осы. Жолың болсын, Бонапарт! Үйленуге көмегім тигені үшін аса қуаныштымын.

Арада он күн өткен соң Әбдәшімнің жұртында қалған қараша үйдің сыртқы жағына қылжақбас жігіттер мынандай жазуы бар тақта іліп кетіпті:

«Бұл үйде 1989 жылы 8 июль мен 28 июль аралығында Бонапарт сүндетке отырғызылған».

Бұл жазуды көрген адам күлмей өтпейтін болды.

Қазақ боп өмір сүру қызық сияқты.

ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ АРМАН

«Қоянды» колхозының тірлігі соңғы он бес жылдың ішінде бір оңбай-ақ қойды. Мұзға құлаған түйедей бір аяғын эзер жинағанда екінші аяғы тайып, әбден қалжырап, болдырып, өмірден күдерін үзіп, тұралаған халге жетті. Ауыл адамдары күннен-күнге қожырап бара жатқан тіршіліктерін жөндеу үшін не амал жасамады десеңізші. Ауыл көлемінде әлденеше рет жиналыстар өткізді, талай-талай қаулылар қабылдады. Болмады. Басшылар ауданға барып, аудан ауылға келді. Одан та түк шықпады. Басшылардың талайы келіп, талайы кетті. Одан шаруашылық түзеле қоймады. Азап айдады ма, ажал айдады ма, дүрілдеп тұрған бір совхоздың директоры ең артта қалған шаруашылыққа барамын деп белсенділік көрсетіп осы колхозды сұрап алып еді, үш жылдан соң сотталып тынды. Содан бұл ауылға жан жуымайтын болды. «Қоянды» колхозының аты аталса-ақ болды аудан мен облыс көлеміндегі басшылар қояншық ұстағандай қалшылдап шыға келетінді шығарды. Соңғы жылы республикалық бір газеттен экономика жайлы жиі жазып жүрген бір журналист кеп өз газетінің бетінде көлдей материал жариялады. Шаруашылықтың өрге баспауының тарам-тарам себептерін айта келіп, ол өзінің очеркін: «Бұл колхозға сырттан экономист шақырмаса болмайды» деп түйді. Амалы құрып отырған аудан басшылары «үмітсіз шайтан» дегендей бұл ұсынысты да қабыл алып, колхозға Тәжікстаннан экономист шақыртты. Ресми мәліметтерге қарағанда, ол тұралап қалған талай колхозды аяғынан тұрғызып, кейбіреулерін тура тарап бара жатқан жерінен қайта біріктіріп алыпты. Ит арқасы қияннан келген бұл экономисті ауыл адамдары аспаннан құдай жіберген құтқарушыдай боз бие сойып қарсы алды. Ол тұратын еңселі ақ үйді ақ тауықпен аластап, жын-шайтанды бездіру үшін ол табалдырықты аттай бергенде үй артынан алты жігіт аспанға құр дәрілеп мылтық атты.

Тәжік жігіт жұмысқа құлшына кірісіп кетті. Шаруашылыққа кететін барлық шығын мен алынатын өнімді мұқият есептей келіп, ол үш жылдан соң колхозды миллионерлер қатарына қосатын нақты бағдарлама жасады. «Міне, іс білетін адам деп осыны айт, тиынына

шейін есептеп қойыпты сабаз! Іс оңалса енді оңалар!» деп ауыл адамдары онымен өткен алғашқы кездесуден соң үйлеріне желпініп қайтты.

«Пенденің ойлағаны емес, Алланың дегені болады» екен, колхоз бұрынғысынан да нашарлап, екі жылда мемлекетке бес миллион сом қарыз боп шықты. Ал, ең соңғы — уағдалы үшінші жылы қырда астық шықпай, ойдағы мақтаны түгел үсік ұрып, жайлаудағы малдың жаңа туған төлін отамалының суығы қырып салды.

Тәжік экономисі жынданып кетті. Көрінген кісіге қарап күле беретін болды. Дәрігерлер «невменяемый» деп анықтама жазып берген соң ісі сотқа түспей аман қалды. Бір кездері бір елдің мандай алды экономисі боп дүрілдеп тұрған жігітті артынан бір топ адам іздеп кеп, жынды ғып алып кетті. Ішінде шайпаулау біреуі кетерінде: «Сендердің қиюы қашқан мына колхоздарың бір емес, мың адамды жынды қылар» деп дүңк еткізіп қойып қалды.

Бұл колхозға енді бастық та, экономист те жоламай қойды. «Бұл ауылды құдай қарғаған» деген сыбыс та шыға бастады. Оны құдай неге қарғады, қашан қарғады, ол жағын ешкім біле алмады. «Құдай қарғаған» деген сыбыс күннен-күнге етек алып, ол пікір діни күдіктен қоғамдық тұжырымға ұласып, коммунистер мен социалистердің де, демократтар мен толып жатқан ұлттық партия өкілдерінің, тіпті, айтулы атеистердің өздерін де иландыра бастады.

Енді көп адам бұл ауылдан айналып өтетін болды. Қолы ұзындар бұл колхоздан туыстарын көшіріп алып, қолы Қысқалары «құдайдың пешенеге жазғанын көріп», осында қала берді. Облыс, аудан басшылары енді не істерге білмей бастары әбден қатты. Таратып жіберейін десе сонша адамды қайда жібереді? Бөлшектеп-бөлшектеп басқа колхоз-совхозға қосып жіберуді қарастырып көріп еді, басшылары сотталып, жынданып жатқан «қарғыс атқан ауылды» қосып алудан барлық бастық ат-тондарын ала қашты.

Істері алға баспай қойған соң ауыл қариялары мен басшылары бірігіп, мал сойып, тасаттық жасады. Аяқ жететін жердегі көріпкелдермен ақылдасып, балгерлерге бал аштырды. Олар да мандытып ештеңе айта

алмады. «Облыс орталығында бір көріпкел тұрады екен, ол алақандай колхоз түгілі бүкіл бір ауданның он жылдық өмірін қолмен қойғандай айтып бере алады-мыс» деген қауесет жеткенде бүкіл ауыл боп ол жаққа аздап тәуіпшілікпен айналысатын Азнабайды шұғыл аттандырды. Ол қайтып оралғанда ауыл боп алдынан шығып:

— Не жақсылық бар, көріпкел не айтты? — деді басқарма мүшелері ең басты сауалға бірден көшіп.

— «Елдерінде бір рет су тасқыны болады, үш әйел егіз туады, деді.

Басқа планетадан адамдар келеді. Сақ боп жүрмесендер біреуінді алып кетеді дейді».

Жұрт иықтарын қозғап, бір-біріне қарады.

— Немене, немене? — Бастық оған төне түсті. — Мына кісі не деп лағып кетті. Оу, біз сізді облыс орталығына жібергенде бұл колхозда қанша әйел егіз туатынын білу үшін жіберген жоқпыз ғой. Тіпті, оны бізге білудің қажеті қанша! Экономикамыз қашан көтеріледі, экономикамыз! Одан да соны нақтылап сұрамадыңыз ба?

— Сұрадым.

— Иә, не деді?

— Мен экономист емеспін. Оны білгілерің келсе шетелде аты жер жарған бір көріпкел тұрады, соған барындар, - деді.

— Ол қай жерде екен?

— Білмейм. Мына қағазға адресін жазып берді. — Азнабай бастыққа тілдей қағаз ұсынды. Бастық қағазға үнілді. «Австрия. Вена. Вагнерштрассе, 42. Эрхард Мария Глоба». — Бастық қағаздан басын көтеріп:

— Бұл еркек пе әйел ме өзі? — деді.

— Білмейм. Барғанда бір-ақ көрерміз.

— Немене, енді сонда бармақсыз ба?

— Валюта болса барып қайтқанға не жетсін.

— Валюта! Оны қайдан табамыз? Колхоздың кассасында совет ақшасымен бір сом да жоқ.

— Елден жинау керек.

— Елден! Ел де титықтап болды емес пе, — деп бастық өзімен-өзі сөйлескендей күбірлеп еді, осында тұрған экономист сөзге араласты.

— Ел табады ғой. Жинайды, жинаймыз, — деді сенімді үнмен. — Ертеңіні білу бәрімізге ортақ іс қой.

Кешке қарай актив жиналысы шақырылып, Азнабайды Австрияға жібереміз бе, жібермейміз бе деген мәселе талқыланды. «Азнабайға қарап тұрған күн жоқ, қолы бос, барса барып қайтсын» деген пікір айтылып, актив жиналысы оны шетелге жіберуге шешім қабылдады. Елден ақша жинап, оған валюта сатып алу мен шетелге шығу тәртібін реттеу экономист Өзденбекке тапсырылды.

Бір айдан соң ауыл улап-шулап Азнабайды Австрияға шығарып салды.

Азнабай шетелде бір жарым ай жүріп келді. Оны өлдіге санап, енді іздеу салғалы отырғанда ол кенет екі кештің арасында су жаңа «Мерседеспен» сап ете қалды. Кешегі қатқан қайыстай Азнабай жоқ, диланып, беті жылтырап, мұрты майланып қапты. Басынан аяғына дейін шыттай шетелдік киім.

Ол ауылдастарын жинап ап екі күн, екі түн әңгіме айтты. Әуелгі кезде жерлестері оның өзгерген түрі мен пошымын көріп сөйлесуге батылдары жетпеп еді, бірте-бірте үйреніп, сырт киімі болмаса ішінде баяғы Азнабай жүргенін көріп қуанып қалды.

— Сонымен, әлгі Глоба не айтты? — деді колхоз басқармасы шыдай алмай.

— Ой, ол туралы кейін, — деді Азнабай жұртты таң қалдырып. — Алдымен мен неге кешіктім, соны сұрамайсыңдар ма?

— Иә, соны айтшы, — деп итінді шалдар жағы.

— Ойбо-ой, бұ қазекемнің де жүрмейтін жері жоқ екен. Әлгі жерге барып түскен күні ертесіне қолыма әлгі адресті алып ал кеп іздейін, ал кеп іздейін. Олар қазақша білмейді, мен шетелше білмеймін, ай қор

болдым ғой. «Осы жалпақ елде нежойлы қазақша білетін бір адам табылмас дейсің» деп көрінген қара адамды тоқтатайын.

— Әй, қазақша білесің бе? — деймін. Олар басын шайқап күледі де кете береді. — Содан бір күні... О, құдай-ау десеңші, пендесін өлтірмеймін десе Алла есебін табады екен ғой. Бір күні үмітім үзіліп, қонақ үйге қайтып келе жатыр едім, әп-әдемі келген бір жігіт, жасы осы Шындандар қатарлы болуы керек, машина сүртіп тұр екен. Қолыммен ымдап әлгі қяғызды соған көрсеттім. Ол оқып қарады да «білмеймін» дегендей басын шайқады. «О, құдай, енді елге не бетімді айтамын» деп күрсініп едім, әлгі жігіт мені бас салып құшақтай алғаны. «Бауырымдап» көзіне жас алды. Сөйтсем ол қазақ екен. Үйіне ертіп барды. — Әке-шешесімен таныстырды. Ұзақ таңға елдің жағдайын айттым, олар бала-шағасымен ауыздарын ашып еліте тыңдады. Ол жерде отыз шақты қазақ семьясы тұрады екен. Бәрі бірінен соң бірі қонақ қылып, бір ай уақытым соған кетті. Қалаларын аралатты, орманға аң аулауға алып шықты. Өне бір алдыңғы яяғы қысқа бір жануар болушы еді ғой, аты немене еді?

— Қалталы қасқыр.

— Иә, қалталы қасқыр деген андыздап жүр. Соның бір-екеуін атып алдық.

— Қалталы қасқыр? — деп экономист Шыдан қайталап сұрады. — Ол онда болмаушы еді ғой.

— Неге болмасын, болмаса менің көзіме шайтан елестеген жоқ шығар.

— Иә, сонымен, әлгі көріпкелге жолықтыңыз ба, соны айтшы, — деді бастық.

— Жоқ. «Ондай адам бұл жақта тұрмайды, ол алыста, әуре болмаңыз» деп жібермей қойды.

— Әй, осы сіз қайда барып келдіңіз өзі? — деді Шыдан Азнабайға күдіктене қарап.

— Қайда барушы ем, әлгі қағаздағы адреске дағы.

— Менімше сіз Австрияға емес, Австралияға барғансыз. Әлгі қалталы

қасқырларыңыз сонда.

— Қой, өйтіп құдай ұрып па?

— Ұрса да, ұрмаса да солай. Шетелде шекара ашық, Австрияға баратын самолет деп Австралияға өтіп кеткенсіз.

— Қой... олай емес шығар, — деп Азнабай да абдырай бастады.

— Өй, берекесіз, — деді Мәулен ақсақал қолын сілтеп. — Осыны шетелге жіберіп жүрген біз ақымақ. Жіберген жаққа бармай басқа жаққа барып қайтыпты ғой.

— Ойпырмау, көшеде кетіп бара жатып: «Бұл Австрия ма, Австралия ма?» деп бір сұрамағаның ба? — деді нясыбйшы шал Рамаш ашуға мініп.

— Тоқтай тұрсаңдаршы, ар жағын яйтайын да, — деді Азнабай да дауыс көтеріп. — Әлгі адресті әлгі жігіт ялды да екі күн жоқ болып кетті. «Үйде отыра беріңіз, өзім тындырып» келем деді. Сонан соң оған жолыққанда не айтатынын әбден түсіндірдім. Көріпкелге жолығу қиынға соғыпты. Есігінің алды топырляған ядым дейді. Көпшілігі кеңес өкіметінен барғандар екен. Бәрі ертең не боларын болжап беруін өтінетін көрінеді. Ол жігіттің әңгімесін тыңдап болыпты да, міне, мына қағазды жазып беріпті. Оны аудартып та алдым.

— Ойбай бағанадан бері соны айтпайсыз ба? — деп бастық оның қолындағы бір парак қағазды жұлып алды. Онда бір-яқ ауыз сөз жазылыпты: «Жұмыс істеу керек».

Азнабайды қоршаған жұрт ауыздарын ашып отырып қалды. Әлден соң барып бастық орнынан тұрды.

— Сонау жердің түбіне барып алып келген ақылың осы ма? — деді ол ашудан жарыла жаздап. — Сізде де ми жоқ, сізді жіберген бізде де ми жоқ, әлгі Глобада да ми жоқ! — Ол осыны айтты да есікті сарт жауып шығып кетті.

Шет елдерден де жөні түзу жауап ала алмаған облыс басшылары мен аудан басшыларының ақырғы үміті үзіліп, мойынға масыл боп мінген

мына колхоздан құтылудың жолын қарастыра бастады. Он ойланып, жүз толғанып кеп ақыры олар бір шешімге келді-ау!

«Қоянды» колхозы облыс бойынша өзін-өзі басқаратын тұңғыш «ерікті экономикалық аймақ» деп жарияланды.

Сөйтіп, колхоз ауданнан «енші» алып, өз күнін өзі көретін боп шықты. Елу бес жыл бойы жоғары жақтың нұсқауынсыз ас ішіп, бата қылып үйренбеген ауыл тұрғындары бостандықтың мұндай түрін қалай қабылдауларын білмей, айдалада адасқан жолаушыдай аңтарылып тұрды да қалды. Аудан болса «бір бәледен құтылдық-ау, әйтеуір» дегендей сол кеткеннен мол кетіп, бұл жақтың өлі-тірісімен ісі болмай үшті-күйді ғайып болды. Басқа шаруашылықты аралайтын ауданның ірілі-уақты басшылары бұл маңды айналып өтетін адырдан жаңа жол салып алды.

Аудан бөліп тастады екен деп ауыл адамдары қарап отырып өлсін бе, он шақты күннен соң естерін жиып, тіршілік қамына кірісті. Әуелі төбе басына кешқұрым шалдар жиналды. «Бет-бетімізге тараймыз ба, әлде бір әрекет жасаймыз ба? Жасасақ, әрекетті неден бастаймыз?» деді ауылдын ең үлкен қариясы ұсқындары құйылып, мүсәпір халге түсіп үлгірген он шақты қиқы-жиқы шалға қарап. Ешкім үндемеді.

— Тарағанда қайда барамыз? — деді әлден соң маңдайын шибарқыттай әжім басқан бақташы шал күрсініп. — «Қарғыс атқан ауылдың» адамына кім ынтық боп отыр дейсің. Ел аман, жұрт тынышта ата-бабаның моласын тастап қайда үдере көшеміз? Көшкеннен мүйіз шықса шығар еді ғой осы кезге шейін қарағайдай боп! Көшіп барған жерде біреу бізге керт құйрықтан сыбаға дайындап отыр дейсің бе?

— Рас-ау, — деді кураймен жер шұқып отырған насыбайшы шал жерден көзін алмаған бойы мырс етіп, — қазір ешкім жетісіп отырған жоқ, өздері де көшіп кетуге жер таппай отыр. Жұрттың бәрі бөтен кісі көрсе кірпідей жиырылатын болды емес пе? Не болса да осында қаламыз.

— О, құданың күдіреті! — деп күрсінді заманның тыныш кезінде «шатақ шал» атанған қорықшы ызаланып. — Бір кезде колхозға кіруге қарсы болдың деп талай адамды атып, талай адамды абақтыға айдап

еді, енді сол колхозын өздері таратып отыр. Стәлін керек бұл елге, Стәлін! Шіркін, аяқ астынан тіріліп келсе жарықтық! Тура жиналыстарының үстіне кіріп барса! Көсемсіп, шешенсіп сөйлеп тұрғандардың талайы бұтына жіберіп, қалғандары бет-бетімен тұра қашар еді-ау! — Ол шаңқылдап күле беріп еді, ауылдастары іліп әкетпеген соң күлкісін жарым жолда кілт тыйып, сасқанынан жер шұқып жайына кетті.

Төбе басындағы ақсақалдардың мәжілісі ауылдың жалпы жиналысына ұласып, күн тәртібіне «колхозды сақтаймыз ба, әлде тараймыз ба?» деген мәселе қойылды. Жиналыс «сақтаймыз» деп шешім қабылдады. Дауыс қорытындысы: сақтаймыз — 171, тарқаймыз — 4, қалыс — 9.

«Тараймыз» деп дауыс берген төрт адамды «сақтаймыз» деп қол көтерген жүз жетпіс бір адам талап жеп қоя жаздады. Қалыс қалған тоғыз адамға да оңай тиген жоқ. Мінбеге шыққан «шешендер» қыруар мәселені жиып қойып, қарсы болғандар мен қалыс қалғандарды бірінен соң бірі шығып сыбап жатты. «Парламенттік мәдениет» дегенді бұл ауыл әлі жете меңгере қоймаған болатын, сондықтан, ашу-ызаға шыдай алмаған кейбіреулер айызы қанатын сөз таппай, қарсы болғандар мен қалыс қалғандарды тура шешеден боқтауға көшті. Боқтықтың 75-80 проценті қарсы қол көтергендерге тиді. Клуб іші араның ұясындай гулеп, жиналысты басқару мүмкін болмай кетті. «Оңбаған», «жымысқы», «жауыз», «сүмелек» деген сөздер тұс-тұстан жамырап қоя берді. Кеңірдегі кетпен саптай арық біреу орнынан атып тұрып: «...шпионы!» деп айғай салды. Құлақ тұндырған айғай-шудың арасынан оларды қай елдің шпионы деп атағанын ешкім аңғара алмады. Қарсы болғандар мен қалыс қалғандар да қарап қалмай, әуелгіде ортаға шығып мінгірлеп көріп еді, айқұлақтанып алған жұрт олардың аузын аштырмай мінбеден қуып түсірді. «Не бетімен сөйлеп тұр!», «О, жүзіқара!», «Ауыздарына құм құю керек!»

Қарсы болған жақтың қайсарлау біреуі жұртты бетпақтырмай сөзін жалғастыра беріп еді, клубтың әр түкпірінен оған қарай қауынның қалдығы, жүгерінің собығы, шала желінген помидор мен піскен асқабақтың қабығы зуылдап кеп қоя берді. Шешен тек қайсар ғана емес, әбжіл де екен, зуылдап төніп келген бәле-бәтәрлардың бір де

бірін бойына дарытпай, бірде бұғып қалып, кейде жалтарып кетіп, тағы біраз сөйлеп үлгерді. Алдыңғы қатардан өзіне таныс баяғы боқтықтың төрт-бесеуін тағы естіді. Қанша шыдамды болғанмен бұл да ет пен сүйектен жаралған адам ғой, боқтап отырғандардың ішінде шалдардың да барын және оларды әйелдер де қостап отырғанын көріп біраз мүдіріп тұрды да, ұят-аят пен парламенттік мәдениетке бір түкіріп:

— Өздеріңнің де шешелеріңді... — деп жас-кәрі, еркек-әйелден тұратын клубтағы бүкіл контингентті топтап бір-ақ боқтап шықты. Естімей қалғандары болса түгел естісін деп микрофонды аузына тақап, бар дауысымен, әр әріпін ежіктеп тұрып тағы боқтады. Сөйтті де түсіп жүре берді. Ұлардай шулап жатқан жұрт сілтідей тынды. Ол күйген қыштай күреңітіп, есікке беттеп бара жатқанда тары тастасаң жерге түспестей тар клубтағы иінтірескен көпшілік оған қалай қақ жарылып жол бергендерін өздері де аңғармай қалды. Ол шығып кеткен соң барып «парламент» есін жиды.

— Мынау мені де боқтады-ау деймін, — деді «шатақ шал» мәселенің байыбына енді барғандай насыбайшы шалға қарап.

— Немене, сен әулие ме едің! Сен түгілі мен де кеттім.

— Ал, сен кім едің сонша! Ақсақ Темір ме ең, әлде Әзірет Сұлтан ба ең?

— Екеуі де.

— «Бір жеріне қарамай көк қарға әулиенің басына қонады» деген. Дәмесінің зорын! Одан да насыбайыңды езіп тыныш жүре берсеңші. «Насыбайыңды» деген сөзді шатақ шал әдейі нықтап айтып еді, анау шарт ете қалды.

— Көк қарғаң не, а? «Бір жеріне қарамай» дегенің қай жер? Ана жері ме? — Ол анықтай түскісі келгендей сұқ саусағымен шатақ шалдың төменгі жағын көрсетті.

— Дәл таптың! — деді ол басын шұлғып.

— О, бейауыз! Сені де пайғамбар жасынан асты дейді-ау! Садаға кет сен пайғамбардан. Елді бұзатын, жастарды бұзатын мына сен сияқты бәдік шалдар, білдің бе? Аузың толған бейпіл сөз, сөйтіп жүріп пейіштен дәметеді тағы.

— Ал өзің ше? Пейіштен күдер үзіп пе ең?

— Құдайға шүкір, саған қарағанда үмітім бар. Сен құсап аузыма не келсе соны оттамаймын. Бес уақыт намазым түгел.

— Жалғыз намаз қай күнәнді жауып қарқ қылар дейсің. Бес уақтылы намазың көп болса насыбайға қосып сататын әгінді ғана жуар, ал қырық түйеге жүк болатын қалған күнәнді қай жеріңе тығасың? Намаз оқыдым, сонымен бәрі бітті деп жүрсің ғой. Ол намаздың өзін дәрет алмай оқисың, оның бәрін қабылдай беретін Алла ақымақ дейсің бе? Оның үстіне алпысқа дейін арақ іштің, шылым шектің, төрт қатын қоя бердің... Енді насыбайға көштің.

— Кісіге жала жапқан адамның өзі күнәһар. Мен жаман да болса намаз оқимын, ал сен құбыланың қайда екенін де білмейсің. Дәрет алған, алмағаныма үңіліп қарап тұратын сен менің қолымдағы құман емессің ғой.

Олар осылайша бітіспес дауға кірісіп керілдесіп жатқанда клубтағы өзге жұрт та есін жиып, әлгі боқтаудан ешқайсысының тыс қалмайтындарына көздерін әбден жеткізіп алған соң, бұрынғыдан бетер құтырынып шыға келді. Мұндай бейбастақтыққа күйрете соққы беру үшін мінбеге ұмтылғандардың кезегі көбейіп, кезек тимейтініне көздері жеткендер сөйлеушінің сөзін бітіргенін күтпей-ақ онымен жарыса жөнелді, ал кейбіреулері орта жолда, енді біреулер тұрған-тұрған жерінде айғайға басты. Ешкім ештеңе ұғып болмады. Көп айғай-шудың ішінен: «үшеуі қайда, үшеуі?!» деген ызалы сөздер естіліп қалды. Сол кезде барып ашу-ыза кернеген жұрт қарсы болған баяғы төртеудің қалған үшеуін іздей бастады. Ал, олар болса мына дүлей күшке төтеп бере алмайтындарын сезіп, баяғыда-ақ «лидерлерінің» соңынан іле-шала тайып тұрған-ды.

«Парламент» олардың орнын сипап қалды.

Жиналысты төртінші бөлімшенің бұрынғы бастығы Шыдан басқарып отырған. Ол өзінің әлі күнге бастық, я бастық емес екенін де білмейді, сұрайтын да ешкім жоқ. Колхоздың бұрынғы басшыларының бәрі түгелдей сырттан келгендер еді, «шаруашылық тарайтын бопты» деген сыбыс шыққаннан-ақ олар өз жөндерін баяғыда тауып үлгірген-ді.

Ауылда Шыданнан өзге ел басқарып үйренген ешкім жоқ, сондықтан жиналыстың төрағасы болып ол автоматты түрде сайланған. Президиумда шал-шауқан, молда мен мұғалім, сауыншылар мен бақташылар отыр.

Шыдан жиналыс бастала салысымен жұртты тәртіпке шақыруға кіріскен, ондай тәртіп орнамады, қайта уақыт өткен сайын айғай-шу өрепкіп, ақыр аяғы жалпы берекесіздікке барып ұласты. Сиыр қайырған адамдай айғайлай-айғайлай Шыданның дауысы қарлығып, өкпесі өшіп, әбден қалжырады. «Оппозициядан» кек алу жөнінде туған жаңа даудан соң ол жиналыс тізгінінен біржола айырылып, халық басқарудан мүлде шығып кетті. Ақырында ол «пұл болмасаң, күл бол» дегендей шулаған зал мен трибуна жанында бірінің үстіне бірі мінгескен жұртқа ләм деп үн қатпай, бейқам қарап отыра берді. Боктық пен бейәдеп сөздерге қой демеді де, ешкімді тәртіпке де шақырмады. «Ит боп өздері қояды, — деді ол ішінен. — Бес күн шуласа да мейлі. Тамақ менікі емес өздерінікі, жыртпақ түгілі айырып тастаса да өздері білсін».

Оның ойлағаны болды. Түн жарымы ауа қарны ашып, қалжыраған жұрт құр айғайдан әбден шаршап, титықтап барып тынышталды. Саяси белсенділік пен пікір сайысына деген құмарлық артта қалып, енді әркім тамақ пен ұйқы қамын көбірек ойлай бастады. Кейбіреулердің балалары жылап, шал-шауқандар қалғи бастады. Насыбайшы шал ұйықтап кетіп, бір-екі рет алдыңғы орындықтың қыр арқасына маңдайын оңдырмай соғып алды. Соққан сайын бір ыңырсып, көріп қоймады ма екен дегендей «шатақ шалға» бір қарайды. Шатақ шал нағыз «парламентшіл» екен, ұйықтамақ түгілі екі көзі «Жигулидің» фарындай жалтырап, мұрты едірейіп, еліріп апты. Айғайға сүрең қосып, президиумға қарай әлдене деп сөйлеп қояды. Біршама сабасына түсе бастаған жұрт бір кезде қайта гуледі. «Долой!» «Долой президиум!» деген дауыстар естілді. Бұл сонда барып байқады, президиум мүшелерінің тең жартысы қалғып, бастары кегжеңдеп отыр екен. Арт жақтағы біреулер президиумға қарай қос жұдырықтай кәмек қауын лақтырып еді, онысы ойда жоқта атып тұрған шатақ шалдың басына тиіп, быт-шыты шықты. Кім ұрғанын білмек боп ол артына қарағанда өзеуреген жұрттан өзгені көре алмады. Соққы тиген соң оған

реакция білдірмей отыра салуды ыңғайсыз көріп, артта түрегеп тұрған «күдікті» он шақты жігітке қарап: «колиган», «екістремис» деп орнына жайғасып еді, насыбайшы шал оянып алып, алдына кеп түскен қауынның сынығын шопақ-мопағымен жайбарақат жеп отыр екен. Бұл оған қарағанда, анау сасқанынан жеп отырған қауынның сынығын бұған ұсынып:

— Жейсің бе? — деді.

— Жоқ, өзіңе бұйыртсын. Таяқты мен жейін, қауынды сен же.

— Қашан бітеді мына жиналыс?

— Ертең.

— Қап намазым қаза болды-ау!..

— Өшшерде-ақ оқи бермейсің бе, бәрібір дәрет алмайсың. Ниетің түзу болса болды ғой.

— Күнәһарсың сен, Желдібай, күнәһарсың. Даурықпа сөз бен айғай-шудан жалығып, жұрт біржола тынышталғанда Шыдан орнынан тұрып:

— Ал, тағы кім сөйлейді? — деді, қасақана жұрттың қитығына тиіп.

— Болды, сөз доғарылсын!

— Қашанғы сөйлей береміз!

— Неге? — деді жиналыс басқарушы. — Сөйлеңдер, айтыңдар, өзеуреңдер. Қарсы болған төртеуді отқа өртейтін болдыңдар, суға лақтырып, көрге тірідей көмбек болдыңдар. Ал, осылардың қайсысын орындайық: суға лақтырайық па, отқа өртейік пе, әлде тірідей көмейік пе? Қане, айтыңдар!

Жұрт үндемеді. Ашулары тарқап, ақылдарына келген сияқты.

— Қойшы, тірі жүре берсін, — деді көп ішінен біреу күңк етіп.

Үндемеулеріне қарағанда, өзгелер де бұл ұсынысқа қарсы емес секілді.

— Көрдiңдер ме, — деді Шыдан жұртты бетiмен қоя берiп, шаршатып алған саясатының дұрыс боп шыққанына iштей масаттанған үнмен, — бағанағы екпiнмен оларды отқа өртеп жибергенде қазiр өкiрiп жылап

отырар едік. «Ашу алдында, ақыл соңында» деген осы. Бағана дүлей дүрмек едіңдер, енді халық болдындар. Жарайды, бұл мәселе өзінен-өзі бейбіт шешілді. Енді келесі мәселеге көшейік.

Келесі мәселе — колхозға бастық сайлау болатын. Жиналысқа қатысушылар мұндай үлкен мәселені жұрт қалжырап отырғанда емес, ертең, арнайы дайындықпен келіп қарайық деген ұсыныс айтты.

Ұсыныс бірауыздан қабылданып, жұрт дүрліге тарады.

Колхоз бастығына кандидаттар тіркеу аса зор саяси өрлеу үстінде өтті. Бұрын-соңды мұндай еркіндікті көрмеген ауыл адамдары мінбеге бірінен соң бірі көтеріліп, өздерінің көңілі сүйген адамдарын ұсынып жат-

ты. Нағашысы жиенін, жиені нағашысын, біреулер туысын, енді біреулер өздерін өздері ұсынды. Демократияның заңы бойынша ұсынылған адамдардың бәрі ресми тіркелуге тиіс болды. Жұрт жан-жақтан жапа-тармағай жақын-жұрағаттарын өткізуге тырысып, қызыл өңеш боп жатқанда шатақ шал Желдібай қасында отырған насыбайшыны түртіп қап:

— Әй, тамыр, сен мені ұсынсаңшы, — деді. — Бастық боп кетсем саған да жаман болмайды ғой.

Насыбайшы шал танымай тұрғандай оған есеңгіреп ұзақ қарады.

— Сөйт, орныңнан тұрып-ақ айта сал. Әйтпесе қазір бітіп кетеді.

— О, құдайдың құдіреті, осыны шын айтып отырсың ба? Сен колхозды қайтадан таратып жібересің ғой.

— Оны тарап бара жатқанда айтарсың. Мен өтсем сені Шыданның орнына опрвлайш қыламын.

— Жұртқа мазақ болармыз, ойбай.

— Болмаймыз. Қазіргі заманда өгіз туып жатса да сөкеттігі жоқ.

— Сен — бастық, мен — опрвләиш. «Опрвләиш» деген сөзді де айта алмаймыз. — Осы кезде Шыданды жақтап сөйлеп тұрған бір мұғалім:

«плюрализм» деп қалды. — Өне, естідің бе, ананың жаңағы айтқан сөзін екеуміз қырық жыл жаттасақ та айта алмаймыз.

— Өй, сөзде тұрған не бар, қазір іс керек, іс! Ал, тұр да айт. Осылай да осылай, осында туып-өскен, колхоздың әр сиырына шейін таниды, пенсияға шыққанша. бригадир болған де.

— Шатақ шал-ау, сен... бұрынғы бригад қайтыс болғанда бір-ақ ай болып едің ғой, соның өзінде жұртты қырып жібере жаздағансың.

— Көп сөйлемей тұрсаңшы орныңнан. Өтпесек шапанымызды шешіп алмас.

Желдібайдың «тұр-тұрлауымен» насыбайшы шал орнынан көтерілді.

— Иә, не айтасыз, ақсақал? — деді жиналыс бастығы Шыдан.

— Мен... мен, Желдібайды ұсынам. Ол колхоздың әр сиырын таниды, осында туып-өскен, кезінде бригад болған...

— Кім, кім? — деп сұрады Шыдан құлағын тосып.

— Желдібай! Желдібай Тұрапов.

Президиумда отырған Мәулен ақсақал:

— Шатақ шал ма? — деп анықтап алды.

— Иә-иә. Сол! Шатақ шал. Қазір ол шатақ емес, өзгерген. Жұрт ду күлді. Әр жерден әртүрлі сөздер бой көтере бастады.

— Шіркіннің өзгергішін! Қашаннан бері ол өзгере қалып еді. Алдыңкүні ғана көзі шатынап көршісінің сиырына бесақа тығып алып еді ғой.

«Оппозицияның» адамдарын бір елдің шпионы деп айғайлаған кешегі арық жігіт атып тұрып:

— Мұндай мәселені мазаққа айналдырғаны үшін насыбайшы шал жиналыстан қуылсын. Долой! — деді. Оған насыбайшы шал дау айтты. «Жақтырмасандар жасырын дауыстың кезінде сызып тастайсыңдар» деп жұртты сабырға шақырды. Таңқаларлығы сол, Желдібайды

қолдаушылар да табылып, оның фамилиясы кандидаттық тізімге отыз екінші боп тіркелді.

Сонымен, кандидаттарды тіркеу тоқтатылды. Кандидаттар тізімі тіркелген бюллетень дайын болғанша жұрт таза ауа жұту үшін үзіліске шықты. Әр кандидат жайлы көзқарастарын, кімді қолдап, кімді құлату керек екенін айтып сайлаушылар топ-топқа бөлініп, күбір-күбір, сыбыр-сыбыр әңгімеге көшті.

Белгіленген тәртіп бойынша сайлау үш кезеңнен тұратын болды. Алғашқысында көп дауыс алған алты адам іріктеліп шығуы тиіс. Сонан соң алтаудың үшеуі қалу керек. Соңғы кезеңде сол үш адамның ең көп дауыс алғаны колхоз бастығы боп сайланады да, келесі жиында ол «өз кабинетін» жасақтайды.

Қолынан іс келеді-ау деген кандидаттар жік-жікке бөлінген қарсы топтың күшімен бірінен соң бірі топалаң асып, ең соңғы турға елеусіз үш адам бөлініп шықты. Олар бұрынғы директордың шофері Тәліп, жас мұғалім Құдаш, пенсионер Желдібай, яғни, шатақ шал.

Өздері берген дауыс нәтижесі бойынша енді осы үш адамның біреуі міндетті түрде өздеріне бастық болатындарын естігенде көп адам талып қала жаздады. Амал не, сайлаудың аты сайлау, демократияның аты демократия, өз қолыңды өзің кесе алмайсың, көнесің. Ерікті сайлаудың адам ойламаған мынадай қорытындысына тірелген жұрт күлерін де, жыларын да білмей дағдарып қалды.

— Желдібай бастық болса жетіседі екенбіз?

— Бүйткен демократияларыңның нақ әкесінің көрін! Залдың әр жерінен ызалы дауыстар естіле бастады. Өзі алдыңғы турда-ақ өтпей қалған Шыдан жиналысты басқаруды қайта қолға алған еді.

— Жолдастар, шуламаңдар! Сендерді ешкім зорлаған жоқ, өздерің дауыс бердіңдер екен, енді аяғына шейін күтіңдер! — деді ол да ызалы дауыспен.

Желдібай насыбайшы шалды түртті.

— Айғай шығарғандардың бәрін қағазға түсіріп қой, — деді сыбырлап.

— Кейін керек болады.

— Жазбай-ақ білем ғой оларды.

Сайлау нәтижесіне көңілі толмаған адамдар келесі турға қарамай үйлеріне кете бастады. Колхозды сақтап қалу жөнінде алғаш сөз көтерген Мәулен ақсақалдың көзіне жас тығылды. «Бұл ел ел болмас, — деді ол өзінен-өзі күбірлеп. — Көкіректерінде саңылау жоқ, істеген ісінде береке жоқ. Ақырға айдасаң тақырға қашатын мақұлықтар! Мынадай санасыз дүрмекпен осынша жыл қалай тіршілік қып келгенбіз? Бір кезде бәрінің ақыл-есі сау, саналы ел сияқты еді ғой. Мына түрімен өзін-өзі орға жығады ғой бұ жұрт. Жықты деген осы емес пе? Бұ жұртқа не болған?..»

Клубтағы көпшілік жұрт сайлауды қайта өткізу керек деп талап қоя бастады. Терісі сөгілсе сүйегі төгілгелі тұрған баяғы «диссидент» арық жігіт сахнаға шығып айғай салды.

— Егер Желдібай бастық болатын болса, онда ақырзаманның келгені. Сендердің қалай ететіндеріңді қайдам, мен өзім екі қолымды төбеке қойып айдалаға қаңғып кетем.

— Біз де сөйтеміз!

— Біз де!

Залдан он шақты адам бөлініп шығып сыртқа беттеді. «Қайран ел-ай! — деді Мәулен ақсақал күрсініп. — Атақоныстарын тастап бет-бетімен тарап кетер ме екен?»

Жұрт бастық сайлау әлегімен дүрлігіп жатқанда, ауыл сыртындағы дәрі-дәрмек төгетін алаңға айырпылан кеп қонды. Одан жеті-сегіз адам түсіп, клубқа қарай аяндады.

Сөйтіп, ауыл сыртына айырпылан қонған сәттен бастап «Қоянды» колхозының мүлдем жаңа өмірі басталды.

Облыс басшылары Оңтүстік Кореямен шарт жасасып, бұл колхозды оларға отыз жылға арендаға беретін боп келісіпті. Түскен табыстың қырық проценті колхозға, алпыс проценті Кореяға кетеді. Алдын ала есеп бойынша, сол қырық проценттің өзі колхоздың ең дүрілдеп тұрған кезіндегі бесжылдық табысымен тең екен.

Бесжылдық табысты «Қояндылықтар» қарап жатып бір жылда табатын болса, олардың жұмыс істеп не жындары бар? Тек, бастық боп сайланып кетуіне екі-ақ сағат қалды деп үміттеніп отырған Желдібай, облыстың бірінші басшысы кеп жиналысты таратып жібергенде, залдан шықпай жападан-жалғыз ұзақ отырып қалды. Көп ұзамай бұған да көндікті. Бәлкім, қазір өзі де күлетін шығар? Қалай болғанда да енді олардың отыз жыл бойы бейғам өмір сүруіне болады. «Коммунизм!» Жүз жылдық арман аспаннан салбырап өзі түсті.

1990.

МӘҢГІЛІК ҚАҒИДА

...Сонымен, бәрі де бітті. Екі айға созылған алдын ала тексеру, куәлардан жауап алу, тексеру изоляторында отырған үміт пен өкінішке толы күндер, адвокаттың мұны ақтап алмақ болған әрекеті, бәрі-бәрі артта қалды. Ол сот процесі өтіп жатқан ең соңғы сәтке дейін еркіндіктен үмітін үзбеп еді.

Үкім жаңа ғана оқылды. Үкім оқылып жатқанда бостандықтың есігіне қол созым ғана қалғандай, сол есікке тезірек жетуге асығып, соттың ең соңғы сөйлемді тезірек оқуын тағатсыздана күтіп, жүрегі тайдай тулап тұрды. Кенет...

Барлық үміт пен алданыш қас-қағым сәтте ойран боп шыға келді.

— «...Айыпкер Андас Аяпбергенов Қазақ Республикасының қылмысты істер жөніндегі статьясының №6-тармағына сәйкес қылмысты деп табылып, алты жыл бас бостандығынан айырылсын. Жазаны өтеудің алғашқы екі жылы балалар колониясында ал, айыпкер он сегізге толған соң қалған төрт жылы ересектер түрмесінде, жалпы ережеге сәйкес өткізілсін...»

Ол камераға қайтып келген соң барып есін жиды. Соттың манағы үкімінен соң-ақ қақпағы тарс жабылған зындандай төңіректі басқан қою қараңғылық пен ақырзаман азасындай басын мең-зең еткен ретсіз шуыл бірте-бірте сейіліп, көз алдына өткен өмірі мен болашақ

тіршілігінің айқын көріністері келе бастады. Қара түнекті бірте-бірте алмастырып келе жатқан буалдыр сағым арасынан ол әуелі қаракұрым боп жиналып тұрған дүйім жұртты көрді. Алғашқы сәтте олардың кімдер екенін, неге құжынап жинала қалғандарын, жүздерінің неліктен көңілсіз екендігін түсіне алмай біраз жатты да, сол құжынаған топтың алдыңғы жағында отырған анасы мен әпкесін және екі інісін көріп, олардың сот залына жиналған адамдар екенін еске түсірді. Өне, енді анық көрінді. Анасы ебіл-дебіл жылап отыр. Сот үкімі оның да есін тандырып кетсе керек, әпкесі оны бір қолымен құшақтап, екінші қолымен көзінен сорғалаған жасын тынымсыз сұртуде. Анасының ұлы қайғысы өз қайғысынан әлдеқайда ауыр екенін сезгендіктен бе, әлде, екі айға созылған үміт сәулесі қас қағым сәтте түнекпен алмасып шыға келгеніне оның әлсіз жүрегі төзе алмас деп қорықты ма, әпкесі Зүбайра өз көзінен сорғалаған жасын еркіне қоя беріп, сұртуге де әрекет жасамайтын сияқты. Ал, бірі он, екіншісі сегіз жасар үйелмелі-сүйелмелі екі інісі болса көздері жасаурап, жүздері сұрланып, қимылсыз қатыпты да қалыпты. Екі інісінің жасаураған көзі мен сұрланған жүзінен ол дәрменсіздіктің, қорғансыздық пен мүсәпірліктің анық пайда болып үлгірген нышандарын көріп, жүрегі біз қадалғандай шым ете түсті. Ол өзінің олардан үлкен екенін, оларға аға екенін алғаш рет сезінді.

Анасы Биғанымды айтсаңшы. Осы өмірінде о байғұс не көрмеді десеңші? Күйеуін жерлеу, төрт баламен жесір қалу, төрт баланы оқыту, өсіру, әр күнін тиын санап өткізіп келе жатқан ит тіршілік. Енді кеп міне, баласының абақтыға айдалғанын көру...

Қалай еді, бәрі неден басталып еді өзі? Қарғыс атқыр сол бір жексенбі!.. Бәлкім сол күні әпкесі мен анасының сөзін естімесе, егер көршілері дәл сол күні үйінде отырған болса...

«Ұрлыққа түспегенде басқалар секілді мен де бостандықта жүрер едім-ау, — деді ол ішінен. — Ұрлыққа түспегенде!.. Жалпы, ол мүмкін бе еді? Ұрлыққа түсу ниеті, сол күні ғана пайда болып па еді?» Өз ойына өзі терең үңіліп қараса біреудің бірдеңесін ұрлау деген ниет сонау бала кезден, тіпті, бесінші класта жүргенде-ақ пайда болып еді ғой. Сол ой алтыншы, жетінші, тіпті, ол бірінші класта жүргенде де кеңіл

түкпірінен жойылып кетпеген-ді. Бірақ, ол ойды жүзеге асыра алмаған: не реті келмеді, не ұялды, қала берді қорықты да.

Бұл бірінші класқа барған жылы әкелері асқазан рагінен қайтыс болды. Әкелері ежелден дімкәстау болды да, күнделікті тіршіліктің мұқтажынан асырып дүние де таппаған еді. Өзі көз жұмғанда кір басқан сақтық кітапшасында он бір сом қырық тиын ғана қалған-ды. Бұлар жетімдік пен жоқшылық тақсыретін бірден тартты. Алғашында алыс-жақын, ағайындары келіп-кетіп, реті келгенде қол ұшын беріп тұрып еді, әкелерінің жылы өткен соң олардың да іргелері бірте-бірте алшақтап, ақыры мүлде хабарласпайтын болды. Сөйтіп, «өмір» деп аталатын осынау қатыгез де тұңғыық мұхитта бұлардың кішкене ғана қайығы ешқандай бас иесіз, ешқандай жанашырсыз қалт-құлт етіп жалғыз жүзіп кете барды. Ол шиеттей мына балаларды «есею» деп аталатын есебі жоқ алыстағы үміт жағалауына аман-есен жеткізе ала ма, жоқ әлде алда жолығатын мың-сан дауылдың бірінде төңкеріліп қала бере ме, ол жағы бір тағдырға ғана аян-ды. Кішігірім автопаркте диспетчер боп істейтін анасы Биғанымның ақшасы бұлардың тек «аштан өліп қалмауы» үшін ғана жететін. Оның алатын жүз жиырма сомы бесеуіне бөлгенде жиырма төрт сомнан келуші еді, яғни, күнге шаққанда бір сомға да жетпейді. Ал, бәріне киім керек, оқу-құрал керек, мектепке алып кететін тиын-тебен тағы қажет. Кейде ол балаларын мектепке аттандыру үшін тиын таппай қатты күйзелетін. «Құдай-ау, сендерді қайдан ғана туып едім!» деп еденге отыра ғап ебіл-дебіл жылаушы еді. Балалары үн-түнсіз шығып кетеді. Қиындықпен, жоқшылықпен, қорлықпен іштей келіскен, қу тақыр кедейлікке көндіккен үнсіздік.

Қра су, қара нанды қорек еткен осындай күндер өтіп жатты. Бала болған соң олардың өз оқиғалары болмай тұра ма? Бірігіп серуенге шығу, туған күндерін құттықтау, сүйікті мұғалімдеріне мереке сайын гүл сыйлау, газды су, балмұздақ, мектеп буфеті... Бұл үйдің балалары ондай «артық салтанаттың» бір де біріне қатыспайтын. Олардың осындай мінезіне үйренген өзге кластастары да бұларды туған күн, басқа да толып жатқан той-томалақтарына шақырмауды үйреншікті әдетке айналдырып алған-ды.

Бір күні алтыншы класта оқитын Зүбайра үйге қуанып кірді. Қолында сары қағазға оралған үлкен бумасы бар.

Даладан мәз-мейрам боп күліп кіру бұлардың үйінде кезігетін аса сирек құбылыс еді. Ол күліп кірген соң өзгелер де жадырап сала берген.

— Күнім-ау, не болды? — деп кешкі ыстық қауметтің қамымен күйбендеп жүрген Биғаным оның алдынан жүгіре шықты.

— Міне! — ол қолтығына қысқан буманы анасына ұстатты.

— Бұл не?

— Пальто. Қыстық пальто!

— Қыстық пальто?! — Оны қайдан алдың, кім берді?

— Бірге оқитын балалар.

Кластас достары жиналып, оған қыстық пальто сатып алып беріпті.

Сол сәтте олар қуанды.

Сол түні Биғаным үнсіз жылады. Анасының жылап жатқанын және оның жылау себебінің түпкі төркінін енді ғана түсінген Зүбайра да көз жасына ерік берген-ді.

Сөйтіп, екі әйел, дүниеге шыр етіп келгенде бақыт пен жақсылықты ғана дәметіп келген екі әйел алдарынан тағы кездескен қорлық пен езгіге шыдай алмай тағы жылады. Бұрын Биғаным жалғыз жылаушы еді, енді оған серік боп қызы қосылды.

Осындай кезде Андас тез есейіп, тіпті, бір түннің ішінде жігіт боп, ертесіне әлдеқайдан буда-буда ақша әкеліп үй ішін жоқшылық құрсауынан суырып алғысы келетін. Қырсық қылғанда тырысып уақыт та тез өтпей қойды, Бір күнінен бір күні ауыр сүреңсіз өмір ілбіп жалғаса берді. Ол түнді жақсы көретін. Көзін жұмып алып сан түрлі тәтті қиялдарға шому қандай рахат! Ол тау-тасты аралап жүріп алтын көмбеге де кезігеді, немесе мың лотерея алып, оның бәрі де ұтып шықса екен деп қиялдайды, енді бірде ерекше дарыны ашылып, дүниені шулатқан не жазушы, не әнші болғысы келеді. Анасы мен әпкесін, өмірі балмұздаққа тоймайтын екі інісін байлыққа кенелтіп,

дүниедегі ең бақытты, ең бай адамдардың қатарына қоссам-ау деп армандайды. Амал не, ұйқы мәңгі емес, ол ғажайып түсін төсекте қалдырып, тағы да бір тиынсыз мектебіне кетеді.

Марат екеуі мектептен қайтып келе жатыр еді.

Алдарынан масаңдау бір жігіт бұлғақтап шыға келді де қарсы қарап тұра қалды.

— О... оқып жа-жатырмыз ба? — деді ол ықылық ата сөйлеп. Бұлар қорыққандарынан жауап қата алмады.

— Оқып жатырмыз ба? — деймін деп ол қайтадан ақырды.

— Иә...

— О... оқыңдар.., а-ақымақтар... м-мен де оқығам. Түк шықпады. Үй-үйде... мы-мынадай екі дип-лом жатыр. — Ол дипломының көлемін көрсетіп құлашын керіп қойды. — Жатсын! Ж-жата берсін! Ал мен... мен ша-шашлық сатып кеттім. Пайда шаш-е-етектен. Не-нешінші кластасыңдар?

— Б-бес...

— Бесінші? Фу-у, боқ... боқмұрын екенсіндер ғой. Же-жетінші класқа ба-барғанда ма-маған келің-дер. Б-бір жылда. ... ма-машина ал... аласыңдар. Ке-келесіндер ме?

— Иә...

— С-солай болсын, б-боқмұрындар!

Жігіт қалтасынан сіріңке шығарып темекісін тұтатып алды да, тәлтіректей басып жүріп кетгі. Бүркіттің шеңгелінен құтылған көжектей мас жігіт ұзаған соң барып екеуі әзер есін жиды. Әлгі жерден сәл ұзаған соң Марат:

— Адидас, — деді сыбырлап. Кластағылар Андасты Адидас дейтін.

— Жаңа сен не көрдің?

— Ештеңе.

— Ол қалтасынан сіріңке алып жатқанда жерге ақшасы түсіп қалды.

— Түссе қайтеміз?

— Жүр, барып алайық.

— Ұстап алса ол өлтіреді ғой.

— Өлтірмейді. Әне, ол таксиге отырып жатыр. Отырды. Енді қайтып келем дегенше...

Екеуі әлгі жерге қайта оралды. Тротуардың жиегінде жатқан ақшаны көргенде жүректері лүпілдеп жан-жақтарына қарады. Азық-түлік дүкенінен бір еркек, бір әйел шығып тура осылай қарай жүрді. Олар таянғанша ақшаны ала қоюға батылдары жетпей, алмайын десе екеуі өздерінен бұрын иемденіп кетер деп қауіптеніп, не істерге білмей әрі-сәрі күйде тұрды. Елгезектеу Марат тротуардан шығып, ақшаны аяғымен баса қойды да, екеудің өтуін күтіп жансыз адамдай қалшиды да қалды.

Ақыры олар да өтті-ау! Азық-түлік дүкенінің бұрышына барып екеуі ақшаны санап шықты. Жүз қырық сом екен. Ақшаның түскенін алғаш көргені үшін, оны осында ертіп келгені үшін және аяғымен басып тұрып оны өткіншілерден аман сақтап қалғаны үшін Марат жүз сомын алды да, бұған қырық сом берді. Бұл — көрінеу-көзге жасалған әділетсіздік еді. Арамнан табылған ақшаның өзі адал бөлінбеді. Андас ләм демей үйіне бұрылды. Жыларман халде келе жатып ол мұндай-мұндай әділетсіздіктің өз өмір жолында талай-талай кездесетінін және олар бұдан әлдеқайда терең, әлдеқайда тұңғыық боларын болжаған да жоқ.

Ол камерада жатып сот процесін көз алдына қайта елестетті. Қайта елестеткен кезде зәбірленушілердің (яғни, үйі тоналғандардың) қылықтары есіне түсіп, қайтадан қаны қайнап шыға келеді.

Зәбірленуші — бұлармен көрші еді. Бұлар көп қабатты үйдің бесінші қабатындағы екі бөлмеде, ал олар үш адам — өздері және ересек ұлы — екінші қабаттағы бес бөлмелі үйде тұратын. Күйеуі қалалық арақ-шарап заводында директордың орынбасары, ал, әйелі кондитер фабрикасының бір бөлімін басқаратын. Есіктерін екі-үш жыл сайын

ауыстырып, сыртын темірмен қаптап қоятын-ды. Өздері көршілердің бірде-біреуімен араласпайды, тіпті, амандаспайтын да.

Андас тоғызыншы класқа өткен жылы Зүбайра тұрмысқа шығатын болды. Оның бұл жаңалығын алғаш естігенде үй-ішіндегілер қуанарын да, мұнаярын да білмей үнсіз отырып қалып еді.

— Енді қайттік! — деп күрсінді анасы, — Той жасап аттандыру былай тұрсын, жұрт көзіне көрсетіп құлағыңа сырға да сала алмайтын болдық-ау...

— Қойшы, мама, жоқтан өзгені уайым ғып шыға келесің, сырға мен жүзікті олардың өздері алатын болды.

— Сонда да... жерге қарап қалған байғұстар екен дейтін болды дә.

— Олай демейді. Олар жақсы адамдар, мама.

— Оған да шүкір. Құдай қашанғы жылата берсін, тым болмаса барған жеріңде бағың ашылса екен, жарығым... — Анасы қайта-қайта мұрнын тарта бастады. Әрине, ол кісінің мұндай әңгімені жыламай айтуы мүмкін емес.

— Күйеу балаңызды ертең әкеп таныстырам, мама. Сонан соң... келесі жұмада... үйге құдалар келіп, сіздің алдыңыздан өтетін болды.

Қызының үйіп-төгіп айтқан мына қуанышын бойына сіңіре алмай есеңгіреп қалған Биғанымның ойына күйеу бала мен құдалардың есік көріп, рұқсат сұрау үшін келе жатқаны, оларды күтіп алу ауыртпалығы түсіп, қызына аңырайып қарады да қалды.

— Үй де мынау: айра-жайра. Қара су мен қара наннан басқа түк жоқ. — Ол тағы мұрнын тартты, — Қанша дегенмен жат жерге бара жатсың. Өз үйіңнен жарқыратып бір киім, жалтыратып бір сырға тағып кетпегеніңе сен емес бұ жақтағы біз пұшәйман боламыз да. Бір үйде тұрған соң адам ищай деспей өмір сүре алмайды, күндердің күнінде құдағиымның тілі шығып: «артыңнан іздеп келер жөні түзу бір адам жоқ, босағамды көшедегі киіммен аттап едің» десе көңілің пәс боп, қамығып қаласың ба деп уайымдаймын дә.

- Кейінгіні кім болжап біліпті, мама. Кейінгіні кезінде көре жатармыз
- Зүбайраның да даусы дірілдей бастады.
- Бағың ашылсын, жаным... Қыз байғұстың бақытын еркекпен егіз ғып жаратқан соң не шара. Әйтеуір барған жерінде жыламай жүрсең болғаны...
- Тұрмысқа шықтым екен деп сендерді ұмытып кетпеспін. Қарайласып тұрамын ғой...
- Өйтіп әуреленбе. Төркініне жылтыңдай берген келіннің қадірі кетеді. Бізді уайымдама. Андасжан да ер жетіп қалды ғой. Енді аз ғана шыдасақ біз де теңеліп кетерміз.
- Бар үмітіміз осы үшеуінде ғой. Осы үшеуі үш азамат боп кетсе көрген қорлық, шеккен азап, бәрі-бәрі ұмыт боп шыға. келер.
- Тек құдай бәле-жаладан аулақ қылсын...
- Сонда деймін-ау, үшеуі үш азамат боп, «кімнің баласы — пәленшенің баласы» деп ел тамсанып жатқанда өзің де мастанып, өзгелерді танымай кетерсің. — Зүбайраның көз жасымен шыланған мұңлы да арманды күлкісі сыңғырлай шықты.
- «Менің анам мен әпкем қандай ақылды, қандай мейірімді, қандай пәк, қандай жылауық, — деп ойлады Андас өз бөлмелеріндегі қатар тұрған үш сым кереуеттің біреуіне кеп жатқан соң. — Әйелдер неге әлжуаз, олар неге жылауық? Бәлкім, жылауық болатыны дәрменсіздігінен де шығар. Зүбәйра! Мен сенің осыншалықты ақылды екеніңді қалай байқамағанмын? Енді сен бұл үйден кетесің. Осы үйде тудың, осы үйде есейдің, ұрыстық, таластық, күлдік, жыладық, бәрі-бәрінде де бірге болдық. Бір-бірімізсіз ас ішпедік, біреуіміз кешіксек қалғанымыз көз ілмедік. Бір-бірімізсіз мына өмірді де көз алдымызға елестете алмаушы едік қой. Енді кеп... сен... кетесің, бізден бөлінесің. Біз көрмеген, көремін деп ойламаған жат үйге барасың, солардың тірлігін істейсің, жат біреудің фамилиясын аласың, бізсіз күлесің, бізсіз қуанасың... «Өмірдің заңы» дейді, неткен қатал заң!.. Мен сені дәрменсіз деймін-ау... Ал, мен ше? Сен дәрменсіз болғанда мен қандай қауқар танытып жатырмын. Сен үйден біржола кетіп барасың, ал біз сенімен жөндеп те

қоштаса алмайтын болдық. Жұрт сияқты жасау беру былай тұрсын, үстіңе жаңа киім, құлағыңа сырға да таға алмадық... «үшеуміз үш азамат болғанда» деп армандайсың. Бірақ, ол... ол кейін ғой. Оған шейін сен балалы-шағалы боларсың, ол кезде сыйлаған сырғаның мәні де болмас. Жоқ, сен бүйтіп кетпейсің! Мен сені жетімсіретіп жібермеймін. Сен үшін, сенің нәзік жаның үшін, барған жеріңде басыңды көтеріп жүру үшін мен бір амалын табамын, Зүбайра!.. Мені құдай кешіреді! Кешіреді!..» Тапқан амалы осы болып еді.

Көршілерінің екі-үш күнге басқа қалаға қыдырып кеткенін білетін. Үйде ешкім жоқта ол бесінші қабаттан жіп байлап екінші қабаттың балконынан түскен...

Үй үй емес, кинолардан көретін асыл жиһаздардың музейінен аумайды екен.

Ол тез арада өзіне керекті жүзік пен сырғаны таба алмады. Сонан соң айырбастап алармын деген оймен оңайда тұрған он екі алтын қасық пен он екі шанышқыны алды. Оларды түсіп қалмасын деп стол үстінде жатқан газетпен төрт-бес қабаттап мұқият орады да, балконнан жерге лақтырды.

Мұндай үйде сигнализация дегеннің болатынын, оның бір ұшы милициямен жалғасатынын бала жігіт білмеген еді...

Ол балконнан жерге түскенде қарсы алдында тұрған екі қызыл жағалыны көрді...

Сот кезіндегі бір сәт есіне тағы оралды.

— Айыпкер Андас Аяпбергенов! Сіз зәбірленуші Атажан Ибрагимовтің үйінен қандай заттар алғаныңызды өз аузыңыздан айтыңыз.

— Мен ол үйден он екі алтын қасық пен шанышқы алдым.

— Бұған қосарыңыз бар ма?

— Жоқ.

— Енді, зәбірленуші Атажан Ибрагимов айтсын. Айыпкер Аяпбергеновтің айтқанына қосыласыз ба?

— Жоқ. Айыпкер Андас Аяпбергенов, менің көршім, әрі жақсы көретін інім, — ол басын шайқап күліп қойды, — алған заттарын жасырып отыр. Ол тек он екі алтын қасық пен шанышқыны ғана ұрласа біз оны кешірет едік. Жас бала, жасаған қателігін түсінер де, түзелер дер едік. Әңгіме одан көп заттардың жоғалғанында болып отыр. Рұқсат болса бәрін тізіп айтып шығаиын.

— Айтыңыз, айтыңыз.

Ибрагимов қалтасынан милиция органының бланкісіне жазылған ресми қағазды алды да оқи бастады.

— 12 мың сомдық екі люстра, он екі адамға арналған ас ішетін және шай сервисі. Үш парсы кілемі, төрт алтын сағат, әйелімнің алтын бұйымдарын салатын қобдишаны түгелімен, екі жапон магнитофоны, түрлі-түсті телевизор және жапондық видеомагнитофон, автомобильге қоятын дыбыс күшейткіші бар радио. Бәрін есептегенде 91 мың 500 сом. Айыпкерден мен осы шығындарды орнына келтіруді талап етемін. Басқа айтар сөзім жоқ. Милиция куәландырған мына актінің бір данасы өздеріңізде тігулі.

Сот:

— Айыпкер Андас Аяпбергенов, сіз бұл шығынды қанша мерзім ішінде өтеп шыға аласыз?

— Мен он екі алтын қасық пен шанышқыдан өзгені білмеймін.

— Сонда сіз ұрлыққа тәуекел еткенде тек қасық пен шанышқыны ғана алып, қалған заттарға тимедіңіз бе?

— Жоқ.

Адвокат:

— Мен заседательдер мен судьяға мына жәйтті ескерткім келеді. Атажан Ибрагимовтің үйінде арнаулы сигнализация бар, Аяпбергенов балконнан түскен сәтте оның жұмыс істегені белгілі, сол арқылы екі милиция ұрыны ұстап отыр. Демек, зәбірленуші атаған әлгі заттардың бәрін жалғыз адам он шақты минуттың ішінде алып кетуі мүмкін емес. Бұл жерде не Ибрагимов жолдас ұрланбаған заттарын ұрланды деп

қосып отыр, немесе үйге ұры түскенін пайдаланып екі тәртіп сақтаушының өзі ұрлаған, я болмаса, екеуара келісушілік бар.

Сотта айғаи-шу көтерілді.

Университетті үш-ақ жыл бұрын бітірген жас адвокат өзі қамқорлыққа алған адамын қорғаи алмады. Бір адам он минуттың ішінде әлгіндеи қыруар затты алып кете алмаитынын аиыпталушыдан бастап аиыптаушыға дейін жақсы білді, сезді, бірақ, қағаз жүзінде заң заңсыздық жағында еді. Әлімсақтан бері келе жатқан және бұдан кейін де жасай беретін: «Әлсізді әлді жеңеді» деген қағида бұл жолы да сүрінген жоқ ...Камераның есігі ашылды.

— Аяпбергенов! Сыртқа шық! Ол есікке таянды.

— Уақыт қанша болды?

— Уақытты сұрап қайтесің, әлі алты жылың түгел.

— Мені қайда апарасыз?

— Кездесу бөлмесінде сізді періштедей бір бикеш күтіп отыр. Махаббаты күшті болуы керек, таңғы төртке дейін жылауын бір тоқтатпады.

Зұбаира екен. Ол мұны көргенде орнынан ұшып тұрып, мойнына асыла кетті. Өксігін баса алмай ұзақ тұрды.

— Көгершінім-ау, күнім-ау, ақылдым-ау, мұның не? Бұл қай қылығын?

Андас үндемеді.

— Өмір бойы жылап өтетіндей біз сорлы құдайға не жазып едік! Анау анаң байғұс ес-түсін білмей ол жатыр. Екі інің жұрт көзіне көрінуден қалды. Неге үндемейсің, айтсаңшы бірдеңе!..

Ол жауап ката алмады.

— Мен үшін бе? Сен осының бәрін мен үшін істедің бе? Құрысын, құрып кетсін бәрі де. Сені түрмеге түсіріп мен күйеуге шықпай-ақ қойдым... Енді біздің өміріміз не болмақ! Сен ол жақтан қандай адам боп қайтасың?!

— Жылама, жыламашы, Зүбайра! — ол тұңғыш рет тіл қатты.

— Даусыңнан айналайын сенің!.. Мен қалай жыламайын, қалай?..

— Жылымды өтеп келгенде... мен... жиырма екіде ғана боламын. Сонан соң, бәрін өз қолыма аламын, Зүбайра. Тек жыламасаңдар болғаны.

— Уақыт бітті!

Зүбайра орнынан тұрды.

— Жылама дедің ғой, енді жыламаймын, — деді Зүбайра қол сөмкесінен құрғақ орамалын алып. — Біз істі қайта қозғаймыз. Бүгін шағым жазып келдік. Қамықпа! — Ол Андасты үйде жүргендегідей шашынан еркелете сипап қойды. — Рұқсат берсе ертең мамаңды да ертіп келем... Сау бол! — Зүбайра інісінің екі бетінен алма-кезек сүйді де, мұны өзін жасауыл алып кеткенше тапжылмай қарап тұрды.

Екі жетіден соң ол Сібір жақтағы жазықты балалар колониясына жөнелтіліп бара жатты. 30-40 адам «Ташкент — Иркутск» поезының темір торлы вагонына жайғастырылды.

Жылау, сықтау, қоштасу.

Поезд орнынан қозғалды. Бірінші Алматының таныс вокзалы мен оған жалғасқан үйлер көзге оттай басылып, бірте-бірте шапшандығын үдетіп, артта қалып бара жатыр.

Сәлден соң қала көзден біржола таса боп, кішкене елді мекендер тізбегі басталды. Бұл жақты ол көрген жоқ, бұл жақты ол танымайды. Таныс дүние артта қалды. Алда колония, сонан соң шын мәніндегі түрме. Өмірдің қатал да сұсты шындығы бүкіл бетпердесін сыпырып тастап, өзіне анық төніп келе жатқанын ол енді ғана, елден ұзай бастаған шақта ғана ұғынды. Бұдан екі жеті бұрынғы сот, ондағы айтылған сөздер, жабылған жала, адамдардың арсыздықтары мен имансыздықтары, бәрі-бәрі енді көз алдынан қайтадан, басқа бір қырынан тізбектеліп өте берді. Вагон дөңгелектерінің тарсылымен қабаттасып, оның миына осыған дейін төбе көрсетпеген мүлдем жаңа, мүлдем күтпеген бөлек ойлар кеп ұшқындап ене бастады. «Мен ғой сотталдым да кеттім. Қылмысым бар болса бар шығар, оны мойындамасқа лаж жоқ. Ал, үйіме ұры түсті екен деп соншама мың сомның дүниесін ол маған неге

жапты? Дүниені тапқан үстіне таба түссем деп пе? Ол дүниенің бәрін неғылмақ, не үшін жимақ? Оның айтқандарын екі милиция неге жақтады, неге жалған актіге қол қойды? Осыншама дүниені бір адам он минуттың ішінде алып кете алмайтынын, мұның бәрі басқа бір мақсатпен жасалып отырғанын сот та, куәгерлер де іштей анық біліп отырды ғой. Сөйте тұра олар неге ананы жақтап, мені жақтамады? Неге? Неге? Себебі қайда? Жарайды, мен жазықтымын, ол үшін жазалануым керек. Ал, әлгілер ше? Қасық пен шанышқыға тоқсан мың сомның мүлкін қосып тіркеп, біреудің обалын ойламаған, өзгенің өмірі қиылып, көз-жасы көл боп жатса да шімірікпей аттап өте беретін дүниеқоңыздардың қылмысы қайда қалады? Оларды кім жазғырады? Анау екі милиция, анау соттар... Сонда... бұлар да бір-бірімен жалғасып жатқан шым-шытырық бірдеңе болғаны ма? Олар осы бойы сүттен ақ, судан таза боп бостандықта жүре бермек пе? Олар менен гөрі әлдеқайда қауіпті, әлдеқайда қатерлі ғой! Оларға неге заң жоқ, бар заңның өзі оларға келгенде неге оп-оңай бұрмалана салады? Әлде мен әлі ештеңе білмеймін бе? Оны білу үшін енді қанша жыл өмір сүруім керек? Білгенде не бітірем, біліп қана қойғаннан не түспек? Бәрібір ол осылай жалғаса беретін шығар. Бұл қағида қашанға дейін жалғаспақ? Он жыл? Жүз? Мың? Әлде мәңгі бақи ма? Баршаға бірдей Әділдік сонда ешқашан орнамай өтетін болғаны ма? Расымен солай ма?

Дөңгелек тарсылы бұрынғысынан да күшейе түскен секілді. Енді олар тек тарсылдап қана келе жатқан жоқ, мұның тереңде жатқан сұмдық ойын: «тап солай, тап солай» деп растап келе жатқан сияқты.

25 қыркүйек, 1991ж

СОЦИАЛИЗМ ЗӘУЛІМІ

Мәскеуде қандай қаулы қабылданбасын алдымен Алматыға жететін әдеті. Совет үкіметі орнаған күннен бастап съездер мен толып жатқан пленумдардың шешімі Россияның мыңдаған деревнялары мен басқа республикалардың үстінен төрт мың шақырым еш жерге аялдамай аман-есен ұшып өтіп, ең әуелі дәл осы жерде жүзеге асып жатады. Әлгі деревнялар мен республикалар орталықтың шешімін енді естігенде

қазақстандықтар оған баяғыда-ақ бел шешіп кірісіп кеткен боп шығады. Істі кім бұрын бастаса, әдетте сол бұрын бітіреді ғой, сондықтан әлгі деревнялар мен республикалардың біреуі енді кірісіп, енді біреулері ойласып отырғанда Қдзақстан орталыққа ол шешімнің орындалып біткені жайлы рапорт беріп, келесі қаулының кез-келгеніне кірісіп кету үшін алақанын ысқылап дайын отырады.

Сондай кезекті саяси науқанның бірі — қала мен ауылдың арасындағы айырмашылықты жою еді. Орталықтан шыққан нұсқаудың Алматыдан облыстарға, облыстан аудандарға, ауданнан ауылдарға жетуі мұң екен, өкімет пен партияның аузынан шыққанын екі етпей орындап үйренген жергілікті басшылар көзді жұмып, белді буып кірісті де кетті. «Ауыл мен қаланың арасындағы айырмашылықты қалай жою керек? Жалпы, қала мен ауылдың арасында қандай айырмашылық бар және ол айырмашылықты тез арада жоюды іс жүзіне қалай асыру керек?» Міне, Қазақстанның көптеген ауыл басшылары ең әуелі осы мәселе жөнінде жиналыс өткізіп, көзі ашық, жөн біледі деген активтердің пікірін біліп алды. Басқа жерде бұл мәселелерді кім қалай шешкені белгісіз, «Коммунизм» колхозының «Социализм» бөлімшесінде қала мен ауылдың арасындағы ең басты айырмашылық — негізінен көп қабатты үйлерге байланысты деген байламға келді. «Қаланы қала қып тұрған не?». Ол — көп қабатты үйлер. Ауылды ауыл етіп тұрған ше?» Ол — мыжырайған жаман тамдар. Сол жаман тамдарды бұзып, орнына көп қабатты үй салсақ қала мен ауылдың арасындағы негізгі айырмашылық жойылады, — деді осы бөлімшенің меңгерушісі Пашат Барақатов. — Сөйтіп, ауылдық жерде де зәулім үй бой көтереді, ол өзіміздің небоскреб, яғни «Социализм» зәулімі болады». Пашат — бөлімшедегі ғана емес, бүкіл колхоз бойынша беделді адам. Жұрттың айтуынша, ол бір кездері Москвадағы Тимирязев атындағы ауылшаруашылығы академиясына түсіп кетуге аз-ақ қалған. Күнделікті саясаттан жақсы хабары бар, газет оқиды, тіпті, көркем әдебиеттен де шет қалмайды. Алдыңғы жылы осы ауылдың кітап дүкенінен Эрнест Хэмингуэйдің «Қош бол, қару» деген романын сатып алған. Бұл қай елдің жазушысы екенін білмек былай тұрсын кейбіреулер оның атын ежіктеп оқи алмай тұрғанда бұл келіп: «О, Хемингөй» түсіпті ғой деп жұрттың бәрінің аузын аңқитып кеткен. Колхоз басшылары мен жалпы жиналыс

Пашаттың ұсынысын негізге алып, әуелі эксперимент ретінде «Социализм» бөлімшесінен көп қабатты үйлер салуға қаулы қабылдады. Жиналыс үстінде бөлімше прорабы Сепентайға облыс орталығына барып, салынатын үйдің жобасын табуға, құрылысшылар іздестіруге, оған кететін қаржының орташа есебін шығаруға тапсырма берілді. Сепентай: «Бұл жұмыстың бәрі бір өзіме көптік қылады ғой, бөлімше меңгерушісі Барақатов та аралассын» деп айтып еді, әуелі Пашат, сонан соң колхоз бастығы оған тарпа бас салды. «Қиындықтан қашу — коммунистке жат қылық. Партия уставында не деген? Сен белсенділіктен қашып отырсың», деді. Екеуі осылай деген соң өзге активтер де бұны жаппай сынап шықты, тіпті, партбилетін тартып алып, өзін қаңғытып жіберу керек дегендер де табылды. Қой ұрықтандыру пунктінің малдәрігері Оспан өзінің осындай жалтақ, сужүрек коммунистпен бір колхозда жұмыс істеп жүргеніне өкініш білдірді. Жиналыста отырған жиырма бір адамның бәрі қазақ, қазақ болғанда да көпшілігі орысша білмейтін, білсе де суды «уада» дейтін қазақтар еді, соған қарамастан Оспан өз ойын түп-түгел орысша айтып шықты. Сөз орысша айтылған соң жұрттың бәрі ұйып тыңдап, Сепентайдың адал коммунист емес екеніне, кемелденген социализм құрылысына қолынан келгенінше зиян келтіруге тырысып қалуға ниет етіп жүрген кертартпа элемент екеніне, сөйтіп, қала мен деревняның арасындағы айырмашылықты жойып, еңбекті творчество деп қарайтын көзқарасқа қарсы әрекет жасамақ болған қара ниет екеніне көздері анық жетті. Осы жиналыста Сепентай өз қателігін мойындап, идеялық ауытқушылықтан тез арада, тіпті, дәл қазірден бастап арылуға тырысатынын, партия қандай тапсырма берсе де бұлжытпай, дер кезінде орындайтынын айтып, әуелгі кезде солқылдақтық танытқаны үшін жалпы жиналыстан кешірім сұрады.

Бір ғана дауыс артықшылығымен оған кешірім жасалды.

Ертесіне ол облыс орталығына аттанды. Өмірінде үлкен мекемелердің есігін аттап үйренбеген Сепентай «облгорпроект» деген кеңседен жөндеп сөйлесетін адам таба алмады, тапқан адамдары өз беттерінше ештеңе шеше алмайтын боп шықты. Төртінші күн дегенде бұрыштағы бір кабинетте отыратын төрт-бес жігіттің бірі оған көмек бере алатынын, «Южказэлеватормелснаббытстрой» деген мекемеде бір

сәулетшіні білетінін, оның қолында дайын тұрған екі зәулім үйдің жобасы бар екенін, қаласа, ол жігітті шақырып сөйлесіп, жобасын «Социализм» бөлімшесінің өкіліне сатуға көндіре алатынын айтқанда бұл жүрегі жарыла қуанып, әлгі жігітке жата кеп жабысты.

Олар «Южказэлеватормелснабсбытстройдың» сәулетші жігітімен екі күн бойы келіссөз жүргізді. Келіссөз бейтарап алаңда — қалалық демалыс паркіндегі көлдің «Арал» ресторанында мейлінше жылы шырайлы, екі жақты толық түсініскен жағдайда өтті.

Бір айдан соң Сепентайдың қалада өткізген күндерінің алғашқы жемістері де көріне бастады. Облыс орталығынан «Социализм» бөлімшесіне қарай құрылыс материалдарын тиеген жүк машиналары, қыш қалаушылар мен сылақшылар, сәулетшілер мен бульдозершілер, жер өлшеушілер мен цемент құюшылар ағыла бастады. Сәулетші жігіттің колхозға жиырма мың сомға сатқан жобасы, шын мәнінде, бұрын ешкім қабылдамай, талай жердің табалдырығын тоздырып, ешқайда өтпей қалған жоба еді.

«Социализм» бөлімшесіне қара жұмысқа адам керек екен деген хабар бұл төңірекке түгел тарап, маңайдағы жұмыссыз жүргендер де осылай қарай шұбыра бастады. Қара жолға шығып алып, өткінші машиналарға қол көтерушілер көбейді.

— Айналайын, қайда барасың?

— Өзің қайда баратын ең?

— «Коммунизмге». Тұрғаныма бір сағат болды, ақысын берейін, ала кетші.

— Жоқ, машинам бұзық. «Социализмге» әрең жететін түрім бар.

— Ойбай, мейлі, маған да керегі сол.

Бас-аяғы бір аптаның ішінде шағын бөлімше келімсектердің аяғының астында қалды. Пашат пен Сепентай ағылған адамдардың легінен қалай құтыларын білмей шақшадай бастары шарадай болды.

Бөлімшенің негізгі жұмысын бригадирлер мен звеноводтарға жүктеп, екеуі түгелдей келімсектермен айналысты. Жұмысқа алатындарын алып, қалғандарын кері қуды. Әуелгі кезде бес қабатты екі үй салуға

қанша жұмысшы керек екенін екеуі де есептеп алмаған екен, күпке тоғытатын малдай топырлаған мына тобырдан енді қаншасын қабылдап, қаншасын қайтару керек екенін білмей дал болды.

— Қаншасын аламыз мына маңыраған бәлелердің? — деді Пашат бар ашуын Сепентайдан алып. — Қаладағы осындай үйге қаншама жұмысшы керек екен?

— Ол — қала, ал біз — дала. Онда адамнан техника көп, ал бізде — бір кран, үш самосвал, басқа дым жоқ.

— Мен сенен не бар, не жоғын сұрап тұрған жоқпын, мына үйге қанша адам керек, соны айт!

— Егер техниканы шығарып тастайтын болсақ... ім... — Ол іштей санай бастады. — Ім... анау-анау, мынау-мынау. Бірінші қабатқа жиырма, екінші қабатқа — жиырма бес... үшінші қабатқа... төртінші, бесінші... Бір үйге жүз жиырма адам.

— Әй, біз бес қабатты қатарынан салмаймыз ғой, алдымен біріншіні бітіріп алып, сонан соң екіншіге кіріспейміз бе? Немене, сенің адамдарың кірпішті аспанға. қалай бере ме?

— Ә, солай екен-ау. Әрине, бірінші қабат бітпесе екіншісін тұрғыза алмайсың, өйткені екінші қабат бірінші қабаттың үстінде тұрады ғой.

— Міне, солай, прораб жолдас, Сендерге бәрін айтып отырмаса өздерің ештеңе білмейсіңдер. Сонымен, қанша адам?

— Шама-шама, екі қос уыс бір кілә. Жүз елу адамды алып қалайық та, қалғанын қайтарып жіберейік. Ол да артық боп бара жатса қысқарта саламыз ғой.

— Жарайды, қабылдай бер! Тек жұмысшылардың ұлттық құрамын қатал сақта. — Осы кезде шағын кеңсенің дәлізінде сығылысып тұрған адамдардың қысымына шыдай алмай көнмен қапталған көне есік ергенегімен ішке құлап түсті де, алдымен кіргелі тұрған оншақты адам табалдырықтан аса бере топырлай құлады. Құлаған адамдардың ши қалпақтарының біразы мыжылып, топалаң ішінен аман шыққан екі-үшеуі бөлімше бастықтарына қарай сытылып қаша жөнелді де, орта

жолда болдырып барып аялдады. Сепентай опыр-топырдың ең астында көзі бақырайып жатқан арық жігітке қарап.

— Фамилияң кім? — деді

— Қамысбаев.

— Мамандығың?

— Тас қалаушы.

— Ұлтың?

— Қоңырат.

— Мен сенен руыңды емес, ұлтыңды сұрап тұрмын ғой.

— Қазақ... Сізді қоңырат деп естіген соң...

— Бұ қазақ жұрттың астында жатып та руға бөледі. Жарайды.

Қабылдаймыз. Ал, сенің руың.., тоис, фамилияң кім? — Сепентай оның үстінде жатқан тақыр басқа қарады.

— Көпбергенов.

— Мамандығың?

— Тас қалаушы.

— Ұлтың?

— Қазақ. Мен де қоңырат...

— Өтірік айтады, оның руы найман, — деді оның үстінде жатқан қалқан құлақ бір кетік жігіт.

— Қазақ, қазақ, — Сепентай ойланып қалды. — Тағы да қазақ. Орыс болсаң дұрыс болар еді. Бәрі қазақ боп кетсе...

— Араларыңда орыс бар ма? — Ешкім үндемеді. — Араларыңда тас қалаушы орыс бар ма? — деп Сепентай гүжілдеп тұрған дәлізге айғайлады.

— Бар, — деді қалың топтың ішінен сомбреро киген бір дәу сары жігіт.

— Фамилияң кім?

— Бектұров.

— Бектұров. Сен қалай орыс боласың?

— Менің атамның аты Виктор, қазақтар метркемді жазғанда Виктордың орнына Бектұр деп жазып жіберген.

— Әй, қайдам, сенбеймін, сенбеймін. Жарайды, қабылдандың, жүре бер.

Сепентай Қазақстанда тұратын барлық ұлттың өкілін түгелдеп боламын дегенше қас қарайып, көз байланды. Әбден шаршап, діңкесі құрыған ол Пашатқа қарап:

— Әнеукүнгі газетте Қазақстанда жүз жиырма ұлттың өкілі тұрады деп жазып еді, менде жүз он екі болды. Енді сегізін қайдан табамыз?

Ол қандай ұлттар еді.

— Күрд бар ғой?

— Бар.

— Ноғай бар ғой?

— Бар.

— Қытай ше?

— Ол да.

— Шүршіт ше?

— Шүршіт? Ол... Ол жоқ. Ол қандай ұлт?

— Қандай екенін қайдан білейін, жұрт «шүршіт» деп жатады ғой.

— Қазір, сұрап көрейін. — Ол дәлізде селдіреп қалған жұртқа қарап: — Араларыңда шүршіт бар ма? — деді.

Қалжыраған жұрт жауап қайтармады. Ол қарлыққан дауыспен қайта сұрады.

— Шүршіт бар ма, шүршіт?

— Жоқ.

- Пүшту бар ма?
- Жоқ. Олар Ауғанстанда тұрады.
- Қап, бір шүршіт пен пүшту керек еді... Ал, сендер кім боласыңдар?
- Кім болушы ек, қазақтармыз.
- Бізге қазақтардың керегі жоқ, қайта беріңдер.
- Ойбай-ау, қазақ қалаған там құлап қалады дейсіңдер ме? Қайда барсақ та, «қазақтардың қажеті жоқ» дейді, енді біз қайда барып күн көреміз?
- Онда менің шаруам жоқ. Маған десең Магаданға кет. Шүршіт керек, шүршіт немесе эскимос.
- Ойбай, ондай ұлт жоқ болса өлеміз бе енді?
- Табыңдар, табыңдар!

Екі бастық қанша айғайлағанмен топ ішінен шүршіт те, пүшту де, эскимос та табылмады. Олар тізімдегі ұлттық құрамды мұқият бір қарап шықты да, амалдары таусылып бір-біріне қарады.

— Енді не істейміз? — деді Пашат күрсініп. Сепентай ұзақ ойланып отырды да:

— Былай етсек қайтеді, — деді сыбырлап. — Тізім бойынша жетпей тұрған сегіз ұлтты сіз екеуміз келісіп мына тұрған қазақтардың бірін пүшту, бірін шүршіт етіп толтырсақ. Жұмыссыз жүрген қаңғыбастар көнбей қайда барады? Өздерімен келісеміз де, біреу-міреу сұрай қалса біз атаған ұлтты айтатын ғып миына құйып қоямыз.

— Олардың түрлері келмесе қайтеміз?

— Түр деген не ол? Жұмысшы адамда қандай түр болады дейсің. Ауыр жұмысқа түскеннен кейін бәрінің түрі пролетариат боп кетпей ма?

Пашат Сепентайға сүзіле қарап біраз отырды да:

— Әй, мынауың табылған ақыл ей, — деді жүзіне қуаныш үйіріліп. — Жар-райсың Сепентай, кәлләң істейді сенің. Ауық-ауық! — Ол біреу

тұншықтырып жатқандай шикылдай күлді. Күлкісін жөтелмен бітіріп болды да: — Давай, кірісе бер, — деді.

— Дегенмен, беталды бас салып жаза бермей, әр ұлтқа келеді-ау дегенін таңда.

— Әрине. Шындап іздесе бұ қазақтың арасынан дүниежүзіндегі барлық ұлтқа ұқсас адамдарды табуға болады.

— Ол да жөн. Ал, мен үйге кеттім, қалғанын өзің бітіре сал. Ол осыны айтты да, дәліздегі топырлаған адамды қақ жарып, сыртқа шықты. Сепентай да істі көп соза бермей өзіне керекті сегіз ұлтқа түрі келеді-ау деген сегіз қазақты ішке кіргізіп алды да «осылай да осылай, бізге мынадай ұлттың адамы керек, келіссендер қазір оформит етемін» деген соң басына қонғалы тұрған бақыттан айырылып қалғысы келмеген сегіз қазақ сегіз жерден жамырап қоя берді.

— Ой-бай, о не дегеніңіз, шүршіт болмақ түгілі шұбалшаң десеңіз де ризамыз, одан неміз кетеді, — десті бәрі өзеуреп. — Ал, алда-жалда біреу ұлтымызды сұрай қалса өзіңіз айтқан ұлтты айтамыз. Тек, ұмытпас үшін жазып алайық!

Олар әрқайсысы өздерінің қай ұлтқа телінгендерін қойын дәптеріне жазып алды да қуаныштары қойындарына сыймай үйді-үйлеріне тарасты. Ұлт жетпей қалған жұмыссыз қазақтар мыжырайған жаман кеңсенің алдында жамырап қала берді.

Енді біраз уақыттан соң «Коммунизм» колхозының «Социализм» бөлімшесінде бес қабатты екі үй бұрқырап бой көтере бастады. Құрылыс іргесі қаланбас бұрын екі үйдің жанына екі ұран ілінді. Бөлімшенің сарайында бұрыннан жатқан ескі ұрандар көп болатын, Сепентай солардың екеуін сирағынан суырып алды да, уақыты өткен сөздерді қырып тастап, жаңасын жаза қойды. «Американы қуып жетіп, басып озамыз», «Сексенінші жылы орнайтын коммунизмге өз үлесімізді қосайық!» деген ұрандардың орнына: «Қала мен деревняның айырмашылығын мейлінше тез жояйық!», «Өркендеген социализм кезінде өмір сүріп жатқанымыз үшін партияға рахмет!» деген сөздер жазылып, алыстан көрінетіндей биік-биік екі бағанаға бадырайта ілінді. Бөлімше меңгерушісі Пашат әр дүйсенбі сайын рация арқылы

орталықпен сөйлесіп, құрылыстың адам таңқаларлықтай шапшаңдықпен жүріп жатқанын, бүйте берсе екі үйдің құрылысы жоспарда көрсетілгендей бір жылда емес, бес айда орындалатынын, сөйтіп, «Социализм» бөлімшесі партияның алға қойған тапсырмасын тағы да мерзімінен бұрын орындап, қала мен деревняның арасындағы алшақтықты облыста бірінші боп аяқтайтыны жайлы ақпар беріп отырды.

Шынында да Пашат пен Сепентай сөздерінде тұрды — аттай бес ай дегенде үй бітіп, оған тұрғындар қоныстана бастады. Қоныстану кезінде бөлімшенің екі басшысы мұнда тұратындар ылғи бір ұлттың өкілі боп кетпеуін тағы да мұқият қадағалап, бұл жауапты міндетті де шебер орындап шықты. Бөлімшеде негізінен қазақтар, төрт-бес үй орыс, үш өзбек, екі әзірбайжан, бір түрік, бір грузин, бір армян, не себепті екені белгісіз алдыңғы жылы Ираннан көшіп келген бір қызылбас, бір дұнған, бір кәріс семьясы бар еді. Пашат ол ұлттардың бәріне алғашқы ордерді толтырып, қалған қазақтарды Қазақстандағы қалған ұлттарға бөліп жазды да, қоныстану күнін белгіледі. Бөлімшеде сексен төрт семья болатын, олардың бәрін бес қабатты екі үй қас пен көздің арасында жұтты да қойды. Бір жаппалы тамдарда көп қабатты үйге көшкісі келмеген бірен-саран кемпір-шалдар мен қора-жайын қимаған шаруалар ғана қалды.

Үйге жаппай қоныстанатын күні орталықтан колхоз бастығы мен өзге де басшылар келіп, жаңа үйдің алдында митинг болды. Митингте бөлімше меңгерушісі Пашат Барақатов жалынды сөз сөйледі. Ол бес қабатты мынадай ғажайып үйдің белгіленген мерзімнен әлдеқайда бұрын — бес айдың ішінде салынып біткенін, алыс бөлімшеге бұл секілді еңселі тұрғын үй салу тек өркендеген социализм кезінде ғана мүмкін болып отырғанын, капиталистік елдің еңбекшілері мұндай үйде тұрмақ түгілі түстеріне де кірмейтінін айта келіп, капиталистік құрылысты жерден алып, жерге салды. Капиталистік системаның ту ұстаушысы Американы жамандап, Рейганның ит-терісін басына қаптады. Осы кезде алдыңғы жақта тұрған бір шәлтік шал:

— Әй, Пашат қарағым, ай далаға екі үй салдым екен деп екпіндеп кеттің ғой. Алыстағы Әмірикада нең бар, өз аулыңның жайын айта

берсейші, — деп еді, Пашат ашуға мініп, желді күнгі түндіктей тулап ала жөнелді.

— Кім бұны айтқан? Мелдеш ақсақал, сіз бе? Немене, американ империализмін сынаған сөзім сізге ұнамай қалды ма? Ылғи да қиям-пұрыс сөйлеп, жастарға үлгі көрсетудің орнына экістремистік мінез көрсетесіз де жүресіз. Егер Американы қызғыштай қоритын болсаңыз кетіңіз сол жаққа, біз арам пиғылды адамдарды бір күн де ұстамаймыз. Өткен жолғы алған сөгісіңіз аздық қып жүр ме?

Жұрт дүрлігіп шәлтік шалға бұрылды. Мынадай салтанаттың шырқын бұзғаны үшін және «Социализм» бөлімшесінің қас жауы боп табылатын алыстағы американы қорғағаны үшін біраз адам оған жеп жіберердей оқты көзбен ата қарады. «Өткен жолғы алған сөгісіңіз аздық қылды ма?» деген Пашаттың сөзінде жан бар. Осыдан сегіз ай бұрын Мелдеш шал өз ақшасына қаладан екі бөшке сыра сатып әкеліп, дәл клубтың жанында жұртқа тегін үлестірген. Тегін сыра болған соң клубтың алдына қырғын адам жиналып, аяғы қып-қызыл төбелеске ұласқан, Мелдештің арбасы қирап, бөшкелері қаусаған. Мынадай оқиға әуелі бөлімше меңгерушісіне, онан соң колхоз бастығына жетеді. Бастық Мелдешті кабинетке шақырып ап:

— Ал, мұныңыз не? Жұртты неге дүрліктіресіз? — деді.

— Менің кінәм не? Бар жазығым жұмыстан шаршап жүрген адамдарға тегін сыра әкеп берейінші деп ем.

— Неге?

— Негесі қалай? Өздерің «кәммунизмде бәрі тегін болады» деп күнде айтасыңдар. Менің жасым болса келіп қалды, сендер айтқан кәммунизмді көзім тіріде көріп кетейінші деп екі айлық пенсияма екі бөшке сыра сатып әкеп үлестіргенім ғой. Аяғы төбелеспен бітетінін қайдан білейін.

— Жаз! — деді колхоз бастығы қасында отырған көмекшісіне. — Бұйрық!..

Мелдеш шал еңбекшілер арасында бүлік тудыратын авантюристтік әрекет жасағаны үшін сол күні саяси мәні бар қатаң сөгіс алып тынып еді.

Пашаттың әлгі айтып тұрғаны сол. Бұл мәселе одан да өршіп кетер ме еді, тек колхоз бастығы «жарайды, сөзінді жалғастыра бер» деген соң ғана Пашат қақалып-шашалып, қағаздағы сөзін әрі қарай оқуға бас қойды.

— Алдарыңызда тұрған екі үйді тек үй деп қана қарамаңыздар, бұл үй емес — болашақтың үлгісі, яғни, коммунистік жатақхана. Бұл — совет жұмысшыларының тағы бір ғажайып жемісі. Бұл үйді Қазақстанда тұратын барлық ұлттың өкілдері салды, сондықтан да ол мерзімнен жеті ай бұрын бітіп, бүгін көп ұлтты семья жаңа қоныстарына жайғасқалы отыр. Бұл үйдің бітуіне қазақ, орыс, украин, татар, молдован, белорусь т. б. ұлт өкілдерінің құрылысшылары ғана емес, Қазақстанда тұратын ең аз ұлттың өкілдері де ат салысты. Атап айтсақ, эскимос Сағынтай Айбалтаев, пүшту Ергешбай Сармолдаев, шүршіт Темірбек Сиқымов және басқа да жолдастар өздерінің жарқын еңбектерімен айрықша көзге түсті. Енді ең бір салтанатты сәт...

Жұрт арадай гулеп кетті. Пашат сонда ғана барып бәрін өз аузымен бүлдіргенін түсініп, пештен жаңа шыққан нандай күреңітіп, шекесі ысып шыға келді. Ол адамдардың аты-жөндерін әні-міні өзгертіп алармын деп жүріп тарс ұмытып кетіпті.

— Ей, қайдағы эскимос? Қайдағы шүршіт? — деп бөлімше тұрғындары оның сөзін есіттірмей жіберді. Фамилиялары аталған әлгі жігіттердің бәрі қатын-бала-шағаларымен, туған-туыстарымен осында болатын. Бірі шүршіт, бірі эскимос, бірі пүшту боп шыққанда өзге жұрт былай тұрып, олардың әйелдері адам айтып жеткізгісіз айғай-шу көтерді.

— Әй, опрауләиш жолдас! — деді шүршіт болған Темірбектің әйелі айғай салып.

— Сіз менің күйеуімді өйтіп қорламаңыз, ол шүршіт болмақ түгілі шүршіт дегенді көрген де емес. Ол — қазақ! Қазақ болғанда да ата-бабалары Шыңғыс ханмен айқасып өткен Отырардың Қоңыраты, оның ішінде Құлшығаш, оның ішінде Таздар, оның ішінде Бөрі, оның ішінде...

— Сіз өйтіп руға бөлмеңіз, руға бөлмеңіз, — деп, не айтарын білмеген Пашат ерні кезеріп бет алды күбірлеген болды. Бұдан соң

«Эскимостың», одан кейін «Пүштудің» әйелдері дау көтеріп, салтанатты митинг құлақ тұндырар дау-жанжалға айналды. Бұл шудың шегі болмайтынын сезген колхоз бастығы ортаға шығып:

— Сабыр, сабыр жолдастар! — деді қолын көтеріп. — Әлгі аталған жолдастар алға шықсыншы, кім екендерін өз көзімізбен көрейік.

— Күнде көріп жүрген бөлімшенің адамдары емес пе, несіне алға шығады? — Дегенмен, шықсын. Қане, әлгі жігіттер қайда, келіндерші ортаға.

Жұрт алдына эскимос болған Сағынтай, пүшту Ергешбай, шүршіт Темірбек шыққанда жұрт қыран-топан күлкіге батты.

— Сатқындар! — деді қызыңқырап алған бір жігіт оларға қарай жұдырық сермеп.

— Ақшаға ұлтын сатқан опасыздар! Мен ғой «жұмыссыз қоңыз теріп кетсем де қазақ болам» деп қасарысып тұрып алғам, ал, бұлар... Көрдіндер ме не істегендерін! Бәсе, Сепентайдың кеңсесінен сегізінің де езулері құлақтарына жетіп шығып еді!..

Жұрт ұлардай шулап кетті. Енді сәл кешіксе мына жанжалдың аяғы немен тынары белгісіз боп ушығып бара жатқан соң митинг тізгінін колхоз басқармасының өзі алды.

— Шуылдамаңдар! — деді ол ашу шақырып. — Бұл не, шүршіт, шүршіт деп. Болса бола берсін, одан кім кеміп жатыр! Қазір әрбір совет азаматының қандай ұлт боп жазылам десе де еркі бар! — Ол өз сөзінің жұртқа қалай әсер еткенін аңғарып алмақ боп аз-кем пауза жасады да, гуіл сәл саябырсыған соң сабасына түсіп, баяу үнге көшті. Баяу үнмен ауыл тұрмысын көтеруде жасап жатқан жоспарларын айтты, ауылдан ұзап шығып мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатына тоқталды, ұлт мәселесіндегі ойларын ортаға салды, сөйтіп барып, халықтың ашу-араздығы мүлде тарады-ау деген кезде, жаңа үйге кіргелі тұрған адамдарға «қоныс құтты болсын» айтып, күні бұрын дайындап қойған жалпақ қызыл лентаны қиды.

Қолдарындағы ордерлеріне бір-бір қарап алып, сығылысып тұрған көпшілік бес қабатты екі үйге лап қойды.

Колхоз бастығы сонда барып маңдай терін сүртті де, бөлімше меңгерушісі Барақатовты бір боқтап алып машинасына қарай жүрді.

Ертесіне сәскеге жуық колхоз бастығы, Пашат және Сепентай үшеуі ауданға рапорт жазуға отырды.

«Аудандық партия комитетіне. Рапорт.

Жетісаз ауданына қарасты «Коммунизм» колхозы партияның алға қойған «Қала мен деревняның арасындағы айырмашылықты жою» жөніндегі саясатын қызу қолдап, «Социализм» бөлімшесіне бес қабатты екі үй тұрғызуды жоспарлаған еді. Құрылыс объектілерін пайдалануға беру үшін бір жыл мерзім бекітілген болатын. Бөлімше еңбеккерлері мен сырттан шақырылған жұмысшылардың жанқиярлық еңбектерінің нәтижесінде әрқайсысы 64 пәтерлік, яғни 128 пәтерлік (жүз жиырма сегіз) екі үй мерзімінен 7 (жеті) ай бұрын орындалды. Кеше, 1981 жылдың 21 сентябрі күні жаңа үйлерге жаппай қоныстану аяқталды. Үкімет пен партияның алға қойған жаңа міндеттерін бұдан былай да бұлжытпай орындай береміз деп уәде береміз.

«Коммунизм» колхозы басқармасының

төрағасы — Б.Жалмұратов

Партия ұйымының секретары — С.Керейбаев

«Социализм» бөлімшесінің меңгерушісі — П.Барақатов

1981 жыл, 22 сентябрь».

Рапортты бүгіннен қалдырмай жеткізу үшін партия ұйымының секретары Керейбаев ауданға шұғыл аттанып кетті. Колхоздың өзге басшылары үлкен бір істі ойдағыдай орындап шыққандарын атап өту үшін кешкілік бөлімше меңгерушісі Пашаттың үйіне жиналатын боп тарасты. Уақытты текке өткізуді қаламайтын Пашат бастықтың кеңсесінде отырып-ақ рация арқылы бөлімшемен байланысып, өздері барғанша бір бұзау, екі қой сойыла берсін деп тапсырма беріп шықты. Ауданға рапорт тапсырып болған соң парторг те орталыққа соқпай-ақ

тура бөлімшеге тарта беретін боп келісілді, ал оның семьясы өзгелермен кете береді.

Бұл кезде бес қабатты екі үйдің алды Тәшкеннің мал базарындай ырду-дырду, у-шу боп жатыр еді. Ат арба, түйелі арба, есек арба, жүк артқан «Зилдер» мен «Камаздар», «Белорусьтар» мен шынжыр табан тракторлар, мақта теретін машиналар мен комбайндер, әйтеуір кімнің қолында не бар, соның бәрі бүгін осы үйдің алдында. Бәрі жүктерін түсіріп, әркім өз үйіне тырмысып тасып жатыр. Қоныстану бір күнде, бір мезгілде басталғандықтан терлеп-тепшіген жұрт арқалаған жүктерімен бір-біріне кептеліп, бір-бірімен ұрысып, бірін-бірі балағаттап бет жыртысуға шейін барып жатты.

Түн жарымы ауа бергенде ғана қалжыраған жұрт қалған жұмысты ертеңге қалдырып біршама тынышталды. Жаңа салынған үй болғандықтан барлық жердегідей мұнда да газ жоқ еді, сондықтан жаңа қоныстанушылар әркім өз білгенінше бірдеңе ғып ыстық-қаумет жасап ішіп жатты. Біреулері термостағы шайын ішті, біреулері салқын тамақпен қарын жұбатты, енді біреулері электроплитканы тоққа қосты, ал кемпір мен немересі үшеуі екі бөлме алған үшінші қабаттағы Мелдеш ақсақал тура балконға от жағып шай қайнатты. Далаға әбден бауыр басқан кейбір қазақтар үй маңынан ошақ қазып, жалынын лаулатып у-шу боп жатысты. Алыстан қарағанда бұл ешқандай да үй емес, өртеніп жатқан кеме сияқты еді. Адамдардың бірі кіріп, бірі шығып, бірі келі түйіп, екіншісі диірмен тартып, қабырғаға құлаштап шеге қағып, әр балконда от жанып, үй маңы жалынға толып, бес қабатты коммунистік екі жатақхана өмірге келген күннен бастап құдайдан көресісін көріп жатты.

Ертең бұлардың әрқайсысы той жасайды, сөйтіп, мына екі үй Қазақстанда тұратын жүз жиырма ұлттың дәстүрі бойынша ән айтып, би билеп, күні-түні селкілдеп шығатын болады. Және мұндағы тұратындардың негізі шофер, тракторшы, комбайншы, механик, арбакеш, құрылысшы т.басқалар, олардың бәрі машиналары мен тракторларын есік алдына қояды, ал, жүз жиырма сегіз пәтерден шыққан отыз шақты трактор таң атпай бірден оталғанда ақырзаман кеп қалған екен деп талай адам терезелерінен қарғып кетуі мүмкін.

Коммунистік жатақхананың алғашқы таңы атты. Газеттер күнде жазатын кәдімгі арайлы таң. Жайма-шуақ, моп-момақан. Өзімен бірге ол жер бетіне әдеттегідей толып жатқан дүрбелеңін білдірмей ала шықты. Сондай күтпеген оқиғаны ол бүгін «Социализм» бөлімшесіндегі екі үйдің жаңа тұрғындарына да ала шығып еді.

Коммуналды үй болған соң, әрине, оның ішінде әжетханасы да болады, ал, әжетхана болған соң оған бармайтын адам жоқ. Бірінші қабатта тұратын «шүршіт» Темірбек жер бетіндегі барлық адам атаулы сияқты жұмыс күнін әжетханадан бастайтын. Ол әлі жиналып үлгірмеген ыдыс-аяқ, кебеже-сандықтарынан ұйқылы-ояу аттап-пұттап кеп әжетханасының тұтқасын ұстай беріп еді, аяғы әлденеге шалп-шалп ете қалды. Әуелгіде ол әлдекім су төгіп кеткен екен деп ескі әдетіне басып әйеліне ұрыса бастап еді, оның жай суға ұқсамайтынын иісінен сезіп аң-таң боп мелшиіп тұрып қалды. Болары-болған соң суды кешкен бойы әжетханасының есігін ашып қалғаны сол екен, іште жиналып тұрған сулы-сілең сыртқа лап қойды.

Дәлізді қарғын алды да кетті. Темірбектің үй-іші түгел оянып, азан-қазан күйге түсті. Әжетхананың ішіндегі жөнді қиюласпаған жуан қара трубадан бұрқ-бұрқ етіп аққан бәле толастар емес. Демек, жоғарғы қабаттағылар коммуналды үйдің рахатын көріп жатыр деген сөз. Темірбек жоғарғы қабатқа атып шықты. Жау келгендей татар көршісінің есігін жамықтыра қақты. Көзілдірік киген арық сары кемпір есік ашып:

— Ни кирак сизгә? — деді.

— Ойбай, «никиракты» қоя тұрыңыз, апа. Құдай ұрды!

— Ол кемпірді қаға-маға ішке кірді де — әжетханада кім бар? — деді ентігіп.

— Ой, Аллам сақласын, сиз ни деп тұрсиз?

— Әжетханада кім бар деп тұрмын.

— Ибатулла утирган.

— Ой, Ибатулаң бар болсын! — Ол әжетхананың есігін жұлқылап:

— Әй, Ибатулла, шық бермен! — деді. — Тез! Арғы жақтан Ибатулла зорлана жауап берді.

— Хазир, хазир!

— Ей, сен қазіріңді қоя тұр, менің үйімді су алып кетті. Отырма әжетханаға. Бітсең де, бітпесең де тез шық.

Іштен қызара бөргіп Ибатулла шықты.

— Бұ қозақлар туалетгә де дүрстлап утырғызбәйды вит,— деді ол әзілдеген боп. — Иә, ни хал?

Темірбек мән-жайды тез түсіндіріп шықты. Сонда барып Ибатулла әжетханасының есігін қайта ашты да, трубасынан тамшылап тұрған суды көріп баж ете қалды.

Екеуі жүгіріп үшінші қабатқа көтерілді. Онда өзбек Исламжан тұратын. Болған оқиғаны баяндап шыққанда:

— Мүмкин әмәс, — деді ол басын шайқап. — Бир күндә тыштымхона бұзылмайды.

— Ей, мүмкін емесің не, менің үйімді қарғын алып кетті, енді сәлден соң сенің үйіңді де сел қаптайды.

Олар үшеуі төртінші қабатқа көтерілді. Онда қойма меңгерушісі грузин Гамракели тұратын. Ол да әжетханадан жаңа шыққан болса керек, бұлар кіріп келгенде белдігін байлап жатып:

— О-о, гамарджуба! — деп қатты қуанып қалды.

— Ойбай, гамаржубаң өзіңе, енді туалеттеріңе отырмандар!

— Неге?

— Сол. Осылай-да осылай...

Бесінші қабат мүлде жайбарақат екен. Онда электрик Иван Кривоносов тұратын. Жағдайды түгел түсініп болған соң ол:

— Енді маған не істе дейсіңдер? — деді иығын қозғап.

— Бәріміз жиылып бастықтарға барайық, келмей жатып үйімізді су алып кетті деп шағым жазайық.

— Менің бүгін уақытым жоқ, — деді ол краннан екі саптыаяқ мұздай судан сіміріп алып. — Қаладан қатынымды алып келуім керек, өздерің-ақ бара беріңдер. Кімнің үйін су басса солар жүгірсін, бесінші қабатқа жеткенше қай заман!

— Сенің мұның кісілік емес, — деді «шүршіт» Темірбек қатты ренжіп. — Бұрынғыдай емес, біріміздің үстімізде біріміз тұрып жатырмыз, тағдырымыз ортақ, үстіндегі адам астындағыны ойламаса не болғаны. Менің үйімді барып көрші, дүниеден безіп кетесің.

Олар бірінші қабатқа түсіп, Темірбектің үйіне кірді. Оның әйел-бала-шағасы аузы-мұрындарын тұмшалап, резіңке етік киіп, қолға түскен ескі-құсқы киім-кешектердің бәрінен тосқауыл жасап, жиналған бәлей-бәтарды табалдырық арқылы сыртқа ағызуға әрекет жасап жатыр екен. Грузин Гамракели табалдырықты жұлып алып еді, бұрынғыдан деңгейі көтеріліп қалған интернационалды сулы-сілең басқыш арқылы сыртқа аға

Бұлар сонда ғана көрді, өзге подъездің тұрғындары да дәл осылай әбігерге түсіп, бір сағаттан бері азан-қазан күй кешуде екен.

Сәлден соң екі зәулім үйдің тұрғындары топырлап сыртқа шықты.

* * *

Колхоздың бүкіл басшылары мен бөлімшенің атқамінерлері Пашаттың үйінде ауданға берілген рапортты атап өтіп, таңға жуық қана ұйықтауға жатып еді. Жазылмаған заң бойынша өзгеше категорияға бөлінген төрт басшы — бастық, парторг, бас агроном және бөлімше меңгерушісі үлкен залға, жерге төсек салдырып, енді ғана емін-еркін қорылға кірісіп кеткен еді. Балақтарын түріп алған он шақты адам сауыс-сауыс боп үйге кіріп келгенде, ауызғы үйде жүн сабап отырған Пашаттың шешесі қорыққаннан «көтек» деп орнынан атып тұрды.

— Управляиш қайда? — деді «шүршіт» Темірбек амандық-саулықты аттап өтіп.

— Е-е... ол әлгінде... Ойбай-ау, сен Темірбекпісің, өңің жылан қуғандай түтігіп кетіпті ғой, амансыңдар ма?

— Аманбыз, аманбыз, — деді Темірбек уақыт оздырмауға тырысып.

— Бастық керек еді.

— Олар... бағана... — Кемпір не дерін білмей кібіртіктеп қалды. — Олар бағана кетіп қалып еді...

— Қайда?

— Қайдан білейін, маған айтады дейсің бе?

— Черт! — деді Иван күйініп. — Елді су басып жатыр, ал олар кетеді қыдырып!

Осы кезде төрт бірдей еркектен құралған квартеттің қорылы мықтап жабылған залдың есігінен өтіп бұларға жетті. Мұның сырын түсіне қойған Темірбек пен Ибатулла кемпірдің безілдегеніне қарамастан залдың есігін ашып ішке бас сұғып еді, олар өздерін кішігірім МТМ-ға еніп кеткендей сезінді. Шала бауыздаған малдай дөңкиген төрт еркек үйді басына көшіріп қорылдап жатыр.

Олар бесеуі бес жақтан жүріп төрт еркекті әрең тұрғызып алды. Мүңкір-нәңкірдің алдында жауап беріп отырғандай төрт бастықтың мойындары салбырап, бастары бұлғақтап айтылған сөздерді шала-пұла ұғып алды да: «кете беріңдер, қазір жетеміз» деп оларды шығарып сап төсектеріне қайта құлады.

Бастары мең-зең төрт бастық зәулім үйдің маңына келгенде түс ауып, құжынаған халықтың ашу-ызасы кенересінен шыққалы тұр еді. Алғашқы тексеріс басталды.

— Бәрің надансыңдар, — деді Пашат өрекіген біраз адамның сөзін тыңдап болып. — Жабайысыңдар, қалада тұруды меңгермегенсіңдер. Келе салып қой сойып, ішек-қарнын туалетке тазалап, қоқыстың бәрін унитазға тастағансыңдар. Коммунистік жатақхананың тәртібін өрескел бұзғандарың үшін бәріңе штраф салу керек.

— Сонда, біз немене, үйге кірмей жатып штраф төлеуіміз керек пе? — деді Мелдеш шал көзін сығырайтып — Тапқан екенсіңдер ақымақты,

алдымен сендерді жауапқа тарту керек, мына сендерді! — Кенет ол бесінші қабаттың балконынан шашы ебей-себей боп төмен қараған он екі-он үш жасар қызға айғай салды, — Ей, ана әңгүдік әкене айтшы, туалетке отырмасын, суын жібермесін. Немене, елітіп қалғансыңдар ма, есіктеріңді балталасаң да ашатын түрлерің жоқ! — Ләм демеген бойы қыз үйіне кіріп кетті.

Ұзақ дау-жанжалдан соң олар үйді-үйді аралап шықты. Бәрі дұрыс сияқты.

Ауданнан комиссия шақырылатын болды. Комиссия келіп кеткенше ешкім әжетханаға кірмейтін, ваннаға су ағызбайтын, ас үйдің кранын ашпайтын боп келісілді.

Комиссия бір жетіден соң келді. Олар көп аялдаған жоқ. Қорытындыны бірден шығарды.

Сөйтіп, «Социализм» бөлімшесі әлемдік үй құрылысы тәжірибесінде дүниежүзілік сенсация жасапты: ауыл мен қала айырмашылығы ажалына деп бой көтерген екі зәулім үйдің астынан канализация жүргізу ешкімнің ойына келмеді.

— Бәсе, неге бес айда біте қалды деп едім!.. — деп колхоз бастығы комиссия алдында қандай сылтау айтарын білмей Пашат пен Сепентайға шүйліге сөйледі. — Ал, түрмеге дайындала беріңдер. Басқа амал жоқ.

— Кетсек бәріміз кетеміз ғой, — деді Пашат осы сөзінен бір жұбаныш тапқандай бәріне мойынсұнған үнмен.

Бұл ерекше оқиға ауданға жетті. Жиналыс, бюро, сөгіс. Бірақ, сөгістен үй тұрғыза алмайсың, канализация онымен тағы салынбайды. Аудан басшылары ұзақ ақылдаса келе, «канализация салу жұмысына кірісу керек» деп шешті. Бұл оқиға бүкіл дүниеге тарап кетпей тұрғанда аудандағы ең жарамды техника «Социализм» бөлімшесіне бір-ақ түнде төгіліп, ертеңнен бастап құрылысқа кірісу керек деп шешілді.

Айдаладан аумағы ат шаптырым қазан шұқыр қазылды, одан тереңдігі бір жарым метр ұзын шұқыр басталып, «Социализм» зәуліміне қарай жол шекті.

Бұл екі арада екі үйдің тұрғындары тозақтағыдай ғұмыр кешіп жатты. Кейбіреулері өздерінің байырғы үйлеріне көшіп, кейбіреулері қатал тәртіпке көндігіп, астарын далада ішіп, бар мұқтаждарын далада бітіріп, үйлеріне тек ұйықтауға ғана келіп жүрді.

Мелдеш ақсақалдың немересі үйленетін боп, жана үйді күтіп жүрген еді, аяқ астынан соның тойы болатын болды. Тоқтай тұр дегенге немересі көнбей қойды. Бұлар тойға дайындалып жатқанда оның көршісі Жаппарханның аяқ астынан қайын енесі қайтыс болып, бұл үй алғашқы азаны бастан кешірді. Бірақ, қазаға келген адамдар «бауырымдап» той боп жатқан үйге, тойға келген адамдар әндетіп азалы үйге кіріп барып ерекше бір келеңсіз оқиғалар болды. Бұрын кең жайға үйренген ауыл адамдары енді жоқтан өзгеге тырысып, болмашыға ұрысып-таласып, бір-бірімен араласпайтын болды.

Канал қазу әуелгіде қарқынды басталып еді, кенет баяулап қалды. Екі жарым ай дегенде труба тартылып, екі зәулім үйдің асты кеулене бастады. Инженерлік есеп дұрыс болмады ма, әлде, бұл жердің топырағы бос па, астын кеулей бастағанда екі үйдің екеуі де бір-біріне қарай қисая бастады.

Жұмысты кілт тоқтатып, мұндағы тұрғындарды шұғыл шығаруға тура келді. Жайлы үйге көштім деп кейбір алып ұшпалар бұрынғы жаман тамдарын бұзып тастаған еді, енді олар уақытша палаткаға көшіп жатты.

Тып-тыныш жатқан ел азан-қазан болды. Енді не істеу керек деп аудан басшылары қайтадан мәжіліс шақырды. Астық ору науқанының қазіргідей қызып жатқан кезінде жұрт жұмысты ойламақ түгілі әркім бас қамымен әлек боп кетті.

ЕҢ БАҚЫТТЫ ТҮН

«Япыр-ай, көріспегенімізге он екі жыл болып қалған ба? деп жазыпты, 1963 жылдың июлінде Жүсіптің Сыр бойында тұратын нағашы ағасы Нұртөлеу. — Осы кезге шейін сен өзгеріп кеткен шығарсың. Бәлкім, бір-бірімізді танымаспыз да. Мен саған ұрысқалы отырған жоқпын, нағашысы туған жиеніне қалай өкпе-наз айтатын болса мен де солай демекпін. Япырым-ау, осынша жылдан бері бір хат жазсаң нетті?! Бізді қойшы, ұмытсаң ұмыта бер, ал бірақ, тумаса да туғандай етіп, «сіңілімнің қалта түбі еді» — деп, туған анаң да билетпей, күпісіне орап, әлдилеп өсірген анау қарт әжеңді қалай естен шығара аласың. «Ағайын ардақты болса, алғашқы хабар өзінен неге болмайды», — деп те бұртиып жүрген шығарсың. Оған да тұрдық. Сенің адресіңді кеше ғана үйіңнен барып алдым. Одан бұрынырақ баруға қолға шылау болған қу шаруа аяққа да оралғы болып, мен бері тартсам, ол кері тартып дегендей тұсап тастады. Оның үстіне барып келе қоятын ел арасы жақын емес, жер шалғай. Мейлі ғой, не болса да бәрі де өтті, енді келіп, алшақ жатып ағайынды екеуміздің айғайласқанмыз жараспас.

Осы хатты алған соң, тез кел.

Білемісің, баяғыда, ауылда оқып жүрген кезінде, төбесінде тұлымшағы желбіреп, шаңға аунап жүретін Айза бар еді ғой, ол қазір бой жетіп кеткен. Өзі тым ұялшақ. Биыл келмесең апам екеуі саған әбден өкпелейді. Өйткені, өзің төртінші класты бітіріп кеткеннен кейін бізге қайтып келмей қойдың ғой. Кел, сөзсіз кел, біз бәріміз күтеміз.

Нағашы ағаң НҰРТӨЛЕУ

1963 жыл, 19 июль»

Осы хатты алған соң дәл жеті күн дегенде тоғай ішіндегі жыландай ирелеңдеген жіңішке жолмен ұзынды-қысқалы екі адам келе жатты. Бірі — тапалтақ келген төртбақ, иегіне ұстара тимегеніне қанша уақыт өткені белгісіз, жас өңіне кәрілік үйіріп, қаулай өскен сақалын үдере қуған мұрты бар, жас шамасы қырықты алқымдап, ақыл тоқтатқан кісі

мен, екіншісі — сақал-мұрты сәуір айындағы жаңбырдан соң бой көрсеткен ажырықтай енді-енді тап берген, өткір жанары мен көрікті жүзінде сабырлықтың нышаны байқалса да, албырттығы астасқан жас студент еді. Бұлардың бірі — нағашысы, екіншісі — әрине, жиені. Олар көп жылдан бері көріспеген сағынышпен, ең негізгісі — жуық арада басыла қоймайтын сағынышпен, әндете көтеріліп, бетке тынымсыз соқтығысқан масаларды да елемей, болмашы нәрсенің өзінде, үлкен мәселе етіп, қызу сөйлесіп келе жатты. Бауырластар осылайша амалсыздықтан туған төзімділікпен масаға жарым сағаттай таланған соң, тоғай шетіндегі ағаш арасынан өздеріне сығалай қарап тұрған ақ түндікті үйге де жетті. Бұл үйдің тоғай шетіне жақын орналасқаны соншалықты, бұрын тоғай екеуі бір жаралып, бір орынға таласып, ақырында байғұс үйді сансыз бұтақтар шамасының келгенінше шетке ысыра салғанда, ызаланған үй кеудесінің кеңдігіне жазып ары өте алмай, орман шетіне барып, итеріскен бойы қалып қойған тәрізді. Ал, дәл осы үйден басталып созылған көкмайсалы жазық дала тартқан сымдай керілген көз ұшындағы көк жиекке барып бір-ақ тіреліп тұр. Жүсіп өзінің осыншама табиғаты тамаша жерге тап келгеніне, әрі біраз күн болатынына алғаш көргенде-ақ қуанса да, әйтеуір бір кезде осылардың бәрімен қош айтысатыны есіне түсіп, сол минутта іштей мұңайды да. Арада бес минут өткенде жиен мен нағашылар шұрқырай табысып, әркім өз сағынышының салмағына қарай, біреулері көзіне жас алды, біреулерінің қолындағы кесесі ұшып кетіп тас-талқаны шықты, енді бірі табақтың ернеуінен басып қалып, ішіндегі сүтін ақтарды.

Әрине, бұл қимылдың бәрін де ешкім байқаған жоқ, тіпті ұялмастан, екі қолын қайда сыйғызарын білмей, бар адамнан оқшауырақ тұрған Айза да сезбеді.

Ағасын алғаш көргенде ең бірінші рет не деп айтарын, онымен қалай амандасарын, тіпті осы қимылдардың қандай жолмен жасалу керектігінің ең кішкене жақтарына шейін ол күнібұрын тәуір-ақ дайындалған еді. Бірақ, оның құрған жоспары орындалар шаққа жеткенде өзіне де сезілмей, сыпайы түрде ойсырап қала берді де, анау шапырласып жатқан жандармен араласып кеткендей болды. Осы кезде барып ол ағасының:

— Айза, саған не болған, ағаңмен неге амандаспайсың? — деген дауысын естіді. Нұртөлеудің бұл үнінен, оның қылығына айтарлықтай ризалықтың лебі есіп тұрмаса да, қарындасын соншалықты еркелететіндіктің, сонымен бірге, кінәні екі жаққа да тең бөліп тастағандықтың белгісін аңғаруға болатын еді.

— Мұным әдепсіздік болса кешір, ағажан. Сыртқары тұрсам да ішімде салмақты сағынышым бар шығар, ары кеткенде сонымды соңына сақтаған болармын, — деді Айза Нұртөлеуге күлімсірей қарап. Сонан соң, жылдам басып келіп, он екі жылдан бері көріспеген ағасымен қол алысып амандасты да «амалым бар ма, сағынышымның жеткен жері осы болды» — дегендей Жүсіптің жүзіне ұяла бір қарап, ер балалардай Нұртөлеудің жанына жүгіне барып отыра кетті.

Енді біз, құштарлықпен қауышысқан бауырластарды сол күйінде қалдырайық та, әңгімемізге үш күннен соң оралайық.

* * *

«Жұрттың бәрінен бұрын оянған шығармын» деп орнынан сақтықпен көтерілген Жүсіп, киіне бергенде, өзімен бірге қарт әжесінен басқа ешкімнің қалмағанын көрді. «Япыр-ай, бұлардың ұйқысы қайда? Құс боп кеткеннен сау ма? — деді ол таңданып. — Шаршау дегенді тегі ұмытқан шығар өздері». Даланы түгел жарық жайлағанмен, қанша тырысса да күн әлі көкжиектен иек арта қоймапты. Шығыс жақ ұйқысынан енді оянып, сұлулықтан алдына жан салмайтын кербез актрисадай, алтын нұрға бөленген таяқтай кірпіктерін енді-енді көтеріп келеді. Жүсіп иығына пижамын жамыла салды да, тап-таза салқын ауаны мейірлене жұтып, тоғай арасына беттеді. Әлі де қаракүңгірттеу ағаш арасында жан сезімді кереметтей рахатқа бөлейтін мүлгіген тыныштық. Қайдан екені белгісіз, анда-санда қырғауылдардың әсем тыныштыққа сән бере «кұрр-кұрр» еткен үндері естіледі.

Жүсіп тізе бойы ұйыса өскен қалың шөптерді құмарлана кешіп, біршама уақыт жүрген соң, «уай, табиғаттың бар сұлулығы, кел, құйылшы менің кеудеме!» дегендей бір тораңғылдың түбіне көкірегін ашқан бойы келіп құлай кетті. Ол осылайша ағаш жапырақтарының

арасынан көрінген көгілдір аспаннан көзін алмай ұзақ жатты. Мүмкін оның жан дүниесіне құйқылжыған сезімдердің құйылуы, болашақ композитордың жүрек түкпірінде сазды бір ән болып, дүниеге қайта туу үшін әрекет жасап, мың тыпыршып, жүз аунап жатқан шығар. Жас жігіт өзінің қанша уақыт жатқанын, тіпті кері қайтудың керектігін де мүлде ұмытып кеткен сияқты.

Бір кезде ол бас жағынан сыбдырлаған адам аяғының дыбысын естіді де, сыбдыр шыққан жаққа көз тастады. Бұл келе жатқан — жасыл жібек көйлегі көк шалғынға оралып, бір өрім шашын алдына еркелете лақтыра салған, қолына сүлгі мен сабын ұстаған Айза екен.

Ол ағасына, орманға, тіпті осынау дүниенің бәріне еркелегендей күле сөйлеп келе жатыр. Өмірде бой жету бар да, бой жете білу тағы бар ғой. Мұның біріншісі — сен талпын, талпынба, ақылды бол, кеше бол — бәрібір бой жетесің, өлесің. Өзіңнің бой жеткеніңді түсініп, салиқалы болуға тырысасың да, өмірде көрген-білгені көбірек кексе әйелдердің айтқанын ұйып тыңдап, «осы қалай болар екен?» дегендей әр жігіттің тамырын бір басып жар таңдайсың. Ал екіншісі — бейкүнә бойжету. Ол тіпті өзінің өскенін де байқамайды: сәбидей аңқау, сәбидей таза. Бірақ олардың сол кіршіксіз таза жүрегінде ешқандай күш төтеп бере алмайтын махаббат сезімдері өзіне де сезілмей өсіп келе жатады. Ондай қыздар, атай көрмеңіз, ешқашан да жар таңдайын деп ойламайды, бірақ, ғашық болып қалғанын да сезбейді. Бұл бірінші махаббат сәтті болсын, сәтсіз болсын, оның есінде мәңгі сақталады. Ондай тәтті сезімдерді, ол өмірінің соңғы минутына шейін кездестіре алмайды. Олар құлай сүйеді, арманына жетпесе апатқа ұшырайды. Сондықтан олардың махаббаты тек еркелетуді ғана сүйеді.

Айза бойжетудің дәл осы екінші сатысында еді.

— Ағатайым-ау, сіз адасып кеткеннен саусыз ба? — деді Айза оған жақындап.

— Сенің мені ес білмейтін сәбилер тізіміне қосқың келеді-ау, қарындасым. Қалай адаспақпын!

— Оп-оңай. Айтыңызшы, адасып кету қаупі сіздің ойыңызда болды ғой, — деді Айза сықылықтай күліп.

— Жоқ, Ешқашан да.

— Олай болса, сіз газеттің қиындысын мына әр жерге неге тастап отырдыңыз?

Айза қолына бір уыс қып жинаған қағаз жыртындыларын көрсетті. Жүсіп ұялғанынан қызарып кетті де, онысын қарындасына сездіріп алмауға тырысып, төмен қарады. Шындығында, ол солай еткен еді.

— Сіз, расында да сәбише мұңаяды екенсіз. Менің айтпағым бұл емес еді. Сіз неліктен тоғай ішінде көп жүруді ұнатасыз? Кеше де дәл осылай еттіңіз. Сіз осы, ақын емессіз бе?

— Жоқ, — деді Жүсіп оған қосымша ретінде басын шайқап, — бірақ, енді біраз жүрсең табасың.

Айза біраз үнсіз тұрды да, Жүсіпке кенет жалт қарап:

— Тоқтай тұрыңызшы! — деді көздерінде қуаныш оты жарқылдап, — сіз сонда не суретші не композиторсыз ғой?!

— Соңғысы шындыққа жақынырақ шығар.

— Ағатай! Сонда сіз ән де, күй де, бәрі-бәрін жазасыз, солай ма?

Айзаның жас баланың қимылындай қимылына Жүсіп амалсыздан езу тартты да, «солай болғаны ғой», — дей салды. Онсыз Айзаның аласұрған үмітін абайсызда үзіп кетіп, қуанышын су сепкендей басқан болар еді.

— Енді сіз, менің туған жерім туралы ән жазасыз ба? Солай етіңізші, ағатай, құдай үшін! Ой, сонда мен қандай қуанған болар едім десеңізші! Әсте, мен сияқты қуанған адам сол кезде жер үстінде болмас. Осы тілегім орындала ма, айтыңызшы?!

— Орындалады, қарындасым, оған шейін көп уақыт та қалған жоқ.

— Шынымен бе? Жоқ, сіз мені келемеж қылып отырсыз. Өйтпеңізші ағатай, өтінемін, — деді ол жас балаша лезде мұңая қалып. Ұйқысынан жаңа оянған сәбидей, оның сұлу жүзіне, тіпті мұңаюдың өзі де көрік беретінін Жүсіп аңғарып қалды.

— Нағыз шыным, — деді ол қарындасынан көзін тайдырып.

Айзаның көзі бұрынғысынан да жайнай түсіп, «Осыныңыз рас па?» дегендей, оған қадала қарап, нағыз бақытқа кенелген адамша әрі сол қуаныштың толқуымен, Жүсіпті құшақтап алуға аз-ақ қалып тұрды. Жүсіп Айзаның өн бойындағы өзгерістердің бәрін де сезіп тұр еді. Енді бұдан былайғы минуттарда қарындасының шексіз мақтай жөнелетінін, сол мақтаудан туатын тұңғиық қолайсыздықтан өзін тысқары алып шығу үшін, ол әңгіме тізгінін кілт бұрып жібергісі келді де: Сендер қандай тамаша жерде тұрасындар, неткен табиғат еді! — деді жан-жағына қарап.

— Ағатай, — деді бұған жауап орнына Айза жұп-жұмсақ жібек үнмен.

— Айта бер, қарындасым.

— Сіздің балағыңыз сонша неге тар?

Жүсіптің денесі шымыр ете қалды, қойнынан жылан шыққандай атып тұрды да, мынадай тосын сұрақтың жауабынан тосылып не дерін білмегендіктен қысылып қалғанын сездірмеуге тырысып, әрі ол жолдың бірден-бір дұрыс жолы — ашулану деп тапты. Бірақ, бетіне адам келмей ерке өскен қыздың ойына не келсе соны айта салатынын, сонымен бірге, ол бұл сөзді ағасын пәлендей тұйыққа тірейін деген ниетпен сыртқа шығарылмағанын, ең соңғысы — ӨЗІНІҢ қонақ екенін ескеріп, Жүсіп ашуланайын деген ойынан тағы да тайқып шықты.

Ол Айзаға жақындады да:

— Сабын мен сүлгіні маған бер де, өзің үйге қайт, мен қазір барамын, — деді.

Жүсіп сұрамаған күнде де, Айза сол үшін арнайы алып шыққан заттарды әлде де болса көңіл жықпас үшін күлімсіреп тұрған ағасының қолына ұстатты да, шалғын үстіне түскен жіңішке соқпақпен үйіне қарай жүгіре жөнелді.

«Әні, ол көңіліне ешнәрсе де алған жоқ, шаттана жүгіріп бара жатыр, — деді. Жүсіп оның соңынан қарап тұрып. — Қыз атаулыға жарасатын тек қана осындай тамаша еркелік емес пе?»

Келесі минуттарда Айзаның сұлу тұлғасы ағаш арасына жасырынып жоқ болды да, Жүсіп өзен жаққа беттеді.

Арада тағы да бірнеше күн өтті. Табиғаты тамылжыған қойлы ауылдың қызық болып көрінген кейбір ерекшеліктері күн өткен сайын Жүсіпті өзіне аз еліктіре бастады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, бауырластардың бір-біріне деген тез арада басыла қоймайтын сағыныштары да енді сабасына түсіп, «Жүсіпжан, сен кітабыңды оқып отыра бер», немесе «мал баққанның жайы осылай, амал қанша» деп, тіршілік емес пе, олар да алды-алдына кете бастады. Үйде көбінесе Жүсіптің қарт әжесі мен Айза ғана қалып жүрді.

Уақыт өткен сайын Айза мен Жүсіп соншалықты тату бола түсті де, нағыз қарындас пен ағаның қарым-қатынасына жақындап келе берді. Бірақ, Жүсіп екеуінің арасында мұндай қатынастың жымдасып кетуіне күннен күнге есейіп келе жатқан бір кедергінің пайда бола бастағанын сезді. Ол кедергі — екеуінің ешқашан да қолдары жетпейтін, жаңа оянған сезім еді. Жүсіп мұндай сезімнің берік те нәзік торына өзінің тұңғыш оралғанын сезумен бірге, дәл осы сезім Айзаның да жүрегінде бас көтере бастағанын байқады. Әйтсе де, олар бұл өзгерісті бір-біріне қайткен күнде де сездіріп алмауға шамаларының жеткенінше тырысып бақты.

Екеуіне дәл осы бір сезім орнағалы бері олар орман ішіне оңаша баруға әлденеден қаймыққандай боп қалды. Немесе ағасы мен қарындасының оңаша сөйлесуіне кім күдік келтірер еді. Жүсіп өзінің осыдан оншақты күн бұрынғы еркіндігін енді соншалықты аңсады. Өйткені ол, сол кездерде сүйікті қарындасымен қысылып-қымтырылмай, емін-еркін әңгімелесіп еді ғой. Енді сол батылдықтар қайда кеткен!

Ия, ол қарындасымен тоғай ішінде оңаша қалуды шынымен-ақ тілеп еді. Оңаша болғанда, оған әлгі бір бұлқынған сезімнің тығынын ағытып, «қайт дейсің, амалым бар ма, осылай болды», деп арманын ақтарып салу үшін емес, тек, Айзаның қасында ұзақты күнге тіл қатпай отыра беру үшін. Ол Айзаның өзімен бірге екенін білсе болды, оның ес тандырардай сұлу жүзіне қарамай-ақ қанағат қылып отыра берер еді.

Ал, Айза да дәл осындай ойдан құр емес болатын.

...Күн еңкейіп, аманшылық болса енді жеткен шығармын дегендей, ұясына ентелеп бара жатқан кез еді. Малдардың да өрістен ауылға құлайтын уағы таянды.

Маналы бері Жүсіптен жаңа бір әнді үйреніп отырған Айза, орнынан тез көтерілді де:

— Әже, мен ағама қауын әкеп берейінші, ол шөлдеді ғой, — деп тігулі үйдің киіз есігін желп еткізді де, сыртқа жүгіре жөнелді.

«Ойбай-ау, мынау не дейді, екі кештің арасында қайда бармақшы?»— деген әжесінің сөзін ол естіген де жоқ.

Айғаным ұшымен отты көсей-көсей кара құйрық болған ұршығын уыққа қыстырып, асықпай саусағынан шүйкесін алып, далаға шыққанда, Айзаның ізі суып үлгірген.

Ол ішке кірді де, жерге қайта домалап түскен шүйкесімен екі құлағын едірейтіп, ынта-шынтасымен беріле ойнап жатқан кішкене мысықты алақанымен қағып жіберді де, Жүсіпке қарап:

— Жүсіпжан-ау, қарындасың міне, осы. Ұялу, қысылу дегенді білмейді. Кісінің көңіліне де қарамайды. Қанша ашуланып ұрсайын десең де, сайтаны бар ма, әрнәрсені бір айтып, лезде күлдіріп жібереді.

Жүсіп біраз тыңдап отырды да, әжесінің сөзін бөліп:

— Әже, сіздер оған ешқашан ұрыспаңыздаршы. Ол ерке. Сонымен бірге еркелей біледі, оған күлкі ғана жарасатын сияқты. Ол тек анасы сізге, ағасы— маған, не Нұртөлеуге ғана емес бүкіл дүниеге еркелеп жүреді. Сөйтсе де оның ақылы бар,— деді қыза сөйлесе де сабырлы кейпін сақтауға тырысып. Бірақ өзі әжеме осы сөздеріммен бірдеңенің ұшын сездіріп алған жоқпа екенмін дегендей қауіптеніп отырды да. «Жоқ, олар біздің арамызда ондай нәрсе туады деп ешқашан да ойламас»— деген сенімге сүйеніп, сот залында қорғамақ болған айыпкерін абыроймен ақтап шыққан адвокаттай жайбарақат отыра берді.

Олар көп күтті. Бірақ Айза келмеді. Батыс жақ өрт шалғандай қызыл алауға бөленді. Бізге де еркіндік тиер заман болады екен ғой дегендей бұта-бұтаның түбінде бұғып жатқан масалар, ыңылдаған жылауық әнге басып, аспанға бірі қалмай көтерілісті.

«Жүсіп-жан, ерінбесең ана қыздың соңынан барып келші, қараңғы түсіп, бір бәлеге ұрынып жүрер»,— деген қарт әжесінің сөзінен кейін, осыны күтіп отырған ол, қауындық жаққа бет алып, тоғай арасындағы жалғызаяқ сыздақ жолмен жүгіре жөнелді. Қатты жүгірген сайын қатқылдана түскен салқын жел, құлақтағы гуілді үдете түскендей. Қаптаған қою масалар тынымсыз бетке ұрғылайды. Бір кезде ол шаңы бұрқыраған үлкен жолға жетті де, аздап шаршағанын сезген соң, жай аяңға басты. Бір бұрылыстан қайрыла бергенде екі қолына екі дарбыз ұстаған Айзаға қарсы жолыға кетті. Шошып қалған қыздың қолындағы дарбыз жерге ұшып кетті де, бырс-бырс етіп жарылып қалды.

— Ағатайым-ай, бұл сіз екенсіз ғой. Мен сондай қорқып кеттім, — деді ол езу тартып, жарылған дарбыздарға көңіл де бөлмей. — Мені іздеп шығып па едіңіз?

— Ия.

— Қорқады деп ойладыңыз ғой?

— Әрине, қорқатын ба едің?

— Ой, сұмдық?

— Олай болса, кешке жақын неге жалғыз шықтың?

Айза оң қолының сұқ саусағын ерніне апарып, әлденеден қысылғандай біраз үнсіз тұрды да, кенеттен:

— Мына қараңызшы ағай, үлкен дарбыз тура екіге бөлініпті. Келіңіз, отырып жеп алайық.

Жарылған дарбыздың шырыны ағып, шаңға сіңіп жатыр екен.

— Пышағыңыз бар ма ағай?

Жүсіп жоқ екенін біле тұра қалтасын бір соқты да, үнсіз басын шайқады.

— Енді қайтеміз?

— Білмеймін.

— Мейлі, қолмен-ақ жей саламыз.

— Қалайша, жумай-ақ па? — деді Жүсіп таңданғандай.

— Бізге өзен жақын ғой.

Олар қол жуып келіп, жарты дарбызды ортаға қойды да, үнсіз жей

— Қандай тәтті шырын! — деді Айза рахаттана тамсанып.

— Өте!

Тағы үнсіздік. Анда-санда бастары ғана түйісіп, тез тартып ала қояды. Дәл қазір олар дарбызға ықлас бөлген болып отырғанмен, әрқайсысы өзінше сезім арпалысына түсіп отыр еді.

Бір кезде Жүсіп Айзаның аппақ қолдарына абайсызда тиіп кетті де, енді саусағын дарбыздың басқа жағынан сала бастады. Бірақ еріксіз бір дүлей сезім оның қолын Айзаның қолына жақындата түсті.

Жүсіп кенеттен Айзаның сүйріктей саусақтарын алақанымен баса қойды да, жаза күткен қылмыстыдай оның жүзіне қадала қалды. Жігіт қимылына қыз әрқашанда қарсылық көрсетеді. Сол сияқты Айза да Жүсіптің жүзіне таңданғандай бірнеше секунд бойы қимылсыз қарап отырды. Ал, шындығында, ол таңданған жоқ еді. Керісінше... ой, құдай-ай, ол осыны бірнеше күн бойы іштей күткен жоқ па!

— Дарбыз тәтті ғой, ағай,ә? — деді ол. Оның үні сыбырлағандай әрең ғана естілді.

Жүсіп Айзаның қолын босатты да:

— Өте тәтті, — деді даусы дірілдей шығып.

Олар орындарынан тұрды да, өзенге барып қолдарын жуды.

Әлгі бір екеуіне де дарбыздан мың есе тәтті боп көрінген қимыл сөз тетігін бітеп тастағандай болды.

— Біз енді не істейміз? — деді Айза ұзақ үнсіздіктен соң Жүсіпке қарап.

— Не істегені қалай?

— Дарбызды.

— Қайтып барып алайық. Жақын ба?

— Жақын.

Олар солай қарай жүгіре жөнелді.

Айза қалып қоя берген соң, Жүсіп оған қолын созды.

Айза алғашқы кезде тартыншақтап Жүсіпке саусағының ұшынан ғана ұстатты. Бірақ, біраз жүгірген соң, қыздың кішкене алақаны, қыса ұстаған жігіт қолынан көрінбей кетті.

Бір кезде Жүсіп кілт тұра қалды да:

— Тыңдашы! — деді Айзаға үрейлене қарап.

— Нені?

— Алдымызда ысқырған Нұртөлеу емес пе?

Айза біраз тыңлап тұрды да:

— Я, сол, қой айдап келе жатыр, — деді бетіне қорқыныш үйіріліп.

— Кері қайтамыз ба?

— Сүйтсек, сүйтейік.

Олар кейін қарай жүрді. Бірнеше минуттан соң Жүсіп тағы да тұра қалып:

— Айза, — деді, — біз неге шошынамыз, не істеп едік соншалықты?

Айза ойланғандай сәл тұрды да Жүсіпке қарап:

— Шынында, біз не істеп едік, неден қорқамыз! — деді оның сөзін қайталап. — Жүр, кейін кеттік!..

Олар екі-екіден дарбыз алып үйге жеткенде, қараңғы едәуір үйіріліп қалған еді. Бұлардың өздері соншалықты шошынғандарындай, жолда жолыққан Нұртөлеу де, қаракүңгірт үйдің ішінде шыдамсыздана күтіп алған Айғаным әжей де ешқандай күдіксіз қарсы алды. Керісінше, күнде кешке қауындыққа бірге баруға екеуі де еркіндік алды.

Әрине олардың онсыз да бір жүруіне толық қақылары бар еді, алайда, әрқайсысының жүрек түбінде бұғып жатқан туысқандық қатынастан басқа бір нәзік сезім, екеуін қатынастың қандай түрінен болса да

алшақтатып тұрды. Сол бір сезім оларды сүйіспеншілік пен туысқандықтың ортасында қалдырып қойды да, екі қасиеттің бірінің ең шыңына дейін өсіп-жетілуіне дәл соның өзі кедергі келтірді. Әйтсе де туысқандық пердесін жамылған ол сезім бара-бара буырқана өсіп, ерте ме, кеш пе, ол перденің тас-талқанын шығаратыны, артынша айықпас апатқа ұшырайтыны айдан анық еді. Дәл осы апатқа екеуінің де ақыры бір ұшырайтынын біле тұра, олар бейне бір соқыр адамша алға ұмтыла берді.

Осы бір уақиғадан кейін Жүсіпті ауыр ой билеп алды. Ол ұзақ күндерді тоғай ішінде сенделумен өткізді. Кей күндері қолына мылтық алып, қырғауыл атуға шыққан болды. Бірақ, көңіл аударамын ба деп жасалған бұл айланың бәрі де амал болып жарытпады. Керісінше, осы бір қысқа ғана көзден таса болудың өзі оның Айзаға деген сағынышын арттыра түсті.

— Қарындасым, — деді ол осындай кештердің бірінде, — саған берген уәдемді орындадым-ау деймін, тыңлап көрсең қайтеді.

— Сіз ән шығарып қойдыңыз ба? — деді Айза орнынан атып тұрып. Қуаныштан ол дауысының шығып кеткенін де байқамады.

— Солай болған сияқты.

— Қане, орындап көріңізші.

Жүсіп қолына баянды алды да, баяу үнмен мұңлы әнді бастап кетті. Оның жүрегі бейне бір ұстаз алдында сынаққа түсіп отырған мектеп оқушысындай тынымсыз дүрсілдеп тұр еді.

Жүсіп өз шығармасының қарсы алдында тұрған тұңғыш сүйікті тыңдаушысына қалай әсер етіп келе жатқанын байқау үшін қарындасынан көз алмады.

Айза әлдене есіне түсіп кеткендей, кей жерлерінде болмашы ғана езу тартты, кей жерлерде алысқа қадаған қарақат көздерін Жүсіпке бір тастап, ақырын ғана күрсінді. Жүсіп оның саусақтарының болар-болмас дірілдеп тұрғанын сезді. Әсте, бұл ән дәл өзіне арналып шыққанын ол байқаса керек.

Ән біткен кезде Айза ештеңе деп тіл қатқан жоқ. Тек, бірнеше минуттардан соң:

— Ағай, сіз бұл әнді маған үйретіп кетесіз ғой, ә? — деді баяғы жайдары үніне салуға тырысып.

— Сөз жоқ үйретемін.

Дәл осы кезде Айзаның алғаш рет Жүсіпке: «Сіз ән шығарсаңыз, дүниеде менен артық қуанышқа бөленген адам болмас сірә», — деген сөзі екеуінің де есіне түсіп кетті де, бір-біріне әлденеден ақтала қарасты. Жүсіп Айзаның не себепті шексіз қуанышқа бөлене алмай отырғанының себебін, әрине жақсы түсінді. Сондықтан, әннің қалай шыққандығы туралы сұрап, қарындасының дәл қазір жанын азапқа салғысы келмеді де, салқын ауа жұту үшін тысқа шығып кетті. Ол далада біраз уақыт қыдырып жүргеннен кейін үйге қайтып кіргенде, Айзаның стол жанында дірілдеп тұрғанын және қолында умаждалған қағаздың бар екенін көрді. Айза өзінің сол бір нәзік сезімінің нәтижесінде көзіне моншақтаған жас алғанын шындығында, енді жасырын ұстай алмады. Бұдан әрі соза беруге, оның нәзік жаны төзе алмаған еді.

Ол стол үстіне қағазды лақтыра салды да, ұялғаннан от боп жанған бетін алақанымен басқан бойы далаға жүгіре жөнелді.

Жүсіп бейне бір суға сүңгітін адамша, демін ішіне тартып алды да, дірілдеген саусақтарымен стол үстіндегі қағазды алып, дәл бір қолына мина ұстағандай, ақырын ғана аша бастады.

Қағазда былай деп жазылыпты:

«Ағатайым менің! Сіз бұл жерден кетіңізші, мүмкіндігінше тезірек. Мұнан әріге төзе алмаймын, аяңызшы мені!».

Жүсіп жуық арада сауыға қоймайтын ром ішкен теңізшідей теңселіп кетті. Ол қағазды умаждаған бойы қалтасына салды да, столға сүйеніп ұзақ тұрды.

Қанша уақыт тұрғанын кім білсін, «Жүсіпжан, тамағыңды іш» — деп шақырған әжесінің дауысынан ол селк етіп оянып, далаға шыққанда, Айза басына көрпені тарс бүркеніп, не ұйықтағаны, не ояу екені

белгісіз, қимылсыз жатыр екен. Айзаны Айғаным әжей қанша оятса да, ол жансыз адамдай, баяғысынша селт етпестен жата берді.

— Оған не болған, ауырып қалған жоқ па? — деген ағасы мен жеңгесінің сұрағына Жүсіп пен Айғаным әрине, «қайдам» деп жауап берісті. Ас үстінде Нұртөлеу Жүсіпке «Саған бұл жер ұнамады ма, неге көңілсізсің?», «Оқуды бітірген соң қайда орналасатын ойың бар?», «Бізге енді қашан келесің?» деген сияқты сұрауларды асты-үстін беріп, оның жауабын да күтпестен әрнәрсе туралы сәмпылдап сөйлеумен болды. Жүсіп оның сұрақтарына қысқа-қысқа жауап беріп келді де, «ағай, мен ертең жүретін едім», — дегенді айтып салды.

Әрине, мұндай күтпеген сөзден бәрі де дүр сілкініп, бір ауыздан «Неге?» деп шошып кетісті. Бұл сұраққа Жүсіптің әрі оңай, әрі ешқашан қарсылық көрсетіп, шара қолдандырмайтын жауабы әзір еді. Ол — демалыс мерзімінің бітіп қалғандығы деп сылтау айту.

Олар Жүсіптің сөзіне амалсыз көнді де, жиендерінің соншалықты тез, әрі күтпеген жерден кетемін дегеніне өкіне-өкіне түнгі ұйқыға аттанысты. Жүсіп көз іле алмай, шоқ бұлттардан сүңгіп өтіп, батысқа қарай безектеп бара жатқан айға қадалған бойы ұзақ жатты. Өзгелердің бәрі де өлі ұйқыда. Анасының қасында жатқан төрт жасар бала ғана анда-санда суда ойнаған шортандай аунап түсіп, қайтадан тәтті ұйқыға кетеді.

Жүсіп осында келгеніне барынша өкінді. Дәл қазіргі оның ойындағы нәрсе — Айзамен қайткен күнде бірге болудың ретін іздестіру емес, керісінше, оны қайткен күнде ұмытудың амалы еді.

Ленинградқа қайтып барған соң мүмкін, ұмытармын деп ойлады ол іштей аһ ұрып. Барлық уақиғаның төрешісі — уақыт қой. Тізгінді соған тапсырудан басқа амал қалған жоқ.

Ол ақырын Айза жаққа бетін бұрды.

Айза баяғы қалпынша әлі жатыр.

Осыдан соң Жүсіп біраз жатты да, тыныш бір ұйқыға кетті. Көзі жұмылған соң-ақ ол Айза туралы түс көрді.

Түсінде олар дәл баяғы көкмайсаның үстінде отыр екен. Жүсіп оған қарап ешқандай тіл қата алмай, тек Айзаның қап-қара шаштарын алақанымен сипалай береді. «Кешір мені, Айза, — дейді ол — басқа не істеуім керек, сен ақыл қосшы». «Мен де білмеймін ағажан, — дейді ол да. — Сіздің келмей-ақ қоюыңыз керек еді».

Бір кезде Жүсіп бар батылдығын жинап, Айзаның көйлекшең денесінен құшырлана құшақтады. Айза бұлқынады, бірақ, Жүсіпті өзі де босатқысы келмейді. «Біз не істедік ағатай, өлім ғой бұл, олардың бетін қайтып көреміз?», — дейді ол Жүсіптің жүзіне үрейлене қарап. «Білмеймін», — деп жауап береді Жүсіп. Сөйтеді де, оны үстін-үстін сүйе береді.

«Сіз бұл жаққа неге ғана келіп едіңіз, ағатайым?, — дейді ол Жүсіптің құшағынан босаған кезде. — Сізбен айырылысу маған қандай ауыр тиеді десеңізші енді. О, құдай-ай, біздің туысқандығымызды өзге де емес, өз жүрегіміз неге ұғынбайды екен. Неге ғана орындалмас арманға алақан жаяды екен!» Осыны айтып ол өзіне-өзі сыймағандай булығып жылап жібереді.

«Жыламашы Айзажан, мейлі, бізді алдымызда әйтеуір бір тағдыр күтіп тұрған шығар. Сонан соң біз апат болармыз. Бірақ, сен туралы мен ақтық демім қалғанша оилап өтермін» — деп Жүсіп оны тағы сүйеді.

«Қоя берші ағажан, — дейді Айза әлсіз қарсылық көрсетіп. — Әні, Нұртөлеу ағайым келе жатыр. Ағатайым-ау, сорладық қой біз. Оның бетіне не деп қараймыз масқара болдық қой, — деп Айза тағы да егіліп жібереді.

Жүсіп шошынғаннан орнынан атып тұрады...

Осы кезде оның өзі де жастықтан басын көтеріп алды. Жүрегі кеудесін жарып шығардай тарсылдап жатыр екен. Алқынғаннан қара су болып терлеп кетіпті.

Ол сол сәтте-ақ Айза жаққа қарады. Ол көрпесін алқымына дейін ысырып тастап, айға бетін бұрған қалпы ұйықтап жатыр екен.

Оның аппақ беттерінде ай нұры асыр салып, бұрынғысынан да көріктендіріп жіберіпті.

Жүсіп бетін басып біраз жатты да, саябырсыған жүрегі неге екені белгісіз қайта тулап, өн бойының бірде ысып, бірде мұздап бара жатқанын сезді. Айза өзінен қол созым ғана жерде бейкүнә сәбидей ұйқыда жатыр.

Көрпенің бір шетіне жаймен ысырылып, Жүсіп оған жақындады да, тулаған жүрегін ұстап алғысы келгендей, қолымен кеудесін басып біраз жатты.

«Жоқ, бұл менің қарындасым ғой, мен қандай қылмысқа дайындалып жатырмын?—деді ол өзіне-өзі. —Мұның арты не болмақшы!!!

— Неткен азап, неткен жан азабы бұл! — деді ол, даусының шығып кеткенін де байқамай. Бірақ, ешкім ояна қойған жоқ. «Ертең бұл жерден кетемін, Айзаны мәңгі-бақи көрмеймін, — деді тағы да ол іштей. — Сондықтан оны... жоқ... Я, бір-ақ рет сүйейінші. Бұл — онымен ақтық рет қоштасуым болсын!»

Әлдекім қимылдамай ма екен дегендей, ол жан-жағына бір қарады да, бәрі ұйқыда жатқанын көріп, Айза жаққа ақырын қолын соза түсіп, дірілдеген саусақтарымен оның мақтадай үлбіреген жып-жылы бетін сипалады. Сонан соң оның оттай ыстық еріндерінен құшырлана сүйді.

Айза біраз булығып, көзін ашып қалды да, нәзік саусақтарымен Жүсіптің шашын бір-ақ рет тарап қарсылықсыз жата берді.

Мүмкін, бұл — сүйікті жиен ағасымен ең бірінші, ең соңғы рет ешқандай күнәсіз ыстық сүйісу екенін, оны енді мәңгі көрмейтінін Жүсіп сияқты ол да білген шығар.

Жүсіп басын көтеріп алды да, созылған кеудесін төсегіне қайта жинап алды. Осы түн — өзіне бүкіл өмірінің ішіндегі ең бақытты түні болатынын ол жан-тәнімен сезініп, ыстық сүйістің ләззатынан мас болғандай қимылсыз жатты.

Айза сол баяғысынша қимылсыз.

...Таң атқан соң Жүсіп жүру қамына кірісті. Және де бұл үшін көп дайындалмай-ақ аттанып та кетті.

Жүрер алдында Айза әжесіне келіп:

— Әже, ағам қандай жақсы адам еді. Қараңызшы, енді бізді тастап кетіп бара жатыр. Өте тез қайтты ғой, — деп көзіне төңіректеген жасты көрсетпеу үшін, әжесінің мойнына дәл баяғы алты жасар кезіндегідей асыла кетті. Онсыз да жылағалы тұрған Айғаным, кемсеңдеп қоя берді.

Айзаның жоғарыдағыдай сөзінде қандай мән жатқанын Жүсіптен басқа ешкім аңғармады.

Сөйтіп олар қош айтысты. Қоштасқанда бір-бірін сүйетіндіктеріне көздері жеткен соң ғана қоштасты.

Әңгіме осымен бітті. Олар бұдан кейін кездесе ме, кездеспей ме, оны уақыт көрсетер. Ал бірақ, дәл кешегі айлы түн — олардың ең бақытты түніндей, естерінде ескірместен мәңгі сақталатын болады.

АҒАЙЫНДЫЛАР

Төрт жасар баламды құшағыма қыса түсіп, сол бір күндер туралы әлі де жиі-жиі ойлана беремін.

Түннің көп мезгілі өтіп кетсе де кірпігім айқасар емес, неге екені белгісіз, бүгін ұйықтайын деп те ниет етпейтін сияқтымын. Міне, таңның атуы маған ғана байланысты болар деп ойлайтын ақымақ әтештер екінші рет шақыра бастады. Әуелі үйдің дәл түбінен біреуі айқайлады, сонан соң сәл алысырақтан, ең соңғы дауыс көшенің сонау бір шетінен талып естіледі. Қарсыдағы бөлмеден Нұржанның оқтын-оқтын жөтелгені келеді.

Ойыма сонау Жамалмен жаңа қосылған кезім орала кетті. Той-думан тарқап, кісі аяғы басылған соң, біз үйреншікті жұмысымызға кірістік те, ағамның үй ішімен тату-тәтті өміріміз жалғаса берді. Арада санаулы күн өткен соң-ақ, Жамал олармен кәдімгідей үйренісіп кетті. Бұрын ағамның балаларымен алысып-жұлысып, күлдіріп, жылатып дегендей у-ду өмірге үйреніп қалғанымнан ба, қарсы бөлмеде балалардың шуын естіп, бөлек үйде жым-жырт жата алмадым. Кейде, «Көке, Айсұлуды қарашы, менің ойыншығымды бермейді», немесе «Көке, анау Нұралы мені ұра береді», — деп жыламсырап шағым айтқан балаларына: «Қой-

ей, тимесеңші оған» — деп басу айтқан Нұржанның үнін, енді бірде «Оу, әлли-ай, жылама, жылама, ұйықта. Ал, бөжек келе жатыр, мә, әй, бөжек, алып кет Сәлимашты! Әні келе жатыр, үйбай! Қой-әй, қайт әрі, ұйықтайды қазір. Ал, әупәллай-әй-әй», — деп бесікті сықырлата тербеткен Жеңешемнің әлдиін естіп, мына үйден гөрі маған сол жақ мың есе қызық сияқты болып көрінетін.

Сонан соң онда кіріп барып, балаларды умаждап-умаждап, бірін мойныма, бірін арқама мінгізіп, құмарымды тарқатып қайтушы едім. Сондықтан жақсы көретін болар, жұмыстан келген кезімде, «менің көкем, менің көкем» — деп алдымнан шуылдай шығып, таласып-тармасып жататын.

Тепловоз айдаушыда тыным болған ба, үйінде бір күн болсаң, есесіне екі күн жоғаласың. Бүгін Ташкентте, ертең Арыста, Қызылордада, әр жерден бір шаң беріп жүргенің. Осындай сапарда көбірек жүріп қалған кезімде, мен бәрінен бұрын ағамды сағынатын едім. Үйге кіріп келіп қара май иісі аңқыған киімімді де ауыстырмастан, оның мойнына асыла кететінмін. «Қойшы, Камал, бала болып кеттің бе? Ұят-ай, сырықтай жігіт осылайша еркелей ме екен?» — деуін десе де, күректтей алақанымен шашымды сипап-сипап қоюшы еді. Менің мұнымды жеңешем де ерсі көрмейді, анадай жерде күлімсіреп қарап тұра беретін.

Бір ретте үйге келген әйелдермен әңгімелесіп отырып, олардың: «Сенің осы мырзағаң үйленбей тұрғанда ерке еді, енді басылайын деді ме, қалай?» — деген сұрақтарына жеңешемнің: «Жо-жоқ, неғылған басылу, әлі бала сияқты, даладан келсе ағасын құшақтап, балалармен алысып, тіпті біреуімен кәдімгідей кергілесіп тасыр-тұсыр етіп жүргені. Біз де соған үйреніп қалғанбыз ғой, ол үйде жоқ болса, қашан келеді, қашан келеді деп шыдамымыз таусылып отырамыз, — деген жауабын естіп қалғаным бар еді.

Менің жеңешем де алтын адам ғой шіркін, жүрегі кең-ақ, қашанда күлімсіреп тұрғаны. Таң атса-ақ болды, май-май дорбасындағы кілт, қышқаштарын сақырлатып тракторіне Нұржан, қолыма шойындай зіл фонарды алып депо жаққа мен кетемін. Үйде ТИолпан мен Жамал қалады. Олардың күні бойы не істейтінін құдайым білсін бе, кешке жақын оралғанымызда мұрындарынан шаншылып жүргені.

Бір күні жолға шығатын состав әлі дайын бола қоймай екі-үш сағат операторда бос отыратын болған соң, ойда жоқта үйге кіріп келсем, жеңешем мен Жамал бір-біріне су шашып алысып ойнап жүр екен. Үйдің ішін бастарына көтеріп шек-сілелері қата күліп жатыр. Мен не істер екен дегендей, табалдырықтың жанында бақылап тұра бердім. Бір кезде Жамал Шолпанды жығып алды да умаждай бастады. «Ұр, ұрындар, әй Нұралы, Айсұлу, қайда жүрсіндер, келіндер бері» — деп балаларды да шақырады. Оларда тоқтау бола ма, мәз болып, өз аналарын өздері төпеп жатыр. «Ай, Нұралы, қой-әй, Жамалды ұр ана, әйтпесе Камал көкеңді мен алып қоямын» — дейді ол әрең сөйлеп. Сонан соң Нұралы мен Айсұлу Жамалды тартқылап, Шолпанға аударып бермек болып тырмыса түседі. Мен олардың ойынын бөліп, ұялтып қоймайын дедім де, іштей күлімсіреп келген ізіммен кейін шығып кеттім.

Иә, әйелдер біздің өмірімізге осылайша сән беріп тұрды, ал бірақ, тыныш жатқан көлге тас лақтыратын да сол әйелдің өздері екенін біз, әсіресе мен қайдан білейін.

Арада бір жыл өткен соң Жамал бір ұл тапты. Өзімізше Нұралыға ұқсас болсын деп, атын Сүгірәлі қойдық. Араласып менің нем бар, бәрін ойлап тауып жүрген Нұржан мен Шолпан ғой. Сөйтіп жыл артынан жылдар өтіп, Сүгірәлі де төрт жасқа толды. Жамалдың екінші рет көтерген қызы алты айлық кезінде қызылшадан қайтыс болды.

Алғашқы кезде жас нәрестеден бойымды алып қашып жүруші едім. Қызылшақа балаға қарап отырып: «Қойшы, осы да адам бола ма екен?» — деген қыжыртпа сөзіме ауыл кемпірінің бірі: «Не дейді-ей, мына дода бас? Құдай қойса әлі-ақ жігіт болып шыға келеді. Осындай болмай, аспаннан салбырап түстім дейсіңдер ме, түге! Ой, әдірам қалғырдың айтып отырғанын қарай гөр. Қарашы, қасы, көзі өзіңнен айнымай қалған, қияқтай» — деген сөзінен кейін мен ұялғанымнан әрі ызаланып, «қой, оған біреуге ұқсау қайдан болсын» — деп қолды бір-ақ сілтеп шығып кететінмін. Бірақ өмірдің өз дегені мен өз заңы бар екен де, бірте-бірте үйреніп, оған іш тарта бастадым. Ал баланың ең қызығы тілі шыққанда екен. Әрнемені бір былдырлап, сен оны жақсы көріп отырсың ба, жек көріп отырсың ба, онымен инедей де жұмысы жоқ,

өзіне тура қарап арсалаңдап, елпектеп күлгенде, қалайша дәтің шыдап тұра алады. «Ие, келе ғой», — деп айтып қалғаныңды да өзің байқамай қаласың. Оның үстіне, Жамалдың: «Әне, анау папаңа бар. Камал, шақыршы Сүгірді» — деген сөздері менің құлағымды әбден үйретіп, әке болып қалғанымды еріксіз мойындата берді. Өстіп жүріп, жұмыста болған кездерімде Сүгірдің сүйкімді қылықтарын көз алдыма елестететін болдым. Бұрын асықпай тепловозды сүргіп, қала берді депоға кіріп, жолдастарыммен темекі тартып дегендей әңгімелесіп қайтатын едім. Ал қазір, жеңіл-желпі жұмыстарды көмекшілерге тапсыра салып, үйге жетуге асыға беретін болдым. Осылайша, бұрын жирене қарайтын баламды енді сағынатын болдым. Кейде, алыс жолдан келе жатып, оған оны-мұны алып келуге тырысатынды шығардым. Осылайша менің де әкелік борышым басталып кетті.

Рас, ағамның балалары да шет қалмады. Сүгірге не алсам, оларға да сондай нәрсе сатып алып келіп жүрдім. Сондағы ойым — Нұржан мен Шолпан көңілдеріне әлдене алып қалмасын деген еді. Қазір қарасам, осы ойымның өзі ағам екеуміздің арамызда, жас ұйыған сүттей жана-жаңа пайда болып келе жатқан қарғыс атқыр бөлектенудің алғашқы нышаны екен ғой. Немесе «Біздің балаларымыз ұмыт қапты», — деп олар әсте ойлайтын ба еді. Бәрі де өзімнен. Олай болмаса, Сүгірдің былдыры мен бір езу тартқаны ағамның балаларына деген бұрынғы махаббатымды күннен-күнге жеңіп бара жатқанын олар байқап қалмады ма екен деп өзімнен-өзім құр қауіптені беруім қалай?

Олардың, әсіресе Нұржанның көзінше Сүгірді айналып-толғанып, сүйе беруге қатты қысылып, ол маған «пап, папа» деп елпектеп келе қалса да, мен оны қақпайлап жіберіп, қасыма не Сәлимашты, не алты айлық Қабдешті ала қоятынмын. Ал, ағам мен жеңгем үйде жоқ болса, солардың балаларымен бірге ойнап жүрген Сүгірді ешкім байқап қалмады ма екен дегендей айналама сезіктене бір қарап алып, оның бетінен шөп еткізіп бір сүйіп алатын едім де, үстінің шаңын қағып, кепкасын жөндеп кигізіп кететін едім. Бала деген өте байқағыш қой. Менің өзгерген осы мінезімді сезіп қалған-ау, ағамның балалары маған бұрынғыдай елпектеп тұрмайтын болды. Дәл қазір де Сүгірді аймалап жатқан кезімде, олар анадай жерде состиып-состиып қарап тұрды.

Енді бір-екеуі маған тіпті көңіл де бөлместен, өз беттерінше ойнай берді. Мен де сол кезде өз бағытыма баға бермеппін ғой. Бірақ баға бергенде қолымнан не келер еді?

Осылайша күндер өте берді. Мен де, Жамал да бұрынғыдай емес, ағамның үйіне ас ішкенде болмаса, көп ретте бара бермедік. Оларда бар қызық өзімізден де табылатын сияқты көрінді. Тіпті соңғы кездерде Шолпан мен Жамал алысып та ойнамайтын болды. Әсте, бұл өзгеріс алдымен Жамалда бас көтерсе керек, оның бойында соңғы кездерде пайда болған көп аналарға тән салмақтылықты мен де сезіп жүрдім. Әйтсе де мен оған көңілді болшы, бұрынғыдай Шолпанмен алысып ойнашы деп өтініш ете алмадым. Құдай-ау, мен бұлай деп қайтіп айтпақпын!

Кей күндері өзімнің қалай қарай бет алып бара жатқаным, Нұржанмен ара қатынасыма ұзақ уақыт ой жүгіртіп өтетін едім. Бірақ өзімдегі өзгерістерді көре білгенмен, оны қателік екен ғой деп ойламай; «әке болған соң осылай болады-дағы», — деп түсіндім де: «Өз балама деген махаббатым туысқа деген сезімімді серпілте алмас», — деген оймен жүре бердім. Ал, бірақ осы өзгерістің бәрін сезіп-білген күнде, өзімдікі дұрыс емес деп тапқан күнде, мен өзімді-өзім қалайша дұрыс жолға салар едім, өзімді-өзім қалайша бұрынғыдай мейірімді етіп қайта тәрбиелеп, «осыным жөн екен» деп тұрған жүрекке қалайша тоқтау салар едім?!

Ал, Нұржан ше, онда қандай өзгеріс бар екен? Ол да әке емес пе, әке болғанда бала қызығын менен әлдеқайда бұрын көрген әке емес пе?

Солай бола тұрса да, ол кінәлаған көзбен маған ешқашан да қараған емес. Менің бұрынғы еркелігімнің електегі ұндай таусылып, ақыр соңында біржолата тыйылғанын ол «есейген соң басылғаны болар» дегенге балап, дәл бұрынғысындай Сүгірді аймалап, тіпті оған деген махаббаты менікінен де асып түсіп, ешнәрсені байқамай жүре берді.

Егер де, ешқандай жағдай кездеспей, өмір дәл осы қалпымен аға бергенде, әлі ешқайда ұзай қоймаған теріс сезімімді жөнге салып, біз де тату-тәтті өмірімізді жалғастырар ма едік, қайтер едік.

Иә, әйел атаулыға кім топырақ шаша алады, өмір тұтқасы — Ананы кім қастерлемейді. Сонда да болса біздің үлкен уақиғаға тап болуымызды сол әйелдердің өздері жеделдете түсті.

Біз жұмысқа ерте кетіп, кеш келіп жүрген кезімізде, үйде Шолпан мен Жамалдың арасында қандай кіркілжің болып жатқанын қайдан білейік. Әйтеуір менің байқайтыным — бір үйдегі екі әйел бұрынғыдай емес, бір-бірімен тіл қатыспайтын сияқты. Соңғы уақытта екеуінің сықылықтай күлгенін бір естіген емеспін. Қашан келсем де Жамал көңілсіз, әлдекімге ренжігендей тұйық жүреді. Бұның себебін сұрағанмен ол мандытып ешнәрсе айтпайды да, «жай, әншейін» деген жауаптан әрі аспады.

Бір күні жұмыстан шаршап келіп, ұйқыға кірісе бергенімде, ағам мен жеңгемнің әңгімелерін құлағым шалып қалды.

Екі үйдің де есігі ашық, тек перде ғана болғандықтан, олардың сөздері анық естіледі.

— Келін қайда жүр? — деді Нұржан қоңыр дауыспен.

— Мана ертеңгісін төркініне кетті.

— Төркініне?! Оны бізге неге айтпайды?

— Қайдан білейін ол жағын. Өзінен-өзі долданып, баласын ұрып, үйдің апшысын бір уыс қылды әйтеуір. Бірдене деуге оқталып тұрдым да, түнеукүнгідей бетімнен алып, тілін тигізер деп үн қатпадым.

— Үн қатпадым деп ақталасың, сенде де бір бәле бар ғой. Екеуің неге ұрыса бересіңдер осы? Сен жақсы болып тұрсаң, ол неге жаман болсын!

— Мен не істеппін оған, — деді жеңешем, дауысын көтеріңкіреп. — Жазығым: «Жамал, Жамал» — деп жалпылдағаным ба? Долданатын түгі де жоқ, Сүгірдің бәтеңкесін Сәлимаш киіп жүр екен, несі бар-ау деймін оның да, сонсоң ойнап жүрген жерінен барып шырылдатып шешіп алды. Ол байғұс ебіл-себіл боп жылап, үйге жалаңаяқ келді.

— Неғыл дейсің жалаңаяқ келсе, маған десе неге өліп қалмайды! Сен сол үшін ұрыстың ба онымен?

«Неге өліп қалмайды!» Қандай қатты айтылған сөз, — дедім мен ішімнен. Өз перзентіне осылай айтады. Сонда кім үшін? Әзірге кетіп қалғанымен, түбінде қайтып оралатын Жамалды Шолпанның ренжіткені үшін бе? Сонда, біздің татулығымыздың Нұржан үшін қаншалықты қымбат болғаны? Ал, мен ше, мен осылай дей алар ма едім?..»

— Нұржан-ау, онымен ұрысқан кім бар? Тегі үндеген жоқпын. Бір кезде баласына: «Жауында не бар далаға шығып, жүр үйге», деп ішке төмпештеп кіргізді. Сүгір шырқырап жылап жүр. Шыдай алмай: «Жамал ау, оның не, ол байғұс не жазып еді?» — деп едім, бетімнен ала жөнелді:

— Бала менікі, ұрсам өз баламды ұрдым, жұрттың не ісі бар менімен. Күнде бүйтіп ұрысып өткізген өмірі құрысын, кетемін бұл үйден, — деп көгере түсті. Мен не дейін «кететін ешнәрсе де болған жоқ, келін, орынсыз жерде айқай шығарып, майға құмалақ тастап қайтесің?» — дедім де үйге кіріп кеттім.

— Қашан келемін деді?

— Айтқан жоқ. Ерке бала жауда қалып бара жатқандай, тамақ істеп, бастырып кетті. Өстіп бөлектенгеніне ішім әлі ашып отыр.

Осыдан соң Нұржанның ләм деместен ауыр күрсінгенін естідім де, денем мұздап сала берді.

Ол төркініне кеткен! Қалайша, тым болмаса маған да айтпай ма? Шолпанмен ол неге ұрысты, баласын неге ұрды? Ең соңында маған тамақ дайындап кеткені несі, мен далада қалып бара жатқан жоқпын ғой!

Осындай шым-шытырық сұрақтар басымды шырмап алды да, бірде-біріне жауап таба алмай дал болдым. Есіме осыдан бес-алты күн бұрынғы Жамалдың мен келгенде тамақты үйге әкеліп бергені түсе кетті. «Мұның қалай?» — деген сұрағыма: «Шаршап келдің ғой, осынан-ақ іше сал», — деп еді.

Демек, ол сол күні тамақты бөлек жасаған екен ғой! Өттең сонда білсемші, қазанымен төңкеріп тастар едім!

Қарсыдағы үйден Нұржанның ерсілі-қарсылы жүргені, сіреңке шағып темекі тұтатқаны естіліп тұр. Оның не істерге білмей күйініп, толқып жүргенін сездім де, ағамды аяп кеттім. Ол мен үшін не көрмеп еді? Жастайынан жұмысқа араласып, жұрт сияқты жаны жадырап жүрмеді ғой. Бар ойы мені оқыту болды да, ерте тұрды, кеш жатты. Ал, мен соның арқасында кірбеңсіз, көңілді күлкіге көміліп еркін өстім. Ол менің бетіме осы кезге дейін бір келіп, ұру былай тұрсын, қатты сөйлеп те көрген емес. Сөйтіп жүріп, он жеті жасында Шолпанға үйленді.

«Бар өміріміз ренішсіз, қайғысыз өтсе екен», — деп жүрген ағамның бүгінгі күрсінуі жүрегіме инедей шаншылды. Тап осы сәтте Жамалға деген бұрынғы сезімім лезде ғайып боп, оған енді қайтып елжірестей болдым.

«Өзі келмесе, мен бармаймын, — деп бекіттім ойымды. — Ол менің ағамнан қымбат емес!»

Басымды көтеріп, орнымнан тұрсам да, сыртқа шығып ағам мен жеңешемнің көзіне түсуге батылым жетпеді. Олар мен туралы не ойлап отыр екен? Мүмкін, осының бәрі үшін мені кінәлап жүрген шығар. Не істедің сен, Жамал! Бұрын күлкі мен қуаныш қана мекендеген аядай үйге сен келіп бүлік салғаның ба?..

Жамал үш-төрт күнге дейін келмеді. Үйдің ішін ауыр көңілсіздік басты. Ағам қайта-қайта күрсіне берсе, мен үнсіз ғана спорт газетін қолға алып, сытырлатып аударыстыра берем, жеңешем де аса көп сөйлемей қазан-ошағын жайғастырады. Балалардың бірі қатты сөйлей қалса, «болды-ай, өшір үніңді» деп зекіп тастайтынды шығарды.

Мен Жамалдың келуін күтіп, іштей тынып жүре бердім.

Бір күні жұмыстан келсем, үйде Жамал жүр екен. «Папа!» — деп Сүгір алдымнан жүгіріп шықты да, екі тіземнен қапсыра құшақтады.

Алғашында итеріп тастайын деп оқталсам да, жас баланың не жазығы бар деген ойға келіп, оны көтеріп алдым. Ол алысқа барғандығы, үстіндегі жаңа көйлекті сол жақтан кигендігі туралы былдырлап, кішкене алақандарымен екі бетімді құмарта шапалақтайды. Шіркін, бала деген қандай тәтті! Оның бетінен сүйіп-сүйіп алғанда, ұйысқан ашуым біршама серпілгендей болды.

Бірақ Жамалға қарап еш тіл қатқан жоқпын. Тек төсекке жатқан кезде ғана:

— Жамал, сен неге кеттің? — дедім қатқылдау үнмен.

— Шолпанның кесірінен.

— Енді неге келдің?

Ол жастықтан басын жұлып алып:

— Менің керегім жоқ па еді? — деді алқына сөйлеп.

— Егер де, осыныңды екінші рет қайталайтын болсаң, шынымды айтайын, керегің жоқ.

Мен бұл сөзді шын бекінген адамның қалпымен салмақты айтқанымды, оған деген ашуымның әлі де мол екенін байқаған Жамал, ұзақ үнсіз отырды да, бетін қолымен басып, солқылдап жылап жіберді.

Әбден жылап болсын дегендей мен темекіні үсті-үстіне сора түсіп, үнсіз жата бердім. Бір кезде ол алақанын бетінен алды да маған қарап:

— Камал, — деді жалбарынған үнмен.

— Не айтпақсың?

— Сен түкті де білмейсің, Камал...

— Менің нені білуім керек еді?

— Мен сені сүйемін!..

— ОһО, бұл жаңалық екен. Осы кезге дейін білсемші!

— Сен олай келеке етпе. Сені сүймесем, бұл жерге қайта оралмаған болар да едім.

Мен оған ашулы жүзбен жалт қарағанымда, ол шошып кеткендей, көзін төмен түсіре қойды.

— Сен қандай зәбір көрдің осы үйден соншалықты? Не жетпей жүр саған?

Осы сұрақтан кейін, барлық еркек атаулыны еліктіріп жіберердей әйелге тән назы аралас еркелігімен ол менің мойнымнан қыса

құшақтады да, нәзік қолдарымен шашымды салалай тарады. Сонан соң дымқыл еріндерін құлағыма тигізе сыбырлады:

— Айтшы, Камал, сен мені сүйесің бе? — деді.

— Бұл сұрақ маған бұдан бес жыл бұрын қойылуы керек еді, сенің жақында ғана танысқан жандарша бұл қай сұрағың?

— Сонда да болса айтшы, жалынамын!

«Құдай-ау, бұл маған «қайтадан ғашық болып отырғаннан сау ма?» — дедім өзіме-өзім.

Ә дегенде ұрысып тастайын деген ойда болсам да әйел атаулы маңызды болсын, маңызсыз болсын, қойған сұрағына әйтеуір жауап алмай тынбайтынын біліп:

— Сүймесем, саған үйленер ме едім? — дедім үнімді жұмсарта сөйлеп.

Құлағыма тиіп тұрған еріндерінің күлімсірегендей ақырын ғана қозғалғанын сезіп, әлгі сөзім оған әйтеуір бір дәрежеде қуаныш тастап өткенін байқадым.

— Әлі де сүйемісің? — деді ол басын көтеріп.

Оның әлгінде жылағандықтан су-су болған шаштары менің бетім мен кеудемді тітіркендіре қытықтайды.

— Бұл түннің қай түн екенін түсінсем бұйырмасын. Немене, екеуіміз енді табысқалы тұрмыз ба? Ал, сүйемін онда не болады.

— Шынымен бе?

— Ой, құдай-ай, шыным.

Ол басын сылқ еткізіп кеудеме тастап жіберді. Біраздан соң басын қайта көтеріп, қараңғыда менің жанарым не айтып тұрғанын оқымақ болғандай, бетіме үңіле түсті де:

— Есінде ме, баяғыда, «сен үшін, не айтсаң да орындаймын» — деп едің, оны ұмытқан жоқсың ба?

— Айтылған сөзді қалай мойындамайын.

— Онда мен бір тілек қояйын, қабыл аласың ба?

— Ол не тілек?

— Тек, орындаймын деп уәде бер.

— Алдымен айтсаңшы!

— Камалым менің, бәрі де сен үшін, — деп ыстық құшағымен қарбыта аймалап, есеңгіретіп жібергендей болды. — Сөйтіп, орындайсың ба?

— Жарайды, ол не?

Жамал қазір айтатын сөзінен жасқанғандай біраз үнсіз жатты да:

— Екеуміз бөлек тұрайық, сонда ағана да, бізге де жеңіл болады, немесе, күнде керісіп, қадірімізді жоғалта береміз бе деп қорқамын! — деді дірілдей сөйлеп.

Мынандай күтпеген тілек төбемнен суық су құйылғандай денемді түршіктіріп жіберді.

— Не дейсің? Не айтып жатырсың, Жамал! Нұржаннан бөлек тұру ма? Жоқ ол болмайды, сен маған, мұны екінші рет естіртпе, атама ондайды, — дедім қойнымнан жылан шыққандай атып тұрып.

Осы сөзімнен соң ол ашуымнан сескенер де үнсіз қалар, сонан соң, «мейлі қойдым, маған тек сен болсаң болғаны», — деп амалы таусылған әйелдерге тән қасиетпен қайта құшақтап, біраз жылар да басылар деп едім.

Бірақ бәрі де менің ойлағанымдай болып шықпады. Ол жылады, күлді, еркеледі де назданды. Төсегіме қайта жатқызып тыныштандырды. Сонан соң, дүниеде мен үшін сенен асқан жан жоқ дей отырып, ол жеңгеммен бұрыннан да ұрысып жүргендігін, тамақ істей алмайсың деп табалаған соң, бірнеше рет әдейі қазан асқандығын, ең соңында «сен менің мырзағама тең емессің, оның басқан ізінен садаға кет», — деген соң ашуға тығылып, төркініне кетіп қалғандығын ұзақ етіп айтып берді де: «Біз бәрібір бөлек тұрғанмен ағаңмен дәл бұрынғыдай қатынасып тұрамыз, жұрттың бәрі де бір үйде қамалып отырған жоқ қой. Ағайынмен алыстан сыйласқан абзал. Бұл менің тек қана достығым. Ал, бұған мүлдем көнбеймін десең, амал не, ұрысып-керісіп

мен бұл үйде тұра алмаймын!» — деген соң ұзақ уақыт ойланып жатып, оның айтқанына келісім бердім.

«Шындығында да, мұның не ерсілігі бар? Туысқанымен жабысып қалған ешкім жоқ қой осы. Кетсек алысқа кетпейміз, қатынасып тұрады екенбіз. Ал, бұл жерде күнде ұрысып, екі жағымыздың да қадірі кете берсе, оның несі жарастық? Қайта, алыстау болсақ бұлармен сыйлы боламыз ғой, бір-бірімізді көруге ынтығып тұрамыз. Ал, бұған келіспеймін деп қасарысып, әйеліңнен ажырасқаның құр ақымақтық болып шықпай ма?» — деп ойладым да, Жамалдікі жөн екен-ау деп түйдім.

Бірақ мен өз шешімімді ағама айта алмай көп жүрдім. Айтам деп қанша оқталсам да, денем қалтырап, маңдайым тершіп, күнде ертеңге қалдыра бердім. Ақыры бір күні Нұржанды сыртқа ертіп шықтым да, тілім сан рет күрмеліп жүріп, айтып берген болдым-ау. Ол бұл туралы естігенде, есеңгіреген адамша теңселіп, жалпақ жердің үстінде тұра алмай кетті.

— Мен қайтемін, қайтып қаламын мына үйдің ішінде. Орныңды сипалатып, қаңыратып кеткенше, қиратып кет мұны. Кімге керек бұл қуыс кесек! — дегенді ессіз қайталаумен болды.

Бірақ ақыр соңында: Қайтемін, барам десең бара ғой, тек, келіп тұрсаңдар болғаны. Япыр-ай, не болды бұл бізге! — деді ол аздап қатайғандай.

Сол күні түнімен теңселіп, ешқайсымыз да ұйықтай алмадық. Мен «бұл ниетімізден таяйықшы, қиын ғой оларға», — деп қанша азғырсам да, «бұл жерде тұра берсек, бұдан да қиын болады», — дегенді айтып, алған бетінен Жамал да қайтпай қойды.

Сонан соң, ертеңіне машина әкеліп жүктерді тией бастадық. Нұржан жұмысқа да бармастан бізді көрмейін деген адамша үйден шықпай жатып алды. Біздің біржола кететін болғанымызға жаны күйзелген Шолпан аурудан жаңа тұрғандай боп-боз болып қуарып, далаға бір кіреді, бір шығады.

Мен оның көзіне тура қарауға батылым жетпей, қарсы жолыға кетсем де, байқамаған кісідей қасынан өте шығамын.

«Айналайын жеңешем-ай, сені қалай қиямын. Балалармен алысып өткізген базарлы күнді сағынамын-ау енді», — деп ойлаймын көрпеліктерді тасып жүріп. — Жамалмен сен неге келісе алмадың екен? О да сабырлы әйелдің санатынан емес пе еді. Оған қарағанда сен бөтен есікті бұрынырақ көрген едің ғой. Келіскеннің орнына тебіскенің қалай?»

Иә, солай ойлаған мен екенмін, солай ойлатқан Жамал екен ғой. Кейіннен білдім, сенің айтқаныңның бәрі де дұрыс екен-ау, жеңешем. Тек сендерден бөлінгісі келіп, мені осыған итермелеген өз әйелім екен!..

Машинаға жүкті тиіп болып, қоштасқалы үйге беттегенімде, Сүгірді ауызғы үйде Нұржанның мейірлене сүйіп жатқанын көріп қалдым. Оның екі көзінен жасы сорғалап, бейне бір біз оныменен енді қайтып көріспейтіндей ебіл-себіл болып отыр екен. Ар жағынан Шолпан шығып жас баланың былғанған киімдерін сүртті де, сәл тозыңқыраған шұлығын ауыстырып ол да емірене иіскеп жатыр.

Олардың осы қимылын көріп, менің де жүрегім елжіреп қоя берді.

Тұла бойым ду-ду етіп, жанарыма жас төңіректен қалғанын да сезбедім. Үйге ақырын жақындап, босағадан аттай бергенімде, олар орындарынан ауыр көтеріліп, маған жасты көздерімен мөлдірей қарады.

Бұл не, Шолпан да жылаған ба қалай?

Бір кезде ағам: «Қош» дегендей еріндерін болар-болмас күбірлетіп, маған қолын созды. Ол мені нақ бір алысқа, азапты сапарға аттандырып тұрғандай, жанары мұңға толып жаудырай қарайды. Осы кезде мен шыдап тұра алмай, оның алпамсадай иығына бар денеммен асыла кеттім.

— Жоқ, бармаймын, бармаймын ол жаққа! Керегі жоқ маған! — деп айқайлап жібердім.

Ол да мені қыса құшақтап, екеуіміз талай жылдардан бері енді ғана табысқан ағайындыларша сүйісіп жатырмыз... сүйісіп жатырмыз...

<https://t.me/kzkitap>